ҚР «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен индивидуалды мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс екені көрсетілген. Инклюзивті білім балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға ерекше жағдай жасайтын идеологияға негізделген [1].

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру – бұл жалпы білім берудің трансформациясы. Мұнда бала мектептің қажеттіліктеріне емес, мектеп баланың қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеусіз және олардың білім алу қажеттіліктерін бағалаусыз инклюзивті білім беру туралы айтуға болмайды [2].

Қазіргі кезде Қазақстанның бірқатар жалпы білім беретін мектептерінде психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту үрдісі дамып келеді. Сондықтан балалардың психикалық дамуы тежелуінің мәнін, пайда болу себептерін айқындау және оны түзетудегі педагогикалық компенсация ретінде әдіс-тәсілдерді өңдеу жолдары – барлығы осы заманғы педагогикалық ғылымның инклюзивті білім беру бағытындағы өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Психикалық дамуы тежелген балаларда кемақылдылық, сөйлеу, есту, көру және қозғалыс әрекеттері бойынша ауыр ауытқулар байқала қоймайды. Бұл категориядағы балаларда көбінесе элеуметтік (мектепке) және оқу процесіне бейімделу кезіндегі негізгі қиындықтармен көп ұшырасады. Бұған себеп психикалық даму ырғағының баяулығы. Осы заманғы зерттеушілердің пікірінше, психикалық дамуы тежелген балаларда ең айқын көрінетін белгілер – эмоционалдық-ерік саласы дамуының тежелулері, соның салдарынан ерік-жігер әрекеттері әлсіз болатындығын түйіндейді. Осының әсерінен зейін тұрақсыздығы, шоғырлану төмендеуі, алаңдаушылығының артуы пайда болады. Сондықтан психикалық дамуы тежелген балаларды мектеп өміріне дұрыс бейімдеу маңызды мәселе болып табылады. Бұл мәселе шешімдерінің бірі ретінде ойын түрлерін қолдануға болады, себебі ойын кезінде бала өзін ұжымның бір мүшесі ретінде сезіне бастайды, өзінің және достарының қылықтыры мен іс-әрекеттеріне әділ баға бере алады [3].

Бүгінгі күні дидактика саласындағы фундаменталды мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Ойын баланың ерте жасынан бастау алып, қандай да бір дағды мен іскерлікті толық меңгергенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып саналады.

Адамзат ойының сан жылғы тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Оған балалық кезеңдегі ақыл-ойды дамыту ойындарынан бастап, мәдениетке, бизнеске және басқарудың барлық салаларына мамандар даярлауға байланысты бағдарламаларды игеру барысындағы ойындар жатады.

Қазіргі кездегі оқытудың ойын формасын зерттеудің мәні мен міндеті оның түрлерін, имитациялық, символдық және оқу-зерттеу деп бөле отырып, осы оқу ойындарының технологиясын талдау болып отыр. Егер балаларға қандай да бір ойындарды ойнау тапсырылса, онда олар көбіне «білмеймін», «ойнай алмаймын» дейді. Бұл жағдай, тіпті, ең қарапайым ойындарды ойнаудың өзі оқудан, білімнен басталатынын көрсетеді [4].

Оқытудың ойын формасын қолдануда екі жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден, баланың ойнай отырып, өзіндік білім алуы, өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі.

Бастауыш мектепте пәндерді оқытуды жетілдірудің жаңа технологиясын іздестіру жолында ғалымдар, жаңашыл педагогтер, мұғалімдер еңбек етуде. Олардың ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарын саралағанда терең білім беру, оқу белсенділігін арттырудың маңызды жолдары бірі ойын элементтерін тиімді пайдалану екендігін байқатады. «Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Педагогтің балалар ойындарындағы рөлі - өте маңызды және өзінше ерекше. Ол көбіне ойынды ұйымдастырушы, ойынның мазмұны жөніндегі ақыл-кеңесшісі, балалардың даулы нәрселерін шешіп беретін әділ төрешісі, сонымен бірге ойын барысында олардың жолдасы да бола алады. Мұғалім балалардың ойын үстінде әр алуан сезімдер мен эмоциялық күйге бөленетінін (куану, ренжу, мақтан ету, риза болу, қызғану, өкіну) және бұл сезімдердің ойында ұтысқа немесе ұтылысқа, көмек көрсетуге не көмек алуға байланысты болатынын есте ұстауы қажет. Әдетте ойын үстінде топ мүшелері арасындағы қарым-қатынастар қалыпқа келеді, жеке табыстар кейінге ысырылады, талас-тартыс ұмытылады. әрі ортақ мүдде туралы ойлай бастайды [5].

Ойын – балалардың құрдастарымен қарым-қатынасқа еркін түсетін іс-әрекет ортасы деп айтуға болады. Оларды біртұтас мақсаттылық, оның жетістігіне бірлесе отырып жететін әрекет, ортақ қызығушылық, ортақ күйзеліс біріктіреді. Ойын баланы өзінің ойы мен әрекетін нақты мақсатқа бағындыруға баулиды, мақсаттылыққа тәрбиелеуге көмектеседі.

Шығармашылық ойын – ұжымдық және сезімге тәрбиелеу мектебі болып табылады. Ойын процесі кезінде қалыптасқан өнегелі, әдепті сапа мен дағды оның өміріндегі мінез-құлқына әсер

етеді. Педагогтен баланың қызығушылығын, ең жақсы сезімдерін тудыратын, жақсы қылыққа жетелейтін ойынды ұйымдастыру талап етіледі [6].

Ойын – күрделі философиялық, педагогикалық ұғым. Философия адам мәселесін зерттегендіктен, бұл жерде адамның санасы мен ойын арасындағы қарым-қатынас жайы тыс қалмайды. Мысалы, сонау ерте заманға грек ойшылдарынан бастау алатын ойын теориясы қазірге дейін өрбу, даму үстінде.

Қазіргі таңда психологтар ойынның мынадай тізбесін дәлелдеген:

Қажеттілік – мотив – мақсат – ойынның іс-әрекеті – нәтиже. Демек, психологиялық тұрғыдан ойын:

- а) әлеуметтік тұрғыдан ойлауды қалыптастырады;
- ә) танымдық мотивтің дамуына әкеледі;
- б) іс-әрекеттің бір түрі ретінде оқу және еңбекпен қатар тұрады;
- в) логикалық ойлаудан эвристикалық ойлауға үйретеді.

Психикалық дамуы тежелген балалар үшін ойын тек қарым-қатынас құралы ретінде емес, баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы болып табылады. Ойын – баланың рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғышарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» - деп К.Чуковский бала денесі дамуы мен ой-өрісі өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен [7].

Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік секілді қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді [8].

Қорыта айтатын болсақ, балалар үшін ойын процесі өте маңызды рөл атқарады, әрі ойын арқылы балалардың болашаққа деген көзқарастары қалыптасады. Мәселен, дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар баланың ой-өрісін дамытып, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, қиял, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар ойын арқылы қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды, отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Ойын балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін қалыптастырады. Ойынның ережелері ойнаушының қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық, қажеттіліктерімен санасуы әр баланың жеке әрекетінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады. Психикалық дамуы тежелген балалар ойын арқылы өмірден көптеген мәліметтер алып білімін жетілдіреді. Ойын – баланың шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту-тәрбиелеу процесінде ойынды дұрыс басқарып, оның барлық қағидаларын ұстанатын болсақ, онда қандай да бір нәтижеге қол жеткізе аламыз. Кез келген ойын өмірмен, жаңа оқу материалымен, экскурсия, әңгімелесумен байланысты болуы тиіс. Сонда ғана оқушылардың білімдері жетіліп, сөйлеу тілі, ойлау, есте сақтау қабілеттері дамып бекиді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы.
2. Инклюзивті білім. Қазақстанда «ерекше» балалар қалай білім алады? Вақ.kz. 16 ақпан 2021. [https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady\\_244410/](https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/)
3. Мовкебаева З.А. Мектептерде инклюзивті білім беру ісін ұйымдастыру // Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. – 2005. - №5. – 18-27 б.
4. Глеумбетова А. Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың дене кемістігін қалпына келтіріп, түзетудегі ойын терапиясының маңызы // Дефектология. – 2008. - №1, - 23-28 б.
5. Обучение детей с задержкой психического развития / под ред. Т.А. Власовой. – М.: Просвещение, 2002. – 211 с.
6. Богуславская З.М., Смирнова Е.О. Мектепке дейінгі жастағы балаларға арналған дамыту ойындары. – М., 2001.
7. Обучение детей с задержкой психического развития в подготовительном классе / под ред. В.Ф. Мачихина, Н.А. Цыплина. – М.: Центр ВЛАДОС, 2004. – 144 б.
8. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дидактические игры и упражнения в обучении умственно отсталых дошкольников. – М.: Просвещение, 2004. – 191 с.

## ТҮЗЕТУ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Д.А. Жолдасбекова

докторант,

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Аннотация.* В статье рассматриваются психологические вопросы подготовки специалистов по коррекционной педагогике. Актуальность проблемы подготовки специалистов по коррекционной педагогике для общеобразовательных школ обусловлена заметным снижением здоровья детей.

*Ключевые слова:* коррекция, коррекционная педагогика, коррекционная деятельность, специальная педагогика.

### **Психологические проблемы об основных направлениях коррекционно-педагогической работы**

*Аннотация.* Бұл мақалада түзету педагогикасы мамандарын даярлаудың психологиялық мәселелері қарастырылады. Жалпы білім беретін мектептер үшін түзету педагогикасы мамандарын даярлау проблемасының өзектілігі балалардың денсаулығының айтарлықтай төмендеуіне байланысты екендігінде.

*Кілт сөздер:* коррекция, коррекциялық педагогика, коррекциялық іс-әрекет, арнайы педагогика.

### **Psychological problems about the main directions of correctional and pedagogical work**

*Abstract.* This article examines the psychological issues of training specialists in correctional pedagogy. The urgency of the problem of training specialists in correctional pedagogy for general education schools is due to a noticeable decrease in children's health.

*Keywords:* correction, correctional pedagogy, correctional activity, special pedagogy.

Қазіргі кезде қоғамда балалар денсаулығының айтарлықтай төмендеуіне байланысты жалпы білім беретін мектептер үшін түзету педагогикасы бойынша мамандар даярлау өзекті мәселе болып келеді. Кейбір оқушылардың тұлғалық даму процесі биологиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық сипаттағы бір немесе бірнеше қолайсыз факторларға байланысты денсаулығына түзету жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Себебі түзету жұмыстарын қажет ететін оқушылар білім беру қызметі тиімділігіне ерекше назар аударуды қажет етіп және баланың әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық бейімделу проблемасын күшейтеді. Мұнда арнайы түзету-педагогикалық көмектің болмауы немесе уақытылы жүзеге асырылмауы ауыр және тіпті қайтымсыз салдарға әкеледі. Сондықтан да түзету - педагогикалық процесті әртүрлі қырынан да қарастыру психология ілімінде көкейкесті болып табылады.

Дамуында ауытқулары бар балалардың әлеуметтік, мәдени және білім беру интеграциясының қажеттілігі тұрғысында қажетті педагогикалық ресурстарды атап өткен көптеген авторларды атап өтуге болады. Олар: Ж.Ы. Намазбаева, А.Н. Аутаева, С.И. Волкова, И.А.П.Тейлор, М.О. Дмитриев, Н. Н. Малофеев, Ә. Назарова, М. И. Никитин, А. Стребелева, Н. Д. Шматко, т.б.

Дамуында ауытқулары бар балаларды қоғамға, жалпы білім беру ортасына интеграциялау түзету педагогикасының өзекті мәселесі болып табылатындығы туралы Н.Н. Малофеев пен Н.Д. Шматконың пікірлерін ерекше атап өтуге болады.

Бұл мақалада зерттеу әдісі ретінде әдебиеттерді талдау, әңгіме, байқау өткізу арқылы материалдарды таңдай білдік. Интеграция арнайы білім беру жүйесін дамытудың заңды кезеңі болып табылады, бұл қоғамдағы мүгедектерге деген көзқарасты қайта қарастыруға, олардың білім алуға тең құқықтарын тануға байланысты. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру мәселелерін өз бетінше шеше алатын қоғамның толыққанды мүшелері бола алатын балалардың болашағы көбінесе осы интеграция мәселесін шешуге байланысты.

Түзету маманының жұмысы педагогикалық қызметке негізделген. Педагогикалық іс – әрекеттің субъектісі – мұғалім, оның негізгі қызметі адамның жеке басын тәрбиелеу болып табылады. Мұғалімнің түзету-педагогикалық қызметі бірыңғай педагогикалық процестің құрамдас бөлігі болып табылады [1].

Түзету педагогы оқу-тәрбие үрдісіндегі және түзету-педагогикалық қызметтегі негізгі тұлға болып табылады [2]. Түзету педагогы:

- ерекше педагогикалық назар аударуды талап ететін оқушылармен түзету-педагогикалық



жұмысты ұйымдастырады, нақты мазмұнмен толтырады және жүзеге асырады;

- оқушылар мен ата-аналары арасында байланыс орнатады, психологиялық қалып орнатады;
- балалардың дамуы мен мінез-құлқындағы кемшіліктердің алдын алуға және жеңуге

бағытталған нақты әдістер мен тәсілдерді таңдайды, қолданады.

Педагогикалық мамандықтың түзету мұғаліміне қоятын маңызды талаптарының бірі- әлеуметтік және кәсіби ұстанымның анықтығы. Түзету мұғалімінің кәсіби ұстанымы-бұл педагогикалық шындыққа негізделген, педагогикалық іс-әрекетке интеллектуалдық, ерікті және эмоционалды-бағалау қатынастарының жүйесі [3].

Дәстүрлі қалыптасқан жүйе дамуында ауытқулары бар балаларды осы санаттағы балалардың дамуы мен түзелуіне қолайлы жағдай жасайтын арнайы (түзету) білім беру мекемелерінде оқытуды көздейді. Алайда, отбасының мүдделері, оның тұрғын үй, материалдық, зияткерлік, білім беру ресурстары, мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескерілмейді. Көптеген арнайы мекемелердің елді мекендерден қашықтығы мен оқшаулануы баланың отбасынан және туған ауылынан "бөліну" жағдайын тудырады, баланың кейінгі бейімделуі мен әлеуметтену процесін бұзады, оның коммуникативтік дағдыларын, әлеуметтік-мәдени белсенділігін дамытуға теріс әсер етеді.

Осыған байланысты жалпы білім беретін мектеп жағдайында дамуында ауытқулары бар балаларды интеграцияланған оқытуды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысатын педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелері ерекше өзектілікке ие болады.

Жалпы білім беретін мектеп жағдайында дамуында ауытқулары бар балалармен түзету жұмыстарына болашақ мамандарды даярлау жүйесін әзірлеу арнайы педагогика саласы бойынша жүзеге асырылады. Осыған байланысты факультет пен кафедралардың міндеттері:

- жалпы білім беретін мектепте дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыс істейтін бастауыш мектеп мұғалімдерін, пән мұғалімдерін, ұзартылған күн тобы тәрбиешілерін, психологтарды, әлеуметтік педагогтерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың ғылыми негіздерін анықтау;

- жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері түзету жұмыстарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу;

- жоғары оқу орындарының күшімен және құралдарымен түзету педагогикасы және арнайы психология саласындағы болашақ мұғалімдердің жалпы кәсіби даярлық деңгейін сапалы арттыруға, сондай-ақ болашақ мұғалімдер психологиялық мәдениетінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім беру жағдайларын зерттеу;

- түзету педагогикасы және арнайы психология саласында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерін даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

Дамуында және мінез-құлқында ауытқулары бар балалармен түзету-педагогикалық жұмыста түзету қызметінің келесі бағыттары бөлінеді:

- баланың сыртқы әлеммен қарым-қатынасын қалыпқа келтіру және байыту (мұғалімдер, балалар тобы);

- әлеуметтік маңызы бар жағымды қасиеттерді ынталандыру;

- оның жалпы дамуындағы олқылықтар мен кемшіліктерді ескеру;

- кішкентай деформацияны (ауытқуды) алған баланың жағымды жеке қасиеттерін қалпына келтіру;

- тұлғаның жетекші жағымды қасиеттерін қалыптастыру;

- әлеуметтік құнды өмірлік тәжірибені игеру, жинақтау, өмірдің түрлі салаларында практикалық қызмет тәжірибесін байыту;

- теріс қасиеттер мен жаман әдеттерді түзету, жою;

- адамгершілік мінез-құлық дағдыларын, салауатты әдеттер мен қажеттіліктерді жинақтау.

Түзету педагогы өзінің педагогикалық қызметінде әлеуметтенуге, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, балалардың дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады[4]. Түзету - мұғалімінің жұмысындағы маңызды бағыт, қазақстандық және халықаралық заңнамаға сәйкес балалардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, олардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.

Түзету педагогикасы мен арнайы психологияға мамандандырылған жалпы білім беретін мектептер үшін пән мұғалімдерін даярлау саласындағы жұмыстың негізгі практикалық нәтижелері

мыналар болуы мүмкін:

- ЖОО-да мамандарды даярлаудың, сондай-ақ жоғары кәсіби білім беру жағдайында түзету педагогикасы саласындағы мұғалімдерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың мазмұны мен әдістері бойынша психологиялық ұсынымдар;

- типтік вариативті оқу-тақырыптық жоспарлар және курстардың бағдарламалары;

- әртүрлі бейіндегі педагогикалық факультеттердің оқу процесіне таңдау бойынша курстарды және түзету педагогикасы мен арнайы психология бойынша арнайы курстарды енгізу .

Қорыта келе, мұғалім түзету білім беру процесінің субъектісі бола отырып, балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жобалаушы, психолог және ұйымдастырушы ретінде әрекет ететіні дәлелдене түсті. ЖОО түлегінің аралас үлгідегі жалпы білім беретін мектеп жағдайында түзету қызметіне кәсіби дайындығы арнайы педагогика мамандығы бойынша оқытушылардың жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері және арнайы білім беру мекемелерінің қызметкерлерімен өзара іс-қимылының арнайы құрылған ортасы болған кезде қалыптастырылуы мүмкін. Мұндай интеграцияланған орта түзету және психологиялық-педагогикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыруды, іргелі білімнің басымдылығын, дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыс жасаудағы тұтас идеяларды қамтамасыз ете алады. Бұл оқытудың адаптивті-дамытушы және практикалық-қалыптастырушы технологияларына бағытталған дидактикалық бағдарламалық кешенді құрудың маңызды шарты болып табылатынын психологиялық тұрғыда дәлелдей түстік.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Гонеев А.Д. и др. Основы коррекционной педагогики: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений/ А.Д.Гонеев, Н.И.Лифинцева, Н.В.Ялпаева; Под ред В.А. Сластенина. - 2-е изд., перераб. - М.: Академия, 2017. - 272 с.

2. Канищева Е.В. Подготовка будущего учителя коррекционно-педагогической деятельности с детьми, испытывающими трудности в обучении. Дис. ... канд. пед. наук : 13.00.01 : Саратов , 2002 . - 180 с.

3. Коррекционная педагогика. / Под ред. Б.П. Пузанова. – М., 1998.

4. Кобрина Л. М. Подготовка педагога к коррекционной деятельности в общеобразовательной школе [Электронный ресурс]: электрон. данные. - Минск: Белорусская цифровая библиотека LIBRARY.BY, 2019. [https://library.by/portalus/modules/shkola/readme.php?subaction=showfull&id=1194352043&archive=1194448667&start\\_from=&ucat=&](https://library.by/portalus/modules/shkola/readme.php?subaction=showfull&id=1194352043&archive=1194448667&start_from=&ucat=&) (свободный доступ).

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БИЛИНГВИЗМІ БАР БАЛАЛАРМЕН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### **З.А. Мовкебаева**

п.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

### **Ұ.С. Егемқұлова**

2–курс магистранты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

*Аңдатпа.* Бұл мақалада жалпы сөйлеу тілі дамымаған билингвизмі бар балалармен логопедиялық жұмысты ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылды. Билингвизм бүгінгі таңда кеңінен кездесетін мәселе болғандықтан оны зерттеу және логопедиялық жұмыстың тиімді шешімдерін ұсыну өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Билингвизм сөйлеу тілін ғана кешеуілдеуімен қатар, олардың қарым – қатынас және әлеуметтік дағдылары бұзылуына ықпал етеді.

*Кілт сөздер:* жалпы сөйлеу тілін дамымауы, билингвизм, логопедиялық жұмыс.

#### **Особенности логопедической работы с детьми с билингвизмом с общим недоразвитием речи дошкольного возраста**

*Аннотация.* В данной статье рассмотрены особенности организации логопедической работы с детьми с билингвизмом с общим недоразвитием речи. Поскольку билингвизм сегодня является широко распространенным явлением, его изучение и предложение эффективных логопедических решений является одной из актуальных тем. Билингвизм не только задерживает речь детей, но и способствует нарушению их коммуникативных и социальных навыков.

*Ключевые слова:* общее недоразвитие речи, билингвизм, логопедическая работа.

### **Features of speech therapy work with children of preschool age with bilingualism with general speech underdevelopment**

*Annotation.* This article discusses the features of the organization of speech therapy work with children with bilingualism with general underdevelopment of speech. Since bilingualism is a widespread problem today, its study and the offer of effective speech therapy solutions is one of the relevant topics. Bilingualism not only delays speech, but also contributes to the disruption of their communication and social skills.

*Keywords:* general underdevelopment of speech, bilingualism, speech therapy work.

Заманауи логопедия үшін өзекті тақырыптардың бірі билингвизм болып табылады. Атап айтқанда, қостілділік, ана тілінде ауызша қарым-қатынасқа түсе алмау, т.б.

Сонымен, «билингвизм» терминін ғылыми тұрғыдан қарастырайық.

Билингвизм – екі тілді қатар игеру және қарым – қатынаста қолдану қабілеті. Алайда, қалыпты даму жағдайынан ауытқыған балаларда билингвизмінің болуы бұзылыс ретінде қарастырылады. Себебі, билингвизмі бар балалар оны мақсатты түрде емес, сыртқы ақпарат көздерінен тыңдау арқылы жаттап алады [1].

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілінде билингвизмінің болуы оның ауызша қарым – қатынас дағдыларын, әлеуметтік дағдыларын және тілді түсінуін қиындатады. Сол себепті, логопедиялық жұмыстың бір бағыты ретінде билингвизмді жою қарастырылады.

Сөйлеу тілі бар балалардың жіктемесіне келетін болсақ, билингвизм ең жиі кездесетін бұзылыс жалпы сөйлеу тілінің бұзылуы болып табылады.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – есту қабілеті мен қалыпты интеллект жағдайында сөйлеу тілі барлық жағының кешенді бұзылуы. Яғни, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларды дыбыс айту бұзылысы, сөздік қорының бұзылыстары, фонетикалық – фонематикалық жағы бұзылысқа ұшырайды [2].

Жалпы сөйлеу тілінің осындай бұзылысы жағдайында билингвизм болуы олардың бұзылыс деңгейін күрделендіретін жағдаят болып табылады. Ал, оны жеңу бойынша логопедиялық жұмыстар мынадай бағыттардан тұрады:

Логопедияда билингвизм ерекше қызығушылық туғызады. Себебі, осы бұзылыс салдарынан ана тілі дамуында әртүрлі екіншілік бұзылыстар орын алады. Билингвизмі бар жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда спецификалық бұзылыстан бөлек аграмматизм және мектепке дайындықтың бұзылыстары байқалады.

Билингвизмі бар жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалармен логопедиялық жұмыстың бастапқы кезеңдерінде басталады. Диагностикалық кезең үшін логопед мынадай құралдарды әзірлеуі тиіс:

1. Монолингв балаларды диагностикалау құралдары билингвизмі бар балаларға бейімделуі қажет. Онда диагностика бағыты мен мақсатты бағытты беймідей отырып, дамыту жұмысының стратегиясы құрылады;

2. Диагностикалау жұмысын екі тілді де игерген маман жүргізуі тиіс.

Диагностикалау жұмысы аяқталғаннан кейін логопед ата – аналармен жұмысты ұйымдастырады. Процесс барысында логопед маман билингвизмнің пайда болуы мүмкін болатын себептерін сауалнама, анкета немесе әңгімелесу жұмыстары арқылы анықтай алады [3].

Одан кейінгі кезеңдерде ата-аналарды мына бағыттар бойынша жұмысқа қатыстыра алады:

1. Арнайы түзету бағдарламаларын әзірлеу;

Билингвизмі бар балалардың жеке түзете – дамыту бағдарламасы олардың жетекші сөйлеу тілін дамыту арқылы, сонымен қатар, бірнеше тілді меңгеруі үшін танымдық қызметтерін дамыту қажет.

2. Сабақтарға қатыстыру;

3. Конкурстарға қатыстыру;

4. Үй жұмыстарын ынтымақтаса орындату.

Билингвизмі бар балаға логопедиялық көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды жасай отырып, логопед, ең алдымен, баланың ана тілін түсіну деңгейін бағалауы керек [4].

Екі тілді балалардағы сөйлеу бұзылыстарын логопедиялық түзету әртүрлі формада жүргізілуі мүмкін. Олар:

1) топтық;

2) кіші топтық;

3) жеке логопедиялық сабақтар.

Бұл жағдайда әр баланың жеке бұзылыстарын да, қос тілді балаларға тән орыс тілін меңгерудегі жалпы қиындықтарды да ескеру қажет.

Түзету сабақтарын құрудың негізгі принциптері

- Лексика-грамматикалық принциптері
- Жүйелілік принциптері
- Жинақтылық принциптері
- Даму принциптері
- Жалпы дидактикалық принциптер (көрнекілік, қол жетімділік, сана, ынтымақтастық)

Түзетуді оқытудың негізгі әдістері

- Практикалық әдістер
- Ойын әдістері
- Көрнекі-демонстрациялық әдістер
- Рөлдік модельдеу әдістері

Екі тілді балаларда сөйлеу бұзылыстарын жеңу бойынша логопедиялық жұмыста 4 тапсырма тобы жүзеге асырылады:

- Дыбысты айтудың қалыптасуы.
- Сөздікті байыту.
- Орыс тілінің грамматикасын меңгеру.
- Біртұтас сөйлеуді дамыту.

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін логопедтің білім беру мекемесінің қызметкерлерімен және ата-аналарымен тығыз қарым-қатынасы қажет. Кейде екі тілді балалардың ата-аналары баламен түзету жұмыстарының қажеттілігін түсіндіруі керек. Ағартушылық жұмыс қажет: ата-аналар жиналыстары, психологиялық-педагогикалық консилиумдар, сабақтарға қатысу.

Екі тілді балалармен сабақ формасы орыс тілді балалармен сабақ формасына ұқсайды. Оның құрылымы бойынша сабақтар ұйымдастырушылық, негізгі және соңғы кезеңдерді қамтиды [5].

Қорыта айтқанда, жалпы сөйлеу тілі дамымаған билингвизмі бар балалармен жұмысты ұйымдастыру жоғарыда аталған педагогикалық шарттар негізінде жүзеге асырылады. Бұл шарттар тиімді және сапалы логопедиялық жұмыстың кепілі болып табылады.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Щерба Л. В. О понятии смешения языков. Л., 1974. – 156 с.
2. Ана тіліне тән сөйлеудің бірліктерін дамыту Өмірбекова Қ.Қ. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (IV деңгей) балалармен логопедиялық жұмыс ұйымдастыру. Алматы. 2015. – 201 б.
3. Щерба Л.В. Очередные проблемы языковедения // Избранные работы по языкознанию и фонетике, т. 1, Л., 1958;
4. Филлин Ф.П. Современное общественное развитие и проблема двуязычия. Проблемы двуязычия и многоязычия. М., Наука, 1972. – С. 12 –25.
5. Верещагин Е.М. Психологическая и методическая характеристика двуязычия (билингвизма). – М., изд-во МГУ, 1973.

## **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ЧТЕНИЮ УЧАЩИХСЯ С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА**

**Н.С. Фисенко**  
магистрант 1 курса,  
**Н.И. Пустовалова**  
к.п.н., доцент

Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева, г. Петропавловск, Казахстан

*Аннотация.* В статье приводятся примеры компьютерных программ, помогающих в процессе обучения чтению детей с нарушением интеллекта.

**Интеллектісі бұзылған оқушыларды оқуды үйрену процесінде компьютерлік технологияны қолдану**  
*Аңдатпа.* Бұл мақалада компьютерлік технологияларды қолдана отырып, интеллектісі бұзылған оқушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру мәселесін шешу қарастырылады. Оқу процесіне көмектесетін компьютерлік бағдарламалардың мысалдары келтірілген.

**The use of computer technology in the process of teaching reading to students with intellectual disabilities**  
*Abstract.* This article discusses the solution to the problem of the formation of reading skills in students with intellectual disabilities using computer technology. Examples of computer programs that help in the process of learning to read are given.

Чтение и письмо являются базовыми предметами, на которых строится все дальнейшее обучение детей в школе. Нарушение чтения часто лежит в основе неуспеваемости и связанной с ней школьной дезадаптации. Все это определяет необходимость своевременного выявления, предупреждения и устранения имеющихся у младших школьников недостатков чтения [1].

В настоящее время в Республике Казахстан появляются новые формы организации обучения учащихся с нарушениями интеллекта, принимаются меры по компьютеризации системы специального образования. Среди основополагающих условий реализации задачи всесторонней помощи учащимся, повышения эффективности обучения, определена необходимость единства диагностики и коррекции нарушений [2].

В современном обществе компьютерные технологии занимают значительную роль. Они повсеместно внедряются во все сферы деятельности человека, тем самым улучшая и упрощая различные трудоемкие процессы. Информатизация внедрилась и в сферу специального образования. Тем не менее, в повседневной коррекционно-образовательной деятельности большинство учителей используют традиционные методы обучения детей с особыми образовательными потребностями (далее ООП), изредка прибегая к помощи современных компьютерных технологий.

Обучение чтению учащихся с нарушениями интеллекта ведется в соответствии с программами, учитывающими их психофизические особенности, и направлено на коррекцию и компенсацию имеющихся у школьников нарушений развития. Главная задача уроков чтения – выработка у детей навыков правильного, беглого, выразительного и сознательного чтения. Кроме общих с массовой школой задач уроки чтения в специальной (коррекционной) школе выполняют функцию коррекции недостатков [3, 4].

Дефектологу, применяющему в работе компьютерную технику, необходимо решить две основные задачи специального обучения: сформировать у детей умения пользоваться компьютером и применять компьютерные технологии для их развития и коррекции имеющихся нарушений [5].

Анализ изучения опыта применения компьютерных технологий предполагает использование специализированных или адаптированных компьютерных программ (главным образом обучающих, диагностических и развивающих) и позволил выявить, что по сравнению с традиционными формами обучения младших школьников компьютер обладает рядом преимуществ. Компьютерные программы, предназначенные для коррекционного обучения детей, в первую очередь учитывают закономерности и особенности их развития, а также опираются на современные методики преодоления и предупреждения отклонений в развитии [6].

В процессе проведения опытно-экспериментальной работы мы исследовали навык чтения учащихся, что включало проверку скорости чтения и его осознанности. Как метод проверки навыков чтения был выбран специализированный интернет ресурс ([www.foxgard.ru](http://www.foxgard.ru)) со встроенной программой проверки скорости чтения для нормотипичных учащихся [7].

Для исследования был выбран текст для учащихся в норме первого класса, соответствующий возможностям и возрасту учащихся 3 класса с нарушением интеллекта (рисунок 1).




Рисунок 1. Текст для проверки скорости чтения

Обследование скорости чтения предполагало прочтение ребенком за одну минуту определенное количество слов: менее 25 слов – низкий уровень; 25-30 слов – средний уровень; Более 30 слов – высокий уровень. (контрольном классе). Высокий уровень не был выявлен. Средний уровень был выявлен у 1 и 2 учеников в экспериментальном и контрольном классах.

После окончания чтения ученикам предлагалось самостоятельно пересказать прочитанное, и после задавалось 10 вопросов по содержанию прочитанного, с целью проверки осознанности чтения. По итогам проверки программа выдавала результаты по каждому ученику (рисунок 2).




Рисунок 2. Результаты проверки навыка чтения у учащихся с нарушениями интеллекта

Результаты изучения беглости чтения показали, что у большинства детей выявлен низкий уровень развития данного навыка.

Для формирования полноценного навыка чтения в работе использовались коррекционно-развивающие упражнения, с использованием компьютерных технологий, которые были систематизированы и разделены на группы по принципу коррекционной и развивающей направленности. Чтение групп слогов по блокам. Цель: отработка навыка чтения целыми словами, тренировка глазных мышц и развитие произвольного внимания. Блоки изображаются на доске с проектором посредством презентации. Запись блоков производится в столбик или ряд во время урока, с требованием читать про себя по мере высвечивания. Затем блок прочитывается хором. Для генерации слогов и слов, с целью ускорения создания блоков, нами была использована программа «Генератор слогов» работающая по принципу случайной генерации.

Большое место занимает использование мнемотехники. Для того чтобы выработать у детей определенные навыки и умения, в обучающий процесс вводятся так называемые мнемотаблицы (схемы). Мнемотаблицы особенно эффективны при разучивании стихотворений.




Рисунок 3. Работа над мнемодиаграммами в программе Adobe Illustrator

Суть работы заключается в следующем: на каждое слово или маленькое словосочетание придумывается картинка (изображение); таким образом, все стихотворение зарисовывается схематически. После этого ребенок по памяти, используя графическое изображение, воспроизводит стихотворение целиком. На начальном этапе взрослый предлагает готовый план-схему, а по мере обучения ребенок также активно включается в процесс создания своей схемы. Для создания мнемодиаграмм нами использовалась программа для рисования и создания изображений Adobe Illustrator, а также специализированное устройство в виде графического планшета (рисунок 3).

Для развития внимания у детей, в программе Adobe after effects, нами был создан шаблон анимации, движение предмета по рабочей плоскости экрана которой имитирует движение глаза по строке текста, тем самым развивая мелкие глазные мышцы, а также помогает сосредоточить произвольное внимание на определенной точке пространства (рисунок 4). Данная анимация применялась в виде разминки для глаз перед чтением на разных этапах урока. При этом важно пояснить детям, что во время выполнения задания нельзя вертеть головой и следить за происходящим на экране, только двигая глазами. Основную часть анимации (в данном случае голубь) можно изменить на любую другую фигуру, соответствующую тематике отдельного занятия путем замены одного файла на другой.




Рисунок 4. Создание анимации в программе Adobe after effects.

Для развития навыка чтения, необходимо использовать на уроке различные коррекционно-



развивающие упражнения, включающие: фонетические зарядки, упражнения, помогающие развивать зрительную и оперативную память, упражнения на развитие дикции, внимания.

На контрольном этапе проверка эффективности коррекционного воздействия с применением компьютерных технологий показала, что техника чтения у учащихся в экспериментальном классе значительно улучшилась, хотя большинство учащихся так и остались на низком уровне. Однако у них выявлена значительная положительная динамика в пределах низкого уровня. В основном учащиеся показали средний и высокий уровни техники чтения. Это подтвердило гипотезу исследования, что у учащихся 3 класса с нарушениями интеллекта формирование навыков чтения будет протекать более эффективно, если в процессе обучения использовать компьютерные технологии как вспомогательное образовательное средство.

#### **Список литературы**

1. Аксенова А.К. Методика обучения русскому языку в специальной (коррекционной) школе: учеб. для студ. дефектол. фак. Педвузов. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2014. – 316 с.
2. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. Рекомендации. Алматы: ННПЦ КП, 2019. – С. 6.
3. Лалаева Р.И. Нарушения чтения и пути их коррекции у младших школьников. – М.: ИНИОН, 2019. – 224 с.
4. Садовникова И.Н. Коррекционное обучение школьников с нарушениями чтения и письма. Пособие для логопедов, учителей, психологов дошкольных учреждений и школ различных типов. – М.: АРКИ, 2015. – 400 с.
5. Никольская И.А. Информационные технологии в специальном образовании // Коррекционная педагогика. – 2014. – № 2. – С. 47 – 50.
6. Болонина В.В. Использование развивающих компьютерных игр в работе с детьми, имеющими ограниченные возможности здоровья // Школьный логопед. – 2010. – № 1. – С. 73 – 77.
7. Тест на определение скорости и осознанности чтения. – [www.foxgard.ru](http://www.foxgard.ru)

## **АУТИСТІК СПЕКТР БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**К.Ж. Туребаева**

п.ғ.д., профессор, Ақтөбе өңірлік Университеті «Психологиялық-педагогикалық және арнайы білім беру» кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Ақтөбе

**Р.Б. Баймухамет**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 2 – курс магистранты  
Қазақстан, Алматы

*Аңдатпа.* Бұл мақалада аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері қарастырылды. Аутистік спектр бұзылысы жағдайында мінез – құлық бұзылысының салдарынан тек өзіне ғана тән ауызша сөйлеу тілінің мынадай бұзылыстары кездеседі: мутизм, эхолалия, мақсатсыз қайталау. Мақала барысында осы терминдерге түсінік беріліп, олардың мәні ашылды.

*Түйін сөздер:* аутистік спектр бұзылысы, қарым – қатынас, сөйлеу тілі, мутизм, эхолалия, стимулдер.

#### **Особенности устной речи детей с расстройствами аутистического спектра**

*Аннотация.* В данной статье рассмотрены особенности речи детей с расстройством аутистического спектра. В случае расстройства аутистического спектра вследствие поведенческого расстройства встречаются следующие характерные только для него расстройства устной речи: мутизм, эхолалия, нецелевое повторение. В ходе статьи были даны разъяснения этим терминам и раскрыто их значение.

*Ключевые слова:* расстройство аутистического спектра, общение, разговорный язык, мутизм, эхолалия, стимулы.

#### **Features of oral speech in children with autistic spectrum disorder**

*Annotation.* This article discusses the speech features of children with autism spectrum disorder. In the case of an autistic spectrum disorder due to a behavioral disorder, the following disorders of oral speech that are characteristic only for him are found: mutism, echolalia, non-targeted repetition. In the course of the article, explanations of these terms were given and their meanings were revealed.

*Keywords:* autism spectrum disorder, communication, spoken language, mutism, echolalia, stims.



Бүгінгі таңда заманауи білім беру тенденциялары мен трендтерінің дамығандығы жағдайына ерекше білімді қажет ететін балаларды сәтті кіріктіру арнайы педагогтер жұмысының бір бағыты болып табылады. Себебі, ерекше білімді қажет ететін балалардың жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті жағдайда білім алуы, мамандық алу мүмкіндіктері мен кәсіби қызметті қалыптастыру жұмыстары олар үшін тұлғаны қалыптастыратын аспектілер ретінде қарастырылады.

Аталған аспектіні іске асыру педагогикалық шарттарының бірі ретінде ауызша сөйлеу тілін дамыту және қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып саналады. Ауызша сөйлеу тілін дамыту мәселесіне келсек, бұл - ерекше білімді қажет ететін барлық балаларға ортақ жұмыс.

Арнайы педагогика мен психологияда балалардағы әртүрлі психикалық бұзылуларды зерттеу және түзету мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Қазіргі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – аутистік спектрі бұзылған балаларды психологиялық – педагогикалық қолдау.

Аутистік спектр бұзылысы – ерік – жігер саласының бұзылысы мен мінез – құлықтың спецификалық ақауларымен сипатталатын ерекше білімді қажет ететін балалар тобының бірі [1].

Аутистік спектр бұзылысы ХАЖ – 10 халықаралық жіктемесінде F84 кодымен белгіленеді және мынадай топтарды біріктіреді: атипті аутизм, Ретта синдромы, Аспергер синдромы және ерте жас аутизмі.

Аутизм спектрінің бұзылулары бар балалардың ерекшеліктерін сипаттай отырып, қарым-қатынас бұзылуы баланың барлық мінез-құлқында басым болатындығын және оның қалыптан тыс дамуын қалыптастыруда басым орын алатындығын атап өткен жөн, ал психикалық дамудың басқа ақауларында қарым-қатынастың бұзылуы қайталама сипатқа ие және негізгі бұзылуды түзету кезінде айтарлықтай төмендейді немесе жоғалады, ақыл-ой кемістігі, невротикалық бұзылулар, сөйлеу және есту ақаулары және басқа да бұзылулар. Ерте балалық аутизмді түзету кешенді жұмысты талап етеді [2].

Аутистік спектрі бұзылған балаларда дамудың негізгі ерекшеліктерінен басқа, сөйлеу бұзылыстары жиі кездеседі. Олар, ең алдымен, әлеуметтік өзара әрекеттесуді орнатуға, бейтаныс адаммен нақты психологиялық ыңғайсыздықсыз байланыс орнатуға қабілетсіздігінен зардап шегеді. Олар ақпаратты қабылдау және қарым-қатынас жағдайын түсіну қиындықтарымен сипатталады. Мұндай қиындықтар түсінікті себептердің салдары болуы мүмкін – қарым-қатынасқа деген қажеттіліктің болмауы, байланыстардан аулақ болу және қарым-қатынас жасағысы келмеуі, т.б. [3].

Алайда, көбінесе қалыптаспаған коммуникативті функцияның осы жағдайлармен қатар ауыр невротикалық тәжірибе, ерте балалық шақта созылмалы қарым-қатынас жеткіліксіздігі, сөйлеуді қолдану үшін қолайлы жағдайдың болмауы аутистік спектр бұзылысы бар балалар сөйлеу тіліндегі әртүрлі бұзылыстардың пайда болуына алып келеді.

Баланың психикалық дамуымен тығыз байланысты сөйлеу әрекеті бала өмірге келгеннен бастап, алғашқы жылдарынан бастап назар аударуды қажет етеді. Ата-аналар үшін сөйлеу дамуының заңдылықтарын норма бойынша және психика қалыптасу процесі бұзылуымен білуі өте маңызды. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу сферасының қалыптасуы өте ерекше болғандықтан, түзету кезінде ерекше тәсіл қажет.

Л.С. Лебединская, О.С. Никольская осы санаттағы балалардағы негізгі сипаттамалар бойынша қарастырады:

I нұсқа – қатты стрестің салдарынан ми қабығының үшінші аймақтары (сұр заттың жұқа қабаттары) тежеледі және нәтижесінде – ми тұтас белсенділікті жоғалтады, мидың фронтальды аймағының алдыңғы бөлігі жауап беретін алдын-ала реакциялар әлсірейді (іздеу қызығушылығы, әлеуметтік байланыс, мотивация), сонымен қатар кеңістік пен әлеуметтік жағдайды қабылдау, дененің кеңістіктегі вестибулярлық – проприоцепторлық бағыты, сенсорлық реакциялардың тұтастығы (өмір сүру және шайнау, бөлу және сенсорлық қабылдауды контекстік қабылдау), кез келген тітіркендіргіштерге (дыбыс, жарық, түс, тактильдік) тұтас реакциясы әлсірейді.[4].

II нұсқа – кез келген, кенет орын алатын тітіркендіргішке организм бейсаналы түрде толыққанды өмірге төніп тұрған қауіп ретінде реакция танытады. Реактивті лимбиялық жүйе мен қашу бағдарламасы қосылады. Басқа адамның көзқарасы күшті тікелей белгісіз әсерге ие болғандықтан, аутизмі бар бала тікелей көзге түспеуге, одан қашуға тырысады. Бұл жағдай толыққанды бейнелік қабылдаудың зардап шегуімен одан әрі нашарлайды, бала анасының бет – жүзін, кеңістікті, жағдайларды, суреттерді толық қабылдай алмайды, тек қана кейбір жеке бөліктерін, нысандарды ғана қабылдай алады немесе бейнелер бұлыңғыр болып көрінеді, бұл жағдайда бала нысандардың қозғалысын перифериялық көру арқылы ғана қабылдайды.

III нұсқа – мидың толыққанды белсенділігі қиындықтарына байланысты оның орнын толықтыру үшін миды қоректендірудің негізгі көзі бас миының біріншілік және екіншілік аймақтары болады (И.П. Павлов бойынша ми иерархиясы) – бала оған ең көп қуат беретін негізгі ынталандыруды – қайталанатын әрекеттерді, жарық пен дыбыстық ынталандыруды, мультфильмдер мен суреттердің бөлшектерін, заттар мен тағамдардың белгілі бір түстерін, сезімдерді, сезімтал «сенсорларды» немесе соққыларды, аяқтың, іш, дене басқа бөліктерінің кернеуін, көрнекі ынталандыруды қайталай бастайды.

Аутистік спектр бұзылысы бар балаларда сөйлеудің дамуы айтарлықтай ерекшеліктермен сипатталады және көбінесе түзету араласуының жүргізілуіне және қашан жүзеге асырыла бастағанына байланысты. Жалпы, бұл мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында сөйлеудің қалыптасу жағдайы, бұл одан әрі қолайлы дамудың маңызды көрсеткіші бола алады. Сөйлеу бұзылыстарын ерте диагностикалау және оларды түзету болашақта балаға коммуникативті мінез-құлықтың негізгі формаларын игеруге және қоғамның талаптарына бейімделуді үйренуге мүмкіндік береді. Сондықтан ата-аналар өмірінің алғашқы күндерінен бастап, баласына өте мұқият болу керек [5].

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар ересектермен де, құрдастарымен де қарым – қатынаста енжарлық танытады, бұл кейіннен оның өзін-өзі тануында және өмірде өзін-өзі өзектендіруде айқын көрінеді. Коммуникативті дағдыларды түзету үшін осы жаста ойын түріндегі жаттығуларды қолданған дұрыс. Мектепке дейінгі балалық шақта, бастауыш мектеп жасында болған формалардағы ойын өзінің даму маңыздылығын жоғалта бастайды және біртіндеп біліммен алмастырылады.

Аутистік спектр бұзылысы кезіндегі сөйлеудің дамымауы – бұзылу симптоматикасындағы негізгі көріністердің бірі. Әлеуметтік байланыстардың болмауы жақын адамдармен, сыртқы әлеммен қарым-қатынастағы жетіспеушілік сөйлеу функциясының бұрмаланған қалыптасуына, қабылдау мен ойлаудың ерекшелігіне, тұтастай алғанда жеке тұлғаға әкеледі.

Аутизмдегі сөйлеу дизонтогенезі өмірдің бірінші жылында көрінеді, сөйлеудің одан әрі қалыптасуы өзіндік ерекшеліктері бар. АСБ бар балалар сөйлеуі патологиялық формаларының қатарына мыналар жатады: эхолалия, бұлыңғыр сөйлеу, қателіктер кездесетін айтылым, сөйлеудің бұзылыстары, жоғары тоналдылықтың басым болуымен дауыстың өзіндік интонациясы, екінші және үшінші тұлғада өзін ұзақ уақыт атау, балаға жақын адамдарды білдіретін сөздердің экспрессивті сөйлеуінде болмауы, сөйлеу кезінде номинативті сөздіктің предикативтіден басым болуы, өлеңдер, әндер, дәйексөздерде жүзеге асырылатын аутостимуляция және т. б.

Қорыта айтқанда, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың ауызша сөйлеу тілінің мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

1. аутистік спектр бұзылысы бар балалардың басым бөлігінде мутизм байқалады;
2. аутистік спектр бұзылысы бар балалардың басым бөлігінде «грамафонды сөйлеу тілі» немесе эхолалия кездеседі. эхолалия сөйлеу тілінің емес мінез-құлықтың ерекшелігі болып табылады.
3. балалар сөйлеу тілінде жаттанды сөздер мен сөз тіркестерін қолданады, оларды мағынасына емес, стереотиптер негізінде қолданады;
4. сөйлеу тілінің барлық құрылымдық саласы кешенді бұзылады [6].

Қорыта айтқанда, аутистік спектр бұзылысы бар балалардың сөйлеу тілі кешенді жұмыс пен сапалы ұйымдастырылған түзету әдістерін талап етеді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Бакушева В.Ю. Коррекционно-воспитательная работа с аутичными детьми. М.: Логос, 2008
2. Борисоглебская Н.И. Основы психологической диагностики детей дошкольного возраста. М.: Гуманитарное образование, 2007
3. Лебединская К.С., Никольская О.С. Диагностика раннего детского аутизма. Начальные проявления. М.: Просвещение, 1991
4. Мамайчук И.И. Психологическая помощь детям с проблемами в развитии. СПб.: Речь, 2001
5. Морозова С. С. Аутизм: коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах: пособие для учителя-дефектолога. М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2007
6. Волкова С.М. Детский аутизм. Проблемы обучения. М.: Тритон, 2002.

## **СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ И ВОСПИТАНИЮ ЛИЦ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

**Ж.Б. Бекпаева**

КГКП «Ясли-сад «Айсулу», г.Жезказган

*Аңдатпа.* Бұл мақалада ерекше қажеттілігі бар балаларға қандай жаңа бағыттағы көмек беруге болады және ойыншық арқылы балалардың кемістігін түзету жұмысы жайлы баяндалған.

### **Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи тәсілдері**

*Аннотация.* В данной статье рассказывается о том, какую помощь можно оказать детям с особыми образовательными потребностями, какой современный подход можно подобрать к детям, о работе по коррекции недостатков развития детей с помощью игрушек.

### **Modern approaches to education and upbringing of persons with special educational needs**

*Annotation.* This article talks about what kind of help can be provided to children with special educational needs, what a modern approach can be taken for children and about the work to correct developmental deficiencies in children with the help of toys.

Все мы разные. Нет одинаковых людей. Нас различают национальность, цвет кожи и глаз, длина волос, но есть люди, которые коренным образом отличаются от всех, и это зачастую мешает им чувствовать себя равными со всеми. Речь о детях – с особыми образовательными потребностями.

Как быть равными со всеми человеку, в мире которого намного больше преград и барьеров? Что может сделать он сам, и что может сделать общество для решения его проблем? Цель инклюзивного образования – дать всем учащимся возможность наиболее полноценной социальной жизни, наиболее активного участия в коллективе, местном сообществе, тем самым обеспечить наиболее полное взаимодействие, помощь друг другу как членам сообщества. На сегодня проблема инклюзивного образования актуальна во всем мире. В Казахстане это явление также не оставлено без внимания. Данная проблема требует к себе акцентированного внимания, поскольку количество детей с врожденными и приобретенными пороками развития с каждым годом растет. Государство ставит задачи ранней диагностики отклонений в развитии у детей и ранней коррекции этих отклонений за счет компенсаторных функций организма. Система образования, в свою очередь, должна по мере возможности включить данную категорию детей в процесс обучения в массовых детских садах, общеобразовательных школах, профессиональных лицеях и высших учебных заведениях.

Имеющаяся практика социализации детей с особыми образовательными потребностями в большей степени сложилась в рамках клинического подхода, в котором ограниченные возможности рассматриваются как патология, нарушение развития, что в свою очередь предполагает лечение, создание специальных служб. Данный подход, ослабляет социальную позицию ребенка и усугубляет его неравный социальный статус. Специальное образование, с одной стороны, является элементом социальной защиты таких детей и предоставляет им возможность одновременного лечения и обучения.

Реализация инклюзивного образования осуществляется путем активного участия семьи, коррекционно-педагогической и социальной адресной поддержки персональных нужд ребенка и адаптации образовательной среды к индивидуальным особенностям и образовательным потребностям детей, т.е. путем создания адекватных образовательных условий.

Внедрение инклюзивного обучения в педагогическую практику в дошкольные учреждения не вызывает сомнений.

Такой вид обучения сделает возможным оказание необходимой коррекционно-педагогической и медико-социальной помощи большому количеству детей, позволит максимально приблизить ее к месту жительства ребенка, обеспечить родителей консультативной поддержкой, а также подготовить сад к принятию детей с особыми образовательными потребностями. Включение детей с особыми образовательными потребностями в образовательный процесс детских садов изменяет прежде всего установки взрослых на детей: у всех детей есть свои особенности, особые образовательные потребности. На сегодня каждый специалист, каждая организация, каждый педагог старается подобрать современный подход в обучении и воспитании детей с особыми образовательными потребностями.

Как педагог, непосредственно работающий с детьми с особыми образовательными

потребностями, предлагаю проект «Лекотека». "Лекотека" (от шведского "leko" – "игрушка" и греческого "tek" – "собрание", "коллекция"). Цель проекта: обеспечение психолого-педагогического сопровождения детей от 2 до 5 лет. Предмет исследования: организация доступной квалифицированной коррекционной помощи детям с ООП.

### Структура Лекотеки



### План работы по лекотеке

№	Мероприятия	Этапы	Сроки	Ответственные
1	Сбор информации по теме проекта, ее трансляция в детском саду, организация работы творческой группы педагогов	I		координатор
2	Проведение мониторинга по методике Верещагиной	I		координатор, все специалисты
3	Рисуночный тест	I		педагог-психолог
4	Подготовка и проведение педагогического семинара по теме «Лекотека, как новая форма дошкольного образования для детей с ООП»	II		координатор Ж.Бекпаева
5	Поиск партнеров по совместной реализации проекта	I		заведующий
6	Разработка альбома по лекотеке	I		координатор
7	Проведение педагогического часа по теме проекта	I – II – III		координатор
8	Создание информационных памяток и рекомендаций «Что такое Лекотека?» и т.д.	II – III		творческая группа
9	Разработка материалов для презентации проекта	I		творческая группа
10	Разработка адаптивной программы	II – III		творческая группа

11	Формирования пакета диагностических методик	II – III		педагог – психолог, логопед, дефектолог
12	Проведение исследований в соответствии с адаптивной программой	II – III		педагог – психолог, логопед, дефектолог
13	Городской семинар «Опыт работы по методике Монтессори», «Лекотека»	I		специалисты
14	Публикация информации на сайте КГКП «Инклюзивный ясли-сад №8 «Айсулу» о ходе реализации проекта.	III		координатор, педагог – психолог, логопед
15	Тиражирование учебно-методических материалов, передового педагогического опыта на различных носителях	II – III		творческая группа

### Что было сделано?

- Анкетирование родителей на тему «Инклюзия и мой ребенок»
- Психологом было проведен рисуночный тест «Моя любимая игрушка»
- Анкетирование родителей на тему «Любимая игрушка вашего ребенка»
- Диагностика уровня развития речи детей, уровня тревожности
- Составлен план работы по каждому этапы реализации проекта
- Памятки и брошюры для родителей
- Альбом развивающих игрушек по проекту с инструкциями по работе
- Виртуальный музей игрушек по проекту «Лекотека» на сайте детского сада **inkluziv-8detsad/kz**
- -На канале Телеграмм функционирует сообщество «Инклюзивное образование», где ведется общение родителей и педагогов.

### Список используемой литературы

1. Мовкебаева З.А., Оралканова И.О., Денисова И.А., Жакупова Д.С. Инклюзивное образование. Учебное пособие. - Алматы: ИП «Сагаутдинова М.Ш.», 2013. – 200 с.
2. Разработка и внедрение моделей включения детей с особыми потребностями в общеобразовательный процесс. Методические рекомендации. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2015. – 48 с.
3. Инклюзивная практика в дошкольном образовании: Пособие для педагогов дошкольных учреждений / Под ред. Т. В. Волосовец, Е. Н. Кутеповой М.: Мозаика-Синтез, 2011. -144с.
4. Инклюзивное образование: нормализация условий воспитания и обучения детей с ограниченными возможностями в условиях инклюзивного образования: что важно знать родителям, воспитателям и учителям при обучении и воспитании детей с нарушением слуха: Методическое пособие / Э.И. Леонгард, Е.Г. Самсонова, Е. А. Иванова. Москва: Московский городской психолого-педагогический университет, 2011. 278 с.
5. Истоки: примерная основная общеобразовательная программа дошкольного образования / Л. Г. Парамонова. М.: Сфера, 2013. 320с.
6. Поташник М.М., Моисеев А.М. Управление современной школой. М.: Новая школа, 1997. – 352 с.
7. Прохорова Л.Н. Мастер – класс по созданию творческого коллектива в ДОУ : методическое пособие. М.: «5 за знания», 2007. -128 с.
8. Руденский Е.В. Социальная психология [Текст]: курс лекций. М.: ИНФРА-М; Новосибирск: НГАЭ и У, 1997. - 224 с.
9. Сластенин В. Педагогика [Электронный ресурс]: учебное пособие / В. Сластенин, И. Исаев. – Режим доступа: <http://www.gumer.ru>
10. Стребелева Е.А. Создание условий для получения образования детьми с ОВЗ и детьми инвалидами. // Администратор образования.-2008. - № 19.- С. 63-71.
11. Столяренко Л.Д. Основы психологии : учебное пособие. Ростов н / Д: Феникс, 2005. – 67с.
12. Титарь А.И. Игровые развивающие занятия в сенсорной комнате. М.: Аркти, 2009.
13. Ткачева В.В. Психокоррекционная работа с матерями, воспитывающими детей с отклонениями в развитии. М.: Гном и Д, 2000
14. Татаринцева А.Ю. Куклотерапия в работе в психолога и логопеда. СПб.: Речь, 2006.
15. Томашевская Л.В., Герц Е.Ю., Андрющенкова Е.В. Интегрированные занятия с детьми в период адаптации к детскому саду. 2010

## **ЗЕЙІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

**З.А. Мовкебаева**

п.ғ.к., профессор, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

**А.Е. Базарбекова**

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 2 – курс магистранты

*Аңдатпа.* Бұл мақалада зейін дамуы мен оның негізгі заңдылықтары қарастырылды. Зейін танымдық саланың құрылымдық бөлігі болғандықтан оның дамуы мен қалыптасу заңдылықтарын зерттеу өзекті мәселе болып табылады. Мақала барысында аталған ерекшеліктер толықтай талданып, сараланды.

*Кілт сөздер:* зейін, шоғырлану, ауысу.

### **Внимание и закономерности его развития**

*Аннотация.* В этой статье были рассмотрены развитие внимания и его основные закономерности. Поскольку внимание является структурной частью когнитивной сферы, изучение закономерностей его развития и формирования является актуальной проблемой. В ходе статьи были полностью проанализированы и проанализированы перечисленные особенности.

*Ключевые слова:* внимание, концентрация, переключение.

### **Attention and the laws of its development**

*Annotation.* This article examined the development of attention and its main patterns. Since attention is a structural part of the cognitive sphere, the study of the laws of its development and formation is an urgent problem. In the course of the article, the listed features were fully analyzed and analyzed.

*Keywords:* attention, concentration, switching.

*Зейін дегеніміз* – танымдық қызметтердің құрылымдық бөлігінің бірі, айналаны тану мен түйсінудің құралы. Зейін мектеп жасына дейінгі балалардың да, оқушылардың да өнімді әрекеттері педагогикалық шартының бірі болып табылады. Сол себепті, баланың зейінін дамыту өзекті және ауқымды мәселе екені сөзсіз [1].

Қ. Жарықбаев зерттеулер жүргізу кезінде зейіннің механизмін және үрдісін толықтай зерттей келе, оны «миды қозғаушы орталық» деп бағалады. Автордың деректеріне сүйенер болсақ, сөйлеу тілін түзету кезіндегі жұмыстардың барлығы танымдық қызметтерге, соның ішінде зейін қызметіне сүйенеді [2].

М.И. Лисина зейінді адамзат баласына тән ең маңызды психикалық процесс деп санайды. Оған себеп зейін дамуы тұрақты болған жағдайда басқа танымдық саланы дамыту әлдеқайда жеңіл, ал, керісінше, зейін тұрақтылығы зақымданған жағдайда баланы дамыту күрделі қызметке айналады.

Зейіннің дамуы мен қызметі оның негізгі қасиеттерінің қалыптасуы арқылы көрінеді. Зейіннің негізгі қасиеттері бөліну, шоғырлану, ауысу деп бөлінеді. Осы көрсеткіштердің барлығы қанағаттанарлық деңгейде болған жағдайда білім беру, әлеуметтену және ерік – жігер саласының толыққанды дамуы орын алады.

Зейіннің даму деңгейі шоғырлану, тұрақтылық, бөлу және ауысу сияқты оның қасиеттері қалыптасуымен көрінеді. Шоғырлану адамның жұмысқа қаншалықты терең енуімен анықталады. Ал, тұрақтылықтың көрсеткіші – белгілі бір нысанға шоғырлану уақыты және одан шыққан алшақ мәндер саны. Зейін тұрақтылығы бір объектіден немесе әрекеттен екіншісіне ауысу кезінде көрінеді. Бөлу адам бір уақытта бірнеше әрекеттерді орындаған кезде орын алады, мысалы, бала бөлмеде ойнап жүрген кезінде өлең айтады [3].

Адамның өмірі мен іс-әрекетіне зейін қою көптеген түрлі функцияларды орындайды. Ол қажетті психологиялық және физиологиялық процестерді белсендіреді және қазіргі уақытта қажет емес психологиялық және физиологиялық процестерді тежейді, ағзаға оның қажеттіліктеріне сәйкес келетін ақпаратты ұйымдасқан және мақсатты таңдауға ықпал етеді, бір объектіге немесе қызмет түріне таңдамалы және ұзақ мерзімді шоғырлануды қамтамасыз етеді.

Танымдық процестердің бағыты мен селективтілігі назар аударумен байланысты. Зейін қабылдаудың дәлдігі мен нақтылығы, есте сақтаудың беріктігі мен селективтілігі, ақыл-ой әрекетінің бағыты мен өнімділігімен анықталады.

Зейіннің негізгі түрлері мен олардың сипаттамаларына тоқталып өтейік. Бұл табиғи және әлеуметтік тұрғыдан анықталған зейін, тікелей және жанама зейін, еріксіз және ерікті зейін, сенсорлық және интеллектуалдық зейін деп бөлінеді.

Табиғи зейін адамға туғаннан бастап ақпараттық жаңалықтың элементтерін қамтитын белгілі бір сыртқы немесе ішкі ынталандыруларға селективті жауап берудің туа біткен қабілеті түрінде беріледі. Аталған зейін түрі баланың туа бітті рефлекстерімен тығыз байланыс нәтижесінде өз функцияларын орындайды [4].

Әлеуметтік тұрғыдан анықталған зейін оқу мен тәрбие нәтижесінде қалыптасады. Адамның өмір сүру ортасы мен жеке тәжірибелері негізінде әлеуметтік қатынастар дамиды және әлеуметтік зейін қызметі арта түседі.

Тікелей зейін ол бағытталған және адамның нақты мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін объектіден басқа ештеңемен басқарылады.

Жанама зейін қимылдар, сөздер, т.б. сияқты арнайы құралдардың көмегімен реттеледі.

Еріксіз зейін ерік-жігердің қатысуына байланысты емес, ал ерікті міндетті түрде ерікті реттеуді қамтиды. Еріксіз назар аудару белгілі бір уақытқа бір нәрсеге назар аудару үшін күш салуды қажет етпейді, ал ерікті зейін барлық осы қасиеттерге ие.

Соңында сенсорлық және интеллектуалдық зейінді ажыратуға болады. Біріншісі негізінен эмоциялармен және сезім мүшелерінің таңдаулы жұмысымен, екіншісі ойдың шоғырлануы мен бағдарымен байланысты.

Зейін дамуы барлық даму саласының негізгі құрамдас бөлігі бола отырып, оның барлық әрекеттерін реттейді, жүйелейді және дамытады. Зейін дамуының онтогенез барысындағы сатыларына келер болсақ, оны төмендегі сипаттамалар бойынша жіктей аламыз:

Зейін ішкі және сыртқы бейнелерден тұрады. Сыртқы белгілеріне серпімділік, назар аудару жатса, сыртқы түріне жүрек қағысының жиілігі, тыныс алу, адреналин бөлу сияқты құбылыстар жатады.

Зейін түрлерін жіктеудің дәстүрлі формасына сай зейін ерікті, еріксіз және еріктіден кейінгі деп бөлінеді.

Зейін дамуының жандануы мен кең етек алуы кіші мектеп жасына сай келеді. Бұл ойын әрекетінің оқу әрекетіне ауысуымен байланысты. Мектеп оқушысының басты міндеті – ерікті есте сақтауды, ойлауды және зейінді кешенді түрде үйлестіру және оны оқуда пайдалану. Нақты кіші мектеп жасынан бастап балалар өз зейінін белгілі бір затқа аударуды, заттардың жеке қасиеттерін тануды үйренеді.

Қалыпты даму жағдайында 6-7 жастағы балалар зейіннің барлық түріне ие, алайда, еріксіз зейін басқаларынан басымырақ болады. Яғни, олардың естіп қабылдауы бейнелік қабылдаудан төмен болуына байланысты зейін түрлерінің дамуы әртүрлі болады. Мектепке қабылданған уақытта балалар қозғалмастан бір әрекет түрімен 10-15 минут айналыса алады.

Кіші мектеп жасындағы балаларда еріксіз зейіннің рөлі басым болады. сондықтан балалардың қызықсыз және біртекті заттар мен құбылыстарға ұзақ уақыт назар аударуы, қарап тұруы қиынырақ болады. Ал, керісінше, жаңа, жарқын және қанық түстерге ие нысандарға асқан қызығушылық танытады. Оқушы әлі де зейінін толық басқара алмайды, тек көзге оңай көрінетін заттардың бөліктеріне назар аударады.

Кіші мектеп жасындағы балалар зейін көлеміне келер болсақ, ол ересектерге қарағанда әлдеқайда кішірек. Атап айтқанда, ересек адамдар бір мезетте 6-8 затқа қараса, кіші мектеп жасындағы оқушылар 4-6 нысанға бет бұрады. Зейіннің бөлінуі мен шоғырлануы әлі де толық дамымаған.

Сонымен қатар, кіші мектеп жасындағы балалардың зейіні тұрақсыздықпен сипатталады. Баланың назарын аудару оңай және тез. Балалардың басым бөлігі айналасындағы шуға, жарқын бейнелерге, жедел немесе баяу қимылдарға өте сезімтал болып келеді [5, 31 б.].

Кіші мектеп жасындағы балалар зейінінің негізгі түрі еріксіз болып қалады, оның физиологиялық табиғи алғышарты индикативті рефлекс болып табылады. Бұл жаста барлық жаңа, жарқын, ерекше нәрселерге күшті реакция танытады. Бала өз назарын әлі жеткілікті басқара алмайды. Мұны ақыл-ой әрекетінің көрнекі-бейнелі сипаты басым болуымен түсіндіруге болады. Оқушылар барлық назарын көзге көрінетін жеке заттарға бағыттайды. Мысалы, ойын бөлмесінде көп ойыншықтардың ішінен тек қызыл допты байқауы немесе оны тез тауып алуы осы теорияның дәлелі бола алады.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Основы психологической антропологии. Психология развития человека. М.: Школьная пресса, 2000. – 416 с.
2. Жарықбаев Қ. Жалпы психология.- Алматы: Білім. 2004. - 512 б.
3. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка. М.: Московский психолого-социальный институт, Воронеж : НПО «МОДЭК», 1997. – 384 с.
4. Рагольская Л.Л. Особенности внимания у детей с дисграфией // Материалы XII Международной студенческой научной конференции «Студенческий научный форум». – 121 с.
5. Ланге Н.Н. Внимание // Хрестоматия по вниманию / Под ред. А.Н. Леонтьева. – М.: Издательство МГУ, 1976. – 294 с.

## **ПМПК-ДА ДИАГНОСТИКАЛАУ БАРЫСЫНДА АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ**

**И.А. Курумбаева**

педагог-психолог: педагог-зерттеуші

Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданының «№9 облыстық психологиялық-медициналық- педагогикалық кеңесі» КММ

*Аңдатпа.* Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ерекшеліктері мен осы категориядағы балалардың сипаттамасы және білім беру бағытын анықтау, кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру, ата-аналарына кеңестер мен ұсынымдар беру бағыттары қарастырылған.

### **Психологическое консультирование родителей детей с аутизмом в ходе диагностики в ПМПК**

*Аннотация.* В статье описаны особенности психолого-педагогического сопровождения детей с расстройствами аутистического спектра в условиях инклюзивного образования: характеристика данной категории детей, диагностика комплексной психолого-медико-педагогической консультации и рекомендации родителям.

### **Psychological counseling for parents of children with autism in the process of diagnosis at PMPC**

*Annotation.* In the article, the features of psychological-pedagogical supervision of children with autistic spectrum disorders in the context of inclusive education, the description of children in this category and the determination of the direction of education, comprehensive psychological-medical-pedagogical examination, directions for giving advice and recommendations to parents are considered.

### **Кіріспе**

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында әлеуметтік өзара іс – әрекет және қарым-қатынас дағдылары бұзылған балалар санының өсу үрдісі байқалады, олардың қатарына аутистік спектрдің ауытқулары (әрі қарай АСА) бар балалар жатады. Облыстық психологиялық-медициналық педагогикалық кеңестің (бұдан әрі – ПМПК) деректері бойынша 15.09.2022ж жылғы статистикалық мәліметтері бойынша Қазақстанда АСА бар жалпы саны-5833 бала анықталды.

Біздің елімізде АСА бар балаларға тиімді кешенді қолдау көрсету мәселелері толық көлемде шешілмеген. Бұл тек инклюзивті білім беру туралы ғана емес, сонымен қатар арнайы білім беру туралы да сөз болып отыр, өйткені осы санаттағы балалардың жалпы білім беретін сыныптарда да, инклюзивтік тәжірибені енгізумен қатар арнайы сыныптар, арнайы білім беру ұйымдары жағдайында да білім алу бірдей қиын.

Қазіргі таңда педагогикалық ұжым «қолайсыз» баланы білім беру процесінен тыс шығаруға немесе осы баланың оған қатысуын айтарлықтай шектеуге тырысатын жағдай кең таралған. Мұндай мінез-құлық бірінші кезекте білім беру ортасындағы балалардың бейімделу процесінің ерекшеліктеріне қатысты педагогтардың жеткіліксіз хабардар болуын білдіреді.

Қиындықтан шығу көбінесе мұғалімдерге баланың интеллектуалдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін арнайы оқу бағдарламасы бойынша үйде жеке оқытуға ауысуда көрінеді. Себебі, өз үйінің әдеттегі жағдайы оқушыға оқу қабілетін барынша пайдалануға мүмкіндік береді деп қате болжануда. Тәжірибе көрсеткендей, үйде жеке оқыту оң нәтиже бермейді, өйткені АСА бар баланың әлеуметтік дамуына ықпал етпейді. Мұндай оқушы үшін білімді жинақтау және дағдыларды игеру ғана емес, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және нақты өмірлік жағдайларда білім мен іскерлікті



пайдалану мүмкіндігіне ие болу маңызды. Соның салдарынан АСА бар баланы үйде жеке оқыту оның жағдайын одан әрі күрделендіруі мүмкін. АСА бар балалар үшін көпвекторлы үлгі барынша оңтайлы болып табылады, онда инклюзивті білім беру жағдайында да, жалпы білім беретін мектептегі арнайы сынып жағдайында және арнайы ұйымда да аутистік көріністердің айқын көрінуіне, баланың даму деңгейіне және ата-аналардың сұраныстарына байланысты сапалы білім алуға әртүрлі мүмкіндіктер бар. Мұндай білім беру бағыты оқушы үшін де, мұғалімдер үшін де барынша ыңғайлы болады, бұл бейімделу кезеңінен өту мүмкіндігін (жарты жылға дейін созылуы мүмкін), жеке топтан кіші және үлкен топқа өту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – жалпы білім беретін мектепте АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру ерекшеліктерін болжанып отырған оң нәтижеге бағытталған кешенді жүйе ретінде ашу, атап айтқанда оңтайлы дамуға қол жеткізу, әлеуметтендіру, сапалы білім беру болып табылады.

Аутистік спектрдің ауытқулары бар балаларға психологиялық-педагогикалық сипаттама.

АСА бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне және құрдастарының ортасында табысты оқуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер:

- әлеуметтік-эмоциялық өзара іс-әрекеттердің айқын қиыншылықтары;
- өз қызметін және мінез-құлқын ұйымдастырудағы қиындықтар, әртүрлі дәрежедегі мінез-құлық бұзылыстары;
- психикалық функциялардың айқын көрінген әркелкі даму ерекшелігі, жалпы танымдық қабілеттерінің даму ерекшелігі;

□ қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар [1]. Жоғарыда көрсетілген ерекшеліктер, осы санаттағы балалардың әртүрлілігі оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларында, бейімделген білім беру кеңістігін ұйымдастыруда, оқу кезінде арнайы тәсілдер мен әдістерді қолдануда және АСА бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің қажеттігін білдіреді. Арнайы психологияда мұндай бұзылыстар бұрмаланған дамудың түрлі нұсқаларына жатады. Бүгінгі күні бұрмаланған дамудың екі тобын бөліп отыр: 1) көбінесе аффективті-эмоциялық саланың бұрмалануы (О.С. Никольскаяның жіктемесі бойынша ерте балалар аутизмнің 4 тобы). Бұл жіктеу мінез-құлық пен сананы аффективті ұйымдастырудың авторлық моделіне негізделген; 2) когнитивтік саланың бұрмалануы (атиптік немесе процессуалды аутизм) [2]. Әр нұсқада балада аффективті, танымдық және реттеушілік салалардың дамуы мен мінез-құлқының ерекше болуы көрініс табады. Аутизмі бар балаларға арналған білім беру бағытын таңдау үшін педагогтар мен психологтар жұмысындағы практикалық маңызы зор О.С. Никольскаяның жіктемесіне жүгінеміз. Автор түрлі мінез-құлықтары бар аутистік балалардың төрт тобын бөледі. Аутизмнің сипатына, ауырлығына, баланың бейімделу дәрежесіне және оның әлеуметтену мүмкіндіктеріне байланысты әрбір нұсқа басқасынан ерекшеленеді. Төменде көрсетілген төрт топқа бөлу АСА бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға саралап қарауға мүмкіндік береді [3].

*Бірінші топ.* Бірінші топтағы балаларға терең аффекті патология тән. Олар ештеңені көрмейтіндей, естімейтіндей болады, тіпті физикалық ыңғайсыздық әсер етпейді, ештеңеге мән бермейді. Алайда, кейбір жағдайларда күтпеген нәрселерді түсінетіндей болады. Мақсатты шоғырландыру қабілетінің айқын бұзылуы балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету және коммуникация дағдыларын қиындықпен меңгеруіне әкеледі.

Бірінші топтағы балалардағы аутизм дамудың ең нашар болжамына ие, өйткені ол барынша тереңдігімен және күрделілігімен сипатталады. Соның салдарынан балалар тұрақты күтімді қажет етеді. О.С. Никольская жетекші патопсихологиялық синдром ретінде сыртқы ортадан оқшаулануды анықтайды. Сонымен қатар, бірінші топтың аутистік балалары қоршаған ортадан адамды бөліп, ажырата алады, оларда қарым-қатынас қажеттілігі мен жақындарына бауыр басу болады. Екінші топ. Келесі сатыда аутистік дизонтогенез ауырлығы бойынша балалардың екінші тобы орналасқан. Бұл балалар қоршаған ортамен қарым-қатынасты дамытуда белсендірек болады. Екінші топтағы балаларда өздерінің үйреншікті өмір түрлері қалыптасады, алайда олар қатаң шектелген ережелерін өзгертпеуге тырысады. Балалардың қоршаған ортадағы тұрақтылықты сақтауға, өмірдің әдеттегі тәртібімен, атап айтқанда тамақтағы, киімдегі, серуендеу бағытындағы таңдаулылық тән [3]. Балалар қалыпты жағдайда қарым-қатынас жасауда тыныш және ашық болуы мүмкін.

*Екінші топтағы* балаларға тән әлем көрінісінің шектеулілігі, кішігірім өмірлік стереотиптер, қоршаған орта туралы түсініктердің фрагменттілігі оларды білім беру ортасына қосу үдерісін қиындатады. Дегенмен, балалардың мектепке баруға, балалар ұжымында болуға деген ықыласы басым. Нәтижесінде балалардың мінез-құлқы жақсарады, айналадағы адамдарға еліктеп, тұрақты іс-әрекеттері жеңілдей түседі. Әлеуметтік даму мәселелері, қарқынды өзгеріп отыратын жағдайларға

бейімделудегі қиындықтар көп жағдайда білім беру ортасында оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын жасау кезінде еңсеріледі. Клиникалық классификация бойынша бірінші және екінші топ балалары Л. Каннер сипаттаған балалар аутизмінің қарапайым түрлеріне жатады [4].

*Үшінші топ.* Үшінші топтың балалары жетістікке жетуге ұмтылады, олар әлеммен белсенді қарым-қатынас жасауға қабілетті, олардың мінез-құлқын мақсатты деп атауға болады. Олардың бірінші және екінші топтағы балалардан айырмашылығы, компенсаторлық қиялдарында, қызығушылықтарының қалыптасуында және аффективті қорғанудың неғұрлым күрделі формаларында. Үшінші топтағы балалар сөйлеу тілінің даму деңгейі жоғары. Жетекші патопсихологиялық синдром аффективті патологияға қарсылық білдіру үшін алмастырылу болып табылады [3]. 9 Осы топтың балалары белгісіздікке, қауіп-қатерге төтеп бере алмайды, оларға жетістікке жетуге толық кепілдік керек. Үшінші топтағы балалардың зиятының дамуы жиі жақсы әсер қалдырады. Балалар ақпаратты ретімен қалыптастырудан, оны жүйелендіруден ләззат алады, бірақ бұл қызығушылықтары мен ақыл-ой әрекеттері де стереотипті және олар үшін аутостимуляцияның түрі болып есептеледі [5]. Бұл топ балаларына моторлы сфераның біршама дамымауы тән, олар ебедейсіз болады, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қиын қалыптасады, бұл зияты мен сөйлеу тілінің дамуындағы оң нәтижелерге қарама-қарсы ерекшеліктер болып табылады. Әлеуметтік дағдылар дамуы, берілген нұсқаулықтарды түсіну мен талдаудың қарапайым бұзылуы байқалады. Адамдармен қарым-қатынасқа түсіп, достасуға ұмтылғанымен, оларды түсіну қиынға соғады.

*Төртінші топ.* Төртінші топтағы балаларда аутистік белгілер аз болады, аффектілік және сенсорлық салалардағы бұзылыстар да аз білінеді. Негізгі патопсихологиялық синдром ретінде айналадағылармен қарым-қатынастың қиындығы болып табылады. Төртінші топтағы балалар аутизмінің ерекшелігі болып айналадағылардан қорғану емес, бірінші кезекте қарым-қатынас қиындығы, осалдық, әлсіздік, байланысқа түсе алмау мәселелері болып табылады. Балаларда алаңдаушылық, жеңіл сенсорлық ыңғайсыздық байқалады, сәтсіздіктер кезінде және әдеттегі іс-әрекеттің өзгеруі немесе бұзылуы кезінде қорқыныш сезімі пайда болады [3]. Балалар психикалық дамуының тежелуі біркелкі жүреді. Ерекше білім беру қажеттілігінің сипатына қарай, аутизмі бар балаларды оқыту - жалпы білім беру бағдарламасы, қысқартылған жалпы білім беру бағдарламасы, инклюзивті білім беру жағдайында қарапайым сыныпта арнайы жеке оқу бағдарламасы бойынша, кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау ала отырып (сабақтарда жеке ықпал жасаудан, психолог, дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог мамандары іске асыратын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуіне дейін), сондай-ақ арнайы сыныптар, арнайы мектептер және арнайы мектептер жағдайында, бала ата-анасының (заңды өкілдері) таңдауына байланысты арнаулы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Балалардағы аутистік спектрдің ауытқуларын психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес жағдайында тексеру

ПМПК жағдайында АСА бар балалардың эмоциялық сферасының ерекшеліктерін тексеру маңызды орын алады және оны мамандардың пәнаралық тобы жүзеге асырады:

- дәрігерлер: психиатрлар, невропатологтар, офтальмологтар;
- педагогтар: психологтар, логопедтер, дефектологтар.

Зият дамуының диагностикасы стандартталған бейімделген, соның ішінде вербалды және бейвербалды әдістер бойынша жүргізіледі. Эмоциялық-коммуникативтік дамуды және мінез-құлқы ерекшеліктерін диагностикалау кезінде негізінен бақылау және әңгімелесу әдістері қолданылады.

М-СНАТ тесті ұсынылады, ол 30 айға дейінгі балалардың ата-аналарымен толтырылады [6]. және аутизм қаупі болуын анықтайды. Бұл әдістеме ата-аналар өз баласының ерекшеліктерін субъективті қабылдауына негізделеді. Әдістеме «өтірік жауаптың» болуын болжамайды, нәтижесінде мамандар ата-аналардан толық емес мәліметтер алады. Мәселен, ПМПК тәжірибесінде мамандар бала мінез-құлқының өзгеше ерекшеліктерін байқайтын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, бала тексеру барысында өз атына жауап бермейді. Ал ата-аналар М-СНАТ-тағы «2. Өз атына жиі жауап бермейді» – деген сұраққа керісінше жауап береді.

ПМПК мамандары пәнаралық тобымен АСА бар балаларды тексеру бағыттары мен мазмұнын толығырақ қарастырайық.

Педагог-психологтың тексеруі. ПМПК-ның педагог-психологы эмоциялық еркі және мінез-құлқы бұзылған балаларды тексеру кезіндегі жетекші маман болып табылады, олардың қатарына АСА бар балалар жатады. Бұл категориядағы балалар басты ерекшеліктері байланыс пен әлеуметтік өзара қарым-қатынас күрделі бұзылуынан, мінез-құлқы мен іс-әрекеттері стереотиптік

формаларынан, психикалық дамудың асинхрондылығынан тұрады [6].

Лорна Винг триадасы көріністеріне назар аударатын болсақ, ол әлеуметтік өзара байланыс, қарым-қатынас/коммуникация және қиял салаларындағы бұзушылықтарды қамтиды. Осыған байланысты АСА бар балаларды тексеру кезінде осы салалардағы бұзушылықтарға назар аудару қажет. Аутизмі бар балаларды тексеру кезінде педагог-психолог баланы бақылау және ата-анаға сұрақ қою әдісін қолданады (оның ішінде М-СНАТ – 12 сұрақтан тұратын нұсқасы).

Диагностика барысында баланың басқа ересектермен және өз ата-анасымен қарым-қатынас орнату ерекшеліктері маңызды орын алады. Баланың көзбен қарым-қатынас орнатуы ерекшеліктері, тапсырмаларға 12 және ата-аналардың шығып кетуіне эмоционалды назар аудару ерекшеліктері бақыланады. АСА бар бала адамдармен қарым-қатынасқа түсе алмайды, көзге қарамайды. Ата-ананың тексеру бөлмесінен шығып кетуі кезінде бала мінез-құлқының негізгі ерекшеліктері:

анаға шамадан тыс бауыр басу;

ата-анасының шығып кетуі мен қайтып кіруіне назар аудармауы. «Тепе-теңдік феномені» белгілерінің болуы байқалады: дәмдік таңдаулары, әдеттегі нәрселерге бейімділік, жаңа жағдайлардан қорқу, пазлдарды жинаумен әуестену, т.б.

Психологтың АСА диагностикасы ерекшелігі – оның балаға икемделуі немесе имитация әдісін қолдануы. АСА бар баланың еркін мінез-құлқында оның қозғалыс ырғағына икемделіп, оның әрекеттерін қайталап, осындай қарым-қатынас орнату арқылы өзіне бейімдеу, кейін алдымен жеңіл және одан әрі күрделі тапсырмалар ұсыну қажет.

Республикалық ПМПК ұсынымдары бойынша педагог-психологтар О.С.Никольскаяның жіктемесі бойынша аутизм түрін анықтайды. Алдыңғы бөлімде көрсетілгендей, бөлудің негізгі критерийлерімен сыртқы ортамен өзара қарым-қатынас бұзылуының сипаты мен дәрежесі және аутизм анықталған [3]. Бірінші топтағы балаларда - сыртқы ортадан оқшаулану, екіншісінде - одан бас тартуы, үшіншісінде - оны алмастыру және төртіншісінде – қоршаған ортада баланың тежелуі туралы айтылады.

Жоғарыда аталғандар, оған қоса эмпатия, қадағалау, психологтың кәсіпқойлығы қорытынды дәлдігін, ұсынымдар бала қажеттіліктеріне барабарлығын және жалпы түзету-дамыту бағыты табыстылығын анықтайды. Педагог-психологтың балаларды тексеру рәсімі бағыттары мен мазмұны 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Педагог-психологтың балаларды тексеру рәсімі бағыттары мен мазмұны

Тексерудің бағыттары Тексерудің мазмұны

Танымдық сафераның диагностикасы (вербалды және бейвербалды әдістер)

Зейін қасиеттерінің ерекшеліктері

Жад ерекшеліктері

Қоршаған орта туралы хабардарлығы

Сеген тақталары

Коос текшелері

Равен матрицалары

Артығын алып тастау

Эмоциялық-ерік саласының диагностикасы (М-СНАТ, бақылау, ата-аналарға сұрақ қою)

Көз байланысы

Жақындарымен қарым-қатынасының өзгеруі

Жаңа адамға әрекетінің өзгеруі

Балалармен қарым-қатынастың бұзылуы

Физикалық қатынасқа әрекетінің өзгеруі

Ауызша нұсқауларға әрекетінің өзгеруі (есіміне, белгі қимылдарының болмауы, қарсыласу, сілтемелік қимыл, т.б.)

Жалғыздық кезіндегі мінез-құлқ ерекшеліктері

Қорқыныштар

«Тепе-теңдік феномені»

Өзін-өзі сақтау сезімінің болмауы

Стереотиптер

Қарым-қатынас сипаты

Зерттеу нәтижелерін талдау Зиятының даму деңгейін анықтау. О.С.Никольскаяның жіктемесі бойынша аутизм тобын анықтау

Жоғарыда көрсетілген Аутизмі бар балалардың сипаттамасын ескере отырып, ПМПК

жағдайында психолог маманы диагностикалаудан кейін қорытынды шығарып, ата-аналарға бір қатар кеңестер ұсынады.

Қорыта айтқанда, ПМПК жағдайында аутизмі бар балаларды зерттеу кезінде психикалық даму мүмкіндігін ескере отырып, ата-аналарына отбасы жағдайында немесе білім беру мекемелерінде сүйемелдеу барысында, психологиялық ұсыныстар мен кеңестерді ескерген абзал. Оқытудың немесе әлеуметтік ортаға бейімделу кезінде заманауи әдістерді дұрыс пайдаланудың ықпалы тиімді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Лебединская К.С., Никольская О.С. Диагностика раннего детского аутизма М., 1991
2. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи. М., 2007
3. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. Алматы, 2011
4. ПМПК логопедтеріне арналған анықтамалық-әдістемелік басшылық:3-бөлім Балалар сөйлеу тілі бұзылыстарының клиникалық психологиялық-педагогикалық жіктемесі. ЕрсаринаА.Қ., Айтжанова Р.К. Алматы, 2010
5. Бала аутизмі. Диагностика және консультация. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларының мамандарына арналған практикалық басшылық / Құрастырушы авторлар ЕрсаринаА.Қ., Айтжанова Р.К. Алматы, 2011
6. Аутистік спектрдің бұзылыстары бар балаларды инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу әдістемелік нұсқаулық /Құраст.: Бакмаганбетова Б.Н., Ержолова Ж.А., Мусаева Н.Н., Сакаева А.Н. – Қарағанды, 2020. – 64 б.

## **ПМПК-ДА АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ**

**Ж.Т. Джанабаева**

дефектолог-логопед, педагог-сарапшы  
Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданының «№9 облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі» КММ

*Аннотация.* Аутизм балалармен психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестегі логопедиялық тексеру.

#### **Диагностика общего речевого недоразвития у детей с аутизмом в ПМПК**

*Аннотация.* В статье описывается процесс диагностики и логопедической консультации детей с аутизмом в психолого-медико-педагогической комиссии.

#### **Diagnosis of general speech underdevelopment in children with autism in PMPC**

*Annotation.* The article describes the process of diagnosis and speech therapy consultation of children with autism in the Psycho-Medical-Pedagogical Commission.

Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) 15.09.2022ж жылғы статистикалық мәліметтері бойынша Қазақстанда аутизмі бар жалпы саны - 5833 бала анықталды. Денсаулық сақтау министрлігі Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің мәліметінше, кейінгі 7 жылда жаппай диагностика жүргізу, жан-жақты тексеру нәтижесінде аутизмге шалдыққандар саны 5 есе өсіп,тіркелуі артып жатқанына дәлел. Алматы облысы білім басқармасының Қарасай ауданының «№9 облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесі»КММ 105 аутизмі бар бала тіркелген.

Оған не себеп болуы мүмкін? Ғалымдар «аутизм эпидемиясы» деп дабыл қағуға ерте дейді. Мәселен, жүйелі талдаудың авторлары «өсімге бірнеше фактор себеп болуы мүмкін». «Оның ішінде адамдардың бұл сырқат туралы хабардар бола бастағаны, қоғамдық денсаулық сақтауға көңіл бөлінгені, аутизм жағдайларын анықтап, тіркеуде ілгерілеу бары, сондай-ақ қауымдастықтардың әлеуеті артқаны әсер етті»деп болжайды.

Логопедиялық тексеру барысында аутистік спекторлар бұзылыстары бар балалар сөйлеу

тілінің жалпы көріністері, адамның сөзіне деген әсердің әлсіздігі немесе мүлдем болмауы, сөйлеп тұрған адамға назар аударып көз тоқтатпау, нұсқауларды түсінбей айтылған сөзбен байланыстың бұзылуы. Алғашқы сөздердің кеш пайда болуы, олардың адамға бағытталмауы, әдеттегідей болмауы, аз қолданылуы. Эхолалия. Эхолалия сөз тіркестері. Қалдырылған эхолалия. Эхолалиялық цитаттар. Сөздіктің жинақталу динамикасы: «жүзбе» сөздер, жеке сөздер деңгейіндегі сөйлеу тілінің кері кетуі. Вербализацияға деген бейімділік: фонетикалық құрылыс күрделі, аффекті қанық сөздермен ойын. Неологизмдер. Монологтар мен аутодиалогтар. Теріске шығару сөздері. Декламацияға, ұйқастырып айтуға, ырғақты мәнерлеуге бейімділік. Бірінші жақтағы сөйлеу тілінің болмауы, жіктеу септіктерді дұрыс қолданбау. Сөз тіркестерінің кері кетуі; оған себепші факторлар. Интонацияның аса мәнерлі болуы. Сөз тіркесінің соңында дауыстың жоғарылауы. Сөйлеу тілінің түсініксіздігі, асығыс-үсігіс айтылуы, тек жеке буындардың айтылуы. Сөйлеу тілінің аяқ астынан болған және алдын ала берілген қызметтегі айтылуының айырмашылығы. Барлығын қамтитын саралап таралған мутизм.

О.С. Никольскаяның пікірі бойынша аутизм балаларда әр түрлі түрде байқалуы мүмкін.

**1-топ** - болып жатқаннан мүлдем, толық безу; сөйлеу тілі мутизм болмайды, алайда кейбіреулері коммуникативті бағытталмаған жеке сөздерді немесе сөз тіркестерін де айтулары мүмкін. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілінің тежелуі, сөзге және сөйлеу тіліне реакция болмайды. Мектеп жасында кейбір балада сөздік өтініштерді түсініп, сөйлеу тілі пайда болады; өзінің қалауын білдіру үшін жеке сөздермен сөз тіркестерін пайдаланады.

**2-топ** - ортамен қарым-қатынаста белсенділеу болып, олар өзінің қажеттілігін білдіру үшін сөйлеу тілін пайдалана алады, бірақ олардың сөйлеу тілінің дамуы ерекше: сөйлеу тілдік даяр сөз орамдарын меңгереді және оларды үнемі стереотиптік түрде пайдаланады, оларға эхолалия, жіктеу есімдігін дұрыс пайдаланбау тән. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілі стереотипті және даяр сөз орамды, бала сөйлеу тілді белгілі бір таныс жағдайларға пайдаланады. Мектеп жасында сөйлеу тілін (жалпылама берілген сөздік нұсқауды, байланысты айтылымдардың мағынасы мен мазмұнын) түсіну қиын болады.

**3-топ** – қатынасқа, оның ішінде сөйлеу тілдік қатынасқа түсіп және оны қолдай алады, бірақ оны орнада айырықша жанжалдықпен ерекшеленеді. Қырсық, қыңыр мінезінің ерекшелігімен өзінен басқалардың пікірін есепке алмай, өзіндік ерекшелігімен сөйлесіп тұрған адамның сөзіне, алған әсеріне мән бермей өз айтқанын істеткісі келеді. Сөздік қоры үлкен болады, күрделі сөз тіркестерін пайдаланады; олардың сөздері табиғатқа жат «ересектікті» байқатады. Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілі кітаптағыдай, бала сөйлеу тіліне жатпайтын, ересектердің сөйлеу тіліндегі сөз тіркестеріне бай болады. Мектеп жасында өзінің қызығушылығы бар тақырыбында ғана сөйлескенді қалайды.

**4-топ** - аутизм қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы қиындық ретінде жеңіл түрде байқалады, сөйлеу тілі байланысқан, бірақ кедей, көмескі, аграмматикалық. Мектепке дейінгі жаста сөзді, сөйлемдерді баяу қабылдайды, сөздік нұсқауларды түсінуде қиналады, сөйлеу тілі кедей, аграмматикалық айқын емес болады. Мектеп жасында айтылған сөзді түсінудегі қиындықтар айтылған нұсқауларды қабылдауы мен материалдарды меңгеруінің төмендігінен, сөйлеу тілі баяулайды.

ПМПК жағдайында мектеп жасындағы аутизмі бар баланың жалпы сөйлеу тілі дамымауы деңгейін анықтауда өзіндік ерекшеліктері болады және сөздерді, сөйлеу тілін толық түсінбегендіктен, қарым-қатынастың жүйелі болмағандығынан көптеген қиындықтар кездеседі.

#### **Мектеп жасындағы аутизмі бар балаларды логопедиялық тексеру**

**Логопедиялық тексерудің мақсаты** – аутист баланың сөйлеу тілі дамуы деңгейін, бұзылыстарын және ерекшеліктерін бағалау, тәрбиелеу, оқыту және әлеуметтік бейімделу проблемаларын және оларды шешу жолдарын анықтау.

**Логопедиялық тексерудің міндеттері** - сөйлеуге дейінгі және ерте сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау;

-фразалық, байланыстырылған және жазбаша сөйлеу тілінің фонетикалық-фонематикалық, лексикалы-грамматикалық жақтарының деңгейін анықтау;

-аутист баланың сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін, баланың күшті жақтары мен әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтау;

-логопедиялық көмекті тиімді шараларын анықтау;

-ата-аналарға, білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне және логопедтеріне ұсынымдар әзірлеу.

#### **Логопедиялық тексеруді ұйымдастыру және өткізу**

Аутист баланы логопедиялық тексерудің мазмұны мен тәртібі, көп жағдайда, онымен вербалды байланыс орнату мүмкіндігіне байланысты. Баламен өнімді қарым-қатынас орнату оның мінез – құлқының ерекшеліктеріне және сөйлеу тілінің даму деңгейіне байланысты мүмкін болмаған жағдайда, логопед сөйлеу тілі дамуын ата-аналармен әңгімелесуден алынған мәліметтерге, білім беру ұйымдарының психологиялық-педагогикалық мінез демелеріне, психологиялық тексеру нәтижелеріне сүйене отырып бағалайды. Аутист балаға логопедиялық тексеруді психологиялық тексеруден кейін немесе онымен қатар жүргізген жөн. Баланың сөйлеу тілінің дәрежесі мен сипатын, сөйлеу тілінің дәрежесі мен сипатын, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін белгілей отырып, оның спонтанды белсенділігін бақылаудан бастау керек.

Бірте-бірте бала логопедке үйренісе бастағанда және онымен қарым-қатынасты біртіндеп дамыта отырып, дәстүрлі логопедиялық тапсырмаларды қолдану арқылы логопедиялық тексеру дыбыстың айтылуын, буын құрылымын, фонематикалық естуін, түсінуін және белсенді сөйлеу тілін зерттеу-сөздік қорын, грамматикалық құрылымын, фразалық және байланыстырылған сөйлеу тілін жүргізуге болады. Сөйлеу тілін зерттеу әдістері мен әдістемелерін таңдау баланың хронологиялық жасына, оның аффективті мінез-құлқы мен коммуникациясы ерекшеліктеріне, вербалды байланысы мүмкіндіктеріне және сөйлеу тілінің даму деңгейіне байланысты белгіленеді.

### **Логопедиялық тексеру жүргізу тәртібі**

#### ***1. Баланың ерте сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау.***

1. Гуілдеудің, былдырлаудың және сөйлеу тілін түсінудің, алғашқы сөздердің, сөйлемдердің пайда болу уақыты мен ерекшеліктері.

2. Ерте сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері:

- алғашқы сөздер, сөйлемдердің тежелуі/болмауы немесе олардың дер кезінде пайда болуы, бірақ кейіннен 1,5-2 жаста жоғалуы;
- сөйлеу тілінің дамуында аталған жасқа тән емес әдеттен тыс сөздердің алғашқы пайда болуы;
- атына және қаратпа сөздерге реакциясының болмауы.

#### ***II. Сөйлеу тілін түсінуін зерттеу***

1) Сөйлеу тілін түсіну деңгейін анықтау:

-сөйлеу тіліне жауап қайтармайды және/немесе тыйым салуларға ғана жауап қайтарады («Болмайды!», «Тиіспе!»);

- айтқан сөзге мән бермеген жағдайда, егер оған мүдделі болса немесе қажеттілігін қанағаттандыру үшін оны түсінгенін білдіріп қояды («Жүр қыдырамыз!», «Бері кел! Конфет беремін!»);

- кейбір өтініштерді түсінеді және орындайды («Бер», «Әкел»);

- қаратпа сөйлеу тіліне нашар жауап қайтарады, бірақ өзіне қатысты емес және жеткілікті түрде күрделі фразалық сөйлеу тілін түсінгенін білдіреді;

- қаратпа сөйлеу тілін түсінеді: 1) нақты жағдаяттық деңгейде; 2) предикативтік деңгейде; 3) бөлшектелген деңгейде;

- диалогтағы сөзді түсінудегі, қарым-қатынастың түрлі жағдайындағы және әлеуметтік өзара әрекеттесудегі қиындықтарды өзара ұштастыра отырып, әртүрлі ғылыми пәндерден алынған нақты (энциклопедиялық) материалды жақсы түсінуі;

- контекстік сөйлеу тілін әдеби мәтіндердің эмоциялық және әлеуметтік мәнін түсінудегі қиындықтар: сезімдерді, қобалжуларды, кейіпкерлер әрекетінің мотивациясы мен моральін жақсы түсінуі.

#### ***III. Экспрессивті (өзіндік) сөйлеу тілі***

1. Қарым-қатынаста сөйлеу тілін қолдану деңгейі:

- мутизм (түсіну және айту мүмкіндігінде сөйлеу тілінің болмауы);

- жеке қалауларын қанағаттандыру үшін жеке сөздер мен сөйлемдерді анда-санда қолдану;

- белгілі бір тұрмыстық жағдайларда сөздермен сөйлемдерді қолдану;

- аграмматизмі бар фразалық сөйлеу тілі; қарым-қатынаста сөйлеу құралдарын икемді пайдалану қиындықтары диалогтік сөйлеу тілінің бұзылыстары мен қиындықтары;

- бейресми қарым-қатынаспен әлеуметтік өзара әрекеттесу жағдайында байланыстырылған ашық мәлімдеме мен диалогтің бұзылыстары мен қиындықтары;

2. Жеке сөйлеу тілінің қалыптасу деңгейі:

- сөйлеу тілінің болмауы; бөлек вокализациялар, айқайлар, дыбыс үйлесімдері, былдырлау, міңгірлеу, т.б.

- дыбыс келтірулер және жеке сөздер;
- сөздер (әрекеттік заттар, белгілер) және қысқа аграмматикалық сөйлемдер;
- фразалық сөйлеу тілі;
- байланыстырылған сөйлеу тілі.

3. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері:

- эхолалиялар: тікелей қалтырылған;
- палилалиялар немесе ауто стимуляциялар-коммуникативтік бағытсыз сөздер мен сөйлемдерді үнемі қайталау;
- сөйлеу тілінің автономиялығы (өз «тілінде» сөйлейді);
- сөз-штампарды, фраза-штампарды, дәйексөздерді қолдану;
- жеке есімдіктердің дұрыс қолданылмауы;
- етістіктердің инфинитивте, бұйрық райында қолданылуы;
- неологизмдер, сөзжасамдар, кішірейткіш-еркелеткіш жұрнақтардың қолданылуы, т.б.
- өзіндік интонациялау, дауысты көтеру және әлсірету т.б.

**IV. Сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің жас нормативтері мен оқыту сатысына сәйкес қалыптасуы:**

- фонетикалық-фонематикалық жағының, лексикалық құрылымының, фразалық және байланыстырылған сөйлеу тілі, жазылымы мен оқылымы.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Лебединская К.С., Никольская О.С. Диагностика раннего детского аутизма. М., 1991
2. Никольская О.С., Баенская Е.Р., Либлинг М.М. Аутичный ребенок. Пути помощи. М., 2007
3. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. Алматы, 2011
4. ПМПК логопедтеріне арналған анықтамалық-әдістемелік басшылық: 3-бөлім Балалар сөйлеу тілі бұзылыстарының клиникалық психологиялық-педагогикалық жіктемесі / Құрастырушы авторлар Ерсарина А.Қ., Айтжанова Р.К. Алматы, 2010
5. Бала аутизмі. Диагностика және консультация. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларының мамандарына арналған практикалық басшылық/ Құрастырушы авторлар Ерсарина А.Қ., Айтжанова Р.К. Алматы, 2011

## **АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР КІШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**М.К. Ташетова<sup>1</sup>, М.Б. Алпысбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> магистрант 2 курса

<sup>2</sup> доктор PhD, доцент

Северо-Казакстанский университет, г. Петропавловск

*Аңдатпа.* Мақалада ақыл-ой кемістігі бар кіші сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамыту мәселелері айтылады. Мұндай балалар қоршаған орта туралы шектеулі түсініктерге ие болғандықтан және ақыл-ой кемістігі мен сөйлеу қарқынының баяу дамуына байланысты қарым-қатынасқа деген қажеттілік аз. Ақыл-ойы кем кіші сынып оқушыларының сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі жоқ. Сондықтан олар коммуникативті дағдыларының болмауымен, құрдастарымен сөйлесуді бастауға және жалғастыруға қабілетсіздігімен сипатталады.

### **Проблемы развития коммуникативных навыков младших школьников с умственной отсталостью**

*Аннотация.* В статье рассматриваются вопросы развития коммуникативных навыков младших школьников с умственной отсталостью. Такие дети имеют ограниченное представление об окружающей среде и имеют низкую потребность в общении из-за умственной отсталости и медленного развития темпа речи. Учащиеся младших классов с умственной отсталостью не имеют возможности использовать речь как средство общения. Поэтому они характеризуются отсутствием коммуникативных навыков, неспособностью начать и продолжать общаться со сверстниками.

### **Problems of developing communication skills of younger students with intellectual disabilities**

*Annotation.* The article deals with the development of communication skills of younger schoolchildren with mental retardation. Such children have a limited understanding of the environment and have a low need for communication due to mental retardation and slow development of the pace of speech. Elementary school students with mental retardation do not have the opportunity to use speech as a means of communication. Therefore, they are characterized by a lack of communication skills, inability to start and continue to communicate with peers.

Ақыл-ой кемістігі бар кіші сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру өзекті және аз зерттелген мәселе болып табылады. Ақыл-есі кем балалардың категориясы құрамы жағынан гетерогенді және баланың әлеммен өзара әрекеттесуі барлық процестеріне әсер ететін танымдық белсенділіктің тұрақты бұзылуымен сипатталады. Сонымен бірге, әдеби дереккөздерге шолу көрсеткендей, көптеген жұмыстар ақыл-есі кем балалардың танымдық саласын және олардың әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау мәселелерін қарастырады. Коммуникативті дағдыларын белсенді өзара әрекеттесу жағдайында және арнайы ұйымдастырылған Әлеуметтік-психологиялық тренинг шеңберінде оқу жағдайларында әдістерді пысықтау жағдайында дамытуға болады.

Баланың дамуы мен оның тұлға ретінде қалыптасуындағы коммуникативті дағдылардың рөлі өте зор, өйткені оларды игере отырып, бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды, ата-аналармен, мұғалімдермен, құрдастарымен және жалпы қоғаммен қарым-қатынас орнатуды үйренеді, осылайша қазіргі әлемнің жағдайына бейімделу жолынан өтеді.

Көптеген ғалымдар коммуникативті дағдылар мен коммуникацияның құрылымдық компоненттерін дамыту мәселесін зерттеді. О. В. Степкова мен Н.В. Кушнарера атап өткендей, «коммуникацияның құрылымдық компоненттері, оның адам дамуының жеке аспектілерімен байланысы, әртүрлі бұзылулардағы коммуникацияның қалыптасу ерекшеліктері мен бұзылу механизмдері» туралы әртүрлі көзқарастар болды. Л.С. Выготский қарым-қатынас қабілетін бала жеке басы жалпы қалыптасуындағы негізгі элементтердің бірі деп санады, өйткені психиканың дамуы өзара әрекеттесу және қарым-қатынас арқылы жүреді. Г.С. Андреева қарым-қатынас барысында келесі функциялардың қалыптасып, дамитынын көрсетеді:

- жеке мінез-құлықты басқару мүмкіндігі;
- қарым-қатынасқа деген өз қажеттілігін жүзеге асыру мүмкіндігі;
- психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- басқалармен белгілі бір бірлескен жұмыс жүргізу мүмкіндігі.

Коммуникативті дағдылары - бұл адамның айналасындағылармен өзара әрекеттесу процесін құру қабілеті, алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру, сондай-ақ оны беру қабілеті.

А.В. Мудрик [1] коммуникативті дағдыларды қоғамның белгілі бір ортасында өзара әрекеттесу процесін құруға ықпал ететін адам жеке қасиеттері синтезі ретінде анықтады. Қажетті қасиеттердің дамуы қарым-қатынас және іс-әрекеттер мен жағдайларды талдау процесінде жүреді, мұнда жеке мінез-құлықтың да, қарым-қатынас ережелерінің де негізгі міндеттері мен ережелері анықталады.

Л.Р. Мунированың классификациясы бойынша коммуникативті дағдылар келесі дағдыларды қамтиды.

#### 1. Ақпараттық-коммуникативтік дағдылар:

- сәлемдесу, шақыру, өтініш білдіру, т.б. арқылы қарым-қатынас процесін өз бетінше бастау мүмкіндігі.;
- басқалармен қарым-қатынас барысында жалпы қабылданған мінез-құлық және мәдениет ережелерін сақтау;
- таныстар мен бейтаныс адамдар арасында қоршаған ортаға және әртүрлі жағдайларға бағдарлау;
- өрнектер мен сыпайылық белгілерін дұрыс қолдану.

#### 2. Коммуникативті-реттеу дағдылары:

- жеке іс-әрекеттер мен ойларды басқалардың іс-әрекеттерімен барабар үйлестіру;
- жақын ортаны қолдауды үйрену және онымен қарым-қатынас кезінде оған сену мүмкіндігі;
- жалпы міндеттерді шешуде көмек көрсетуде жеке мүмкіндіктерді пайдалану;
- қарым-қатынас барысында өзін және өзінің іс-әрекетін объективті бағалау, талқылауға қатысу, алынған нәтижелерге келісу немесе одан бас тарту арқылы дұрыс шешімдерді таңдау мүмкіндігі.



### 3. Коммуникативті-аффективті дағдылар:

- қарым-қатынас барысында бастан кешкен сезімдерін көрсете білу, серіктестермен қызығушылықтарын бөлісу;

- қамқорлықты көрсету, жауаптылық пен жанашырлықты білдіру қабілеті;

- басқалардың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқын объективті бағалау мүмкіндігі.

Е.А. Орлова мен С.И. Фомианың пікірінше [3], қарым-қатынас дағдылары қарым-қатынас жасау қабілетіне және ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, танымдық, тұрмыстық, ойын және шығармашылық мәселелерді сәтті шешуге негізделуі керек.

А.В. Аверкин [1] баланың коммуникативті даму процесі коммуникативті-белсенді, когнитивті және әлеуметтік - мінез-құлық компоненттерінен тұрады деп санайды. А.В. Асмолов бұл серияны реттеуші және танымдық компоненттермен толықтырды. Ю.В. Коренева, Н.Н. Васягина әлеуметтік бейімделу практикалық және құндылық-семантикалық компоненттерді қамтуы керек деп санайды. А.М. Змушко [2] коммуникативті құзыреттілікті интеллектуалды кемістігі бар балалар әлеуметтік бейімделуінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықтайды.

Жеке санатқа бірлескен іс-әрекет барысында тікелей өзара әрекеттесу процесінде, процеске қатысушылар жеке ерекшеліктерін көрсеткен кезде пайда болатын рөлдік байланыс кіреді [3].

Рөлдік қарым-қатынас әлеуметтік рөлдерді орындау тұрғысынан қарастырылуы керек, мысалы, мұғалім-студент, дәрігер-пациент. Қоғамдық қатынастар жүйесін ескере отырып, іс-әрекеттің әрбір қатысушысы өзінің тәжірибесі мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзінің әлеуметтік рөлін атқарады. Адамның әлеуметтік рөлі оның мінез-құлқына әсер етеді, бірақ жеке тұлғаға және оның ерекшеліктеріне тікелей тәуелділік бар, сондықтан белгілі бір рөлдік позициядағы әр адам өзінің жеке басын көрсетеді.

Тікелей қарым-қатынас түріне көптеген жиналыстарға, қауымдастықтарға, т.б. қатысуды жатқызуға болады. Делдалдық бұқаралық коммуникация бұқаралық ақпарат құралдарындағы немесе бұқаралық мәдениет құралдарындағы біржақты әрекетті білдіреді [3].

А.Л. Битовтың зерттеулерінде [4] мүмкіндігі шектеулі балалар, соның ішінде ақыл-есі кем балалардың қарым-қатынасында коммуникативтік акті барлық буындарының тұрақты бұзылулары анықталғаны атап өтілді. Т.В.Седых және А.С. Бывшенко «қарым-қатынас дағдылары туа біткен емес, олар ересектер және құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыру арқылы қалыптасады» деп жазды. Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін коммуникативтік дағдыларды дамыту міндеті оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі болып табылады» [5].

Осыған байланысты интеллектуалды кемістігі бар баланың басқалармен қарым-қатынасы көбінесе отбасымен шектеледі. Сондықтан, ақыл-ойы шаршаған бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында әлеуметтік-психологиялық тренинг элементтерін қолдана отырып, осы санаттағы балалар коммуникативтік дағдылары дамуына оң әсер етуге болады.

#### **Список литературы**

1. Аверкин Л.Е. Социальное сотрудничество младших школьников в образовательном процессе. Монография. М.: Полиграф сервис и К, 2018. - 260 с
2. Никандров Н.Д. Россия: социализация и воспитание на рубеже тысячелетий. Махачкала: Юпитер, 2000. - 229 с.
3. Роль социальных взаимодействий в развитии интеллекта детей. М.: Педагогика, 1991. - 245 с.
4. Битов А.С. Формирование коммуникативной способности у учеников начальных классов// Начальное образование, 1994. - С. 54 - 57.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2012. - 720 с.

## **ЦЕРЕБРАЛЬДІ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ ЕТУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**А.Н. Аутаева**

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, п.с.ғ.к., доцент

**М. Бикбагамбетова**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2 – курс магистранты

*Аңдатпа.* Бұл мақалада церебралды сал ауруы бар балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдысының қалыптасу ерекшеліктері қарастырылды. Церебралдысал ауруы бар балалардың моторлы және психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, өзіне-өзі қызмет ету дағдысы толық қалыптаспағын байқауға болады. Өзіне - өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру-церебральды сал ауруы бар балаларды мүмкіндігінше үй және қоғамдық ортада тәуелсіз ету маңызды және өзекті мәселе деп санаймыз.

*Кілт сөздер:* церебральды сал ауруы, өзіне-өзі қызмет ету, ерекше білім беруді қажет ететін балалар.

### **Особенности формирования навыков самообслуживания у детей с церебральным параличом**

*Аннотация.* В данной статье рассмотрены особенности формирования навыков самообслуживания у детей с церебральным параличом. Учитывая двигательные и психические особенности детей с церебральными параличом, можно заметить, что навыки самообслуживания сформированы не полностью. Мы считаем важным и актуальным формирование навыков самообслуживания - сделать детей с церебральным параличом как можно более независимыми в домашней и общественной среде.

*Ключевые слова:* церебральный паралич, самообслуживание, дети с особыми образовательными потребностями.

### **Features of the formation of self-service skills in children with cerebral palsy**

*Annotation.* In this article, discusses the features of the formation of self-service skills in children with cerebral palsy. Taking into account the motor and mental characteristics of children with cerebral diseases, it can be noted that self-service skills are not fully formed. We consider it important and relevant to develop self-service skills- to make children with cerebral palsy as independent as possible in the home and social environment.

*Keywords:* cerebral palsy, self-care, children with special educational needs.

*Церебральды сал ауруы (ЦСА) – орталық жүйке жүйесінің ауыр түрі, сол себептен баланы мүгедектікке әкеледі. Церебральды сал ауруы үлкен гетерогенділікпен сипатталады. Негізінен омыртқа мен қозғалыс барысына әсер етеді. ЦСА-да сенсорлық, перцептивті, танымдық, коммуникативті немесе мінез-құлық бұзылыстары, эпилепсия жиі кездеседі. ЦСА кезінде қозғалыс бұзылыстары (параличтер, парездер, координация бұзылыстары, еріксіз қозғалыстар) қолдардың және аяқтардың зақымдануы көрініс табады. Ұсақ моторика, артикуляциялық аппараттың бұлшық еттері, көздің бұлшық еттері және ақыл-ой, есту қабілеті, тырысу ұстамаларымен зардап шегеді. ЦСА ағымы үдемелі емес, резидуальды (қалдықтық) патологиялық жағдай, жүйке жүйесі әртүрлі құрылымдары өзара қарым-қатынасының өзгеруіне байланысты жасы ұлғайған сайын неврологиялық көріністері біршама түзелуі мүмкін [1].*

Өзіне-өзі қызмет ету - баланың мәдени-гигиеналық дағдылардың негізі, жуыну дағдысы, дене мүшелеріне күтім жасау, дәрет алу, киіну, шешін, тамақтану және ішу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру ерекше білім беруді қажет ететін балаларды физикалық оналтудың негізгі бөлімдері болып табылады және көбінесе "әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" ұғымымен байланысты. Дағдыны қалыптастыру ерекше білім беруді қажет ететін баланың мүдделерін, белсенді ұстанымын кеңейту, неғұрлым қолайлы сыртқы, ішкі жағдайларды қамтамасыз ету арқылы оның рухани және дене күшін дамытатынын Л.И. Акатов атап өтті. Осы дағдыларды дамытудың маңыздылығына қарамастан, ата-аналар көбінесе бұл мәселеге тиісті назар аудармайды. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың моторикасын дамыту және өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру бірінші орында [3]. Мектеп жасына дейінгі кезден бастап ерік-жігер, өзіне деген сенімділік, жетістікке жету ниеті, мақсатқа ұмтылу, оған қол жеткізудегі белсенділік пен табандылық сияқты мінез-құлық белгілері қалыптаса бастайды. Өзін-өзі күту еңбек қызметінің бір түрі ретінде баланың тәуелсіздігін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. И.С. Авдеева, Р.С. Буре, М.Г. Борисенко, М.А. Васильева, С.А. Козлова, Н. А. Лукина, т.б. еңбектерінде өзіне-өзі қызмет көрсету баланың жалпы және ұсақ моторикасы, көру, есту, ойлау, зейіннің белгілі бір даму деңгейінде тәрбиенің әсерінен қалыптасатындығын атап өткен [4]. Ал, қазақстандық ғалымдар Ш.А. Булекбаева, Ж.Р. Дарибаев, К.К. Кусаинова ЦСА бар балалардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырудағы ерекшеліктерге және әдістерге тоқталып кеткен [5]. ЦСА бар балалар өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыру көбінесе күнделікті жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралармен байланысты. Егер балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары қалыптасса, онда олар қазіргі қоғамдағы өмірге оңай бейімделеді.

М.В. Ипполитованың еңбегінде, "ЦСА бар балалардағы қозғалыс бұзылыстарының

салдарынан өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын игеру процесі баяулайды; бала өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға қатысатын моторлы операцияларын жасай алмайды" деп атап өткен. Дағдыларды сәтті қалыптастыру үшін балаға өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын үйретуге, сондай-ақ осы әрекетті орындау үшін қажетті психофизикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған түзету көмегі қажет.

Церебральды сал ауруы бар балалар өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын игеруде ерекше қиындықтарға тап болады, соның ішінде өздігінен тамақтану, киіну және шешіну, жалпы гигиеналық дағдылары. Сонымен, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруда бірінші қиындық - моторлы қиындықтар.

Екінші қиындық - қалыптастыру процесінің өзі. Церебральды сал ауруы бар балаларға кейде визуалды-моторлы іс-әрекеттер өте қиын болуы мүмкін. Мысалы, ауыр спастика кезінде, еріксіз іс-әрекет барысында, визуалды-моторлы бұзылулармен. Егер баланың басы үнемі бүйірге бұрылып тұрса және тіке қарауға мүмкіндік болмаса, бір нәрсеге қарау қиын. Яғни, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырудағы екінші қиындық қалыптастыру процесін ұйымдастырумен байланысты. Үшінші қиындық ол - психологиялық. Көбінесе ауыр церебральды сал ауруы бар балалар бұл дағдыларды неге үренетінін түсінбейді. Не үшін? Өйткені, анасы мен әкесі баланың барлық өзіне қызмет ету дағдыларын өздері жасайды: баланы душта өздері шомылдырады, қолдарын жуады, жаялықтарын ауыстырады, қасықты, кружканы аузына апарып тамақ береді, киіндіреді және шешіндіреді. Бұл - үшінші және соңғы, мүмкін, негізгі қиындық [5,14].

ЦСА бар оқушылардың өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптасу деңгейі анықтау үшін В.Штрасмайер ұсынған тест қолданылады (ерте жастағы баланы оқыту және дамыту), оның көмегімен қазіргі уақытта баланың үйдегі дағдылары қандай екенін және оның жетістіктерінің ең жоғары деңгейі қандай болуы мүмкін екенін анықтауға болады [6].

ЦСА бар балалардағы өзіне-өзі қызмет ету әдістерінің сапалық көрсеткіштері динамикасын зерттеу міндеті қойылады. Тест парағының әр қатарында тапсырманы орындау қиындықтарының өсу ретімен төменнен жоғарыға орналастырылған:

1. Егер тапсырма орындалса, "+" тапсырма нөмірінен кейін бірінші ұяшыққа қойылады.
2. Егер бала бұл дағдыға ие болмаса, онда "-"
3. Егер мақсатқа тек жартылай қол жеткізілсе, онда ұяшыққа "+" және "-"
4. Егер бала тапсырманы түсінбесе, ұяшық бос қалады.

Нәтижесі - баланың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалыптасу деңгейі анық байқалады. Бұл әдіс ерекше білім беруді қажет ететін балаларды бастапқы диагностикалаудың жылдам және қарапайым әдісі болып табылады. Бұл сұрақтарға жауап беруге көмектеседі бала жасына сәйкес дағдыларды, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын орындау үшін балаға дұрыс көзқарасты қалай табуға болатындығын, баланың даму деңгейін қалай анықтауға болатындығын көрсетеді.

ЦСА бар балалар құрдастарымен салыстырғанда әлдеқайда баяу дамиды. Сол себепті, ЦСА-дың орташа дәрежесі бар балалар жүру дағдыларын игереді, бірақ үлкендердің көмегінсіз қала бойынша өздігінен жүре алмайды немесе қоғамдық көлікті қолдана алмайды. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары дамығанымен, жеткілікті деңгейде емес. ЦСА-ның жеңіл дәрежесі бар балалар өзіне сенімді және қоғамдық көлікте өздігінен жүре алады. Ол өзіне-өзі қызмет ете алады. Бірақ, кенеттен еріксіз қозғалыстармен, бұлшық ет күшінің төмендеуімен көрініс табады. ЦСА-ның орташа және жеңіл дәрежесі бар балалар әлеуметтік бейімдеу үшін өзіне-өзі қызмет ету және өз бетінше қозғалу дағдыларын дамытуда бірінші кезекте көңіл бөледі. ЦСА бар бала үшін маңызды дағды-физиологиялық қажеттіліктерді өз бетінше қанағаттандыру, жеке гигиена ережелерін сақтау (жуу, тырнақтарды алу, тістерді тазалау) және күнделікті тұрмыстық жұмыстарды орындау (киіну, түймелену, жуыну, тағамды жылыту, ыдыс-аяқты қолдану). Бала біртіндеп өздігінен тамақтануға және тұрмыстық техниканы қолдануға үйретіледі. Уақыт өте келе, ол тамақ дайындауды және өзін-өзі күту (жуыну, тарақпен шашын тарау, қол жуу, тістерін тазалау); өз бетінше тамақтану, ішу, ас құралдарын пайдалану, дәретхананы пайдалану қабілеті; киім, аяқ киім заттарын кию және шешу, түймелерді ағыту және түймелеу қабілеті; өз заттарына қамқорлық жасай білу: абайлап бүктеу, шкафқа ілу, киімді тазалау тұрмыстық қажеттіліктерді орындауды үйренеді.

Бұл дағдыларды дамытудағы қиындықтар аурудың ерекшеліктерімен байланысты. Көптеген балаларда апраксия байқалады, яғни, мақсатты практикалық әрекеттерді орындай алмайды. Мұндай балалар киіну, шешіну, түймелерді бекіту, етіктерді баулау, т.б. дағдыларды игеруде ерекше қиындыққа тап болады. Мақсатты практикалық әрекеттер манипуляциялық белсенділік процесінде дамиды, сондықтан ата - ана баланы аяған кезде, ол үшін бәрін жасауға тырысады, оның практикалық

тәжірибені игеру мүмкіндігінен айырған кезде, праксистің қалыптасуында кідіріс байқалады, оны қайталама апраксия деп атайды. Апраксия бұзылыстары өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі іс-әрекеттерді дамытуға теріс әсер етеді.

Оң нәтиже алу үшін ЦСА бар баланың дамуы ерте жастан басталуы керек. Ол өздігінен қозғалуды және дененің тепе-теңдігін сақтауды үйренуі керек. Мұндай дағдыларды игеру үшін құрдастарына қарағанда көп уақыт пен күш қажет етеді. Бұл қиындықтарға ата-аналар дайын болуы керек. Баланың дамуы үйде басталады, сондықтан оның алғашқы мұғалімдері ата-аналар болады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Оспанова Ш.Х. Оценка навыков самообслуживания у детей с ограниченными возможностями в комплексной реабилитации. Вестник восстановительной медицины. 2011; стр 5
2. Шубаева Г.С., Мусирова Ж. Р. Показатели развития моторики и навыков самообслуживания у детей младшего школьного возраста с ДЦП // Вестник Казахского национального женского педагогического университета. 2020; (2):180-189.
3. Потапчук А.А., Машаду И.П. Адаптивная физическая культура в работе с детьми, имеющими нарушения опорно-двигательного аппарата (при заболевании детским церебральным параличом). СПб., 2003. - 228 с.
4. Репина А.И. Адаптивная физическая культура как средство развития двигательной сферы и формирования навыков самообслуживания у детей с церебральным параличом : диссертация ... кандидата педагогических наук. Екатеринбург, 2008. – 147 с.
5. Джаниева Т. С. Метод сенсорной интеграции в формировании навыков самообслуживания детей с ДЦП: Методические рекомендации / Т. С. Джаниева, Ш. А. Булекбаева, Г. М. Султанова. - Астана : Артпринт, 2013. — 57 с.
6. Штрасмайер В. Обучение и воспитание ребенка раннего возраста. М.: Академия, 2002.

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АСБ БАР БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**М.Ж. Исабаева**

2-курс магистранты,

Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы

**Л.Н. Лиходедова**

п.ғ.к., доцент, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай Өңірлік университеті,

Қазақстан, Қостанай

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі аутизм спектрі бұзылысы бар балаларға арналған оңалту орталықтары даму тарихы мен болашағы жайлы қарастырылған.

#### **История и перспективы развития реабилитационных центров для детей с РАС в Казахстане**

*Аннотация.* В данной статье рассмотрены один из актуальных вопросов развития и будущее реабилитационных центров для детей с расстройствами аутистического спектра.

#### **History and prospects of development of rehabilitation centers for children with ASD in Kazakhstan**

*Annotation.* This article discusses one of the topical issues of development and the future if rehabilitation centers for children with autism spectrum disorders

Стереотиптік қимылдар басым болып келетін, қоғамға әлеуметтенуі қиын аутизм спектрі бұзылысы бар балалар саны Қазақстанда артып келе жатқаны рас. Бұл балаларға және ата-анасына көрсетілетін психологиялық-педагогикалық көмек түрлері қарастырылған.

Аутизм емделмейді, алайда оларға түзету жұмыстарын жүргізе отырып, қоғамға бейімдеуге болады. Аутизмді ауру емес, ерекшелік деп сипаттасақ болады [1].

Бұл синдромның көбеюіне байланысты, АСБ балаларына инфрақұрылым құру қажеттілігі күн сайын артып келеді.

Қазақстанда жеңіл деңгейдегі АСБ балалар үшін білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеу үшін мектептегі инклюзияны қолдауға арналған кабинеттер, психологиялық-педагогикалық қолдау

кабинеттері қарастырылған. Ал, ауыр деңгейдегі АСБ балалар мен ата-аналардың көпшілігі маман мен қаражат тапшылығынан қолдаусыз қалып кетіп жатқандары да бар.

Қазіргі таңда аутизм синдромы бар балалар коррекциялық кабинеттер мен оңалту орталықтарында 6 айдан 2 жылға дейін кезекке тұруы мәжбүр. Онымен қоса орталықтарада көрсетілетін көмек 3 аптадан 3 айға дейінгі уақытты қамтиды. Бұл балаға мүлдем жеткіліксіз. Мамандар баланың үздіксіз өмір бойы түзеті жұмыстарымен және психологиялық-педагогикалық қолдауымен жүруі керек екендігін айтады [2].

Қазақстанда АСБ балаларға арналған оңалту орталықтарының даму тарихы 2015 жылдан бастап қарқынды дами бастады.

Қазақстандағы ең тиімді және нәтижелі оңалту орталықтарының бірі ол- Асыл Мирас. Оңалту орталығы қазақстандық балалардың оң нәтижеге жету жолында Атлантадағы Marcus Autism Center және Калифорния университетіндегі Kasari Lab сияқты АСБ бойынша халықаралық сарапшылармен бірлесіп жұмыс істейді. Әр бала таңдалған бағдарлама бойынша үш айлық оқу циклінен өтеді [3].

Асыл Мирас оңалту орталығының даму тарихы 2015 жылдан басталып келеді. Осы уақытқа дейін 10 орталық ашылып, 10 мыңнан астам бала толықтай тегін білікті мамандар көмек алып келеді. Дәл қазіргі нақты ақпарат бойынша Асыл Мирас оңалту орталығына 14193 бала жазылған, 9851 балаға диагноз қойылған, 8297 бала ASD расталған бала интервенция бағдарламаларында көмек алды.

Сонымен қатар Астана қаласында :

-«Алуа» АСБ балаларына арналған орталық

-«Жасыл жайлау» АСБ балаларына арналған орталық

Шымкент қаласында да бұл балаларға оңалту орталығы бар.

Бұндай орталық пен білікті мамандардың көбеюі аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың тезірек әлеуметтенуіне көп ықпалын тигізери анық. Оңалту орталығы дамуы, болашағының мықты болуы тікелей білікті мамандарға байланысты

Ал енді болашақта ата-аналар ұзақ кезекте тұрмауын қамтамасыз ететін жоба қарастырылдып отыр. Одан бұрын баланың 3 ай білім алуының жеткіліксіз екенін ескере отырып, білікті мамандарды даярлау мақсатында болашақта оңалту орталықтарының саны мен сапасына мән беретін жоба ұйымдастырылған.

Қазіргі таңда 2022 жылдың мамыр айынан бастап, аутизм спектрі бар балаларға және де басқа да ментальды бұзылыстары бар балаларға арналған оңалту орталықтарын ашу бойынша жоба құрылып отыр [4].

Жоба бойынша Қазақстанның 8 өңірінде инфрақұрылымды дамыту. Онымен қоса мамандарды тегін оқыту қолға алынып отыр. Таңдалып отырған 8 өңір:

- Алматы облысы - 447 бала
- Ақтөбе облысы - 425 бала
- Шығыс-Қазақстан облысы - 597 бала
- Жамбыл облысы - 238 бала
- Қостанай облысы - 238 бала
- Павлодар облысы - 286 бала
- Алматы - 523 бала
- Шымкент - 222 бала.

Әр 8 өңірден 125 бала жыл сайын кешенді көмек алып отырады деген нәтиже күтілуде.

Орталықтың ерекшелігі мынадай болмақ:

- Жан-жақты көмектің көрсетілуі. Өрараптандылығын мандардың қызметін енгізу (АВА терапия, сенсорлы интеграция, еңбек терапиясы, альтернативті коммуникация, кинезиотерапия). Өр тараптандырылған мамандар бала туралы толық ақпаратқа ие болады. Бұл ата-аналарға білік маман іздеуде уақыт пен қаржыны жоғалтпауға көмектеседі.

- АБС балаларға ерте көмек көрсету. Ерте көмек көрсету баланың әлеуметтенуіне және инклюзияға қосуға көмек береді.

- Аутизмнің ауыр түрі мен мінез-құлығында бұзылысы бар балаларға арнайы бағдарлама әзірлеу. Халықаралық дәлелді әдістерді қолдану. Бұл қазіргі таңда үй жағдайында оқып жатқан балаларға үлкен көмегін тигізеді.

- Әлеуметтік қорғау мамандарын даярлау. Кәсіби білім мен дағдыларды (әртүрлі ғылыми салалардағы технологиялар мен тәжірибиелердің кең ауқымы) сондай-ақ, болашақ зерттеу жұмыстарын тарату функциясы.

Қазақстанда мінез-құлық аналитікері, логопед-реабилитологтар, баламалы коммуникация мамандары, АФК мамандары және тьюторлар саны шектеулі.

АСБ балалар бағытына сәйкес жұмыс жасайтын мұндай мамандар оңалту орталықтарда алғаш рет қамтамасыз етілмек.

Бұл жоба 2023 жылдың наурыз айына дейін аяқталуы тиіс [4].

Қазақстанда АСБ балаларға арналған оңалту орталықтарының болашағы жарқын болары анық. Себебі күннен күнге білікті мамандар мен талаптарға сай жабдықталған оңалту орталықтары көбейіп келеді. Алайда ауылды жерлерде маманның тапшылығы мен орталықтардың болмауы әлі де қарастыратын мәселе. Бұл мәселені шешетін, жастар. Жаңа жобаларды мемлекетке ұсыну, іздену арқылы біз бұл проблеманы бірге шеше аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Танцора С.Ю., Ригина Н.Ф. Организация работы с ребенком с аутизмом. Взаимодействие специалистов и родителей. 2018
2. Акимат города Шымкент. <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent/press/news/details>
3. Аутизм. Баршамызға бір әлем. Фонд Булата Утемуратова. <https://www.asylmiras.org/>
4. Общественный социальный фонд «Қазақстан халқына». <https://qazaqstanhalqyna.kz/ru/programs/17-charity-ru/>

## **STUDY OF THE LEVEL OF MASTERY OF THE BASICS OF A HEALTHY LIFESTYLE OF STUDENTS WITH MENTAL DISORDERS**

**I.A. Sabit, M.B. Alpysbaeva**

2nd year Master's student

PhD, Associate Professor

M. Kozybaev North-Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

*Annotation.* The article discusses the study of the level of knowledge of the basics of a healthy lifestyle of students with intellectual disabilities. In the preparatory class at the lessons on "Physical Education" schoolchildren get acquainted with some safety rules when playing sports. Students learn the importance of gymnastics, learn to follow safety rules when playing sports. The content of the classes is presented in an interesting entertaining form and contributes not only to the development of speech, but also to the establishment of cause-and-effect relationships between various aspects of health, to consolidate schoolchildren's knowledge about the rules of maintaining health. Thus, primary school students of special (correctional) schools of the VIII type form elementary ideas and knowledge from the field of health care (about the rules of hygiene, adherence to the daily routine and nutrition, rules of behavior in dangerous situations), as well as the simplest self-care skills and safe behaviour. In order to study the work carried out with students in this direction in the upper grades, we analyzed the program of special (correctional) schools of the VIII type for students in grades 5-9, edited by V.V. Voronkova, which allowed us to draw conclusions. You can read the process of work and conclusions in this article.

#### **Изучение уровня овладения основами здорового образа жизни учащихся с психическими расстройствами**

*Аннотация.* В статье рассматривается о изучение уровня владения основами здорового образа жизни учащихся с нарушением интеллекта. В подготовительном классе на уроках по «Физической культуре» школьники знакомятся с некоторыми правилами безопасности при занятии спортом. Учащиеся изучают значение гимнастики, учатся соблюдать правила безопасности при занятиях спортом. Содержание занятий преподносится в интересной занимательной форме и способствует не только развитию речи, но и установлению причинно-следственных связей между различными аспектами здоровья, закреплению у школьников, знаний о правилах сохранения здоровья. Таким образом, у учащихся начальных классов специальных (коррекционных) школ VIII вида формируются элементарные представления и знания из области заботы о здоровье (о правилах гигиены, соблюдении режима дня и питания, правилах поведения в опасных ситуациях), а также простейшие умения по уходу за собой и безопасному поведению. С целью изучения работы, проводимой с учащимися в

данном направлении в старших классах, нами был проведен анализ программы специальных (коррекционных) школ VIII вида для учащихся 5-9 классов под редакцией В.В. Воронковой, который позволил сделать выводы.

### **Психикалық ауытқулары бар балалардың салауатты өмір салтының негіздерін меңгеру деңгейін зерттеу**

*Аңдатпа.* Мақалада ақыл-ойы бұзылған балалардың салауатты өмір салты негіздерін білу деңгейін зерттеу мәселелері қарастырылған. Дайындық сыныбында «Дене шынықтыру» сабағында мектеп оқушылары спортпен шұғылдану кезіндегі кейбір қауіпсіздік ережелерімен танысады. Оқушылар гимнастиканың маңыздылығын біледі, спортпен шұғылдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйренеді. Сабақтардың мазмұны қызықты ойын-сауық түрінде ұсынылған және сөйлеуді дамытуға ғана емес, сонымен қатар денсаулықтың әртүрлі аспектілері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға, мектеп оқушыларының денсаулықты сақтау ережелері туралы білімдерін бекітуге ықпал етеді. Сонымен, VIII типті арнайы (түзету) мектептерінің бастауыш сынып оқушылары денсаулық сақтау саласы бойынша (гигиена ережелері, күнделікті режим мен тамақтануды сақтау, қауіпті жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері туралы) білімдерді қалыптастырады. Осы бағытта жоғары сыныптарда оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстарды зерделеу мақсатында 5-9 сынып оқушыларына арналған VIII типті арнайы (түзету) мектептерінің бағдарламасын В.В. Воронкова әдісі арқылы бізге қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жұмыс процесі мен қорытындыларды осы мақаладан оқи аласыз.

In the preparatory class at the lessons on "Physical Education" schoolchildren get acquainted with some safety rules when playing sports. From grades 1 to 4, students learn the importance of morning exercises, learn to follow safety rules when playing sports, and the rules for maintaining correct posture. In the course "Development of speech based on acquaintance with the outside world", as follows from the explanatory note, students gain knowledge about elementary concepts related to the outside world. In grade 1, in the process of studying the topic "Students get to know the class", students study the daily routine at school; as they learn, they develop the skill of properly sitting at a desk. At each year of study (from grades 1 to 4), the section "Health Protection" is studied, and practical work is carried out to consolidate the acquired knowledge and skills.

Rules for the preservation of vision and hearing, the importance of cleanliness of the nose. Nose, teeth, eyes, ears care. The regime of the day, work, rest, nutrition. An analysis of textbooks and methodological recommendations for grades 1-4 on the course "Development of speech based on acquaintance with the outside world" [1-2] showed the following: the material contained in these manuals allows students to form an idea of health, sense organs, mode and food hygiene, the meaning of sleep. In the methodological recommendations for lessons on the development of speech, lesson planning is presented, goals are indicated, the content of each stage of the study of topics, including those related to health care, is disclosed. The content of the classes is presented in an interesting entertaining form and contributes not only to the development of speech, but also to the establishment of cause-and-effect relationships between various aspects of health, to consolidate schoolchildren's knowledge about the rules of maintaining health.

Thus, primary school students of special (correctional) schools of the VIII type form elementary ideas and knowledge from the field of health care (about the rules of hygiene, adherence to the daily routine and nutrition, rules of behavior in dangerous situations), as well as the simplest self-care skills and safe behaviour. Due to the fact that the cognitive activity of children with intellectual disabilities proceeds more slowly than that of intellectually intact peers and does not develop independently at the initiative of the child, there is a need to develop the acquired knowledge, further expansion, as well as the formation and consolidation of the necessary skills on their basis health care for high school students. In order to study the work carried out with students in this direction in the upper grades, we analyzed the program of special (correctional) schools of the VIII type for students in grades 5-9, edited by V.V. Voronkova [3], which made it possible to draw the following conclusions. This program does not have a separate subject devoted to health care, ways to preserve and strengthen it. However, information related to health is reflected in one volume or another in various subjects at different years of study.

Topics related to human health are represented to the greatest extent in such training courses as "Physical Education", "Natural Studies", "Natural Science", "Social Orientation". In the course "Physical Education" from grades 5 to 9, students study the structure of the human body, the importance of motor mode, the role of sports in strengthening the body. The knowledge laid down in the course "Natural Science" for the 5th grade, as follows from the program, "...is preparatory for the further better assimilation of elementary natural science and biological knowledge" [4]. The "Explanatory Note" states that "in the process of studying the surrounding world, students should form some elementary ideas about it," including



about human health [5].

The course "Natural Science" provides for the study of the section "Protection of human health", which is completely devoted to the study of issues of health care. In this section, students study the structure of the human body (torso, upper and lower limbs, head); sense organs, hairline, internal organs, rules for organizing nutrition, maintaining correct posture, preventing diseases (gastrointestinal, colds, infectious diseases); students are informed about the negative consequences of bad habits (smoking, drinking alcohol, drugs), about the benefits of physical education and sports [6]. The "Basic Requirements for the Knowledge and Skills of Students" states that "... students must be able to observe the rules of personal hygiene, right The "Basic Requirements for the Knowledge and Skills of Students" states that "... students must be able to observe the rules of personal hygiene, correct posture, work safety; know the structure of the human body, the significance of external and internal organs, their relationship. Lessons on the course "Social and everyday orientation" (SBO) are held from 5 to 9 grade and, as follows from the explanatory note, are aimed at practical training of students [7].

Particular attention is paid to such topics as "personal hygiene", "the impact of bad habits on the body", "the impact of a proper regimen and rational nutrition on health"; the importance of clothing and footwear for human health, correct posture, as well as the rules of the road are considered. In the course for grade 6, the rules for hardening the body, caring for the organs of vision, food storage rules, hygiene requirements for living quarters, safety measures when working with electrical appliances and chemicals, types of first aid, measures to prevent helminthic diseases are studied. In the 7th grade course, students learn the rules of personal hygiene for a teenager, get acquainted with the types of skin and hair, learn to make a menu, observe safety rules when using transport, and students expand their knowledge about the types of first aid. In the course of the 8th grade, the rules of skin care using cosmetics, safety rules are studied, schoolchildren expand their knowledge of first aid, they study aspects of moral health: education of will, determination, kindness, responsiveness. In the 9th grade course, students learn safety rules when handling various equipment, students get acquainted with the peculiarities of dietary nutrition, infectious diseases, and the rules for caring for the sick.

The main objectives of teaching the subject "Natural Science" at school, as follows from the explanatory note, "...is to inform students of knowledge about the basic elements of animate and inanimate nature, as well as about the human body and its health, instilling skills that contribute to the preservation and strengthening of human health "[1]. In the 6th grade, students study the properties of drinking water, oxygen, as well as their importance for human life. In the 7th grade, students learn to distinguish between edible and poisonous mushrooms, learn how to protect themselves from bacteria. In the course "Natural Science", section "Human" for grade 9, the human body is studied in detail, as well as the rules for caring for health. Students get acquainted with the conditions that favor or harm the normal functioning of the body, they are informed about the importance of eating right, observing the rules of hygiene, how to protect yourself from diseases, what harm to health is caused by smoking, drinking alcohol and drugs, as well as substance abuse; attention is drawn to the importance of physical culture, sports and hardening of the body for health and its normal functioning [4].

The "Basic Requirements for the Knowledge and Skills of Students" in the "Human" section stipulates that students should know: the name, structure, location of the main organs of the human body, an elementary understanding of the functions of the main organs and their systems, the effect of physical activity, smoking and alcohol on organism, basic sanitary and hygienic requirements; students should be able to: apply the acquired knowledge about the structure and functions of the human body in everyday life in order to maintain and strengthen their health, observe sanitary and hygienic requirements [7]. Thus, the material studied in the "Man" section expands and generalizes the knowledge of schoolchildren obtained in different years of study. The distribution of health-related topics in the course of various subjects from grades 5 to 9 is presented in Appendix. Thus, the program for senior classes pays attention to various aspects related to the problem of maintaining human health; its content provides for the study of the most important components of health, including self-care, compliance with the regime and safety rules. An analysis of the lesson plans of teachers showed that in the 5th grade courses on "SBO" and "Natural Science", no more than one lesson is given for studying the topics presented in the program and related to health, from 6th to 9th grades - one or two lessons. Consequently, in the process of teaching topics in a course of different subjects related to health, the teacher is faced with the need to introduce students to a new topic in one lesson, consolidate the studied material, and work it out in practice. Thus, training is limited by the time frame, as well as the need to move to the study of topics from other areas of knowledge that are not related to health, which prevents the study and consolidation of the material from the field of health care in the required



volume. It should be noted that already at the age of 11-13 years (the average age of fifth grade students), modern schoolchildren are faced with a variety of health-related situations, for the solution of which they need a whole range of knowledge.

#### **References**

1. Sinyagina N.Yu. How to maintain and improve the health of children: psychol. settings and exercises. M.: Vados, 2004. 150p. [In Russian]
2. Slastenin V. A. Dominant activity / UN People's education. 1988. No. 9. P. 2 [In Russian]
3. Anastasova L.P. Fundamentals of Life Safety: Educational manual on the course "The world around" for students in grades 1-2. early school. M.: 2002. 143 p. [In Russian]
4. Andreev V.I. Pedagogy. Kazan: CIT, 2000. – 608p. [In Russian]
5. Valeology: Healthy lifestyle. Dubrovsky V.I. - 2nd ed., add., Dubrovsky V.I., RETORIKA-A, 2001. 278p. [In Russian]
6. Weiner E.N. Valeology. M.: Nauka, 2002. 76p. [In Russian]
7. Zaikina E.T. Being Healthy Isn't Easy: Shaping a Culture health among high school students. M.: Chistye Prudy. 2008. 32p. [In Russian]

### **АУТИЗМ СПЕКТІРІНІҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ӘЛЕУМЕТТІК ХИКАЯЛАР» ӘДІСІН ПАЙДАЛАНУ**

**А.А. Кабдырова**

аға оқытушы, PhD

**Э.С. Бәкірова**

2- курс магистранты,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

*Аңдатпа.* Бұл мақала аутистік спектр бұзылысы бар балалардың мәселелеріне арнап жазылған. Мақалада сіздер аутистік спектр бұзылысына шалдыққан балалардың статистикасын көре аласыздар. Аутист балаларды әлеуметтендіруде қолданылатын тиімді әдістің бір түрі «Әлеуметтік хикаялардың» пайда болуы мен оның орасан зор пайдасы туралы оқи аласыз.

#### **Использование метода "социальных историй" в формировании социальных навыков у детей с расстройствами аутистического спектра**

*Аннотация.* Статья посвящена проблемам детей с расстройствами аутистического спектра. Приводится статистика детей с расстройствами аутистического спектра, рассказывается об эффективном методе «Социальных историй», используемом для социализации аутичных детей, о его преимуществах.

#### **The use of the "Social stories" method in the formation of social skills of children with autism spectrum disorders**

*Annotation.* This article is devoted to the problems of children with autism spectrum disorders. In the article you can see the statistics of children with autism spectrum disorders and you can also read about the origin of "Social Stories" of an effective method used for the socialization of autistic children and its huge advantages.

Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бала құқықтары» туралы конвенциясы әлемдегі барлық балалардың құқықтарын бастапқы алға қойған мақсат ретінде қарастырады. Осы аталып өткен конвенцияда балалардың құқықтарының тең екендігі анық көрсетілген, бірақ баланың тұлға ретінде қалыптасуына әртүрлі кезеңдерде болатын ішкі және сыртқы факторларға байланысты ерекше қолдау мен көмекті қажет ететін белгілі бір балалар тобы болатындығы айтылған. Жоғарыда аталып өткен қолдау мен көмекті қажет ететін балалар тобына аутизм спектрінің бұзылулары бар балалар да жатады.

Аутистік спектр бұзылысы дегеніміз – баланың даму барысында айқын байқалатын мінез-құлқ ерекшеліктерін айтамыз. Мінез-құлқ дегеніміз - әр баланың немесе ересектің ішкі жан дүниесіндегі болып жатқан әртүрлі эмоцияларды сыртқа шығару, тіпті оның ішіне басқа жандарға деген аяушылық, мейірімділік, ізгі ниет пен керек кезде көмек қолын созуды да жатқызсақ болады. Егер де аутистік спектрдің бұзылулары бар баланың мінез-құлқын сырттай бақылайтын болсақ, онда

баланың бойындағы әлемге деген басқа көзқарасын байқай аламыз [1].

Балалардағы аутизм спектрінің бұзылысы диагнозы - әлеуметтік байланыс жасауда, қарым-қатынасқа түсуде, мінез-құлық ерекшеліктеріндегі эмоционалды бұзылыстардың көрінуіне байланысты қойылады. Аутистік спектр бұзылысы бар бала бойында қайталама іс-әрекет, өзінің тұрақты қалыптасқан мінез-құлық немесе әлемге деген қызығушылығы төмен болуы анық көрінеді.

Аутистік спектр бұзылысы бар балалар басқа балалардан ерекшеленіп тұрады. Себебі бұл балалар өз әлемінде өмір сүреді, қарым-қатынасқа түсуі өте қиын, өз эмоцияларын жабық қорап ішінде сақтайды. Мұндай балаларды «Жауын балалары» деп те атайды. Себебі аутизм спектрінің бұзылысы бар балалар жауынды, дауыл мен найзағайдын күркірегенін жақсы көреді. Мамандардың айтуы бойынша: «Сіз егерде бір аутистік спектр бұзылысы бар баланы білсеңіз онда, сіз тек бір ғана аутист баланы білесіз». Себебі аутист балалардың барлығы әртүрлі. Бүкіл әлемді ақтарып шықсақ та бір – біріне ұқсайтын аутист баланы кездестіру мүмкін емес [2].

2021 жылы Америка Құрама Штаттарында орналасқан Ауруларды бақылау және алдын алу орталығы жаңа статистиканы жариялады. Сол статистика бойынша аутизм әрбір 44- балада, ұлдарда қыздарға қарағанда орта есеппен 4,2 есе жиі кездеседі [3].

Кесте 1. Ауруларды бақылау орталығының (АҚШ) мәліметтері бойынша, 8 жастағы балалар арасында РАС диагнозының қойылу статистикасы

№	Жылдар	8 жастағы балалар арасында РАС пайда болуы
1	2021	1:44
2	2020	1:54
3	2018	1:59
4	2016	1:68
5	2012	1:88
6	2010	1:100
7	2008	1:125
8	2006	1:150
9	2004	1:166

Статистикаларға негізделсек, әлем бойынша аутистік спектр бұзылысы бар адамдар саны 65 миллионнан астам. Біздің мемлекетімізде де аутистік спектр бұзылысы бар жандардың саны күрт өсуде.

Сонымен аутизм спектрінің бұзылуы – бала дамуында ерте жас кезеңіндегі ауытқушылықтың ауқымды түрі, бұл диагноз әлеуметтік қоршаған ортамен қарым-қатынас орнатудың жоқтығын білдіреді. Қазіргі уақытта бұл диагноз пайда болуының нақты себептері толығымен анықталмаған, алайда көптеген ғалымдардың өзіндік зерттеулерінде оның туындау себебі, ол – орталық жүйке жүйесінің зақымдалуы деген тұжырымға тоқталады [4].

Қазіргі кезде аутист балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру - мамандардың алдында тұрған өзекті тақырыптардың бірі. Өйткені бұл балалар үшін басқа жандармен қарым-қатынасқа түсу, әлеуметтік қоғамға бейімделу өте маңызды. Әлеуметтік ортасыз, қарым-қатынассыз кез келген адамның жүрегінде лаулап жанып тұрған «мен» дейтін от шоқ секілді сөнеді де қалады.

Осы аутист балалардың әлеуметтік қоғамға бейімделу мәселесін зерттеуге ерекше үлес қосқан ғалымдарға К.Филипс, П.Абрахамсон, Н.Тихонов, Г.Рум, Г.Уайт, А.Хаан, Ю.Хамалайнен, М.Елютина, Ю.Зубок, У.Хеллинксті жатқызсақ болады.

Әлеуметтік дағдыларды дамытудағы кездесетін қиындықтар аутистік спектр бұзылысы бар балалар мен ересектердегі негізгі жетіспеушіліктер саласына жатады. Қиындықтарға қарамастан, аутизмі бар балалар, құрдастары сияқты, достарымен қарым-қатынасты қажет етеді және басқа адамдармен әлеуметтік байланыс олар үшін жағымсыз болуы мүмкін деп айтуға негіз жоқ.

Кесте 2. Негізгі әлеуметтік дағдылар

№	Дағды түрлері
1	Әлеуметтік арақатынасты сақтау
2	Өңгімелесу кезінде дауыстың жеткілікті жиілігін ұстану
3	Амандасу мен қоштасу
4	Ойыншықтармен бөлісу

Осы аталып өткен дағдыларды қалыптастыруда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға болады [5].

Жылдар бойы жинақталған тәжірибелердің негізінде осы аутизм синдромына шалдыққан балаларды әлеуметтік өмірге бейімдеу кезінде, «Әлеуметтік хикаялар» әдісін пайдалану жақсы көрсеткіштер көрсететіндігі байқалған болатын.

Біздің ойымызша, осы синдромға шалдыққан балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруда «Әлеуметтік хикаялар» (Социальные истории) атты әдісті пайдалану өте тиімді. Американдық маман Кэрол Грей жасаған "Әлеуметтік хикаялар" әдісі арқылы баланың әлеуметтік мінез-құлқын арнайы жасалған хикаялар түрінде қалыптастырады. Әлеуметтік хикаялар - бұл белгілі бір жағдайда балалар өзін қалай ұстауы керектігі туралы қысқаша хикаялар. Әлеуметтік әңгімелер әр бала үшін оның даму ерекшеліктері мен мүдделерін ескере отырып жеке жасалады. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік әңгімелер аутизмі бар балаларға әлеуметтік өзара әрекеттесуді дамытуға және тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі [6].

Аутистік спектрдің бұзылуы бар балалар оқи алған жағдайда ата-анасы немесе арнайы маман бұл әлеуметтік хикаяларды балаға екі рет оқып береді содан соң бала өзі бұл хикаяларды күніне бір рет оқиды. Ал бала оқи алмаған жағдайда ата – анасы хикаяны оқып жатқан кезін видеоға немесе диктафонға жазып береді, бала оны күніне бір немесе екі рет тыңдайды.

Бала осы әлеуметтік хикаяларды оқу, тыңдау барысында оны есінде сақтап қалады. Егерде бала берілген хикаяны есіне сақтап алса, онда келесі хикаяны жаттауға көшуге болады. Осылайша ол ақырындап әртүрлі жағдайда өзін қалай ұстау керектігін немесе қалай жауап қайтару керек екендігіне үйренеді.

Әлеуметтік хикаялар осы жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін үйретіп қана қоймайды. Оладың көмегімен балаға жаңа күн тәртібін, жаңа әрекеттерді және оларға ашу мен көңілсіздік сияқты әртүрлі сезімдерге қалай жауап беру керектігін үйрену үшін пайдалануға болады. Әлеуметтік хикаялар тиімділігін бағалау бойынша зерттеулер жалғасып жатқанымен, олар аутист адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын жақсартудың перспективалық әдісі болып көрінеді.

Қазіргі зерттеулер әлеуметтік хикаялар бейімделгіш мінез-құлықты жақсартуда және проблемалық мінез-құлықты азайтуда, әсіресе қолданбалы мінез-құлық талдауымен (АВА) бірге пайдаланылғанда тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді. Дегенмен, аутизмі бар балалар әртүрлі идеяларды байланыстыратын сөйлемдер арқылы сөйлесе алатын болса, бұл әдістің пайдасын көреді.

Аутизмі бар мектеп жасындағы балалардың шағын топтарында жүргізілген бірнеше зерттеулер әлеуметтік әңгімелердің тиімділігін көрсетті. Әлеуметтік хикаялар баланың қарым-қатынас дағдылары даму деңгейіне сәйкес келсе ғана тиімді деп саналады.

Бұл хикаяларды тек әлеуметтік жағдайларда өзін-өзі ұстауды үйрену үшін ғана қолдануға болмайды. Оларды жаңа күнделікті өмірді, жаңа іс-әрекеттерді игеруге және ашуланшақтық сияқты түрлі сезімдерге қалай жауап беруге болады? Қазіргі уақытта әлеуметтік оқиғалардың тиімділігін бағалау бойынша зерттеулер жалғасуда, бірақ олар аутист адамдардың әлеуметтік мінез-құлқын жақсартудың перспективті әдісі болып табылады.

Қазіргі кездегі зерттеулер әлеуметтік әңгімелер бейімделгіш мінез-құлықты жақсартуда және проблемалық мінез-құлықты төмендетуде тиімді болуы мүмкін, әсіресе егер олар қолданбалы мінез-құлықты талдаумен (АВА) бірге қолданылса.

Алайда, аутизм спектріндегі балалар бұл әдісті әртүрлі идеяларды біріктіретін сөйлемдермен сөйлесе алатын жағдайда ғана пайдаланады. Мектеп жасындағы аутизмі бар балалардың шағын топтарында жүргізілген бірнеше зерттеулер әлеуметтік хикаялардың тиімділігін көрсетті (Miranda 2001). Әлеуметтік хикаялар баланың қарым-қатынас дағдыларына сәйкес келсе тиімді деп саналады (Ричардс 2000).

Аутизм спектрнің бұзылуына арналған көптеген басқа араласулар сияқты, әлеуметтік хикаяларды дәлелді араласу ретінде анықтау үшін көптеген балалар арасында эмпирикалық зерттеулер жүргізу қажет.

Сонымен аутизм спектрі бұзылысы бар балалардың әлеуметтік дағдылары қалыптасуы тек қана маманмен, ата-ана және баланың ғана емес сонымен қоса баланы қоршаған ортамен тығыз қарым –қатынасы арқылы жүзеге асатын ерекше процесс.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Kolvin, I. Studies in childhood psychoses: I. Diagnostic criteria and classification. – Pitish Journal of

Psychiatry, 1997. – 118. – pp. 381-384.

2. «Если неизвестно количество людей с РАС — игнорировать аутизм слишком просто». (2017). «Выход»

3. Maenner MJ, Shaw KA, Bakian AV, Bilder DA, Durkin MS, Esler A, Furnier SM, Hallas L, Hall-Lande J, Hudson A, Hughes MM, Patrick M, Pierce K, Poynter JN, Salinas A, Shenouda J, Vehorn A, Warren Z, Constantino JN, DiRienzo M, Fitzgerald RT, Grzybowski A, Spivey MH, Pettygrove S, Zahorodny W, Ali A, Andrews JG, Baroud T, Gutierrez J, Hewitt A, Lee LC, Lopez M, Mancilla KC, McArthur D, Schwenk YD, Washington A, Williams S, Cogswell ME. Prevalence and Characteristics of Autism Spectrum Disorder Among Children Aged 8 Years - Autism and Developmental Disabilities Monitoring Network, 11 Sites, United States, 2018. MMWR Surveill Summ. 2021 Dec 3;70(11):1-16. doi: 10.15585/mmwr.ss7011a1. PMID: 34855725; PMCID: PMC8639024.

4. Азанбекова Г.Т., Асылова Р.О. Аутизмді бар балаларды оқытуда кешенді әдістерді қолдану // Қарағанды университетінің хабаршысы, «Педагогика» сериясы. – 2016. – № 4(84). – бб. 56-62.

5. Делани, Тара. Развитие основных навыков у детей с аутизмом: эффективная методика игровых занятий с особыми детьми / Тара Делани; пер. с англ. В. Дегтяревой – Екатеринбург: Рама Паблишинг, 2016. – 272 с.

6. Анкудович Л. М. Социальные истории как метод развития социальных навыков у детей с аутизмом (аутистическими нарушениями) в условиях класса интегрированного обучения и воспитания.

## **БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ КӨРУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСЫ**

**Н.Б. Аубакирова**

СП-21к тобының студенті,

**М.Б. Алпысбаева**

доцент, доктор PhD,

**А.Қ. Қойшибекова**

СП-21к тобының студенті,

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Петропавл қ.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада авторлар балалардағы көру қабілетінің бұзылуының негізгі түрлерін және олардың себептерін ашады. Көру қабілеті бұзылған балаларды ерте жастан оқыту әдістемесін қарастыра отырып, осы мәселемен айналысатын ғалымдар арасында теориялық талдау жасалған. Мақалада көру қабілеті бұзылған балалармен түзету жұмысындағы ойынның рөлі мен әсері зерттеледі. Оқу сабақтары кезінде студенттердің практикалық жұмыс тәжірибесі ұсынылады.

*Кілт сөздер:* көру қабілеті бұзылған балалар, гиперметропия, астигматизм, соқыр, нашар көру, миопия, инклюзивті білім.

### **Коррекционно-развивающая работа с детьми с нарушениями зрения в образовательном процессе**

*Аннотация.* В статье авторы раскрывают основные виды нарушений зрения у детей и их причины. Дается теоретический анализ взглядов ученых, занимающихся проблемой обучения детей с нарушением зрения с раннего возраста. В статье исследуется роль и влияние игры в коррекционной работе с детьми с нарушением зрения. Описан практический опыт работы студентов во время учебных занятий.

*Ключевые слова:* слабовидящие дети, гиперметропия, астигматизм, слепые, слабовидение, близорукость, инклюзивное образование.

### **Correctional and developmental work with children with visual impairments in the educational process**

*Annotation.* In this article, the authors reveal the main types of visual impairment in children and their causes. A theoretical analysis is given among scientists dealing with this problem, considering the methods of teaching children with visual impairment from an early age. The article examines the role and influence of the game in correctional work with children with visual impairment. Practical experience of work of students during training sessions is offered.

*Keywords:* visually impaired children, hypermetropia, astigmatism, the blind, low vision, myopia, inclusive education.

19 ғасырдың басында көру қабілеті бұзылған балаларға көмек көрсету тарала бастаған. Кеңес Одағы кезінде әртүрлі ауытқуы бар балаларға арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемелері ашылған. Көру кемістігі барлар арнайы оқыту мекемесінде білім алып, жоғары оқу орындарына түсуге жағдай

жасалған. Олардың ішінде акад. Л.С.Понтрягин және А.Г.Витушкин, проф В.И.Зубов, жазушылар Н.Островский, Э.Асадов, Н.Силков, А. Притчина, сазгерлер В.Никитин секілді әйгілі тұлғалар. Мол еңбегін қалдырған Б.И. Коваленко мен В.С.Сверлова. О.Скороходованың еңбектері дефектология ғылымында ерекше орны бар. Оның «Мен қалай қоршаған ортаны қабылдаймын және түсінемін» атты еңбегінің дефектология үшін маңызы өте зор. Қазақстанда мүлдем көрмейтіндерге алғашқы мектеп 1932 жылы Алматыда ашылған. Қазір көру қабілеті нашарларға 9 арнайы мектеп, бала-бақшалар арнайы топтар бар.

Көру қабілеті бұзылған балалар дегеніміз - мүлдем көрми қалған немесе нашар көретіндер. Мүлдем көрмитіндер абсолюттік және практикалық болып бөлінеді. Абсолюттікті тотальдік деп те атайды. Мүлдем көрмейтіндерде түсті ажыратуы және жарықты қабылдау болмайды. Ал парактикалық жарықты және түсті аз да болса түйсініп қабылдай алады. Жарық пен қараңғыны айыру, заттың пішінін ажырату, оны қабылдау нашарлау болады. Нашар көретіндер-көру қабілеті бұзылған балалар, бірақ көзілдіріктің көмегімен көре алатын тұлғалар. Бұндай балаларға қандай кеністікте тұрғандарын білу қиынға соғады. Көру анализаторы қимыл-қозғалысқа яғни ойын, оқу, еңбек және ортамен қарым-қатынас негізінде орын алады. Айналадағы ортамен араласуы нашарлайды. Іс-әрекеттік қызмет, эмоция, еңбекке бейімделу бұзылады. Бұндай балалармен арнайы жұмыс жүргізу қажет.

Көру қабілеті бұзылған балаларды оқу және жазуы қиынға ұшырайды. Тез арада түзету жұмыстарын жүргізу керек. Алдын алу шаралары өткізілмеген жағдайда, көру ақаулығы асқынып кетуі мүмкін. Көру қабілетінің бұзылуы екі түрде жүзеге асады. Бірінші - туа сала яғни іштен туа. Оның себептеріне құрсақ кезінде анасының дұрыс күтінбеуінен (тұмау, химиялық заттар, жұқпалы аурулар т.б). Екінші - жүре пайда болған яғни сыртқы факторлар (жарақат алу, әлеуметтік жағдайы т.б). [1]

Көру қабілеті нашарлауы аурулардың асқынуынан болады. Егер бала миопиямен ауырса, жақындағы заттарды жақсы көреді де, алыстағы заттарды көрмейді. Бұндай баламен жеке жұмыс жүргізу керек және көз жаттығуларын жасау керек.

Гиперметропия - алысты да жақынды да дұрыс көрмеу. Бірақ жақыннан көру қашықтығы балада жақсы байқалып тұрады. Осындай баламен тақта немесе ұсақ заттарды қолданып жұмыс жасау керек.

Астигматизм - заттарды бұлдыр көру. Алысты да жақынды да көре алмау. Астигматизм болуы себебі көз айналасындағы бұлшық еттердің бірқалыпты болмауы. Осы ауруға шалдыққан балалар көруі өте төмен болады. Жазу жұмысы да нашар болады. Астигматизмнің екі түрі болады. Бірінші, гиперметропиялық астигматизм болған жағдайда ұсақ зат, ұсақ сурет қолдану арқылы жұмыс істеуге болады. Екінші, миопиялық астигматизм болса, жарық жақсы болу керек, түстер ашық түсті болу керек.

Егерде балада амблиопия болған жағдайда бала заттарды басқаша көреді дегенді білдіреді. Бала қалай көріп тұрса, солай қабылдайды. Көзге байланысты шағым мүлде айтпауы мүмкін. Жұмыс жасағанда артық сурет, сызбалар болмау керек. Үлгілер үлкен болуы керек.

Қылилық - көз қимылының бұзылуы. Бала көз әйнек тағуы керек. Көзінің қарашығы екі жаққа қарап тұрған жағдайда, арнайы кітап қоятын заттар болмау керек. Ал көзі мұрынға қарап тұрса, кітап қоятын арнайы зат міндетті түрде керек және баланы асықтыруға болмайды.

Мүмкіндігі шектеулі баланың қарапайым мектепте оқуы қиынға соғады. Сондықтан арнайы білім беру жүйесі құрылған. Мүмкіндігі шектеулі бала өз-өзіне қызмет етуі төмен, не мүлде болмауы мүмкін, гигиеналық тазалықты ұстана алмауы мүмкін. Осыған орай тек білім ғана берми, тәрбиелеу жұмысын да қосып арнайы педагог жұмыс атқарады. Қазіргі таңда инклюзивті білім беру жүзеге асырылып жатыр.

Инклюзивті білім беру дегеніміз-барлық балалардың мүмкіндіктеріне қарай, ерекше балалардың білім алуын жүзеге асыратын жалпы білім процесін дамыту. Білім беру - бүкіл баланы білім процесіне енгізу және бейімдеу. Шығу тегі немесе жынысы, діні, жағдайына қарамай, ата-ананы белсенділікке шақыруға, балаға педагогикалық және әлеуметтік жағдай қалыптастыру, яғни тиімді оқуға бағытталған. Мүмкіндігі шектеулі балаға психолог, педагог, әлеуметтік педагог арнайы кабинеттері болуы тиіс. Оқыту жұмысы арнайы коррекциялық сынып мұғалімі, пән мұғалімі, психолог, тифлопедагог және тағыда басқа мамандармен жүзеге асады [2].

Инклюзивті білімге деген пікірді В.З. Денискина оң көзқараспен қарайды. Кемістігі бар балаларға жалпы білім беру процесін қосу қажет. Мүлде көрмейтін және нашар көретін балаларға ұстанымы берік. Нашар көретін немесе мүлде көрмейтін балаларға мектепте оқу мүмкіндігі бар, бірақ


мұғалімдер дайындығы өте нашар деген. Өйткені қабылдау ерекшелігі, оқыту әдістері, танымдық ерекшеліктері туралы білімдері жоқ деп айтып кеткен. Біріншіден, мұғалімдер әрбір оқушының көру қабілеті, көру аймағы, жарық сезгіштік күйі сияқты көру қабілетінің жағдайын жақсы білу керек. Екіншіден, медициналық көрсеткіштерді білу керек. Үшіншіден, диагностикасы мен оның салдарын білу керек [3].

Бала тәрбиесі, отбасын көзқарасы, бала мәселесін түсіну - өте маңызды. Осындай ақпараттар мұғалімдерге баламен жұмыс істеу мүмкіндіктері туралы түсінік қалыптастырады. Көру қабілеті нашар балаларға оқу әдістерін жақсы біліп, қандай оптикалық құралдар қолдану керек екенін білу керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үлкен кітаптар, үлкейткіш құралдар және аудиокітаптар қажет. Кейбір жерлерде бұл мәселе әлі күнге дейін шешімін тапаған. Жалпы білім беретін мектептерде көзінде ауытқуы бар балалар қалыпты көретін балалармен бірлесіп оқуы сапалы білімге алып келмейді деген. Инклюзивті сыныптарда көзінде ақаулығы бар бар балалар жазып, оқып үйрету керек. Қалыпты балалармен оқыту барысында математика, физика, химияны оқыту кезінде айырмашылық айқын көрінеді, көру қабілеті нашар және көру қабілеті бұзылған оқушыларға әртүрлі оқу құралдарын қолданады. Технология және дене шынықтыру сабақтарында қиындық болады. Сондықтан барлық мұғалімдер көру қабілетінде ауытқуы бар балаларды оқыту үшін оқыту әдістемесін меңгеру қажет деп айтып кеткен. Егер сабақ өтіп жатқанда мұғалім көру қабілеті нашар балаға сабақты түсіндірумен болса, басқа қарамайым балалар бұл уақытта мұғалімнен назарын жоғалтады деп айтқан [4].

Біз осы пікірде қаламын. Мүмкіндігі шектеулі баламен қарапайым балаға қарағанда жұмыс көп жүргізіледі. «Екі кемең басын ұстаған суға батады» -деген, бүкіл балалардың мүмкіндіктері көп, ешқайсын бөліп жаруға болмайды, тек балалардың мүмкіндіктерін қолдану әртүрлі жүреді дегіміз келеді. Инклюзивті білім және жалпы білімді бір уақытта беру сапалы білімге әкелмейді дегіміз келеді. Тифлопедагог - көру қабілеті бұзылған балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі сала. Тифлопедагогиканың міндеттері - көру қабілеті бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу. Нашар көретін балалармен оқыту-тәрбиелеу жұмысында тифлопедагогтің бөлмесі ашық түстерден болу керек. Қабырғалар жасыл, көкті болу керек. Балалар бір орындықты парталарда, оқу, жазу, сурет салу кезінде дұрыс отыруына жағдай жасалуы тиіс. Кітап және дәптерді көзбен арақашықтықта қою керек. Нашар көретін балаларға жазуды үйрету арнайы сызықтармен бөлінген дәптерлер арқылы жүзеге асады.

Көру қабілеті нашар балалар мен мүлде көрмейтін балалардың мәселесін шешу үшін арнайы мектептер өте қажет. Әлеуметтік жағдайы нашар балалар мектеп-интернаттары да бар. Мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдайлар жасалуда және оны қолдану адамдардың қолдарында. Көру қабілеті нашар балаларға арналған жаттығулар бар. Мысалы: «А» әріпін тап, «Суретте қандай ертегі бейнеленген?», «Жемістер мен көкөністер», «Нан қайдан шығады», «Күн тәртібінің ретін көрсет», «Достық көмек» және тағы басқа ойын түрлері өте көп.

Біздің практикалық сабағымызда біз топтағы балалармен көру қабілеті нашар балаларға арналған ойындарды, жаттығуларды талқылаймыз. «Арнайы психология және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың диагностикасы» пәні бойынша тәжірибелік сабақтар аясында біз белсенді әдістердің түрлерін көрсетеміз. Ойынның маңызын түсіну үшін практикалық сабақта ойындар ойнаймыз. Сонын бірі - «Күннің бөлшектерін жинау» деген ойын. Ойын мақсаты - есту қабілетін дамыту. Міндеті - қоғамға бейімдеу, баланын зейінін ашу, логиканы дамыту, маториканы дамыту. Студенттер өз қолдарымен жасаған жаттығулары 1-суретте көрсетілген.



Ойынның шарты: берілген қолымыздағы күн сәлесін толықтай құрауымыз керек. Ішінді күн тәріздес болғандықтан оған түрлі түсті әртүрлі пішінді қағаздар бар. Соларды жинап күннің көзін, мұрнын, аузын кез келген жерге қоюға болады. Ойын еркін түрде өт еді.

Ойын нәтижесінде балалардың көру қабілеті жақсы дамиды, түстерді жақсы айыратын

болады. Өртүрлі жастағы балалар өз еркінде дамиды. Қоршаған әлемді танып, сезіне білуге, айналадағы заттарды тануға үйретеді. Ойындар ойнау арқылы қоғамға, құрдастарына, қарым-қатынас қалыптасады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Для слепых детей М.: Педагогика. 2003. - 79с.
2. Для слабовидящих детей в подготовительный период: реф. пер. / Рос. гос. для слепых // Г. С. Эльфимова.
3. Тифлопедагогика. Часть 1. Тифлопедагоги и общественные деятели XVIII-XIX веков - основоположники обучениз слепых : учебное пособие / авт.- сост. Н.П.Шведова, В.З.Денискина М.: МПГУ, 2020 - 80 с. <https://litportal.ru/avtory/venera-deniskina/kniga-tiflopedagogika-chast-1-tiflopedagogi-i-obschestvennye-deyateli-xviii-xix-vv-osnovopolozhniki-obuche-1182692.html>
4. Глухов В.П. Специальная педагогика и специальная психология: учебное пособие для получения степени бакалавра наук, обучение гуманитарным наукам. 2-е изд., ред. и доп. М., Юрайт, 2017. – 264 с.

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ**

**А.Б. Туркменбаев**

п.ғ.к., профессор

**Қ.А. Ергалиева**

магистрант,

Ш.Есенов атындағы Каспий Технологиялар Инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау

[kuralay.yergaliyeva@bk.ru](mailto:kuralay.yergaliyeva@bk.ru)

*Аннотация.* Мақалада инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі қарастырылады, берілген ақпараттық білім беру технологияларын анықтау және олардың мүгедек оқушылармен жұмыс жасаудағы артықшылықтары талданады.

*Кілт сөздер:* ақпараттық технологиялар, АКТ, инклюзивті білім беру, мүмкіндігі шектеулі балалар, мұғалімдер.

#### **Использование информационных технологий в инклюзивном образовании**

*Аннотация.* В статье рассматривается использование ИТ в инклюзивном образовании, описываются разные ИТ, анализируются их преимущества в работе с учащимися с ограниченными возможностями здоровья.

*Ключевые слова:* информационные технологии, ИКТ, инклюзивное образование, дети с ограниченными возможностями, учителя

#### **The use of information technologies in inclusive education**

*Annotation.* The article discusses the use of information technologies in inclusive education, identifies these information technologies and analyzes their advantages in working with students with disabilities.

*Keywords:* Information Technology, ICT, inclusive education, children with disabilities, teachers

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері ерекше маңызға ие. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті дәстүрлі құралдарды қолдану арқылы әрқашан мүмкін және тиімді бола бермесе, бұл ақпараттық технологиялар қажетті білім сапасын қамтамасыз етуге, денсаулығы ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды білім беру процесінде оқу процесіне кіріктіруге мүмкіндік береді. инклюзивті орта. Зерттеу мәселесінің өзектілігі мынада: оны зерттеу қазіргі мектептің оқу-тәрбие процесіне осындай технологияларды енгізу арқылы қол жеткізілетін артықшылықтарды анықтауға ғана емес, сонымен қатар мұғалімдердің осыған байланысты кездесетін маңызды қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтау қабілеті ерекше адамдарды оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану арқылы. Бұл өз кезегінде жалпы білім беру сапасын арттыруға септігін тигізе отырып, оларды қолдану үдерісін барынша тиімді ету үшін қандай әрекеттер жасау керектігін анықтауға мүмкіндік береді.

Көптеген психологиялық-педагогикалық зерттеулер бүгінгі күні инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану мәселесінің әртүрлі аспектілеріне арналған, олардың негізгі бағыттары білім берудегі ақпараттық технологиялардың түсінігі мен ерекшеліктері болып табылады (Г.А.Абумова, Т.П.Гордиенко, В.А., Кудинов, Е.И. Ярославлева); білім беруді цифрлық трансформациялау үдерістерінің мәні (О.Б. Акимова, А.С. Вавилова, Я.В. Корякина, В.С. Москалюк, Е.А. Цветкова); инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану ерекшеліктері (Г.И.Аксенова, Н.Н.Дементьева, Л.Т.Зембатова, Ч.М.Миркаримова, Е.В.Руденко, Ф.Р.Хайбуллаева).

Қазіргі заманғы зерттеулер ақпараттық білім беру технологияларын мұғалім мен оқушылардың білім берудегі өзара әрекеттесуінде ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру, тарату әдістерін, сондай-ақ осындай процестер мен әдістерді жүзеге асыру жолдарын қамтамасыз ететін технологиялар ретінде анықтауға мүмкіндік береді [2]. Қазіргі уақытта ақпараттық технологияларды қолдану мұғалімдердің оқу-тәрбие процесінде қолдануға дайын еместігіне байланысты бірқатар қарама-қайшылықтарды шешуді талап етеді.

Білім беру жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу нәтижесінде білім берудің цифрлық трансформациясы жүзеге асады, ол оның барлық кезеңдерінде оқу үдерісіне автоматтандыру механизмдерін енгізу деп түсініледі. Білім беруді цифрландыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгерген, өмір бойы білім беруге бағытталған болашақ мамандарын дайындауға негіз жасайды.

Білім беруді цифрлық түрлендіру артықшылықтарының бірі студенттердің әртүрлі санаттары үшін, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктері барлар үшін білімнің қолжетімділігі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс істеуде ақпараттық технологияларды қолдану білім беру үдерісін оқушылардың барлық санаттарына қатысты бірдей тиімділікке ие болатындай етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады. Мүмкіндігі шектеулі оқушылар санатына жататын балалардың даму кемшіліктерін түзету және компенсациялық бағалау [2, б. 104]. Инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану танымдық белсенділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді, педагогикалық процеске белсенділік көзқарасына сәйкес балалар біртұтастығын сақтай отырып, білім беру үдерісін даралау, ашық білім беру жүйесін құру мүмкіндігін құру, инклюзивті білім беруді ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етудің тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру [3, б. 340].

Инклюзивті білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану білім беру мазмұнын таңдау мен қалыптастырудың әдістері мен технологияларын жетілдіруге де мүмкіндік береді, жаңа мамандандырылған пәндік салаларды, оқу пәндерін, түзету сыныптарының бағыттарын енгізу және дамыту, оқу іс-әрекетінің қосымша мотивациялық тұтқаларын қолдану арқылы оны неғұрлым дараландыру және саралау арқылы оқу процесі тиімділігін арттыру, мұғалім мен студенттер арасындағы өзара әрекеттестіктің сапалы жаңа формаларын ұйымдастыру, мұғалімдер мен оқушылардың іс-әрекетінің мазмұны мен сипатын өзгерту [3].

Инклюзивті білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие процесінің түзету-дамыту сипатын қамтамасыз ету үшін оларды әзірлеу мен қолдану талаптарын ескеру қажет [4]:

- оқу-тәрбие процесі бағыттарын қамтудың маңыздылығына, толықтығына, оны даралау және саралау мүмкіндігіне негізделген ақпараттық технологиялар педагогикалық функционалдығына қойылатын талап;

- білім берудің ақпараттық технологияларын оқушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне бейімдеуден тұратын бейімділік талабы;

- ақпараттық технологиялардың коррекциялық бағдарлануын қамтамасыз ету талабы, бұл олардың көмегімен түзету-білім беру және түзету-дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін оқу тапсырмалары мен жаттығуларын орындау мүмкіндігін білдіреді;

- ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудегі қанықтылық әсерін және оқушылардың жұмыс қабілеттілігін қолдайтын және өнімділігін арттыратын әртүрлі сенсорлық жүктемелермен тапсырмалар мен жаттығулар түрлері кезектесуін болдырмау талабы.

Осылайша, педагогикалық қызметте ақпараттық технологияларды пайдалану мұғалімге инклюзивті білім беру жағдайында артықшылықтар береді, өйткені қазіргі заманғы АКТ ұсынатын мүмкіндіктер мүмкіндігі шектеулі балаларды олардың қабылдауына қолжетімді әдістерді қолдану арқылы оқытудың жаңа мүмкіндіктерін жасауға мүмкіндік береді. Қоршаған шындықты, оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін түзету, оқу үрдісінің барлық субъектілері қажеттіліктері



мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке білім беру бағыттарын құру және педагогикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Гончарова Н.А., Гончарова М.А., Фандеева Д.А. Информационные и коммуникационные технологии в развитии инклюзивного образования в новых социально-экономических условиях // Научный альманах. - 2015.- № 11-2.- С. 104–107.
2. Казыханов А. А., Байрушин Ф.Т. К вопросу об информационных технологиях в образовании // Аллея науки. - 2017.- № 16.- С. 985-986.
3. Минахметова А.З. Личность учителя в условиях инновационных изменений // Современные наукоемкие технологии. - 2016.- № 4. - Ч. 2.- С. 356-360.
4. Минахметова А.З., Нураева О.Н. Готовность студентов к использованию информационных технологий // Современные наукоемкие технологии. - 2013. - № 7. - Ч. 2. - С. 216-217

## **ЗИЯТЫНДА БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ САРАЛАНДЫ ТӘСІЛДЕРІ**

**А.А. Нургожина**

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, педагог-дефектолог  
«Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған  
№ 2 арнайы (түзету) мектеп-интернаты» КММ  
Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қ.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада зиятында бұзылыстары бар балаларды оқытудың жеке және сараланған тәсілдеріне көңіл бөлінеді. Автор қазақ тілі мен оқу және тіл дамыту сабақтарында қолданылып жүрген сараланған тапсырмаларын көрсетіп кеткен. Сараланған және жеке тәсілдер зиятында бұзылыстары бар балалардың оқу дағдыларын, каллиграфиялық, фонетикалық сауатты жазуын және басқа да дағдыларын қалыптастыруға байланысты бірқатар педагогикалық міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

#### **Индивидуальные и дифференцированные подходы к обучению учащихся с нарушениями интеллекта**

*Аннотация.* В данной статье описываются характерные особенности индивидуального и дифференцированного подхода обучения детей с интеллектуальными нарушениями. Автором предложены дифференцированные задания используемые на уроках казахского языка и чтения, развития речи. Дифференцированный и индивидуальный подходы позволяют реализовать ряд педагогических задач, связанных с формированием навыка чтения, каллиграфически и фонетически грамотного письма.

#### **Individual and differentiated approaches to teaching students with intellectual disabilities**

*Abstract.* This article describes the characteristic features of an individual and differentiated approach to teaching children with intellectual disabilities. The author proposes differentiated tasks used in the lessons of the Kazakh language and reading, speech development. Differentiated and individual approaches make it possible to implement a number of pedagogical tasks related to the formation of reading skills, calligraphic and phonetically literate writing.

Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілді, сол себептен арнайы білім беру мектептеріне де зор талап қойылды.

Арнайы мектептерде оқитын білім алушылардың бірі - зиятының ауытқуы бар балалар. Олардың қоршаған орта туралы түсініктері шектелеген, вербальді қатынастардың әлсіздігі, қызығушылығы жетілмеген, оның салдарынан осы категориядағы балалардың сөйлеу тіл дамуы аномальді және баяу болады. Бұл балалардың сөйлеу тілі бұзылыстары белгілері, механизмі бойынша әртүрлі болып келеді де тұрақтылығымен ерекшеленеді, түзетуі қиындатылған және талдауда дифференциалды көзқарасты талап етеді. Осы балалар арасында дыбыс айту бұзылыстары

ауыр түрлері жиі кездесетін себептерінің бірі – артикуляциялық моториканың бұзылуы. Балалар сөйлеу тілі дыбыстау жағы бұзылыстарының фонологиялық белгілері көбірек, ал дыбыстық талдау, жинақтау дағдыларының қалыптасуына байланысты.

Жоғарыда аталған себептерге байланысты барлық оқушыларда бірдей қажетті жазу дағдылары бола бермейді. Кейбір оқушылар қимыл-қозғалыс жеткіліксіздігінен немесе көрнекі қабылдау мен кеңістікті бейнелеудің бұзылуынан болатын жазу техникасын дамытуда үлкен қиындықтарға тап болады. Бұл жағдайда жазу дағдысын меңгеру үшін оқушыларға әртүрлі жаттығулар түрінде орындалатын сараланған тәсіл қажет.

Ресейлік ғалым педагог-дефектолог В.В. Воронкова басшылығымен жүргізілген зерттеулер зиятында бұзылыстары бар оқушылар арнайы оқу бағдарламаларының материалдарын меңгеру кезінде байқалатын типтік ерекшеліктерін, алынған білім, білік, дағдылардың сапасына әсер ететін өзіндік қиындықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Авторлар оқыту мүмкіндіктері бойынша оқушылардың төрт типологиялық топтарын айқындайтын педагогикалық классификация жасады. Олардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Қазақ тілі сабағы бойынша осы типологиялық топтарға тоқталсақ.

1-типологиялық топ оқушылары оқу материалы бойынша білімдерді қолдану деңгейінде меңгергенін көрсетеді. Яғни, олар дыбыстық, әріптік талдауды жақсы меңгереді. Дұрыс жазудың қиын емес ережелерін меңгереді, оқыған мәтіннің мазмұнын жақсы түсінеді. Мазмұны бойынша сұраққа жауап береді. Мәтіннің бөлімдеріне тақырып қойып, жәй жоспар құрып, жоспарға сәйкес мазмұндайды. Тапсырмаларды орындағанда түзеген бір-екі қателері болады. Өздеріне сәйкес деңгейде олар ауызша, жазбаша тілді меңгереді.

2-топ оқушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. Бұл топ оқушылары қазақ тілі сабағында оқу және жазу кезінде көп қате жібереді, ол қателерді өз бетінше жөндеуге қиналады. Ережелерді жаттап алады, бірақ мазмұнын айту барысында ең маңызды жерлерін тастап кетеді. Бұл оқушылардың ауызша және жазбаша тілі дамыған, бірақ өз ойларын дұрыс жеткізу үшін мұғалімнің көмегі, әртүрлі көрнекі құралдар қажет.

3-топ оқушылары тану деңгейінде материалды игере алады және өз білімдерін өзекті етуде мұғалім көмегін талап етеді. Қазақ тілі сабағында бұл топ оқушылары дыбыстық-әріптік анализді талдауды, сауатты жазу дағдысын баяу меңгереді. Олар дұрыс жазу ережесін жаттап алады, бірақ тәжірибеде механикалық түрде қолданбайды. Бұл оқушыларда ауызша және жазбаша түрде қолдану қиындық туғызады. Мәтін оқыған кезде олар түсінбеулері мүмкін. Мазмұнын бөлшектелген түрде қабылдайды, сондықтан оқығанын түсінбейді.

4-топ оқушылары жетістіктерін бағалауды іске асыру шеңберіндегі жеке бағдарлама бойынша білім алады. Бұл топ оқушыларына оқу материалдарын өте төмен меңгертіндер жатады. Бұларда тек фронтальді оқыту жеткіліксіз. Оларға көп жаттығу жасату керек. Оқытудың қосымша тәсілдерін қолдану керек, оларға қатесін тура көрсетіп, түзетіп көрсету керек. Олар көмекші мектеп бағдарламасы бойынша тиісті білім, білік, дағдыны төмен меңгереді. Дыбыстық - әріптік талдау қиындық тудырады. Ауызша, жазбаша сөйлеу тілі баяу қалыптасқан.

Осы жоғарыда аталып кеткен төрт типологиялық топтар бойынша оқу жұмысы сараланып жасалады. Әрбір типологиялық топ үшін оқу жұмысын саралау тәсілі - оқыту тапсырмалары мазмұнын саралау, әрекеттерін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, оқушы таңдауы бойынша тапсырма, үй тапсырмасын саралау. Саралап оқытудың нәтижелігі сабақтың мақсат, міндеттеріне, берілген оқу материалының ерекшелігіне, жеке, топтық, жалпы оқыту түрлерінің бір мақсаттылығына байланысты.

Қазақ тілі мен оқу және тіл дамыту сабақтарында қолданылып жүрген сараландық тапсырмаларға тоқталайық. 1-2 типологиялық топ оқушылары бір дәрежеде өз бетінше жұмыс істеуіне байланысты бір топқа біріктірілді.

1 – мысал. Оқыту мақсаттары: 5.1.1.2 жуан, жіңішке дауысты дыбыстар. 1-2 топ: Сөздерді оқы. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек жаз. Қайық, өндіріс, құрлық, тұзақ, туыс, үкі, ұйқы, ауыздық, өткір, теңіз, орман, өшіргіш, қасқыр, қырман, жеміс, жуғыш, жазушы, қуаныш. 3-топ: Көп нүктенің орнына жақша ішіндегі дыбыстардың тиістісін қойып көшір. 1.(а, ө, е): жұп с...н, тақ с...н, айтқаныма с...н, м...н агрономмын, с...н инженерсің, шілде – ж...з айы, ж...з шылапшын, т...ң атты, т...ң түсті, сұрағанын б...р, киноға б...р. 2.(о-ө): т...р құру, т...р жаққа отыру, осы жерге т...с, т...с сүйек. 3.(ы-і): жастыққа жұқа матадан т...с, т...с батыру. 4.(ұ-ү): егілген ағаш б...ршік жарды, атыңды бері қарай б...р. 4-топ: Көп нүктенің орнына жуан дауысты дыбыстарды қойып көшір. 1.Айгүл алм... алды. 2.Бал... хат жазды. 3.Әсет д...п ойнады.

4.Қ...стар ұшып кетті. 5.Жаңб...р жауды.

2 – мысал. Сабақ тақырыбы: Санамақтар. Оқыту мақсаттары: 5.2.1.7 тақпақтар жаттау жатқа 6-8 тақпақ білу. 1-2 топ. 1.Мәнерлеп, түсініп оқы. Қадыр Мырза Әлидің санамағын жаттап ал. 2.Санамақты өзара ойын барысында айтып көр. 3-топ. 1.Дауыстап дұрыс оқы. 2.Алма туралы санамақты жатта. 4-топ. 1.Тас, піл туралы санамақтарды тауып оқы. 2.Піл туралы санамақты жатта.

3 – мысал. Қазақ тілінен сараланған бақылау жұмыстары. 6- сынып.

1-2 топ. Диктант жазу. Тақырыбы: Қыс. (40 сөз).

Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қыс келді. Қар қалың жауды. Өзендердің, көлдердің суы мұз болып қатты. Лена мен Әлия коньки тепті. Бекен шаңғы тепті. Қанат шанамен сырғанады. Марат, Жанар, Арман үшеуі қардан аққала жасап ойнады. Қыста шаңғы тебу қандай тамаша!

3 – топ. Көшіріп жазу. Тақырыбы: Сырғанақта. (47 сөз).

Күн жексенбі болатын. Болат ұйқыдан жай оянды. Далаға жылы киімін киіп шықты. Түнде қыстың алғашқы қары түсіпті. Айнала аппақ қар. Болат айналаға сүйсіне қарады. Ол үйге қайта кіріп, шанасын сүйретіп сыртқа шықты. Сырғанақта балалар жиналып қалыпты. Кейбіреулері қардан аққала тұрғызып жатыр. Олар күннің аязын да байқамайтын сияқты.

4 – топ. Көшіріп жазу. Тақырыбы: Сырғанақта. (32 сөз).

Күн жексенбі болатын. Болат ұйқыдан жай оянды. Далаға жылы киімін киіп шықты. Түнде қыстың алғашқы қары түсіпті. Айнала аппақ қар. Болат айналаға сүйсіне қарады. Ол үйге қайта кіріп, шанасын сүйретіп сыртқа шықты.

Оқытуда жеке көзқарастың қажеттілігі өте зор. Мәселен, егер материал нашар игерілсе, бір оқушыға қосымша сабақтар ұсынылуы мүмкін, ал екіншісіне көбірек демалуға кеңес берілуі мүмкін. Оқушы жазба жұмыстарындағы жіберген қателерді талдағанда, емле ережелерін жеткіліксіз меңгеруден туындаған қателер ме, әлде аурудың салдарымен байланысты қателер ме екенін ажырата білген дұрыс. Үй тапсырмасы көлемін анықтап, оқу материалын қайталауда оқушының есте сақтау, қабылдау ерекшелігін білу қажет.

Арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеудің әсерінен зиятында бұзылыстары бар балалар дамиды, белгілі бір білім, білік, дағдыларды меңгереді, алайда оқыту және дамытудағы бұл ілгерілеушіліктер әр оқушыда әр түрлі болады. Оқытудың алуан мүмкіндіктері олардың даму бұзылыстарының тереңдігі мен таралуына байланысты. Сол себептен әрбір баланың жеке қабілеттерін, мүдделері мен икемділіктерін зерделей отырып, оларды тұлғалық дамуына, өз орнын табуға көмек жасау біздің міндетіміз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған оқулық / К.М.Бекмұхамбетова, А.Қ.Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 160 бет.

2. Қазақ тілі. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбындағы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуға арналған әдістемелік кұрал/ К.М.Бекмұхамбетова, А.Қ.Биисова. – Алматы: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019. – 52 б.

3. Оқу және тіл дамыту. Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің (сыныптардың) 5-сыныбына арналған оқулық / К. Б. Бектаева, А. А. Иманова, Э. Т. Мукажанова. – А.: «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2019.– 160 б.

4. Обучение и воспитание детей во вспомогательной школе/ Под ред.В.В.Воронковой. М.: Школа-Пресс, 1994. - 416 с.

5. Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С., Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ.Қ. Өмірбекованың редакциясымен). Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 495 б.

## АҚЫЛ-ОЙ КЕМІСТІГІ БАР КІШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.К. Ташетова<sup>1</sup>, М.Б. Алпысбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>2- курс магистрант

<sup>2</sup>PhD, доцент

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Петропавл қ.

*Аңдатпа.* Мақалада ақыл-ой кемістігі бар кіші сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын дамыту мәселелері айтылады. Мұндай балалар қоршаған орта туралы шектеулі түсініктерге ие болғандықтан және ақыл-ой кемістігі мен сөйлеу қарқынының баяу дамуына байланысты қарым-қатынасқа деген қажеттілік аз. Ақыл ойы кем кіші сынып оқушыларының сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану мүмкіндігі жоқ. Сондықтан олар коммуникативті дағдылары болмауымен, құрдастарымен сөйлесуді бастауға және жалғастыруға қабілетсіздігімен сипатталады.

### **Проблемы развития коммуникативных навыков младших школьников с умственной отсталостью**

*Аннотация.* В статье рассматриваются вопросы развития коммуникативных навыков младших школьников с умственной отсталостью. Поскольку такие дети имеют ограниченное представление об окружающей среде и имеют низкую потребность в общении из-за умственной отсталости и медленного развития темпа речи. Учащиеся младших классов с умственной отсталостью не имеют возможности использовать речь как средство общения. Поэтому они характеризуются отсутствием коммуникативных навыков, неспособностью начать и продолжать общаться со сверстниками.

### **Problems of developing communication skills of younger students with intellectual disabilities**

*Annotation.* The article deals with the development of communication skills of younger schoolchildren with mental retardation. Because such children have a limited understanding of the environment and have a low need for communication due to mental retardation and slow development of the pace of speech. Elementary school students with mental retardation do not have the opportunity to use speech as a means of communication. Therefore, they are characterized by a lack of communication skills, inability to start and continue to communicate with peers.

Ақыл-ой кемістігі бар кіші сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру өзекті және аз зерттелген мәселе болып табылады. Ақыл-есі кем балалардың категориясы құрамы жағынан гетерогенді және баланың әлеммен өзара әрекеттесуінің барлық процестеріне әсер ететін танымдық белсенділіктің тұрақты бұзылуымен сипатталады. Сонымен бірге, әдеби дереккөздерге шолу көрсеткендей, көптеген жұмыстар ақыл-есі кем балалардың танымдық саласын және олардың әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау мәселелерін қарастырады. Коммуникативті дағдыларын белсенді өзара әрекеттесу жағдайында және арнайы ұйымдастырылған Әлеуметтік-психологиялық тренинг шеңберінде оқу жағдайларында әдістерді пысықтау жағдайында дамытуға болады.

Баланың дамуы мен оның тұлға ретінде қалыптасуындағы коммуникативті дағдылардың рөлі өте зор, өйткені оларды игере отырып, бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауды, ата-аналармен, мұғалімдермен, құрдастарымен және жалпы қоғаммен қарым-қатынас орнатуды үйренеді, осылайша қазіргі әлемнің жағдайына бейімделу жолынан өтеді.

Көптеген ғалымдар коммуникативті дағдылар мен коммуникацияның құрылымдық компоненттерін дамыту мәселесін зерттеді. О.В. Степкова мен Н.В. Кушнарцева атап өткендей, «коммуникацияның құрылымдық компоненттері, оның адам дамуының жеке аспектілерімен байланысы, әртүрлі бұзылулардағы коммуникацияның қалыптасу ерекшеліктері мен бұзылу механизмдері» туралы әртүрлі көзқарастар болды. Л.С. Выготский қарым-қатынас қабілетін бала жеке басы жалпы қалыптасуындағы негізгі элементтердің бірі деп санады, өйткені психиканың дамуы өзара әрекеттесу және қарым-қатынас арқылы жүреді. Г. С. Андреева қарым-қатынас барысында келесі функциялардың қалыптасып, дамитынын көрсетеді:

- жеке мінез-құлықты басқару мүмкіндігі;
- қарым-қатынасқа деген өз қажеттілігін жүзеге асыру мүмкіндігі;
- психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- басқалармен белгілі бірлескен жұмыс жүргізу мүмкіндігі.

Коммуникативті дағдылары-бұл адамның айналасындағылармен өзара әрекеттесу процесін

құру қабілеті, алынған ақпаратты дұрыс түсіндіру, сондай-ақ оны беру қабілеті.

А.В.Мудрик [1] коммуникативті дағдыларды қоғамның белгілі бір ортасында өзара әрекеттесу процесін құруға ықпал ететін адамның жеке қасиеттерінің синтезі ретінде анықтады. Қажетті қасиеттердің дамуы қарым-қатынас және іс-әрекеттер мен жағдайларды талдау процесінде жүреді, мұнда жеке мінез-құлық, қарым-қатынас ережелерінің де негізгі міндеттері мен ережелері анықталады.

Л.Р. Мунированың классификациясы бойынша коммуникативті дағдылары келесі дағдыларды қамтиды.

1. Ақпараттық-коммуникативтік дағдылар:

- сәлемдесу, шақыру, өтініш білдіру, т.б. арқылы қарым-қатынас процесін өз бетінше бастау мүмкіндігі.;

- басқалармен қарым-қатынас барысында жалпы қабылданған мінез-құлық және мәдениет ережелерін сақтау;

- таныстар мен бейтаныс адамдар арасында қоршаған ортаға және әртүрлі жағдайларға бағдарлау;

- өрнектер мен сыпайылық белгілерін дұрыс қолдану.

2. Коммуникативті-реттеу дағдылары:

- жеке іс-әрекеттер мен ойларды басқалардың іс-әрекеттерімен барабар үйлестіру;

- жақын ортаны қолдауды үйрену және онымен қарым-қатынас кезінде оған сену мүмкіндігі;

- жалпы міндеттерді шешуде көмек көрсетуде жеке мүмкіндіктерді пайдалану;

- қарым-қатынас барысында өзін және өзінің іс-әрекетін объективті бағалау, талқылауға қатысу, алынған нәтижелерге келісу немесе одан бас тарту арқылы дұрыс шешімдерді таңдау мүмкіндігі.

3. Коммуникативті-аффективті дағдылар:

- қарым-қатынас барысында бастан кешкен сезімдерін көрсете білу, серіктестермен қызығушылықтарын бөлісу;

- қамқорлықты көрсету және көрсету, жауаптылық пен жанашырлықты білдіру қабілеті;

- басқалардың эмоционалды жағдайы мен мінез-құлқын объективті бағалау мүмкіндігі.

Е.А. Орлова мен С.И. Фоминаның пікірінше [3], қарым-қатынас дағдылары қарым-қатынас жасау қабілетіне және ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, танымдық, тұрмыстық, ойын және шығармашылық мәселелерді сәтті шешуге негізделуі керек.

А.В. Аверкин [1] баланың коммуникативті даму процесі коммуникативті-белсенді, когнитивті және әлеуметтік - мінез-құлық компоненттерінен тұрады деп санайды. А.В. Асмолов бұл серияны реттеуші және танымдық компоненттермен толықтырды. Ю.В. Коренева, Н.Н. Васягина әлеуметтік бейімделу практикалық және құндылық-семантикалық компоненттерді қамтуы керек деп санайды. А.М. Змушко [2] коммуникативті құзыреттілікті интеллектуалды кемістігі бар балалар әлеуметтік бейімделуінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықтайды.

Жеке санатқа бірлескен іс-әрекет барысында тікелей өзара әрекеттесу процесінде, процеске қатысушылар жеке ерекшеліктерін көрсеткен кезде пайда болатын рөлдік байланыс кіреді [3].

Рөлдік қарым-қатынас әлеуметтік рөлдерді орындау тұрғысынан қарастырылуы керек, мысалы, мұғалім-студент, дәрігер-пациент. Қоғамдық қатынастар жүйесін ескере отырып, іс-әрекеттің әрбір қатысушысы өзінің тәжірибесі мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзінің әлеуметтік рөлін атқарады. Адамның әлеуметтік рөлі оның мінез-құлқына әсер етеді, бірақ жеке тұлғаға және оның ерекшеліктеріне тікелей тәуелділік бар, сондықтан белгілі бір рөлдік позициядағы әр адам өзінің жеке басын көрсетеді.

Тікелей қарым-қатынас түріне көптеген жиналыстарға, қауымдастықтарға, т.б. қатысуды жатқызуға болады. Делдалдық бұқаралық коммуникация бұқаралық ақпарат құралдарындағы немесе бұқаралық мәдениет құралдарындағы біржақты әрекетті білдіреді [3].

А.Л. Битовтың зерттеулерінде [4] мүмкіндігі шектеулі балалар, соның ішінде ақыл-есі кем балалардың қарым-қатынасында коммуникативтік акт барлық буындарының тұрақты бұзылулары анықталғаны атап өтілді. Т.В. Седых және А.С. Бывшенко «қарым-қатынас дағдылары туа біткен емес, олар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас қажеттілігін қалыптастыру арқылы қалыптасады» деп жазды. Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін коммуникативтік дағдыларды дамыту міндеті оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі болып табылады» [5].

Осыған байланысты интеллектуалды кемістігі бар баланың басқалармен қарым-қатынасы

көбінесе отбасымен шектеледі. Сондықтан, ақыл-ойы шаршаған бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында элеуметтік-психологиялық тренинг элементтерін қолдана отырып, осы санаттағы балалар коммуникативтік дағдыларының дамуына оң әсер етуге болады.

#### **Список литературы**

1. Аверкин Л.Е. Социальное сотрудничество младших школьников в образовательном процессе. Монография. Издательство «Полиграф сервис и К», Москва: 2018. - 260 с.
2. Никандров Н.Д. Россия: социализация и воспитание на рубеже тысячелетий. - Махачкала: Юпитер, 2000. - 229 с.
3. Роль социальных взаимодействий в развитии интеллекта детей. - Москва: Педагогика, 1991. - 245 с.
4. Битов А.С. Формирование коммуникативной способности у учеников начальных классов// Начальное образование, 1994. - С. 54 - 57.
5. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб.: Питер, 2012. - 720 с.

## **METHODS OF DEVELOPMENT OF COMMUNICATION SKILLS OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN WITH INTELLECTUAL DISABILITIES**

**M.K. Tashetova, M.B. Alpysbaeva**

2nd year Master's student

PhD, Associate Professor

North Kazakhstan University, Petropavlovsk, Kazakhstan

*Annotation.* The article deals with the development of communication skills of younger schoolchildren with mental retardation. Such children have a limited understanding of the environment and have a low need for communication due to mental retardation and slow development of the pace of speech. Elementary school students with mental retardation do not have the opportunity to use speech as a means of communication. Therefore, they are characterized by a lack of communication skills, inability to start and continue to communicate with peers.

#### **Методы развития коммуникативных навыков младших школьников с ограниченными интеллектуальными возможностями**

*Аннотация.* Статья посвящена развитию коммуникативных навыков младших школьников с задержкой психического развития. Потому что такие дети имеют ограниченное понимание окружающей среды и имеют низкую потребность в общении из-за умственной отсталости и медленного развития темпа речи. Учащиеся начальной школы с задержкой психического развития не имеют возможности использовать речь как средство общения. Поэтому для них характерно отсутствие коммуникативных навыков, неспособность начать и продолжать общение со сверстниками.

#### **Зияткерлік мүмкіндіктері шектеулі бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамыту әдістері**

*Аннотация.* Мақала ақыл-ойы тежелген бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған. Өйткені мұндай балалар қоршаған ортаны шектеулі түсінеді және ақыл-ой кемістігі мен сөйлеу қарқынының баяу дамуына байланысты қарым-қатынасқа деген қажеттілігі төмен. Бұл бастауыш сынып оқушылары сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алмайды. Сондықтан олар қарым-қатынас дағдыларының болмауымен, құрдастарымен қарым-қатынасты бастауға және жалғастыруға қабілетсіздігімен сипатталады.

The formation of communication skills of Primary School students with intellectual disabilities is an urgent and little-studied problem. The category of mentally retarded children is heterogeneous in composition and is characterized by a persistent violation of cognitive activity, which affects all processes of the child's interaction with the world.

At the same time, a review of literary sources shows that many works consider the cognitive sphere of mentally retarded children and the problems of their social and household orientation. Communication skills can be developed in conditions of active interaction and the elaboration of methods in educational situations

within the framework of specially organized socio-psychological training [1].

The role of communication skills in the development of a child and his formation as a person is very great, because, having mastered them, the child learns to communicate with the environment, build relationships with parents, teachers, peers and society as a whole, thereby going through the path of adaptation to the conditions of the modern world.

Many scientists have studied the problem of developing communication skills and structural components of communication. As noted by O. V. Stepkova and N. V. Kushnareva, there were different views on "the structural components of communication, its relationship with individual aspects of human development, the features of the formation of communication in various disorders and the mechanisms of disorders." L. S. Vygotsky considered the ability to communicate to be one of the main elements in the general formation of the child's personality, since the development of the psyche occurs through interaction and communication. G. S. Andreeva shows that in the course of communication, the following functions are formed and developed:

- ability to control individual behavior;
- the ability to realize one's own need for communication;
- ability to provide psychological comfort;
- the ability to conduct certain joint work with others.

Communication skills are the ability of a person to build a process of interaction with others, correctly interpret the information received, as well as the ability to transmit it.

A.V. Mudrik [2] defined communicative skills as a synthesis of human personality traits that contribute to the creation of the process of interaction in a particular environment of society. The development of the necessary qualities occurs in the process of communication and analysis of actions and situations, where the main tasks and rules of both individual behavior and the rules of communication are determined.

Communication skills according to the classification of L. R. Munirova include the following skills.

1. Information and communication skills:

- the ability to independently start the process of communication by greeting, invitation, request, etc. ;
- compliance with generally accepted rules of behavior and culture in the process of communicating with others;

- orientation to the environment and different situations among acquaintances and strangers;
- correct use of expressions and signs of courtesy.

2. Communicative and regulatory skills:

- adequate coordination of individual actions and thoughts with the actions of others;
- the ability to learn to support the immediate environment and trust him when interacting with him;
- use of individual opportunities to assist in solving common tasks;
- the ability to objectively assess oneself and one's own actions in the course of communication, participate in discussions, choose the right solutions by agreeing or rejecting the results obtained.

3. communicative-affective skills:

- the ability to show the feelings experienced during the relationship, share interests with partners;
- the ability to show and show care, express responsiveness and compassion;
- the ability to objectively assess the emotional state and behavior of others.

According to E. A. Orlova and S. I. Fomina [4], communication skills should be based on the ability to communicate and successfully solve cognitive, household, game and creative problems using verbal and non-verbal means of communication.

A.V. Averkin believes that the process of communicative development of a child consists of communicative-active, cognitive and socio - behavioral components. A.V. Asmolov supplemented this series with regulatory and cognitive components. V. Koreneva, N. N. Vasyagina believe that social adaptation should include practical and value-semantic components. A.m. Zmushko [3] defines communicative competence as an important component of the social adaptation of children with intellectual disabilities.

A separate category includes role-playing communication that occurs in the process of direct interaction in the course of joint activities, when the participants in the process demonstrate their individual characteristics [5].

Role communication should be considered from the point of view of fulfilling social roles, for example, teacher – student, doctor-patient. Taking into account the system of Public Relations, each participant in the activity, based on his experience and capabilities, plays his social role. The social role of a person affects his behavior, but there is a direct dependence on the personality and its characteristics,

therefore, each person in a certain role position reflects his personality.

The type of direct communication can include participation in many meetings, communities, etc. mediated mass communication refers to unilateral action in the media or mass culture [4].

Considering the possibilities of developing communication skills in mentally retarded children, D. N. Isaev, L. M. Shipitsyna [5] communication skills are of great importance, since communication is an important need for socialization and adaptation of such children in society. In order to live comfortably and communicate with others, as well as to know themselves and the world, children with intellectual disabilities need to develop communication skills.

It is noted that in the studies of A. L. Bitov [5] persistent disorders of all links of the communicative act were revealed in the communication of children with disabilities, including children with dementia. T. V. Sedykh and A. S. Byvshenko "communication skills are not innate, they are formed through the formation of the need for communication with adults and peers. In the modern education system, communication skills are considered as the main characteristics of the child's personality, the most important prerequisites for well-being in social and intellectual development. It should be noted that the task of developing communication skills for children with disabilities is one of the main tasks in the organization of the educational process»[5].

## **References**

1. Averkin L.E. Social cooperation of younger schoolchildren in the educational process. Monograph. M.: Polygraph Service and K, 2018. 260 p. [ in Russian]
2. Nikandrov N.D. Russia: socialization and upbringing at the turn of the millennium. Makhachkala: Jupiter, 2000. - 229 p. [in Russian]
3. The role of social interactions in the development of children's intelligence. M.: Pedagogika, 1991. - 245 p.
4. Bitov A.S. Formation of communicative ability in primary school students// Primary education, 1994. Pp. 54 - 57. [ in Russian]
5. Fundamentals of general psychology. SPb.: Piter, 2012. – 720p. [ in Russian].

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ДИСГРАФИЯНЫ АНЫҚТАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**А.Қ. Қалиева**

П.Ф.М., ОҚЫТУШЫ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*Аннотация.* Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларында жазу үрдісінің бұзылуына байланысты авторлардың берген анықтамалары талданған, дисграфияның жіктелуі қысқаша сипатталған, жазбаша сөйлеу бұзылыстарын анықтау ерекшеліктері көрсетілген.

*Кілт сөздер:* арнайы педагогика, дисграфия, жазбаша сөйлеу тілі, бастауыш сынып оқушылары, жазу үрдісі, дисграфияны анықтау

### **Особенности выявления дисграфии у младших школьников**

*Аннотация.* В данной статье проанализированы определения, данные авторами о нарушении процесса письма у младших школьников, кратко описана классификация дисграфии, показаны особенности выявления нарушений письменной речи.

*Ключевые слова:* специальная педагогика, дисграфия, письменная речь, младшие школьники, процесс письма, выявление дисграфии.

### **Features of the detection of dysgraphia in primary school students**

*Abstract.* In this article, the definitions given by the authors about the violation of the writing process in younger schoolchildren are analyzed, the classification of dysgraphia is briefly described, and the features of detecting violations of writing are shown.

*Keywords:* special pedagogy, dysgraphia, writing, primary school students, writing process, detection of dysgraphia.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуына арналған арнайы әдебиеттерде осы кезеңге дейін терминологиялық жағына және ауытқулардың себептеріне, жазудың бұзылуының анықтамасына



байланысты бірдей көзқарас қалыптаспаған, сондықтан авторлардың жұмысында дисграфияға әртүрлі анықтама беріледі.

Р.И. Лалаева былай деп анықтама береді: «Дисграфия - тұрақты және қайталанып отыратын қателердің болуымен және жазу үрдісіне қатысатын жоғарғы психикалық функциялардың қалыптаспауымен анықталған жазбаша сөйлеу тілінің жартылай бұзылуы» [1; 15].

И.Н. Садовникова дисграфияны есту және көру қабілетінің бұзылуымен және зияттың төмендеуімен байланыстырмайды, негізгі белгісі тұрақты "айрықша" қателердің бар болуы ретінде көрінетін жазбаша сөйлеу тілінің жартылай бұзылысы деп сипаттайды [2; 4].

А.Л.Сиротюк дисграфияны, бас ми қабығының дамымай қалуымен, дисфункциясымен, ошақтық зақымданумен байланыстыра отырып, жазбаша сөйлеу тілінің жартылай бұзылысы ретінде анықтайды [2; 4].

А.Н.Корнев дисграфия деп ақыл-ой мен сөйлеу тілінің дамуының жеткілікті деңгейіне және көру мен есту қабілеті өрескел бұзылуының жоқтығына қарамастан, фонетикалық жазу принципін басшылыққа ала отырып, графикалық ережелерге сәйкес жазу дағдыларын меңгере алмауын атайды [3; 86].

Қорытындылай келе, дисграфия - бұл неврологиялық бұзылаулар немесе психикалық функциялардың қалыптаспауымен байланысты тұрақты "айрықша" қателіктермен сипатталатын жазу процесінің бұзылуы.

"Айрықша" қателер, әдетте, емле ережелеріне байланысты емес қателерді білдіреді.

Дисграфия көбінесе өз механизмдері бар тәуелсіз бұзушылық болып табылмайды. Ол басқа бұзылушылықтың көрінісі ретінде әрекет етеді. Сондықтан, дисграфияны түзету жұмыстары негізгі бұзылысты анықтау және оны түзетуді көздейді.

Оқушыларда жазбаша сөйлеу бұзылыстарының белгілері мен механизмдері туралы әртүрлі көзқарастардың болуы, бұзылушылықтың бірнеше жіктелуі бар екендігін көрсетеді. Әр жіктеу дисграфияның бір ғана аспектісін ескереді, барлық жағдайларды, бұзушылық құрылымындағы немесе белгілері кешеніндегі жеке комбинациялардың барлық түрлерін қамти алмайды.

Біз ЛГПИ А. И. Герцен атындағы логопедия кафедрасының қызметкерлері жасаған және Р.И.Лалаевамен нақтыланған жіктеуге сүйенеміз [4; 466].

Бұл жіктеуге сәйкес дисграфияны келесі түрлерге бөліп қарастырады:

- артикуляциялық-акустикалық дисграфия;
- фонемді танып білудің бұзылуы негізіндегі немесе акустикалық дисграфия;
- тілдік талдау мен жинақтаудың бұзылуына негізделген дисграфия;
- грамматикалық дисграфия;
- оптикалық дисграфия.

Дисграфиялық қателіктер тек сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың нәтижесінде болмайтынын ескеру қажет. Олар:

- зейін шоғырлануының бұзылуы (бала әріптерді немесе буындарды тастап кетеді, әріптер элементтерін толық жазбайды);
- есте сақтау қабілетінің бұзылуы (бала әріптердің бейнесін ұмытып қалуы, фразаны немесе сөйлемді жадында сақтай алмауы);
- моторлы сфераның бұзылуы (артикуляциялық диспраксияның салдары болып табылмаған жағдайда);
- есту қабілетінің бұзылуы;
- көру қабілетінің бұзылуы нәтижесінде көрініс табуы мүмкін.

Жоғарыдағы мәліметтерді түйіндей келсек, әр түрлі себептердің ықпалымен екі бала бірдей қате жіберуі мүмкін. Сондықтан, осы себептердің әрқайсысын анықтау дисграфияны түзетуде үлкен рөл атқарады.

Дисграфияны анықтау кезіндегі ескерілетін бірнеше ережелер ұсынылады:

1. Егер баланы бірінші рет тексеріп отырсаңыз және сөйлеу тілінің жағдайы туралы ештеңе білмесеңіз, онда мәтін мектеп бағдарламасын ескере отырып (жасына қарай) және кинетикалық және кинестетикалық принцип бойынша ұқсас әріптері бар сөздермен таңдалады.

2. Тексерілетін баланың жазбаша сөйлеу тілінде күрделі қиындықтары туралы хабарыңыз болса және жазба жұмысынан түсініксіз таңбалар жиынтығының орнына талдауға лайықты жұмысты көргіңіз келсе, мәтін деңгейін бір саты төмендетіп алған дұрыс. Мәтінді таңдау принципі жоғарыдай сақталады.

Әрине, тек жазбаша сөйлеу тілін тексерумен шектелмеу керек. Жазба жұмыстағы қателік

механизмі әрқайсысының болжамын 90% жағдайда ауызша сөйлеу тілін тексеру арқылы растауға болады.

3. Жазуды бастамас бұрын, бала барлық мәтіндегі сөйлемдер немесе оның бөліктерін бөліп айтып шығуы қажет. Осылайша, ауызша сөйлеуіндегі кейбір бұзушылықтарды бірден естуге және жазба жұмысындағы қателіктерді талдай алуға болады. Сонымен қатар, ең бастысы, есту жадысының көлемін бағалай алуға болады.

4. Көптеген қателіктер өзін-өзі реттеу, зейін шоғырландыру және қатты шаршаумен байланысты болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Бұл туралы келесі белгілер арқылы байқауға болады:

- бала үнемі үстелге жатуға тырысады;
- бала өзіне сүйенеді
- бала қолына сүйенеді
- бала сыртқы қоздырғыштарға шамадан тыс жауап қайтарады;
- бала үнемі дене қалпын өзгертеді.

Бұл жағдайда күннің бірінші жартысында бала зейіні шоғырлануын, көлемін тексеріп және мәтін көлемін азайту арқылы жазба жұмысын алу ұсынылады. Тексеруді нейропсихологпен бірге жүргізген дұрыс.

Қатені әр жағынан қарастыруға болады:

- Дауысты дыбысты бейнелейтін әріптерді тастап кету. Мұндай қателер әрқашан дыбыстық талдаумен байланысты. Буын - сөйлеу тілінің минималды айтылу бірлігі, сондықтан көптеген балалар дауысты дыбысты дауыссыз дыбыстан ажырата алмайды (немесе нашар анықтайды). Мұнда түзету жұмысын талдау мен жинақтаудан бастау керек пе, әлде одан да күрделі бұзушылықтарды көрсететін қателердің болуын анықтау қажет.

- Дауыссыз дыбыстарды бейнелейтін әріптерді тастап кету. Мұнда бәрі бірінші тармақтағыдай айқын емес. Жазу кезінде баланың сөзді қалай айтатынына назар аудару керек. Егер бала сөйлеуде тиісті дыбысты тастап кетсе, онда бұл дыбысты айтудың бұзылуымен байланысты артикуляциялық – акустикалық дисграфия (ауызша сөйлеу тілінде дизартрия, диспраксия, дислалия) болуы мүмкін.

Егер баланың ауызша сөйлеу тілінде дыбыстық қателер болмаса, бірақ жазба жұмысында қателер орын алса, бұл дыбыстық талдаудың немесе өзін-өзі реттеудің бұзылуына байланысты.

- Буындарды тастап кету, антиципация, персеверация. Бұл жағдайда да баланың сөзді қалай айтатынына назар аударамыз. Егер жазба жұмысындағы қателер ауызша сөйлеу тіліндегі қателерге сәйкес келсе, онда бұл моторлы дисграфияға сәйкес келеді (ауызша сөйлеу тілінде артикуляциялық диспраксия). Егер қателер тек жазбаша тілде болса, онда дыбыстық талдаудың бұзылуымен байланысты.

- Сөздерді тастап кету. Көбінесе мұндай қателіктер есте сақтау қабілетін бұзылуымен немесе зейін бұзылуымен байланысты.

- Әріптерді алмастыру. Бұл кезде баланың ауызша сөйлеу тілімен қатар, оның қолын қалай басқаратынына назар аудару өте маңызды. Жазба жұмысында кинестетикалық принцип бойынша қателіктер болған кезде (фонематикалық қабылдаудың бұзылуы), бала ауызша сөйлеу тілінде де қателермен сөйлеуі мүмкін. Кинетикалық принцип бойынша дисграфия кезінде бала ауызша сөйлеуінде қателер жібермейді, бірақ жазу кезінде қателер, кідірістер болады, әріптерді бірнеше рет айналдырып жазады, емлесін жиі түзетеді.

- бала дыбыстарды қаттылық-жұмсақтық бойынша ажыратпайды (фонемалық қабылдаудың бұзылуы).

Шынайы себепті дұрыс түсіну үшін жазуда есту-сөйлеу гнозисының қалыптасуын тексеру жеткілікті.

- Әріптердің орын ауыстыру (буындар емес). Мұның басты себебі дыбыстық талдаудың қалыптаспауы болуы мүмкін.

- Әріптердің теріс жазылуы (*зеркальное написание*) кеңістікте бағдарлаудың бұзылуы салдарынан немесе жазуды ерте үйрену кезінде әріпті символ емес, сурет ретінде қабылдаудың әсерінен болады. Бірінші жағдайда, бұл қиындықтардың (диспраксия, дизартрия, басқа моторлық немесе психикалық бұзылулар) қандай бұзылулардан туындағанын білу керек.

- Сөздің немесе сөйлем шекараларын белгілеудің бұзылуы (сөздер мен сөйлемдерді қосып жазу), тілдік талдау мен жинақтаудағы қиындықтармен байланысты. Бұл дағдыға мидың үшінші өрістері жауап береді, сондықтан праксис пен гнозис бұзылуының жоқтығына көз жеткізіп, ауызша материалда ойлау операциялары бойынша жұмысты бастауға болады.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта дисграфияны анықтау және түзету маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дисграфияны анықтау кезінде қателерді талдауды әртүрлі жағынан қарастыру керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Лалаева Р.И., Бенедиктова Л.В. Нарушение чтения и письма у младших школьников. Диагностика и коррекция. Ростов н/Д: «Феникс», СПб: «Союз», 2004. - 224 с. (Серия «Коррекционная педагогика»)
2. Логинова Е.А. Нарушения письма. Особенности их проявления и коррекции у младших школьников с задержкой психического развития: Учебное пособие / Под ред. Л. С. Волковой. СПб.: «Детство-пресс», 2004. - 208 с.
3. Корнев А.Н. Нарушения чтения и письма у детей. СПб.: Речь, (ГПП Печ. Двор), 2003. - 330с.
4. Логопедия. Учебник для студентов дефектол. фак. пед. Вузов / Под ред. Волковой, Л.С., Шаховской, С.И. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1998. - 680 с.

## **КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ**

**Г. Қ. Сарсенбаева**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
I курс магистранты

*Аннотация.* Бұл мақалада көру қабілеті зақымдалған балалардың коммуникативті дағдыларын дамытуда логопедиялық жұмыстың ерекшеліктері және қарым-қатынастың түрлері, талаптары туралы айтылады.

*Кілт сөздер:* коммуникация, көру қабілеті, эмоция, мимика.

#### **Развитие коммуникативных навыков дошкольников с нарушением зрения**

*Аннотация.* В статье описаны особенности логопедической работы с детьми с нарушением зрения, виды общения и требования в развитии их коммуникативных навыков.

*Ключевые слова:* коммуникация, зрение, эмоции, мимика.

#### **Development of communication skills in preschoolers with visual impairments**

*Annotation.* This article discusses the features of speech therapy work in the development of communication skills of children with visual impairments and the types, requirements of communication.

*Keywords:* communication, vision, emotion, facial expressions.

Амблиопия және сығырлық кемшілігі бар балалар үшін көру қабылдаудың негізгі құралы болып табылады. Көру анализаторы оқу процесінде жетекші рөл атқарады, яғни басқа анализаторлар визуалды функцияларды алмастыра алмайды. Алайда, мұғалімдер мен ата-аналардың көпшілігі баланың патологиясына мән бермейді, оның сипатын түсінбейді. Ерте жаста пайда болған көру қабілетінің бұзылуы баланың психологиялық дамуына айтарлықтай әсер етеді: есте сақтау процестері баяулайды, ақыл-ой операцияларының қиындауы, шектеулі қозғалыстар болады.

Балалардың бұл санаты мінез-құлық ерекшеліктерімен ерекшеленеді: агрессия, ашуланшақтық, оқшаулану көріністері сияқты. Балалар арнайы тәрбие мен оқыту жағдайларын қажет етеді, өйткені олар ойынға, оқу дағдыларын игеруге, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауда қиындықтарға тап болады. Баланың жеке басы басқа адамдармен өзара әрекеттесу процесінде қалыптасатыны белгілі. Өмірдің алғашқы күндерінен бастап қоршаған ортаға бейімделу даму, тәрбие, оқыту функцияларын орындайтын қарым-қатынас негізінде арнайы құралдар арқылы қол жеткізіледі. Қарым-қатынас барысында бала ана тілін меңгереді. Ол сөйлеуді түсініп қана қоймай, фонетиканы, тіл грамматикасын да меңгереді. Сөйлеу ойын және басқа да іс-шараларда құрдастарымен практикалық өзара әрекеттесу құралына айналады.

М.И. Лисина анықтағандай, қарым-қатынас бұл вербалды және вербалсыз ақпараттарды қабылдау, бала даму шарттарының бірі, жеке тұлғаны дамытудың маңызды факторы және даму қызметі негізгі түрлерінің бірі. Сондай-ақ, қарым-қатынас деп өзара әрекеттесетін адамдардың бірлесіп отырып белсенді араласуы, оның барысында олар белгілерді, соның ішінде тілдік белгілерді

қолдана отырып, өздерінің бірлескен қызметін ұйымдастыруы. Көру патологиясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамалары бұл балалардың белсенді емес екенін, әдетте қарым-қатынаста бастамашылық танытпайтындығын көрсетеді. Нәтижесінде тұлғааралық өзара әрекеттесу процесі бұзылады, бұл даму мен оқу проблемаларына әкеледі.

Әңгімені қолдай білу және көру қабілеті бұзылған балаларға өз іс-әрекеттерін серіктеспен үйлестіре білу үшін диалогтік қарым-қатынас процесін игеру өте маңызды, өйткені мектеп жасына дейінгі жаста диалог- байланыс, өзара түсіністік, тәжірибе алмасу, т.б. құралы ретінде кеңінен қолданылады. Қызмет түрі ретінде қарым-қатынас кезең-кезеңімен қалыптасады және көптеген факторлар, соның ішінде жеке тұлға ерекшеліктері, бұрынғы қарым-қатынас тәжірибесі, жынысы мен жасы, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті, қарым-қатынас стандарттарының қалыптасуымен анықталады.

Педагогтер өздерінің практикалық қызметінде В.А. Феоктистованың көру қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті қызметін дамыту әдістемесін қолданады. Ол визуалды патологиясы бар балаларға өз бетінше үйреніп, мимикалық және пантомималық әрекеттер мен интонацияны дұрыс көбейту керек екенін көрсетеді:

- өз іс - әрекеттері мен мінез-құлқында қалыпты көретіндерден ерекшеленбеу;
  - эмоционалды күйін сөйлеу және сөйлеу құралдарымен жеткізу.
- Коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың негізгі міндеттері:
- жалпы және ұсақ моториканы дамыту, нығайту және ынталандыру;
  - сөйлеуді, бет пен денені қабылдау алгоритмін қалыптастыру;
  - микро және макро кеңістікте "өзіне", "өзінен" бағдарлау тәсілдерін оқыту;
  - сөйлеудің, мимиканың,ым-ишараның, интонацияның окшауланған элементтерін ерікті түрде көбейту механизмін оқыту;
  - әртүрлі іс-әрекеттерді орындау кезінде адамға тән мәнерлі қалыптар мен қимылдарды қабылдау мен көбейтуге үйрету;
  - сөйлеу құрылымдарын, негізгі эмоцияларды жаңғырту әдістерін қалыптастыру;
  - эмпатияға деген қажеттілікті қалыптастыру;
  - қарым - қатынасқа қызығушылықты қалыптастыру;
  - өзін-өзі бақылауды және ерікті психорегуляцияны қалыптастыру. Коммуникативті дағдыларды қалыптастыру кезеңдері

1. Вербалды және вербалды емес қарым-қатынас стандарттарын игеру.
2. Әртүрлі жағдайларда бірдей объектілерді тану.
3. Қабылдау және түсіну үшін күрделі сюжетті пайдалану.

Көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасағанда келесі талаптарды сақтау маңызды:

- баланың сенсорлық, сөйлеу және әлеуметтік тәжірибесін байыту бойынша мұқият алдын - ала жұмыс жасау қажеттілігі;
- жаттығулардың қол жетімділігі;
- тұлғаға бағытталған тәсілді жүзеге асыру;
- сабақтың көп сатысы, барлық компоненттердің өзара байланысы;
- қабылдау қарқынын таңдау;
- әртүрлі жағдайларда қайталау, бекіту.

Қарым-қатынастың вербалды емес және вербалды түрлері ажыратылады. Вербалды емес қарым-қатынас сөздерге сүйенбейтін адам өзін-өзі көрсетуінің барлық түрлерін қамтиды. Психологтар вербалды емес белгілерді оқудың тиімді қарым-қатынасқа маңызды шарты деп санайды. Адам ақпараттың шамамен 70%-ын визуалды арна арқылы қабылдайды. Вербалды емес сигналдар өздігінен, бейсаналық, 5 ішкі жүйені қамтиды.

1. Кеңістіктік (тұлғааралық кеңістік).
2. Көрініс.
3. Оптикалық-кинетикалық (әңгімелесушінің сыртқы түрі, мимика, пантомимика – позалар мен қимылдар).
4. Тілдік (дауыс сапасы).
5. Тілдік емес (сөйлеу қарқыны, кідіріс, күлкі, т.б.).

Адамның белгілі бір іс-әрекетінің түрі ретінде қарым-қатынасты дамытудағы көрудің маңызы өте зор, өйткені ол қарым-қатынасты еркін етеді, басқалардың арасынан дұрыс адамды табуға мүмкіндік береді.

Көру кері байланыс арнасы ретінде әрекет етеді және басқалардың реакциясын байқауға мүмкіндік береді, еліктеу арқылы байланыс құралдарын игеруге мүмкіндік береді. Қалыпты көретін адам өзінің эмоционалды жағдайын едәуір мөлшерде, әсіресе сөйлемейтін құралдармен білдіруге мүмкіндік алады. Әңгімелесушінің мимикалық және пантомималық көріністерінің қашықтығында қабылдаудың қиындығы субъектінің нақты сипаттамалары мен күйлерін жеткіліксіз қабылдауға әкеледі, коммуникативті функцияны қалыптастыруда қиындықтар тудырады. Көру қабілетінің шектелуін өтеуге үйретілмеген балаларда қимыл, мимика және пантомимика туралы түсініктер өте аз, бұлыңғыр. Бұл тұлғааралық қарым-қатынас процесін қиындатады. Баланың өмір сүру сапасы төмендейді (ол күлімсіреуді, мақұлдауды көрмейді және түсінбейді). Этикалық нормаларды игеру баяулайды, бұл бейтаныс адамдармен қарым-қатынасты қиындатады. Көру қабілеті бұзылған баланың орынсыз мінез-құлқы немесе бет әлпетінде өзгерістерді басқалар мейірімсіздік немесе агрессияның көрінісі ретінде қабылдауы мүмкін. Жеткіліксіз ым-ишара көмектесуден гөрі қарым-қатынасқа кедергі келтіреді.

"Диалогтік қарым-қатынас" және "диалог" ұғымдары бірдей болып табылады. Тілдің коммуникативті функциясының көрінісі диалогтік қарым-қатынас немесе диалог арқылы жүреді. Бұл ұғымдар бірдей және адамдар сөйлеу қарым-қатынасының бір түрі болып табылады. Көру қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалар үшін диалог белгілі бір қиындықтарды тудырады және өте қысқа уақытқа созылады. Әртүрлі әдістер мен тәсілдер балаларға диалог құруға көмектеседі. Мектепке дейінгі педагогикада дидактикалық ойындардың жеткілікті саны қолданылады, бірақ диалогтік сөйлеуді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған жаттығулардың тұтас кешені жоқ. Диалогтік сөйлеуді қалыптастыру мен дамытудың бір құралы - ауызша дидактикалық ойындар.

*Логопедиялық сабақтарда алты негізгі топқа бөлінген ауызша дидактикалық ойындар қолданылады:*

- 1 топ-фонетикалық ойындар.
- 2 топ-лексикалық ойындар.
- 3 топ – грамматикалық ойындар.
- 4 топ-графикалық ойындар.
- 5 топ-үйлесімді сөйлеуді дамытатын ойындар.
- 6 – топ-саусақтардың, көздің бұлшық еттерін дамытуға арналған.

*Диалогтік сөйлеудің қалыптасуында сөздік дидактикалық ойындарды шартты түрде төрт блокқа бөлуге болады:*

1. Заттар, белгілердің маңызды белгілерін бөліп көрсету қабілетін қалыптастыратын ойындар.
2. Балаларда салыстыру, құрастыру, дұрыс қорытынды жасау қабілетін дамытатын ойындар.
3. Әртүрлі белгілер бойынша заттарды жалпылау және жіктеу қабілетін дамытатын ойындар.
4. Зейінді, ойлау жылдамдығын дамытуға арналған ойындар.

Қорыта айтқанда, ойын ережелері мен әрекеттері балаға мәлімдемеге назар аударуға көмектеседі, белсендіреді, әртүрлі жағдайларда сөйлеу мінез-құлқының үлгісін бекітеді. Көру қабілеті бұзылған балаларда диалогтік сөйлеуді қалыптастыру жұмысында көрнекі дидактикалық ойындар жүйесін қолданбас бұрын, қазіргі уақытта диалогтің даму деңгейін зерттеу керек, яғни дыбыстық айтылымның қалыптасу деңгейін, тіл туралы практикалық хабардарлықты, сөйлеудің грамматикалық құрылымын, сөздік қорын анықтау керек. Ересек адам ойынның тікелей қатысушысы болуы керек, көрнекі дидактикалық ойындар кезінде барлық балалардың диалогтік қарым-қатынастағы белсенділігін ынталандыруы керек. Балалардың ойын қызметіне басшылық жасау мұғалімнің позициясына кірмей, ойын мотивациясын құрып, сол арқылы ойынды балаға ыңғайлы ету маңызды. Логопед бала алған білімдерін қолданатын диалогтік жағдайлардың өзгеріштігін қамтамасыз етеді. Дидактикалық ойын арқылы диалогтық қарым-қатынасты мақсатты оқыту диалогты дамытуға, келіссөздер жүргізуге, қарым-қатынас ережелерін сақтауға, жанжалсыз сендіруге және өз көзқарасын дәлелдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған сөйлеу жағдайларында жүреді. Серіктестер қарым-қатынаста теңдік тәжірибесін алады, сөйлеуді және сұрақтарға жауап беруді, пайымдауды және дәлелдеуді үйренеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Литвак Г. А. Психология слепых и слабовидящих : учеб. пособие. СПб. : Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 1998.
2. Программы специальных (коррекционных) образовательных учреждений IV вида (для детей с нарушением зрения). Программы детского сада. Коррекционная работа в детском саду / под ред. Л. И. Плаксиной. — М. :

Издательство «Экзамен», 2003. — 256 с.

3. Феоктистова В. А. Развитие навыков общения у слабовидящих детей. СПб. : Речь, 2005 – 128 с.

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЖАЛПЫ ДАМЫМАУЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Б.М. Мажинов<sup>1</sup>, М.Е. Амангелді<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, қауымдастырылған профессор м.а

<sup>2</sup>Арнайы педагогика мамандығының 1-курс магистранты  
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалар, жалпы коммуникация және олардың сөйлеу тілі бұзылған балалардағы ерекшеліктері туралы мәлімет беріледі. Коммуникативті дағдылардың дұрыс дамымауының салдарлары ашып көрсетілген. Сөйлеу бұзылысы бар балалардың қарым-қатынасын зерттеген ғалымдардың зерттеулері қолданылған.

### **Особенности коммуникативных навыков младших школьников с общим недоразвитием речи**

*Аннотация.* В статье рассказывается о детях с общим недоразвитием речи, общей коммуникации и ее особенностях у детей с нарушениями речи. Раскрыты последствия неправильного развития коммуникативных навыков. Использовались исследования ученых, изучавших общение детей с нарушениями речи.

### **Features of the communication skills of primary school students with general speech underdevelopment**

*Annotation.* This article tells about children with general speech underdevelopment, general communication and its features in children with speech disorders. The consequences of improper development of communication skills are revealed. The research of educators who studied communication of children with speech disorders was used.

Сөйлеу – бұл тек адамдарға ғана тән маңызды психикалық процес және негізгі коммуникативті қызмет болып табылады. Сөйлеудің және оның мағыналық бірлігі – сөз негізінде қабылдау, қиял, есте сақтау сияқты психикалық процестер қалыптасып дамиды.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы – зияты мен есту қабілеті қалыпты балалардағы әртүрлі күрделі сөйлеу бұзылыстарында сөйлеудің барлық жақтарының (дыбыстық, семантикалық, лексикалық-грамматикалық) қалыптасу бұзылуы. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы көріністері сөйлеу жүйесінің компоненттерінің қалыптаспау деңгейіне байланысты және жалпы сөйлеудің толық болмауынан фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық дамудың қалдық элементтерімен үйлесімді сөйлеудің болуына дейін болуы мүмкін. СТЖД арнайы логопедиялық тексеру кезінде анықталады. СТЖД түзету сөйлеуді түсінуді дамытуды, сөздікті байытуды, фразалық сөйлеуді, тілдің грамматикалық құрылымын, толыққанды дыбысты айтуды және т. б. қалыптастыруды қамтиды [1].

«Адам өміріндегі ең тамаша нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы»- деп А. Линкольн айтпақшы, әрбір есейген адам - белгілі бір қоғам мүшесі болып табылады, түрлі адамдармен қарым-қатынаста болады. Коммуникация – басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату.

Г.Ласуэлл коммуникация процесін субъект-объектілік қатынастар негізінде қарастырған: коммуникант (беруші субъект), ақпарат (берілетін объект), реципиент (қабылдаушы субъект). Осыған сүйене отырып, коммуникация субъектілер арасындағы бірнеше объектілермен өзара әрекетінің алуан түрі ретінде қарастырылады [2].

Коммуникативті дағдылар қарым-қатынас негізінде қалыптасады. Коммуникативті дағдылар – қажетті интонацияны, ым-ишараны таңдау, басқа адамдарды түсіну қабілеті, сұхбаттасушыға жанашырлық таныту, өзін оның орнына қою, сұхбаттасушының реакциясын болжау, сұхбаттасушылардың әрқайсысына қатысты ең дұрыс араласу әдісін таңдау. Коммуникативті дағдылар бастауыш мектеп жасында белсенді дами бастайды, сондықтан мұғалім оны одан әрі дамыту үшін дәл осы жаста коммуникативті дағдыларды дұрыс қалыптастыруға көмектесуі керек. Оқушылардың коммуникативті дағдылары тек мұғаліммен, құрдастарымен және басқа адамдармен тікелей қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады. Коммуниканттардың мүдделерін

қанағаттандыратын тиімді қарым-қатынас олардың коммуникативті құзыреттілігін игеруді білдіреді, оның құрамдас бөлігі коммуникативті дағдылар болып табылады.

Коммуникативті дамуды жалпылау ерекшеліктерін ескеру, ұғымдарды қалыптастыру, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас жасау, әлеуметтік дамудың жалпы жағдайының ерекшеліктерін ескеру, т.б. тұрғысынан баланың әлеуметтенуінің жалпы контекстінде қарастыру керек.

Балаларда қарым-қатынас әдетте ойын, пәндерді зерттеу, сурет салумен тығыз байланысты және оны ерекше әрекет ретінде қарастыруға болады. Бала үшін оның басқа адамдармен қарым-қатынасы әртүрлі тәжірибелердің қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге оның жеке басын қалыптастырудың, адам дамуының басты шарты болып табылады. Баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасы жеткіліксіз болған кезде оның сөйлеу және басқа психикалық процестердің даму қарқыны баяулайды.

Л. С. Выготскийдің өз еңбектерінде қарым-қатынасты жеке дамудың және бұзылысы бар баланың кемшіліктерін жоюдың негізгі шарты ретінде қарастырған [3].

Қарым-қатынас үшін сөйлеу тілі үлкен рөл ойнайтындықтан, сөйлеу тілі бұзылысы бар балалар коммуникативті дағдыларының өзіндік ерекшеліктері жетерлік. Сөйлеу құралдарының дамымауы қарым-қатынас деңгейін төмендетеді, психологиялық ерекшеліктердің пайда болуына ықпал етеді (оқшаулану, ұялшақтық, шешімсіздік); жалпы және сөйлеу мінез-құлқының өзіндік ерекшеліктерін тудырады (шектеулі байланыс, қарым-қатынас жағдайына баяу қосылу, әңгімені жалғастыра алмау, дыбыстық сөйлеуді тыңдау), психикалық белсенділіктің төмендеуіне әкеледі.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балаларда қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруда қиындықтар бар. Олардың жетілмегендігіне байланысты қарым-қатынастың дамуы толық қамтамасыз етілмейді, сондықтан сөйлеу және танымдық белсенділікті дамытуда қиындықтар туындауы мүмкін. Сөйлеу дамуындағы ақаулар сөйлеудің танымдық функциясының қалыптасуын кешіктіреді, өйткені сөйлеу патологиясы бар баланың сөйлеуі оның ойлауының толыққанды құралына айналмайды, ал айналасындағылардың сөйлеуі әрқашан ол үшін ақпаратты, әлеуметтік тәжірибені (білім, әдістер, әрекеттер) берудің барабар тәсілі бола бермейді. Көбінесе балаға таныс, көрнекі түрде қабылданатын заттармен және таныс ортадағы адамдармен байланысты ақпарат қана түсінікті болады. Іс-әрекет пен қарым-қатынастың көптеген жағдайларында бала сөйлей алмайды және сөйлеу арқылы өз ойларын, жеке тәжірибелерін жеткізе алмайды.

Л.Г. Соловьева өз еңбегінде ойын іс-әрекеті процесінде сөйлеудің жалпы дамымауы мен сөйлеу қарым-қатынасын зерттей отырып, сөйлеу және коммуникативті дағдылардың өзара тәуелділігі туралы қорытынды жасаса, Ю.Ф. Гаркуша сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда ересектермен қарым-қатынас процесі барлық негізгі параметрлер бойынша нормадан ерекшеленетінін атап өтіп, бұл қарым-қатынастың жасына сәйкес формалары қалыптасуының айтарлықтай кешігуін тудыратынын айтқан [3], [4].

Балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері толыққанды қарым-қатынасты жүзеге асыруға кедергі келтіреді, бұл қарым-қатынасқа деген қажеттіліктің төмендеуінен, қарым-қатынас формаларының қалыптаспауынан (диалогтік және монологиялық сөйлеу), мінез-құлқы ерекшеліктерінен (байланысқа қызығушылық танытпау, қарым-қатынас жағдайын бағдарлай алмау, негативизм) көрінеді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар бала үшін қарым-қатынас күрделі процесс болып табылады. Оларда тілдік құралдар жеткіліксіз қалыптасқан, сөйлеудің коммуникативті және жалпылама функциясын қалыптастырудың кешігуі, коммуникативті дағдыны қалыптастырудағы проблемалар байқалады. Мұндай балалардың сөйлеуінде жеке аграмматикалық тіркестер, кейбір сөздердің дұрыс қолданылмауы байқалады, фонетикалық кемшіліктер аз мөлшерде көрініс табады. Қарым-қатынаста балалар үш-төрт сөзден тұратын қарапайым сөйлемдерді пайдаланып, күрделі түрін қолданбайды. Өздіктерінен мәлімдеме жасағанда дұрыс грамматикалық байланыстары болмайды, ойын жеткілікті жеткізе алмайды.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардағы сөйлеу және когнитивті дамудың бұзылуының кешені олардың басқалармен толыққанды қарым-қатынас жасауына жол бермейді, ересектермен қарым-қатынасты қиындатады және бұл балалардың достары арасында оқшаулануына әкелуі мүмкін.

Қарым-қатынасқа тағы бір кедергі ақаудың өзі емес, баланың оған қалай жауап беретіні, оны қалай бағалайтыны туралы көптеген мәліметтер жинақталған. Демек, сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда жеке психикалық функциялардың жетілмегендігімен, эмоционалды тұрақсыздықпен,

когнитивті процестердің қаттылығымен бірге жүретін тұрақты қарым-қатынас бұзылыстары бар.

Қорыта келе, коммуникативті дағдылар қарым-қатынас процесінде қалыптасады және жетілдіріледі. Қалыпты сөйлеу қабілеті бар балаларда коммуникативті даму жалпылау, ұғымдарды қалыптастыру, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас, әлеуметтік дамудың жалпы жағдайының ерекшеліктерін ескеру тұрғысынан баланың әлеуметтенуі ретінде қарастырылады. Балалардың коммуникативті дағдылары мұғаліммен, құрдастарымен және басқа адамдармен тікелей қарым-қатынас жасау процесінде қалыптасады. Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балаларда коммуникативті дағдылар нашар дамыған, бұл құрдастарымен қарым-қатынас жасау кезінде, өзін-өзі бағалаудың төмендігінде, оқу іс-әрекетінде артта қалуда, ауызша қарым-қатынастан бас тартуда, құрдастар ұжымында оқшаулануымен байқалады.

Қарым-қатынас дағдыларының қалыптаспауы қарым-қатынас процесін қамтамасыз етпейді, демек, сөйлеу және танымдық іс-әрекеттің дамуына ықпал етпейді, білімді игеруге кедергі келтіреді.

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы бар балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастырып дамытуда ата-ана және арнайы мамандар бірлесе отырып, түзетушілік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылуы керек. Сонда ғана белгілі бір нәтижеге жетуге болады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Өмірбекова Қ.Қ., Төлебиева Г.Н., Оразаева Г.С., Ибатова Г.Б. Логопедия – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 648 б.
2. Лассуэл Г. Экспрессия человека: общение и межличностное познание / Г. Лассуэл. Москва н/Д: Финто, 1999. – 608 с.
3. Выготский Л.С. Собрание сочинений : в 6 т. – М. : Педагогика, 1983. – Т5 : Основы дефектологии / Л.С. Выготский ; гл. ред. А. В. Запорожец – 369 с.
4. Соловьева Л.Г. Особенности коммуникативной деятельности детей с Общим недоразвитием речи /Дефектология. 1996. №1. Сс. 62-67.
5. Гаркуша Ю.Ф. Коррекционно-педагогическая работа в дошкольных учреждениях для детей с нарушениями речи. Москва, ТЦ «Сфера», НИИ Школьных технологий, 2008. — 128 с.
6. Ковылова Е. В. К проблеме общения детей с тяжелыми нарушениями речи со сверстниками. Сб. докл. межрегион. науч. - практ. конф. : В 2-х ч. Новосибирск: Изд-во НГИ, 2002. – 450 с.
7. Бойко Д.И. Общение детей с проблемами в развитии: коммуникативная дифференциация личности. Учебно-методическое пособие. СПб: КАРО, 2005. -275 с.

## **КҮРДЕЛІ СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МӘТІНДІ ЕСЕПТЕРДІ ТҮСІНДІРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Г.М. Ербосынова<sup>1</sup>, И.А. Денисова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ҚазҰлтҚызПУ 7М01901 – Арнайы педагогика

мамандығының 1 курс магистранты, egulnara1020@gmail.ru

<sup>2</sup>Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазҰҚызПУ

[irenadenisova@mail.ru](mailto:irenadenisova@mail.ru)

*Аңдатпа.* Бастауыш сынып математикасында күрделі тақырыптардың бірі – мәтінді есептер болып табылады. Себебі, оқушы мәтінді есепті дұрыс шешу үшін есептің шартын, сұрағын түсініп, шешуін арифметикалық амалдарды қолданып шығара білуі қажет. Ал күрделі сөйлеу тілі бұзылған балалар сөздерді, сөйлемдерді, сөйлемдер арасындағы байланысты түсінуде киналады. Балалардың бұл оқудағы ерекшеліктерін ескеретін әдістемелік құралдардың жеткіліксіз әзірленуі, арнайы дидактикалық материалдар, оқулықтардың болмауы мәтінді есептерді шығарту барысында қиындық тудырады.

*Түйін сөздер:* математика, мәтінді есептер, күрделі сөйлеу тілі бұзылған бастауыш сынып оқушысы, әдістемелік материалдар, оқулықтар.



### Особенности объяснения текстовых задач учащимся начальных классов с тяжелыми нарушениями речи

*Аннотация.* Одной из самых сложных тем в математике начальной школы являются текстовые задачи. Это связано с тем, что для правильного решения текстовой задачи учащимся необходимо понять содержание текста и решить ее с помощью арифметических действий. У детей со сложными нарушениями речи возникают трудности с пониманием слов, предложений и связей между предложениями. Недостаточная разработка методических средств, отсутствие специальных дидактических материалов, учебников, учитывающих особенности этих детей, вызывает множество проблем в области специальной педагогики.

**Ключевые слова:** математика, текстовые задачи, школьник начального класса со сложным нарушением речи, учебно-методический комплекс, учебники.

### Features of explaining text tasks to younger students with severe speech disorders

*Abstract.* One of the most difficult topics in elementary school mathematics is word problems. This is due to the fact that in order to correctly solve a text problem, students need to understand the content of the text and solve it using arithmetic operations. And children with complex speech disorders have difficulty understanding words, sentences, and relationships between sentences. Insufficient development of methodological tools, lack of special didactic materials, textbooks that take into account the characteristics of these children in this case causes many problems in the field of special pedagogy.

**Keywords:** mathematics, word problems, elementary school student with complex speech disorder, educational and methodological complex, textbooks.

Елімізде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саны жыл сайын артып келеді. Соның ішінде 70% -ын күрделі тіл кемістіктері, жалпы сөйлеу дамуының тежелуі, фонетико-фонематикалық дамымай қалған балалар құрайды.

Күрделі тіл кемістігі бар оқушылардың ана тілін меңгеруі ұзаққа созылады, балалардың лексикалық мағынадағы сөздерді игеруі нақты емес. Көбінесе сөз мағыналарын өзара кең түрде ауыстырады, абстрактілі лексиканы меңгеру кезінде қателер кездеседі.

Мәселен Н.С.Жукованың зерттеулерінде тіл дизонтогенезі кезіндегі сөздердің морфологиялық түсініксіздігі көрсетіледі. Онда өзара грамматикалық байланыстағы сөздердің байланысы көрінбейді. Грамматикалық мағынасы жағынан дұрыс және бұрыс құрастырылған сөйлемдер ұзақ уақыт бойы сөздік қорда сақталып қалады [1].

Р. Е. Левина, Г. В. Гуровец, И. Т. Власиленко, Е. М. Мастюкова балаларда кездесетін күрделі сөйлеу кемістігінің психологиялық және педагогикалық процесін зерттеумен айналысты. Авторлардың берген анықтамасы бойынша, күрделі тіл кемістіктері — бұл дамуында ауытқушылығы бар бас миының органикалық зақымдалуының салдарынан, есту арқылы қабылдауы бұзылған, психикалық үрдісінің қалыптасуына әсер ететін айтарлықтай сөйлеу ақаулары бар балалардың ерекше санаты [2].

Күрделі тіл кемістіктері бар балалардың сөздік қоры аз, физиологиялық жағынан түрлі кемістіктері болғандықтан сөйлеу қабіеттері шектеледі. Сөйлеу тілінің ауыр бұзылуына байланысты, тілдің дыбыстық, сондай-ақ лексикалық, грамматикалық жақтарын толық қалыптаспағандығы көрінеді. Осының салдарынан осы санаттағы балалардың көпшілігінде ойлау, сөйлеу жалпылауының шектеулілігі, оқу мен жазудағы қиындықтар кездеседі. Балаларда эмоционалды-ерік саласында да ауытқулар байқалады. Оларға қызығушылықтың тұрақсыздығы, төмен байқаушылық, тұйықтылық өзіне сенімсіздік, жоғары тітіркенгіштік, агрессивтілік, реніштік, айналасындағылармен қарым-қатынаста, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасауда қиындықтар тән. Осы санаттағы балаларға алалия, афазия, тұтықпа, ринолалия және дизартрияның түрлері жатады.

Бастауыш сынып математикасында күрделі тақырыптардың бірі – мәтінді есептер болып табылады (Т. В. Ахутина, Г. М. Капустина, Ю. А. Костенкова, Е. В. Рыжова, т.б.), өйткені олармен жұмыс істеу оқушылардан есептің шартын түсініп, белгілі мен ізделінді зат арасындағы байланысты анықтап, есептің шешуін арифметикалық амалдардың көмегімен шығаруды қажет етеді.

Американдық ғалым, математик Д.Пойа мәтінді есептердің математикадағы рөлін қарастыра отырып, математиканы меңгеру тек стандартты емес, сонымен қатар ойлаудың белгілі бір дербестігін, парасаттылықты, тапқырлықты талап ететін есептерді шешу қабілетін білдіреді деп жазды.

Г.П.Бевзу мәтінді есептердің математикадағы алатын орнын, маңыздылығын былайша

тұжырымдады:

- 1) есептерді шығару барысында оқушылар өздерінің алған теориялық білімдерін практикада қолданып үйренеді;
- 2) есептерді шығару барысында оқушыларда сыни тұрғысынан ойлау және кеңістікті бағдарлау дағдылары қалыптасады;
- 3) есептерді шығару барысында оқушылардың ерік-жігері, шыдамдылығы шыңдалады;
- 4) есептерді шығару барысында оқушылардың ойлау қабілеті артып, шығармашылық дағдылары дамиды [3].

Математика оқулықтарының авторы А.Е.Абылкасымованың пікірі бойынша мәтінді есептер білім беру, тәрбиелеу, дамыту функцияларын атқарады. Мәтінді есептер білім беру функциясын атқарады, себебі математика оқулығындағы кез келген есепті шешу барысында оқушыда математикалық ұғым мен білім жинағы қалыптасады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында әзірленген оқулықтағы мәтінді есептердің кез келгені оқушы бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, патриоттық сезімдерін ояту арқылы тәрбиелік функцияны атқарады. Сонымен қатар мәтінді есептерді шығару барысында оқушыда сөйлеу мәдениеті, логикалық ойлауы, шыдамдылық, істі соңына дейін жеткізу дағдылары дамиды [4].

Күрделі тіл кемістіктері бар бастауыш сынып оқушылары сөздерді, сөйлемдерді, сөйлемдер арасындағы байланысты анықтауда қиналады, бұл математикада мәтінді есептердің мағыналық құрылымын түсінуде үлкен кедергі тудырады (Н. Ю. Борякова, Г. И. Жаренкова, Е. Ф. Соботович, Е. В. Мальцева, Е. С. Слепович, R. D. Triger, т.б.). Қалыпты дамып келе жатқан балалармен салыстырғанда күрделі тіл кемістіктері бар балалардың тапсырманы ауызша тұжырымдауы соғұрлым күрделі және әдеттен тыс болады.

Балалардың бұл оқудағы ерекшеліктерін ескеретін әдістемелік құралдардың жеткіліксіз әзірленуі, арнайы дидактикалық материалдардың, оқулықтардың болмауы мәтінді есептерді шығарту барысында қиындық тудырады. Сондықтан бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – тіл кемістіктері бар балалардың мәтінді есептерді түсінуге үйрету жұмысының әдістемелік шарттарын, кезеңдері мен мазмұнын анықтауда жатыр.

Қорыта айтқанда, есептің мәтінін түсінуге үйрету арқылы оны шешудің сапасын ғана емес, сонымен қатар басқа оқу мәтіндерін түсінуді де жақсартуға болады деп есептеймін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Скира Е.В. Система работы над простой арифметической задачей с учащимися, имеющими интеллектуальные нарушения // Проблемы современного педагогического образования. – 2017. – Вып.57. – Ч. 12. – С. 287 – 294.
2. Скира Е.В., Яковлева И.М. Состояние умений младших школьников с интеллектуальными нарушениями решать простые арифметические задачи // Проблемы современного педагогического образования. – 2018. – Вып. 58. – Ч. 4. – С. 296 – 299.
3. Скира Е.В. Состояние базовых учебных действий у школьников с умственной отсталостью на примере решения арифметических задач // Журнал педагогических исследований. – 2019. – №1. – Т.4 – С. 52 – 56.– URL: <https://naukaru.ru/ru/nauka/article/27860/view>
4. Белошистая А.В. Методические основы обучения решению математических задач в школе. М.: ИНФРА-М, 2022

### **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ СФЕРАСЫ**

**Ш.К. Еркебаева<sup>1</sup>, А.Н. Аутаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ҚазҰҚызПУ 7М01901 – Арнайы педагогика мамандығының 1 курс магистранты  
[shakhrizadaerkebaeva@gmail.com](mailto:shakhrizadaerkebaeva@gmail.com)

<sup>2</sup>ҚазҰПУ Арнайы педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты,  
ассоц. профессор [Akbota-n@mail.ru](mailto:Akbota-n@mail.ru)

*Аңдатпа.* Бұл мақалада бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың эмоционалдық сферасы және оның оқудағы жетістікке әсері мәселесі қаралады. Психикалық дамуы тежелген балалардың және қалыпты дамудағы балалардың эмоционалды даму ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Автор бастауыш сынып оқушыларының психикасындағы эмоционалдық бұзылулар

олардың дамуына кедергі келтіреді және танымдық іс-әрекетке барабар қатысуға мүмкіндік бермейді, оқу жағдайларына бейімделуді және толық әлеуметтенуді қиындатады деп түсіндіреді.

*Кілт сөздер:* эмоция, бастауыш сынып, психикалық дамуы тежелген, танымдық іс-әрекет, эмоционалдық-еріктік сфера, оқудағы қиындықтар.

#### **Эмоциональная сфера с задержкой психического развития детей младшего школьного возраста**

*Аннотация.* В данной статье рассматривается эмоциональная сфера детей младшего школьного возраста с задержкой психического развития и ее влияние на успехи в обучении. Раскрывает особенности эмоционального развития детей с задержкой психического развития и детей с нормальным развитием. Автор понимал, что эмоциональные нарушения в психике младших школьников мешают их развитию и не позволяют адекватно участвовать в познавательной деятельности, затрудняют адаптацию к условиям обучения и полноценную социализацию.

*Ключевые слова:* эмоция, начальный класс, умственная отсталость, познавательная деятельность, эмоционально-волевая сфера, трудности в обучении.

#### **Emotional sphere of children with mental retardation of primary school age**

*Annotation.* This article examines the emotional sphere of primary school children with mental retardation and its impact on learning success. Reveals the features of the emotional development of children with mental retardation and children with normal development. The author understood that emotional disorders in the psyche of younger schoolchildren interfere with their development and do not allow them to participate adequately in cognitive activity, make it difficult to adapt to learning conditions and full socialization.

*Keywords:* emotion, elementary grade, mental retardation, cognitive activity, emotional-volitional sphere, learning difficulties.

Эмоция – адам жан дүниесі ішкі және сыртқы әсерлердің салдарынан қобалжу, қорқу мен шаттану, ашулану мен ызалану сияқты күйлер және танымдық іс-әрекет арқылы көрініс беруі. Эмоция адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуші құрал болып саналады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоциясын зерттеудің өзектілігі, мұнда эмоция танымдық іс-әрекет дамуында ғана көрініс беруімен анықталмайды, сонымен қатар психикалық дамуы тежелген балалардың эмоциялық-еріктік сферасының бұзылуы ауытқудың күрделі құрылымы ретінде қарастырылады [1; 392б.].

Аталған симптомдардың патогенетикалық бұзылысы Г.Е.Сухарева, А.О.Дробинская, Т.А.Власова, М.С. Певзнер, К.С.Лебединская, В.И.Лубовский, еңбектерінде көрсеткендей, орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануынан туындайды.

К.С.Лебединский психикалық дамуы тежелген балаларды төрт түрге жіктей келе, әрқайсысының клиникалық және психологиялық құрылымында эмоционалды және интеллектуалды саланың жетілмегендігінің нақты үйлесімі бар екендігін ашып көрсетеді [2; 54 б.].

Психикалық дамудың кешеуілдеу бұзылысына қатысты өз пікірлерін ұсынған М.С.Певзнер, Т.А.Власова баланың эмоционалдық ерік сфералары қалыптасуын зерттей келе, нейродинамикалық бұзылулар сипаттамасына да назар аударды [3; 51 б.].

А.О.Дробинская 6-7 жастағы балалар арасындағы оқудағы қиындықтарын зерттеуінде байқалғандай ми құрылымдары мен олардың бір-бірімен байланысында қалыптан тыс ауытқу болады делінген [4]. Осы афтордың еңбектерінде клиникалық-психологиялық синдромдардың бір түрі бала эмоциялық жетіспеушілігін анықтайтын психикалық инфантилизм деп қарастырылады. Демек, маңдайдағы ми қызметі және олардың жүйелері дұрыс дамымауынан баланың эмоциясы өз жас шамасына сәйкес келмейді. К.С.Лебединская анықтағандай, дисгормониялық инфантилизм, яғни танымдық процестердің бұзылуы пайда болады.

Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектептің түлегі Г.Б.Шаумаров кейбір сезімнің қаттылығы мен эмоциялық сфераның тұтастай жетіспеушілігін зерттеді. Бұл жағдай баланың жақындарымен қарым-қатынасында байқалады деді [5].

Психикалық дамуы тежелген бала деп қалыпты балаға қарағанда психикалық процестер дамуының артта қалушылығымен сипатталады. Кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалардың негізгі эмоциялық сферасы қорқыныш, қобалжу, ашу, қуану арқылы көрініс береді. Мұндай балдар жалпы мектеп өміріне қиын бейімделеді. Себебі олар ең бірінші, эмоциялық тұрақсыздық жағдайларынан қиындыққа тап болады, екіншіден ерік-жігері әлсіз дамиды, соның салдарынан берілген тапсырмаларды орындауда тез шаршағыш, зейіні, эмоциясы тұрақсыз болып

келеді.

Бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамудың тежелу сипаты, тәртіптің болмауы, мақсатты түрдегі іс-әрекеттің дұрыс бағытталмауы, энцефалопатиялық бұзылыстармен, эмоцияларын дұрыс басқара алмауларымен, эмоционалды тұрақсыздық жағдайларымен көрініс береді. Эмоционалды тұрақсыздық – көңіл-күй мен эмоциялардың шашыраңқылығында, олардың тез өзгеруінде, оңай пайда болуында, эмоционалды қозу немесе жылау, кейде әсер етудің ынталандырылмаған көріністерінде байқалады. Көбінесе балаларда мазасыздық күй пайда болады [5].

Лубовскийдің зерттеулерінде аталғандай, бастауыш мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген баланың эмоциялық дамуы артта қалады, эмоциясы тұрақсыз, көңіл-күйлерінің тез ауытқуы байқалады. Осыған байланысты психикалық дамуы тежелген кіші мектеп жасындағы баланың эмоциялық сферасы ерекшеліктерін бөліп қарастыруға болады:

1. Оқуға деген мотивациясы мүлдем болмайды, танымдық қызығушылықтары төмен болады.
2. Балада таныс емес жайттар, бірден пайда болған аффекті реакциялар оларда эмоциялық тітіркену тудыруы ықтимал. Мұндай балалар кейде жақсы қарым-қатынас танытса, кейде ашуға беріліп, агрессивті мінез-құлық көрсетеді.
3. Бала қатарластарымен байланысқа түсуді қажет деп санамайды. Олардың бойында мазасыздық, алаңдаушылық сезімі басым болады. Бала қандай да бір тапсырманы орындау барысында бірден эмоциялық реакция танытады. Мұндай реакция қиындықтарды шешу барысында ғана емес, сәтсіздіктерден қорқу барысында да байқалады. Бұл қорқыныш баланың бойындағы интеллектуалдық тапсырманы шешуге деген іскерлігін төмендетеді және өзін өзі бағалауын дамытуды қажет етеді.

Темпераменттік ерекшеліктер деңгейінде психикалық дамуы тежелген балаларда эмоционалды тепе-теңдіктің қалыптасуында, мінез-құлқы мен іс-әрекетін реттеуде қиындықтар туындайды. ПДТ балаларда жиі кездесетін ауыр темперамент белгілеріне: көңілі бөліну, төзімсіздік, шыдамсыздық, көңіл-күйдің бұзылуы тән болып келеді. Егер ересек адамдар тарапынан, яғни қоршаған орта тарапынан, баланың психикалық және әлеуметтік дамуы ескерілмесе, онда баланың ересек жасына жеткенде пайда болатын паталогиялық ауытқуларға душар етеді [6].

Демек, бұл дегеніміз баланың темперамент ерекшеліктері де эмоцияның қандай да бір түрінің көрініс беруіне әсерін тигізеді және сол нәрсені оқу процесіне бейімдеу барысында ескеру қажеттілігі туындайды.

Психикалық дамуы тежелген балалардың эмоциялық сферасын қалыпқа келтіру олардың жас ерекшелік және психофизикалық ерекшеліктеріне, оларды дұрыс тәрбиелеуге байланысты қарастырылады.

Жалпы алғанда отбасында және мектеп өмірінде болсын психикалық дамуы тежелген балаға үнемі жеткіліксіз көңіл аударылады. Біріншіден, кейбір отбасылар баланың эмоциялық тұрғыдан ашылып, өзін көрсете алуына жайлы жағдай туғызбауы да мүмкін. Мұндай отбасындағы балалар іштей күйзеліске түсіп, сырттай агрессивті мінез-құлық танытып, өзінің эмоциясын дұрыс басқара алмайды. Екіншіден, мектеп педагогтері мұндай балдармен жұмыс жасау барысында тиісті әдістерді баланың ерекшелігіне қарай қолдана бермейді, шеттетулерге жол береді десек те болады. Осыдан келіп баланың көңіл – күйі күрт түсіп, өз-өзіне деген сенімсіздік пайда болады. Осының салдарынан бала тілі психикалық процестері дамуында, эмоциялық сферасындағы бұзылыстар мен ауытқулар көрініс бере бастайды.

Аталған мәліметтер бізге психикалық дамуы тежелген балалардың эмоциясын түсінуге қатысты бірқатар тұжырымдарды жасауға көмектесті. Өзінің эмоционалды жағдайы мұндай балада жеткілікті түрде қабылданбайды, бұл басқа адамдардың эмоционалды күйлерін түсінуге және жалпы қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтарға әкеледі. Көптеген зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, бұл балалар мінез-құлқы мен эмоциясы байланысын өзінің эмоциялық жай-күйін сезіне отырып танытатынын атап өтуге болады.

Психологтар мен арнайы педагогтер тарапынан баланың дұрыс өмір сүру дағдыларын сәтті қалыптастыру үшін балаға өз эмоциясын түсінуді және оны дұрыс басқара білуді үйретуге қолайлы жағдай туғызу көзделеді. Өз кезегінде зерттеулерге сүйене отырып, эмоцияның сыртқы ортада дұрыс көрініс беруі оқу іс-әрекетінде маңызды рөлге ие екендігін ескеретін болсақ, кіші мектеп жасындағы психикалық дамуы тежелген балалар эмоциялық сферасының ерекшеліктерін зерттеу және оны қалыптастыру маңызды сипатқа ие болып қала бермек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жавнерко А.П. Особенности понимания эмоций детьми с задержкой психического развития младшего школьного возраста в контексте социализации эмоций //Казанский педагогический журнал, №2, том 2, 2016, сс. 392-395.
2. Лебединский В.В. Нарушения психического развития в детском возрасте. (Учеб. пособие для студ. психол. фак. высш. учеб. заведений. М., Издательский центр «Академия», 2003.
3. Власова Т.А., Певзнер М.С. О детях с отклонениями в развитии. М.  
[https://pedlib.ru/Books/6/0192/6\\_0192-1.shtml](https://pedlib.ru/Books/6/0192/6_0192-1.shtml)
4. Дробинская А.О. Ребенок с задержкой психического развития: понять, чтобы помочь. М.: Школьная Пресса, 2005 – 96с. [https://pedlib.ru/Books/5/0108/5\\_0108-1.shtml](https://pedlib.ru/Books/5/0108/5_0108-1.shtml)
5. Специальная психология. Под редакцией академика В.И. Лубовского (Москва, издательство «Юрайт», Том1, учебник 7-е издание, 2019, сс. 172-175
6. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология. Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір» 2011, 145-146 б.

## ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ РИТМИКА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ЖЕҢУДЕ ТИІМДІ ӘДІС РЕТІНДЕ

Г.А. Ақылбек<sup>1</sup>, А.А. Кабдырова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ҚазҰҚызПУ 7М01901 – Арнайы педагогика  
мамандығының 1 курс магистранты, [gulfairus.2000@gmail.com](mailto:gulfairus.2000@gmail.com)

<sup>2</sup>аға оқытушы, PhD, [Kabdyrova.ainur1@qyzpu.edu.kz](mailto:Kabdyrova.ainur1@qyzpu.edu.kz)

*Аңдатпа.* Мақалада мектеп жасына дейінгі баланың сөйлеу дамуын түзетудегі логоритмикалық жаттығулардың рөлі сипатталған. Ойындар, ән айту, ритмикалы қозғалыстар бала миының белсенділігін арттырады, сондықтан логоритмиканы балаларға қол жетімді түрде, ойын түрінде жасау ұсынылады.

*Кілт сөздер:* логоритмика, мектеп жасына дейінгі балалар, музыка, ритм, қозғалыс, ойын, жаттығу

### Логopedическая ритмика как эффективный метод преодоления речевых нарушений у детей дошкольного возраста с ОНР

*Аннотация.* В статье описывается роль логоритмических упражнений в коррекции речевого развития дошкольника. Игры, пение, ритмические движения активизируют деятельность головного мозга ребенка, поэтому рекомендуют заниматься логоритмикой в доступной для детей форме – игровой.

*Ключевые слова:* логоритмика, дошкольники, музыка, ритм, движение, игра, упражнения.

### Logopedic rhythms as an effective method of overcoming speech disorders in preschool children with general speech undevelopment

*Annotation.* The article describes the role of logorhythmic exercises in the correction of the speech development of a preschooler. Games, singing, rhythmic movements activate the child's brain, therefore, it is recommended to engage in logorhythmics in a form accessible to children - a game.

**Keywords:** logorhythmics, preschoolers, music, rhythm, movement, game, exercises.

Ата-аналар үшін баласынаң бақытын көруден маңызды және құнды ештеңе жоқ. Бала физикалық және ақыл-ой жағынан сау, жасына сәйкес коммуникативті болса, бұл ата-ана үшін бақыт емес пе? Бірақ, әрдайым олай болмайды. Баланың дамуы әрдайым үйлесімді бола бермейді. Ата-аналардың алдында тұрған көптеген мәселелер бар. Осындай проблемалардың бірі - қазіргі уақытта көптеген балаларда болатын сөйлеу патологиялары. Бірақ үміт үзбеу керек, баламен логопед және мұғалім жұмыс істеуі керек.

Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға не тән? Мұндай балаларда жалпы және ұсақ моториканың нашар дамыған және айқын бұзылуы бар, тыныс алу проблемалары бар, бұл көбінесе үстіртін сипатта болады. Жүйке жүйесі әлсіз, сондықтан балалар тым белсенді немесе керісінше пассивті болуы

мүмкін. Сондай-ақ, әлсіз жүйке жүйесінің салдарынан сөйлеу қабілеті бұзылған балаларда сабақ кезінде шаршау, ересек адамды тыңдауға және естуге құлықсыздық жоғарылайды, біз олар назарының жетіспеушілігін байқаймыз, өнімділік пен есте сақтау қабілеті төмендейді. Бірақ үмітімізді үзбеуіміз керек.

Педагогика мен логопедияда сөйлеу бұзылыстарын түзету үшін көптеген технологиялар, әдістер мен тәсілдер бар.

Логопедиялық ритмика әдісі туралы айтқым келеді. Бұл не?

XX ғасырдың басында Еуропада әйгілі швейцариялық мұғалім және музыкант Эмиль Жак-Далькроздың "ритмикамен тәрбиелеу" жүйесі пайда болды, ол "ритмикалы гимнастика әдісін" жасады. Ол адам денесінің музыкалық шығарманың қарқынын, ырғағын, динамикасын және көркем сөзін жеткізетін өзіндік құрал екенін зерттеді.

Әсіресе, Далькроз балалар үшін ритмиканың маңыздылығын атап өтті, өйткені қозғалыс олар денесінің биологиялық қажеттілігі болып табылады. Кейінірек емдік ритмика музыкалық ритмикадан ерекшеленді, содан кейін оның бір тармағы сөйлеу бұзылыстарын түзету үшін арнайы жасалған логопедиялық ритмика болып бөлінді. Бүгінгі күнге дейін логоритмика үнемі дамып байытылуда.

Дамыған және байытылған логопедиялық ритмика - бұл 3 компонентті қамтитын кешенді технология: логопедиялық (сөйлеу), музыкалық-ритмдік (музыка және ритм) және дене тәрбиесі (қозғалыс). Демек, логопедиялық ритмикадағы негізгі міндет қозғалыс процесінде ырғақ сезімін қалыптастыру негізінде есту зейінін дамыту арқылы сөйлеуді жетілдіру болып табылады.

Мұндай сабақтардың мәні неде? Біз негізгілерін тізімдейміз:

– зерттеулерге сәйкес, сабақтар сөйлеуге жағымды эмоционалды көңіл-күй қалыптастырады, логопедиялық жаттығуларды орындауға ынталандырады;

– бұл сабақтар сөйлеуді дамытуға ғана емес, сонымен қатар есту, есте сақтау және зейінді, жалпы және ұсақ моториканы, интеллектуалдық-танымдық процестерді, баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, адамгершілік эстетикалық сезімдерді тәрбиелейді;

- денсаулық сақтау әдістерін қолдана отырып, логоритмиканы қолдану баланың денсаулығына пайдалы әсер етеді: оның денесінде оң эмоциялар мен жүрек-қантaмыр жүйесі, сөйлеу моторы, тыныс алу жүйесі және басқа жүйелердің қозғалыс белсенділігі жаңарып қанығады. Балалар тыныс алу және сауықтыру жаттығуларын орындауға, ойын массажы мен өзін-өзі массаж жасауға үлкен қызығушылық танытады, сөйлеу және саусақ ойындарын қуана ойнайды;

- логопедиялық ритмика бойынша сабақтарға психогимнастика, пассивті және белсенді музыкалық терапия элементтері қосылады, олар баланың сөйлеуін дамытуға оң нәтиже береді.

Көптеген бақылаулар баланың сөйлеуі оның физикалық белсенділігіне тікелей байланысты екенін көрсетеді: баланың моторикасы неғұрлым жоғары болса, оның сөйлеуі соғұрлым жақсы дамиды. Бірақ бұған екінші жағынан қарауға болады - қозғалыстардың қалыптасуы тек сөйлеудің қатысуымен жүреді. Сөйлеу – қозғалыс-кеңістіктік жаттығулардың негізгі элементі. Қозғалысты үйлестіруді, ұсақ моториканы дамыту сөйлеу ритмімен бірге жүреді, сондықтан қозғалыстар серпімді, тегіс, иілгіш болады. Өлең мен музыкалық шығарманың ритмі сөйлеудің дұрыс қарқынын дамытады, сөйлеу есту қабілеті мен есте сақтау қабілеті дамытады, сонымен қатар балаларды өзінің эмоционалдылығы және мәнерлілігімен қызықтырады, ойынға жайбарақат бейімдейді.

Егер талдайтын болсақ, логоритмика сабақтарына арналған әдістемелік материалды дұрыс таңдау балаларға олардың осал жақтарын дамытуға көмектеседі, яғни бұлшық ет тонусын реттеуге, есту, дауыс, зейін мен есте сақтауды дамытуға мүмкіндік береді. Логоритмикамен айналысу логопедиялық сабақтармен алмастырылмайды, тек оларды толықтырады.

Логоритмикалық сабақтар балалардың психикалық денсаулығын нығайтуға ықпал етеді, өйткені олар жоғары эмоционалдылыққа ие. Музыкамен үйлескен қозғалыстардың эмоционалды сезімдері айналада болып жатқан оқиғаларға қызығушылық, тәуелсіздік және ертеңгі күнге деген сенімділіктің дамуына ықпал етеді. Логоритмика бойынша сабақтарды аптасына бір рет күннің екінші жартысында үйірме қызметі түрінде өткізу керек. Жұмыста қолданылатын логопедиялық ритмика сабақтарына енгізілген кейбір ойындар мен жаттығулардың мысалдарын келтірейік:

*1. Саусақ ойындары:*

*"Серуендеу"*

Бір, екі, үш, төрт, бес,  
Біз серуендеуді шештік

(екі қолдың саусақтары кішкентай саусақтардан бастап үстелге кезекпен "қадам жасайды").

Барлығы киінді, есік ашылды

*(әр саусақты негізге орап, екінші қолыңызбен қысып, "шығаруға тырысамыз", сипау пайда болады).*

Баспалдақ пен асықты

*(біз екі қолдың сұқ саусақтарын үстелге тигіземіз).*

Олар көгалдарға жүгірді

*(біз саусақтарымызды жұдырыққа қысып, кезекпен "босатып", үстелге ұрдық).*

Барлығы бірге билей бастады *(біз екі қолдың саусақтарын ұстаймыз).*

Демалды сосын үйге

Олар анасына жүгірді.

*(қол шапалақтаймыз).*

### *"Кездесу"*

Сәлем, сәлем, сәлем

О, Біз жүз жыл бойы бір-бірімізді көрмедік!

*(әр саусақтың аты аталған сайын екі қолдың саусақтарын біріктіреміз)*

Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек

Міне, бәріміз де қонаққа келдік

*(саусақтарыңызды бір-біріне жұппен ұрыңыз)*

Алақай, алақай, алақай!

Біз ойнайтын кез келді! *(алақанды кезекпен қысу)*

Ертең біз сізге тағы келеміз,

Достарымызды да алып келеміз *(саусақтарыңызды жұппен ұстаңыз)*

2. *Музыкалық аспаптармен музыкалық және музыкалық-ритақты ойындар.*

### *"Кімнің қадамдары"*

Жануарлар, адамдар сияқты, қозғалады, секіреді, жүгіреді, қадам жасайды. Олардың барлығы әртүрлі жолмен қозғалады. Мұғалім жануарлардың қадамдарын музыкалайды, ал балалар алдымен әуенді қайталап, қозғалысты бейнелеп, кім осылай жүретінін болжауы керек. Бұл ойынды жануарлардың дауысын табу арқылы түрлендіруге болады. Ойынды музыкалық шығарманы орындаумен "андар шеруі" арқылы аяқтауға болады.

3. *Дыбыстарды автоматтандыру және дифференциациялау үшін фонопедиялық жаттығулар.*

Ма-ма-ма – жегім келді алма.

Да-да-да – пісіп тұрды талда.

Ел-ел-ел – тұрып кетті жел.

Ға-ға-ға – алма түсті қолға.

### **Список использованной литературы**

1. Бабушкина Р.Л. Логопедическая ритмика: методика работы с дошкольниками, страдающими общим недоразвитием речи / Р.Л. Бабушкина, О.М. Кислякова; под ред. Г.А. Волковой – СПб.: КАРО, 2005.
2. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика. – М.: Владос, 2002
3. Гоголева М.Ю. Логоритмика в детском саду. – Ярославль: Акад. развития, 2006.
4. Картушина М.Ю. Логоритмические занятия в детском саду. – М.: Сфера, 2005.
5. Нищева Н.В. Логопедическая ритмика в системе коррекционно-развивающей работы в детском саду. – СПб.: Детство-пресс, 2014.

## **СӨЙЛЕУ ТІЛІ ЖАЛПЫ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘНГІМЕ ҚҰРАСТЫРУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Б.М. Мажинов<sup>1</sup>, А.Б. Қайыржанова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, қауымдастырылған профессор м.а

<sup>2</sup>Арнайы педагогика мамандығының 1-курс магистранты,

Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалар, жалпы әңгіме құрастыру дағдысы және оның сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардағы қалыптасу

ерекшеліктері туралы мәлімет беріледі. Әңгіме құрастыру дағдылардың дұрыс дамымауының салдарлары ашып көрсетілген. Әңгіме құрастыру дағдылары туралы және сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың әңгіме құрастыру дағдысын зерттеген ғалымдардың зерттеулері қолданылған.

#### **Особенности навыков составления рассказов дошкольников с общим недоразвитием речи**

*Аннотация.* В статье представлены сведения о дошкольниках с общим недоразвитием речи, навыках составления рассказа и их особенностях у детей с общим недоразвитием речи. Составление рассказа раскрывает последствия неправильного развития навыков. Используются исследования ученых, изучавших навыки составления рассказа у дошкольников с общим недоразвитием речи.

#### **Features of the story-building skills of preschoolers with general underdeveloped speech**

*Annotation.* This article presents information about preschoolers with general speech under development, the skills of composing stories and the features of its formation in children with general speech underdevelopment. Writing a story reveals the consequences of improper skill development. The research of scientists who studied the skills of making a story in preschoolers with general speech underdevelopment was used.

Сөйлеу - бұл тұлғаның негізгі шығармашылық, психикалық қызметі, өзін-өзі дамыту, ұйымдастыру, жеке басыңды, ішкі дүниенді қалыптастыру қабілетінің көрінісі. Педагогикалық энциклопедиялық анықтамалықта «сөйлеу» түсінігі тіл арқылы адамдардың қарым-қатынас нысаны ретінде түсіндіріледі [1].

Жалпы сөйлеу тілінің дамымауы — сөйлеу жүйесінің мағыналық және дыбыстық жағына қатысты барлық компоненттерінің қалыптасуы бұзылған күрделі сөйлеу бұзылысы болып есептеледі. Сөйлеу тілі дамымаған бала үшін тілдік дағдылар мен сөйлеу нормаларын меңгеру және қалыптастыру күрделі кедергіге айналуға.

Онтогенездегі сөйлеуді дамыту сөздік қорды байытуды, тілдік заңдылықтар мен нормаларды меңгеруді, іс жүзінде оларды қолдануды, іс-әрекеттің мазмұнын толық, дәйекті түрде жеткізе білуді немесе өз бетінше мағынасы, құрылымы жағынан дұрыс байланысқан әңгіме құра білуді қамтиды. Мектепке дейінгі жаста байланыстырып сөйлеуді дамыту баланың мектепте сәтті оқуының маңызды шарты болып табылады.

Мектепке дейінгі жас- байланыстырып сөйлеуді қалыптастыруда өте маңызды кезең, дәл осы кезеңде сөйлеудің контекстік және ситуациялық жағы пайда болады, монологтық сөйлеудің алғашқы формалары қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі бала сөйлеуін дамыту проблемаларының бірі – әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту. Әңгіме құрау-балаларда белгілі бір құбылыс туралы түсінік қалыптастыру, жағымды эмоциялар тудыру, дұрыс экспрессивті сөйлеу үлгісін жасау, сөздік қорды байыту, сөйлеудің грамматикалық формаларын бекіту үшін қолданылатын жұмыс түрі.

Әңгіме - бұл кезкелген фактінің, оқиғаның дербес, егжей-тегжейлі экспозициясы. Әңгіме құрастыру – айтылған ақпаратты қайталаудан да күрделі әрекет. Бала өзі тандаған тақырыпқа сәйкес әңгіменің мазмұнын анықтап, сөйлеу формасын таңдауы керек. Әңгімелеудің маңызды міндеттері- ақпаратты жүйелеу, оны қажетті ретпен, жоспарға сәйкес құрастырып айту болып табылады.

Әңгіме құрастыру баланың ойлауына, қиялына, сезіміне, танымдық қабілеттеріне әсер етіп қана қоймай, байланыстырып сөйлеу тілі арқылы коммуникативті дағдыларын дамытады.

Мектеп жасына дейінгі педагогикалық көптеген еңбектерде балаларды әңгіме құрастыруға дағдыландыру байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру, сөйлеу белсенділігі мен шығармашылық бастаманы дамыту негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады (А.М. Бородич, Э. П. Короткова және т. б.). Әңгіме құрастыру дағдысы дамуы балалардың психикалық процестері мен танымдық қабілеттерін қалыптастыруға оң әсер етеді.

Әңгімелер негізінен *нақты* және *шығармашылық* болып бөлінеді. Біріншісі, атауының өзі көрсеткендей, нақты оқиғаларды (фактілерді) жеткізеді, олар тікелей қабылдау негізінде немесе есте сақтау арқылы құрастырылады. Екіншісі, шығармашылық қиялдың белсенді қатысуымен құрылады, соның арқасында нақты оқиғалар туралы әңгіме "нақты жағдайда болмаған кейбір қосымша бөлшектермен" толықтырылуы да мүмкін.

Әңгімелер формасына қарай *сипаттамалық* және *сюжеттік* болып бөлінеді. Сипаттамалық әңгіме нақты немесе суретте бейнеленген заттарды қарапайым сипаттаудан тұрады.



Мұндай әңгімеде оқиға желісі болмайды, тек осы тақырыпқа тән белгілер сипатталынады. Әңгіменің бұл типінде сын есімдер жиі пайдаланылады.

Сюжеттік әңгімеде іс-әрекеттің басталуы, даму барысы, қандай да шарықтау шегіне жететін кезеңі баяндалады, мұндағы оқиғалар себеп-салдарлық байланысты ескере отырып, белгілі бір уақыт тізбегінде жүреді .

Л.С.Выготский өз еңбегінде мектеп жасына дейінгі балаларда әңгіме құрастыру дағдысының қалыптасу моделін құрып, процесті екі негізгі кезеңге бөліп қарастырады:

1. Семантикалық, яғни, әңгіме құрастыру элементтерін таңдаумен байланысты.
2. Тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес әңгіменің желісін құрастырады [2].

Мектепке дейінгі жаста ауызша монологтық сөйлеудің екі түрі қалыптасады: естігенді қайталау және өздігінен әңгіме құрау .

Э.П. Короткова мектеп жасына дейінгі балалардағы әңгіме құрастырудың келесі түрлерін бөліп көрсетеді:

- 1) ойыншықтар мен заттар бойынша әңгімелеу;
- 2) сурет бойынша әңгімелеу;
- 3) жеке тәжірибесін әңгімелеу;
- 4) шығармашылық әңгімелеу [3].

Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы кезінде тілдің барлық құрылымдық компоненттері, соның ішінде байланыстырып сөйлеу бұзылыстары байқалады. Зерттеуші В.П. Глухов өз еңбегінде бұл қиындықтар тілдің фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық жүйелердегі бұзылыстармен, сондай-ақ психикалық процестер дамуының кешеуілдеуімен байланысты деп көрсетеді[4]. Осы категориядағы балалардың әңгіме құрау қабілеттерінде Т.А. Ткаченко оқиға желісінің ретсіздігін, дәлдіктің анық еместігін, әңгімеде себеп-салдарлық қатынастарға емес, сыртқы әсерлерге назар аудару басым болатынын ашып көрсетеді [5].

В. К. Воробьеваның зерттеулерінде сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда әңгіме құрау дағдыларының қалыптасу ерекшеліктерінің 4 деңгейі бөліп қарастырылады [6].

1- деңгей

Бұл деңгейдегі балалар әңгіме құрауда, сұраққа жауап беруде күнделікті сөйлеуде жиі қолданылатын стереотиптік, осыған дейін меңгерілген сөз тіркестерімен жауап береді. Мұндай балалардың сөйлеуі эмоционалды емес, монотонды, үзіліспен жүреді. Олар үшін қысқа әңгіме құрастыруда да негізгі мағынаны, кілт сөзді бөліп көрсету қиындық тудырады.

2-деңгей

Негізгі мағынаны жалғастыру кезеңі. Автор бұл деңгейге негізгі тақырып аясында өздігінен емес, өзгенің ойын жалғастырады. Бұл балаларда әңгіме құрастыруға қызығушылық болғанымен, адамның сөзін толық қабылдауға түсінік қалыптаспағаны байқалады.

3-деңгей

Әңгімені қысқаша аяқтау деңгейі. Бұл деңгейде бала басталған тақырып аясындағы әңгімені жалғастыра отырып, адекватты түрде ойды аяқтайды,әңгіме желісі кем дегенде бір немесе екі сөйлемге созылады. Осы топтағы балаларда әңгіме құрастыруға қызығушылық басым болып, процеске тез кіріседі.

4-деңгей

Әңгіме желісін дамыту кезеңі. Бұл деңгейде бала әңгіме құрастыруда оқиға желісінің жоспар бірлігін сақтай отырып, әңгімені өздігінше дамытады, жаңа оқиға компоненттерін қосады.

Мектепке дейінгі жаста ауызша монологтық сөйлеудің екі түрі қалыптасады: естігенді қайталау және өздігінен әңгіме құрау .

Ғалым В.П. Глухов еңбектеріне сәйкес, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың әңгіме құрастыру дағдылары ерекшеліктеріне: баяндау дәйектілігі мен үйлесімділігінің бұзылуы, мағыналық жағынан кездесетін олқылықтар, грамматикалық формалардың тиімсіз қолданылуы жатады. Осы категориядағы балалардың әңгіме құрауында құрылымдық кемшіліктер, лексикалық қиындықтар, фразалық сөйлеудің төмен деңгейі, сөйлем құраудағы көптеген қателіктер көп кездеседі. Осы мәселелерді ескере отырып, біртұтас әңгіме құрастыру дағдысын қалыптастыру сөйлеудің жалпы дамымауы бар балалармен түзету және дамыту жұмыстарының жалпы кешенінде маңызды бағыт болып табылады.

Зерттеуші Т.Б.Филичеваның пікірінше, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың әңгіме құрау қабілеттері бірқатар ерекшеліктерге ие, оларға келесідей

кателерді жатқыза аламыз:

- 1) берілген тақырып, сурет, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрастыру кезінде логикалық реттіліктің бұзылуы, негізгі элементтерді аңғармау, жеке эпизодтарды қайталау;
- 2) шығармашылық элементтері бар еркін тақырыптағы әңгіме құрастыруда, өз өміріндегі оқиғалар туралы әңгімелеуде балалар негізінен қарапайым, аз ақпарат беретін сөйлемдерді қолданады.
- 3) әңгіме құрау кезінде өз ойлары мен сөздерін жоспарлау және тиісті тілдік құралдарды таңдау кезінде қиындықтарға тап болады [7].

Қорыта келгенде, сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балаларда әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Бұл категориядағы балаларда әңгіме құрастыру дағдыларын меңгерудегі қиындықтар, ең алдымен, тілдік жүйе компоненттері дамуының артта қалуымен байланысты түсіндіріледі.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған мектеп жасына дейінгі балалардың әңгіме құрастыру дағдыларын дамыту визуалды, сөйлеу-есту және тактильді қабылдауды, зейінді, есте сақтауды, байқампаздықты дамытуға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі бала заттың маңызды белгілерін бөліп көрсетуге және салыстыруға, оларды сипаттау үшін қажетті сөздерді, сөйлемдерді қолдануға, өз сөзін үйлесімді, дәйекті ойға біріктіруге үйренеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ибатова Г.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымының қалыптасуының психологиялық-педагогикалық және лингвистикалық негіздері // Хабаршы «Арнайы педагогика» сериясы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ғылыми журналы, 2020. № 3, 48-52 б.
2. Выготский Л.С. Мышление и речь. Психика, сознание, бессознательное. М.: АСТ, 2011. – 640 б.
3. Короткова Э.П. Обучение рассказыванию в детском саду. М., 1978
4. Глухов В.П. Исследование особенности связной речи старших дошкольников с задержкой психического развития и общим недоразвитием речи // Логопедия. М., 2005. – № 3. – сс.13-24.
5. Ткаченко Т.А. Учим говорить правильно. Система коррекции общего недоразвития речи у детей 6 лет : пособие для воспитателей, логопедов и родителей. Москва. : ГНОМ и Д, 2003. – 112 с.
6. Воробьева В.К. Методика развития связной речи у детей с системным недоразвитием речи. М.: АСТ : Астрель :Транзиткнига, 2006. – 158 с.
7. Филичева Т.Б. Особенности речевого развития дошкольников / Дети с проблемами в развитии. М., 2004. №1.

## **ЦЕРЕБРАЛЬДЫ САЛ АУРУЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДАҒЫ СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫ**

**А.Т. Бектенбаева<sup>1</sup>, И.А. Денисова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ҚазҰҚызПУ 7М01901 – Арнайы педагогика

мамандығының 1 курс магистранты [abektenbayeva1@gmail.com](mailto:abektenbayeva1@gmail.com)

<sup>2</sup>Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚазҰҚызПУ

[irenadenisova@mail.ru](mailto:irenadenisova@mail.ru)

*Аңдатпа.* Сіздер бұл мақалада аталмыш тақырып аясынан кеңінен тірек-қозғалыс аппараты бұзылыстарының түрлері, бұзылу себептері, түзету жұмыстарының басты бағыттарымен таныстырасыздар.

*Кілт сөздер:* сөйлеу артикуляциясы, бұзылыстар, церебральды формалар, бұлшықет тонусы.

#### **Речевые нарушения у детей с различными формами детского церебрального паралича (ДЦП)**

*Аннотация.* В этой статье описаны виды нарушений опорно-двигательного аппарата, их причины и основные направления коррекционной работы.

*Ключевые слова:* речевая артикуляция, нарушения, церебральные формы, мышечный тонус.

#### **Speech disorders in children with various forms of cerebral palsy (cerebral palsy)**

*Annotation.* In this article, you will get acquainted with the types of disorders of the musculoskeletal system, the causes of violations, the main directions of correctional work.

*Keywords:* speech articulation, disorders, cerebral forms, muscle tone.

Қазіргі кезде қимыл-қозғалыс аппараты зақымдалған балаларға медициналық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік реабилитация жасау, ауыр кемістіктің алдын алу мәселесі алға қойылған.

Церебральды сал оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеті әлеуметтік бейімдеу мен қоғамға интеграциялау, яғни қоғамға пайдалы еңбекке араластыру. Балалардың тірек-қимыл аппараты бұзылуы дегеніміз – жас кезінен бастап прогрессивсіз топтарды біріктіретін, бірақ моторлық бұзылыстар синдромының ауысып тұруы және бас ми қыртысының дұрыс қалыптаспауы мен қайталанып бұзылуы болып табылады.

Бұл патология балалардағы жүйке жүйесі ауруының құрылымында жетекші орындардың бірін алады. Айқын моторлық, сөйлеу және психикалық бұзылуларды түзету қиын және көбінесе ауыр мүгедектіктің себебі болып табылады.

Церебральды сал ауруы-бұл орталық жүйке жүйесінің ауыр ауруы, онда ерікті қозғалыстарға жауап беретін ми құрылымдары ерекше зардап шегеді. Бұл құрылымдардың зақымдануы сөйлеудің қалыптасу процесіне теріс әсер етеді. Церебральды сал ауруының белгілері туылғаннан бастап анықталады, сондықтан өмірдің алғашқы апталарында бала психикалық дамуының бүкіл барысы бұзылады. Балалардың психикалық дамуындағы ауытқулардағы үлкен рөл мотор, сөйлеу, сенсорлық және эмоционалды-жеке бұзылуларға жатады.

Сөйлеу бұзылыстарының ерекшелігі церебральды сал ауруы жекелеген түрлерінде мидың зақымдануы әртүрлі локализациясымен анықталады. Әдебиеттерде церебральды сал ауруының 20-дан астам классификациясы келтірілген, бірақ ең көп қабылданған классификация Д.С. Футер: Қос гемиплегия, спастикалық диплегия, гемипаретикалық форма, гиперкинетикалық және церебральды формалар. Алайда, К.А. Семенова осы классификацияны негізге ала отырып, Ферстер сияқты церебральды емес, атоникалық-астатикалық форманы бөліп алу дұрысырақ деп санады, өйткені көбінесе балада фронтальды маңдай мен церебральды зақымдануларды сенімді түрде ажырату мүмкін емес [1].

Церебральды сал ауруының ең ауыр түрі-қос гемиплегия-тетрапарез, ол жоғарғы және төменгі аяқтардың зақымдануының ерекше ауырлығымен сипатталады. Мұндай балалардың 90%-дан астамында псевдобульбарлы дизартрия немесе анартрия бар (артикуляция жүйесін күрт бұзатын сөйлеу-қозғалтқыш бұлшық еттерінің салдануына байланысты сөйлеудің толық мүмкін еместігі). Артикуляциялық аппараттың ең ауыр зақымдануы байқалады. Қос гемиплегиямен ауыратын балалардың сөйлеу алдындағы дамуы өрескел бұзылған. Кейбір жағдайларда дизартриялық құбылыстар алаликалық құбылыстармен біріктіріледі. Артикуляциялық аппараттың кортикальды иннервация аймақтарының қол бұлшықеттері, әсіресе қол мен бас бармақтың иннервация аймақтарымен анатомиялық жақындығы, сондай-ақ сөйлеу дамуын ынталандыру үшін манипуляциялық әрекеттің маңыздылығы туралы нейрофизиологиялық деректер артикуляциямен жұмыс істеу және сонымен бірге қолдың функционалдығын дамыту қажеттілігін тудырады.

Спастикалық диплегияда-тетрапарезде, онда қолдар аяққа қарағанда әлдеқайда аз әсер етеді, кейде минималды (бұл форма әлі де "Литтл ауруы" деп аталады) – сөйлеу бұзылыстары 80% жағдайда байқалады. Церебральды сал ауруының бұл түрінде сөйлеу бұзылыстары дизартриялық бұзылулар басым болатын зақымданудың ауырлығына ие. Спастикалық диплегиясы бар балаларда психикалық дамудың қайталама кешігуі жиі кездеседі. Спастикалық диплегия жағдайларының шамамен 70% - дизартрия (псевдобульбарлы) түріндегі сөйлеу бұзылыстары байқалады, моторлы алалияға қарағанда әлдеқайда аз. Бұл сөйлеу бұзылыстарын жеңу үшін ерте әрі ұзақ логопедиялық сабақтарды қажет етеді.

Церебральды сал ауруының гемипаретикалық түрінде (дененің бір жағының парезі немесе параличі) оң жақ гемипарезде сөйлеу бұзылыстары шамамен 60% байқалады. Әртүрлі сөйлеу бұзылыстары арасында жалған және алаликалық көріністер мен сөйлеу дамуының кешігуі басым. Сөйлеу бұзылыстары көбінесе псевдобульбарлы дизартрия түрі бойынша және сирек – моторлы алалия түрі бойынша болады. Әртүрлі сөйлеу бұзылыстарының арасында сол жақ гемипарезбен (негізінен псевдобульбарлы дизартрия), ең жиі кездесетіні-сөйлеу дамуының кешігуі, кейде сөйлеудің интонациялық-музыкалық жағы жеткіліксіздігі.

Гиперкинетикалық сал түрінде еріксіз қозғалыс бұзылыстарымен сипатталады, бұл түрі көбінесе гиперкинетикалық (экстрапирамидалық, субкортикалық) дизартрия түрінде сөйлеуде көрінеді. Бұл оқыту мен әлеуметтік бейімделуге қатысты болжамды түрде өте қолайлы форма; кейбір жағдайларда дизартрия үлгісі динамикалық диспраксия, псевдоалаликалық және алаликалық синдромдар түріндегі кортикальды сөйлеу бұзылыстарымен қиындайды. Белгілі фонетикалық-

фонематикалық дамымау кейбір жағдайларда сенсорлық сөйлеудің дамымауымен, сенсорлық алалия синдромдарының бір түрімен күрделенеді.

Атоникалық-астатикалық сал түрінде, патологиялық тоникалық рефлексдер болған кезде бұлшықет тонусы төмендігімен, орнату рефлексдері болмауы немесе дамымауы және жоғары сіңір рефлексдерімен сипатталатын церебральды сал ауруының атоникалық-астатикалық түрінде церебральды немесе псевдобульбарлы дизартрия түріндегі сөйлеу бұзылыстары байқалады [2].

Осылайша, церебральды сал ауруының әртүрлі формаларында сөйлеу бұзылыстары жиілігі мен сипаты бірдей емес. Көптеген формаларда жиі кездесетін сөйлеу бұзылыстары дизартрия болып табылады, артикуляциялық аппараттың зақымдануының ең үлкен ауырлығы қолдың зақымдануының ең үлкен ауырлығымен сәйкес келеді.

Церебральды сал ауруы бар балаларды логопедиялық тексеру кезінде бала міндетті түрде шешініп, ыңғайлы диванға немесе төсекке жатқызылады; тексеру кезінде бала арқа жағымен, іш жағымен немесе қырымен, егер мүмкін болса, отырып және тұрғызып тексерістер жасауға болады. Бұл жағдайда патологиялық рефлексдердің тыныс алуына, фонациясына және артикуляциясына әсерін атап өткен жөн. Баланың жалпы моторлық мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады: басын ұстап тұруы, оның жан-жаққа бұрылуы, отыруы, ойыншықты ұстау мүмкіндігі, жетекші қолды анықтау, саусақпен ұстау мүмкіндігі, т.б. кезкелген логопедиялық тексеру сияқты, баланың жалпы психикалық реакцияларын, оның сенсорлық функциялары ерекшеліктерін, оның интеллектуалды және эмоционалды көріністерін бағалау маңызды. Кейбір жағдайларда сөйлеуді одан әрі дамытудың қорытындысы мен болжамын анықтау үшін алынған мәліметтерді баланың жасына қарай жалпы моторлық, интеллектуалдық және сөйлеу дамуының деңгейіне сәйкес салыстырып, барлық функциялардың (мотор, сөйлеу, интеллектуалдық) біркелкі дамымағанын немесе олардың кейбіреулері негізінен зардап шегетінін анықтау пайдалы. Церебральды сал ауруы бар баланы логопедиялық тексеру динамикада жүргізіледі және оның моторлық даму динамикасымен салыстырылады.

Бұлшықет тонусын және артикуляциялық аппараттың моторикасын қалыпқа келтіру үшін логопедиялық массаж жасалады. Тыныс алу жаттығулары дем шығару күші мен ұзақтығын арттыруға бағытталған. Пассивтермен қатар, белсенді тыныс алу жаттығулары еліктеу элементін қосумен жүзеге асырылады. Бұл жағдайда еріннің қажетті позасы пассивті түрде сақталады. Баланың назарын өз дауысының дыбысына аудару, оның белсенділігін ынталандыру, дыбыстардың қайталануын тудыруға тырысады, яғни, аутоэхолалия, бұл сөйлеу-моторлы және сөйлеу-есту анализаторлары, сөйлеу белсенділігінің дамуына ықпал етеді. Заттармен қарапайым манипуляцияның дамуына балада кинестетикалық сезімдердің болмауы ғана емес, сонымен қатар қозғалыс патологиясына байланысты визуалды бақылаумен жанасудың қалыптаспауы да кедергі келтіреді. Қол, көз үйлестірудің осы жағын дамытуға көп көңіл бөлу керек. Саусақ ұштарының сезімталдығын дамыту бойынша жұмыс жасалады.

Жоғарыда айтылғандай, церебральды сал ауруында жиі дизартрия байқалады, олардың көпшілігінде оның псевдобульбарлы түрі бар. Дизартриядағы логопедиялық сабақтар мотор және сөйлеу ақауларының құрылымының патогенетикалық ортақтығын ескере отырып құрылады. Сонымен, сөйлеу бұлшық еттеріндегі бұлшық ет тонусының жоғарылауы жағдайында псевдобульбарлы дизартрия кезінде сабақтар артикуляциялық аппараттың бұлшық еттерін босаңсытудан басталады, ол үшін мойын бұлшық еттерін, ерін бұлшық еттерін, тіл бұлшық еттерін босаңсытуға, бет массажын босаңсытуға бағытталған әдістер қолданылады. Әрі қарай жұмыс артикуляциялық, тыныс алу гимнастикасын, дауысты дамытуды, артикуляциялық праксисті, дыбысты айтумен жұмыс істеуді қамтиды.

Церебральды сал ауруы бар балалармен дыбыстық айтылымда жұмыс істеу кезінде жаттығулардың әртүрлілігі дизартрияның түріне байланысты:

- псевдобульбарлы дизартрияда басты назар - жалпы және бет бұлшық еттерін босаңсыту, гиперсаливацияны жеңу, синкинезия;

- церебральды дизартрияда артикуляциялық бұлшық еттердің күшейтетін массажы тыныс алуды, фонацияны және артикуляцияны үйлестіруді дамыту үшін жаттығулармен біріктіріледі. Артикуляциялық құрылымдарды, артикуляциялық қозғалыстардың дәлдігін көбейтуге және сақтауға үйрету;

- экстрапирамидалық дизартрия кезінде балаға ауыз, тілдің орналасуын, беттің жалпы бет әлпетін бақылауды, гиперкинезді тежеуді, ілеспе қозғалыстарсыз және жалпы шиеленіссіз көзді ерікті түрде жауып, ашуды, әртүрлі артикуляциялық жолдарды көбейтуді, ұстауды және сезінуді және

бірінен екіншісіне тегіс өтуді үйретеді;

- кортикальды афферентті апраксиялық дизартрияда басты назар кинестетикалық сезімдердің, ауызша және қолмен праксистің дамуына аударылады;

- кортикальды афферентті дизартрияда артикуляциялық гимнастика нәзік сараланған қозғалыстарды дамытуға, әсіресе тілдің ұшын жоғары жылжытуға бағытталған. Баланың назары тілдің орналасу сезіміне аударылады, содан кейін тілді ауыз қуысының түбіне түсіруге үйретіледі. Ең бастысы-алдыңғы тілді дыбыстарды ынталандыру [3].

Сөйлеу дамуы кезінде церебральды сал ауруы бар балалармен логопедиялық жұмыста психотерапия маңызды орын алады, оның негізгі мақсаты ауыр психикалық көріністерді жою және өзіне, өзінің ақауына және қоршаған ортаға қарым-қатынасты дамыту болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Данилова Л.А. Методы коорекции речевого и психического развития у детей с церебральным параличом. Л., 1977.

2. Босых В. Г., Павловская Н.Т. Нарушение функции верхних конечностей при спастической диплегии: обследование и коррекция // Коррекционная педагогика. 2004.

3. Блыскина И.В., Ковшиков В.А. Массаж в коррекции артикулярных расстройств. СПб., 1995.

## **ЖАРАТЫЛЫСТАНУ САБАҚТАРЫ АРҚЫЛЫ АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ**

**А.Н. Қожаберген**

7М01902 – «Арнайы педагогика: логопедия» 2- курс магистранты

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Аңдатпа.* Сөйлеу әрекеті – үздіксіз үрдіс. Мектеп қабырғасында оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілетін дамытуда жаратылыстану пәні маңызды рөл атқарады. Себебі, жаратылыстану пәнінде оқушылар тақырыпқа байланысты түсінігін, тақырып мазмұнын ауызша жеткізеді. Арнайы мектептегі «жаратылыстану» пәнінің мазмұны зерттеу ойлау, қарым-қатынас жасау, мазмұндау арқылы сөйлеу қабілетін дамыту, т.б. білік-дағдыларының негізін қалыптастыруға бағытталған. Ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқытуда мұғалім олардың жалпы дамуы және сөйлеу тілінің ерекшеліктерін, сабақ барысында сөйлеу тілінің барлық компоненттерін дамытудың әдіс-тәсілдерін білуі тиіс.

*Түйін сөздер:* арнайы мектеп, сөйлеу процесі, жаратылыстану пәні, дамыту-оқыту процесі

#### **Значение развития устной речи учащихся специальной школы через уроки естествознания**

*Аннотация.* Речевая деятельность - это непрерывный процесс. Предмет естествознания играет важную роль в развитии устной речи школьников. Это связано с тем, что в естественнонаучных дисциплинах учащиеся устно передают понятие, связанное с темой, содержание темы. Содержание предмета "естествознание" в специальной школе включает в себя развитие умения мыслить, общаться, говорить через изложение и др., а также направлено на формирование основы умений и навыков этих процессов. Во время работы с детьми с особыми потребностями учитель должен знать особенности их общего развития, методы и приемы развития всех компонентов речи в ходе занятий.

*Ключевые слова:* специальная школа, речевой процесс, предмет науки, развивающий-образовательный процесс

#### **The importance of developing the oral language of students in a special school through science lessons**

*Annotation.* Speech activity is a continuous process. The subject of natural science plays an important role in the development of oral speech of schoolchildren. This is due to the fact that in natural science disciplines, students orally convey the concept associated with the topic, the content of the topic. The content of the subject "natural science" in a special school includes the study of the development of the ability to think, communicate, speak through presentation, etc., and is also aimed at forming the basis of the skills and abilities of these processes. While working with children with special needs, the teacher should know the features of their general development, methods and techniques for the development of all components of speech during classes.

*Keywords:* special school, speech process, subject of science, developing-educational process

*«Ойлауы мен сөйлеуі қоса жетілген  
адам ғана жан-жақты жетілген адам»  
Ж.Баласағұни*

Адам болмысының даму тарихында мүмкіндігі шектеулі адамдарға қоғамның қатынасы тіршілік әрекетінде әр кезеңнің әлеуметтік деңгейіне сәйкес сөйлеу әдеттерінің формасымен сипатталды. Мұндай түсініктерді қазіргі таңдағы адамдардың пікірлері мен көзқарастарынан жиі ажыратуға болады. Мүмкіндігі шектеулі балаға медициналық көмек көрсету жүзеге асырылып жатқанымен, мұндай балалардың оқыту мен әлеуметтендіру әлі де қиындықтарға ұшырауда. Сондықтан да білім беру бағдарламаларын жетілдіру қажет. Қоғам мүмкіндігі шектеулі баланы сырқат адам деп қабылдағандықтан, оларға тек медициналық көмек көрсетіп, білім беру жүйесі көп жағдайда тысқары қалып жатыр.

Білім алуда мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік ортаға сәтті бейімделуі оның мектеп қабырғасында алған біліміне тікелей байланысты. Мектеп қабырғасында алынған білім – баланың болашақта өз орнын тауып, барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыра алу кепілі болып саналады. Адам ауызша сөйлеу процестерін күнделікті өмірде қолданады [1].

Оқушылардың ауызекі сөйлеу қабілетін дамытуда жаратылыстану пәні маңызды рөл атқарады. Себебі, жаратылыстану пәнінде оқушылар тақырыпқа байланысты түсінігін, тақырып мазмұнын ауызша жеткізеді, ауызша сөйлеу тілі арқылы тақырып аясында сұраққа жауап беру арқылы сабақ барысы жүргізіледі. Жаратылыстану - пәнаралық байланыс аясы кең, мектепте оқытылатын негізгі пәндердің бірі.

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «адам мен табиғат» жүйесінің аясында ғылыми білімнің қарапайым болған деңгейін қамтамасыз етеді. Оқу пәні қоршаған әлемнің алуан түрлілігі мен күрделілігін, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын; жанды мен жансыз табиғатта болып жатқан кейбір болған табиғи құбылыстар мен процестердің әртүрлі себептерін; адам өміріндегі қызметінің көптеген түрлері үшін жаратылыстану білімінің маңыздылығын; қоршаған әлемнің әртүрлі объектілері мен құбылыстарын түсіндіруге және әртүрлі практикалық және зерттеу қызметі арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысына бағытталған [2].

«Мен зерттеушімін», «Заттар және олардың қасиеттері», «Жер және ғарыш» сияқты оқу бөлімдерін зерделеу білім алушылардың келесі дағдыларын дамытуына көмектеседі: зерттеу тақырыбын таңдау; сұрақтарды қою және оларға жауаптарды ойластыру; зерттеу жоспарын құру; болжамдарды ұсыну; зерттеу нәтижесінде алынған деректердің әртүрлі нысандарын жинау, өңдеу және түсіндіру мақсатында зерттеулер жүргізу, мұның барлығы жинақтала келе ауызша сөйлеу тілінің дамуына негізі болады.

Арнайы мектептердегі жаратылыстану пәнінің мақсаты болып жатқан табиғат құбылыстары мен олардың түрлілігін, күрделілігін және өзара әрекетті байланысын тану процесі барысында білім алушылардың зерттеу, ойлану іс әрекеттерінің негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Арнайы мектептерде жаратылыстану пәнінің түзете – дамыту міндеттері:

1) жаңа танысқан сөздердің мән-мағыналарын нақтылау мен аясын кеңейту және оларды балалардың сөйлеу тіліне ендіру;

2) ауызша сөйлеу тілінің дикциялық нақты болуымен түсініктілігін жетілдіру;

3) сөйлеу тілінің оппозициялық дыбыстарын айту мен оларды естіп ажыратуға қабілеттерін дамыту; көп құрамды қиын сөздердің айтуын бекіту;

4) сабақтың әр кезеңі бойынша сөйлеу фразаларды құрастыру алгоритмін қолдана алу қабілетіне үйрету; интонация, эпитет, антонимдер, салыстыру мен метафора сияқты мәнерлілік құралдарын қолдана отырып, берілген жоспар бойынша байланыстыру дағдыларын қалыптастыру;

5) жүйелі пәндік (метакогнитивті) қабілеттерін дамыту: табиғат құбылыстары және қоғам өмірі, табиғат құбылыстарын бақылау туралы ақпараттар материалдар негізінде - талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, жалпылау, категориялау, топтастыру

Арнайы мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны зерттеу, ойлау, қарым-қатынас жасау, арқылы сөйлеу қабілетін дамыту, т.б. білік-дағдыларының негіздерін қалыптастыруға бағытталған [3].

Арнайы мектептегі «Жаратылыстану» пәнін оқыту процесі күтілетін нәтижелерге негізделеді, олар танымның әрекеттік аспектісін сипаттап, келесі деңгейлер бойынша құрастырылады: «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

Сөйлеу тілінің барлық компоненттері дамымауына байланысты, білім алушыларды оқытуда арнайы тәсілдерді қолдану қажет. Сөйлеу тілі дамымауын төмендегідей көріністерден байқауға болады:

- 1) сөздердің дыбыстық – буындық құрылымының бұрмаланып айтылуы;
- 2) сөздік қорының кедей, аз көлемде болуы;
- 3) сөздерді алмастырып алу түрлілігінің болуы;
- 4) сөйлеу тілін синтаксистік безендірудің кедейлігі;
- 5) көп жағдайда жай сөйлемдерді қолдануы;
- 6) байланыстырып сөйлеу тілі дамуының айтарлықтай артта қалуы;
- 7) вербальды емес және паравербальды құралдарды орынсыз қолдануы мен аз мөлшерде қолдануы.

Жаратылыстану пәнінде сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болады:

- а) «жыл мезгілдерін көз алдыға елестетіп көрші», «күн суығанда құстар жылы жақа ұшып кетіп барады» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялық тапсырмалар құру;
- ә) белгілі бір ситуацияны жасайтын суреттер немесе ситуацияны ары қарай дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, суреттің көмегімен сөйлеу;
- б) күнделікті өмірдегі болып жатқан әртүрлі жағдайға ұқсас нәрселерді сипаттау.

Сонымен қатар арнайы мектептердегі жаратылыстану пәнін оқыту, сөйлеу тілдік онтогенезін есепке ала отырып қолданылатын тұлғалық-бейімдеушілік, кешенді, жүйелілік, әрекеттік, коммуникативті, саралап оқыту тәсілдер негізінде жүзеге асырылады.

Тұлғаға бағдарланған тәсілдің мақсаты әр білім алушының ерекше білім алу қажеттілігін қанағаттандыру болып келеді, тұлғасын үйлесімді қалыптастыру мен жан-жақты дамыту, оның сөйлеу тілінің, психикалық және дене дамуы, жеке дамуы, бейімділіктері мен әрекет мотивтерінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның шығармашылық күштерін толыққанды ашу [4].

Жүйелілік тәсілдің негізгі мағынасы өзіндік компоненттер сабақ барысында жеке-жеке түрде емес, өзара байланысында, дамуы мен қозғалысында қарастырылады.

Білім алушыларға қатысты тәсілді қолдана отырып оқытуды ұйымдастыруда мұғалім білуі тиіс:

- 1) білім алушылардың сөйлеу тілі және жалпы даму ерекшеліктері болатынын, сөйлеу тілін түрлі дәрежеде меңгеруін (әсіресе бастауыш сыныпта);
- 2) сөйлеу тілі өзіндік дамытуға бағытталған өзара оқыту мен өзара ықпал ету элементтерін қолдану;
- 3) жаңа материалды бастамай тұрып, баланың жеке тәжірибесімен байланысты қолдану;
- 4) тапсырма нұсқаулық, тірек материалдарының тек күрделілік деңгейін өзгерте отырып, тапсырмалардың жалпы түрлерін қолдану;
- 5) жеке көмек көрсету түрлерін біртіндеп өзгерту: ұйымдастырушылықты бағыттаушылыққа және одан кейін – эмоционалдылыққа;
- 6) балаларды қате жіберіп қоюдан қорықпай, өз ойын айтуын, мәселелерді қою мен шешуге деген қалауын білдіруін қолдау;
- 7) әр білім алушының, әсіресе ұялшақ және тұйық балалардың жауабын назардан тыс қалдырмау;
- 8) әр баланы мадақтауға, мүмкіндігін табуға (тек нәтижесі үшін ғана емес, сабақ процесіндегі тіпті кішкентай әрекеті үшін), білім алушылардың пайымдауларына жағымды баға біруге тырысу [5].

Оқыту барысында техникалық мультимедиялық ақпараттық құралдары мен дидактикалық құралдары белсенді қолданылады:

- 1) «Мультимедиялық интербелсенді үйретуші программалық-әдістемелік кешен» электронды ресурсын интербелсенді панельмен және үш өлшемді аксессуарымен;
- 2) Дыбыстық белгіні көріп, қабылдауға негізделген «Логопедиялық тренажер»;
- 3) «Сөйлеу тілі коммуникациясын меңгеру мен дамытуға арналған сөйлеу тілдік жаттықтырушы» атты көмекші құрылғысы.
- 4) Пәнді үйрету үшін биология, физика, химия кабинеттерінің жабдықталған ресурстарын пайдаланады.

Бүгінгі таңда білім алуда мүмкіндігі шектеулі оқушыларды белгілі көлемде білім дағдыларын меңгертумен бірге табиғат, қоршаған дүние туралы түсінік беріп, ұғымын кеңейте отырып, оларды шығармашылық бағытта жан-жақтылыққа үйретуде үздіксіз іздену – арнайы мектеп мұғалімдеріне

қойылып отырған басты талаптардың бірі десек қате айтқандық емес деп ойлаймын.

Арнайы мектеп оқушылары үшін жаратылыстану – ғылыми білім беру өздері үшін маңызды білім беру проблемаларын шешудің, өмірлік құндылықтар мен кәсіби бағдарын айқындаудың тәсілі болып табылады. Мұндай білімнің құндылығы – балалардың тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өз бағдарын айқындауына көмектеседі, олардың бұған дейін меңгерген білімі мен күш-жігерін тиімді іске асыруына ықпал етеді.

Арнайы мектеп оқушысы әрбір сабақта, адамзаттың қоғамдық – тарихи тәжірибиесімен танысады, зерттейді, қоршаған әлемді таниды. Оқытудағы ең басты мақсат- оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Жаратылыстану ғылымында білім аса маңызды рөл атқарады. Шынында, тек білім негізінде ғана табиғи ресурстарды ұқыпты және ұтымды пайдалану қажеттілігіне оқушылардың көзін жеткізуге, мектеп оқушыларының табиғатқа деген шынайы жауапкершілігін қалыптастыруға болады.

Психология тұрғысынан білімді объективті және субъективті шындықтың тілдік формада көрініс табуы ретінде анықтауға болады. Білімнің негізгі формасы – тіл және сөйлеу әрекеті. Адам сөйлеу тілінің мән-мағынасы әлемін түсіну арқылы ғана білімді меңгереді. Тіл сөйлеу қызметінің арқасында білім «іске асады», бұл білімді бір адамнан екінші адамға, бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беруге мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Петрова В.Г. Развитие речи учащихся вспомогательной школы. М.: Педагогика, 1977.
2. Дүйсенбаев А.Қ., Балтымова М.Р. Арнайы педагогика. А.: Отан, 2016
3. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдістемелік нұсқау. А., 2019
4. Байтұрсынова А.А. Историко-педагогические аспекты специального образования в Республике Казахстан. Алматы, 2003
5. Абдулина А. Тілінде кемістігі бар балаларды комплексті тексеру // «Бастауыш мектеп» №4, 2005.

## **ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ГРАФОМОТОРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ**

**Б.А. Сабденова**  
PhD, аға оқытушы  
**А.Б. Төлеген**

7М01902-Дефектология: Логопедия бойынша мамандар даярлау 2- курс магистранты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада зияты зақымдалған бастауыш мектеп оқушыларының графомоторикасын дамытудың маңызы, жолдары қарастырылып, заманауи әдіс-тәсілдер мен терапиялар көрсетілді. Ғалымдардың пікірлеріне шолу жасалып, әдістемелері ұсынылды. Зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторлық дағдысын дамытуда қолданылатын жаттығулардың, ойындардың түрлері тізбектелді. Зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторикасын дамытудың бастапқы және қосалқы деңгейлері ұсынылып, коррекциялық-педагогикалық жұмыстың мазмұны көрсетілді.

*Кілт сөздер:* графомоторлық дағды, жазу дағдысы, әдіс-тәсілдер, терапия, графикалық символ.

**Развитие графомоторных навыков учащихся младшего школьного возраста с повреждением интеллекта**  
*Аннотация.* В данной статье рассмотрены значение, пути развития графомоторики учащихся начальной школы с повреждением интеллекта, показаны современные методы лечения. Проведен обзор мнений ученых и предложены методики. Описаны виды упражнений, игр, применяемых в развитии графомоторных навыков учащихся младшего школьного возраста с поражением интеллекта. Предложены начальный и вспомогательный уровни развития графомоторики учащихся младшего школьного возраста с поражением интеллекта, показано содержание коррекционно-педагогической работы.

*Ключевые слова:* графомоторные навыки, навыки письма, методы, терапия, графический символ.



### **Development of graphomotor skills of younger school-age students with intellectual disabilities**

*Annotation.* This article discusses the meaning, ways of developing graphomotor skills of elementary school students with intellectual damage, shows modern methods and methods of treatment. A review of the opinions of scientists was conducted and methods were proposed. The types of exercises and games used in the development of graphomotor skills of primary school students with intellectual disabilities were listed. The initial and auxiliary levels of graphomotor development of primary school students with intellectual disabilities are proposed, the content of correctional and pedagogical work is shown.

*Keywords:* graphomotor skills, writing skills, methods, therapy, graphic symbol.

Қазіргі уақытта зияты зақымдалған оқушылар оқу процесінің белсенді қатысушылары болып табылады, демек оларды оқыту, білім беру және тәрбиелеу - өте өзекті. Зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың көп бөлігі медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қолдауды қажет етеді. Олар дамуының бұзылу себептері арасында графомоторлық дағдыларының қалыптаспауы, оның ауыр формада көрінуі маңызды орын алады [1].

Жазу – бұл мектеп өміріндегі ең негізгі дағдылардың бірі, оны тиімді меңгерусіз ауызша және жазбаша сөйлеу тілді үйрену мүмкін емес. Бұл процесс - ойлау жүйесін, қабылдауды, есте сақтауды, зейінді, қиялды, т.б психикалық процестерді біріктіретін күрделі дағды. Графикалық дағды – жазу дағдысынан тұратын, жазу қолының әдеттегі позициясы, қолдың епті қимыл-қозғалысы. Графомоторлық шеберлік жазбаша дыбыстарды және олардың байланыстарын бейнелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан осы дағдыны игеру барысында бірқатар алғы шарттардың визуалды кеңістік, қол мен көзді үйлестіру және ұсақ моториканың белсенді жұмыс істеуі басты назарға алынады.

Зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушыларда графикалық дағдыларды қалыптастыру олардың психикалық және дене дамуы бұзылуларына байланысты ерекше қиындықтармен жүзеге асырылады. Графомоторлық жүйені дамыту көздің көру қабілетінің қалыптасуына, есте сақтаудың жақсаруына, визуалды қабылдау мен кинестетикалық сезінудің дамуына, визуалды-моторлы қозғалыстардың үйлесімділігіне, ритм мен дәлдіктің пайда болуына жетелейді. Сондықтан зияты зақымдалған бастауыш мектеп жасындағы балалардың графомоторикасын дамыту айтарлықтай маңызға ие [3].

Аталған балалардың графомоторлық біліктерін қалыптастырудың сатысы мектепке дейінгі жастан басталып, бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныптарда да жалғасады. Тиісінше, мүмкіндігі шектеулі балалардың жазу әрекетін дамыту жұмыстары бойынша арнайы педагогке практикалық құралдарын кеңейтуге байланысты қойылатын талаптар да күшейеді. Графомоторлы жаттығуларды жүргізуге қойылатын талаптар:

- Мұғалімнің оқу әрекетіне оқушыны ынталандыруы;
- Оның қызығушылығын ескеруі;
- Ойын мотивациясының болуы;
- Орындалатын әрекеттердің реттілігін сақтауы;
- Сабақта уақытты дұрыс пайдалануы;
- Жеке және топпен жүргізуі.

Ал осы жаттығулардың негізінде зияты зақымдалған оқушылардың мынадай функцияларын дамытуға мән беру қажет:

- Ми жұмысын жақсарту (оң жақ, сол жақ жарты шарлар);
- Көруі, естуі, сөйлеуі, жазуы, оқуы;
- Ұсақ-қол моторикасы;
- Дененің біртұтас жүйесі;
- Қозғалысты үйлестіруі;
- Көз-қол координациясы;
- Сезіну-кинестетикалық жүйесі;
- Саусақтардың белсенді нүктелері [3].

Ерекше білім беруді қажет ететін аталған оқушылардың графомоторлық дағдыларын дамытудың тиімді жолдарына қысқаша шолу: ұсақ моторикаға арналған ойындар; саусақ ұштарына арналған массаж-жаттығулары, графикалық диктанттар, Су-Джок доптары, саусақ гимнастикасы, тренажерлар, нейрогимнастика, арт-терапия, құм терапия, пластилин-слайм, ас-үй тағамдарын пайдалану, Бизборд, т.б.

А.Н.Граборов, Е.К.Грачева, М.П.Постовская сияқты ғалымдардың пікірінше қол дағдыларының жеткіліксіз дамуы, әдетте, графомоторлық дағдыларды дамытуды қиындатады,

мысалы әріптердің өлшемі мен пішінін бұрмалау, жол сызығы бойында әріптердің қате орналасуы, жазу қалпының бұзылуы, т.б. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың аталған дағдыларын дамыту мәселесі жеткілікті зерттелгенімен, ең тиімді әдістерді анықтау мәселесі өзекті болып қала береді [2].

В.А.Силивонның пікірінше жазу қимылы өз алдына мыналарды қамтиды: саусақтың ұсақ бұлықшетін дамыту, сенсорлы-қозғалыс аймағы мен координациясын, кеңістіктік-бағдарлану қабілетін; көрнекі-қозғалыс бейнелерін, аналитикалық қабылдау мен тақырыптық бейнелерді қосуды, жеке әріптерді тұтастай қабылдау қабілеттерін дамытады [3].

В.А.Андреева атап өткендей қызмет түріне байланысты графомоторлық дағдылар келесі топтарға бөлінеді: моторлы, сенсорлы, интеллектуалды, аралас [1].

Н.И.Гуткинаның «Үйшік» әдістемесі: оқушылардың қол бұлшықеттерінің координациясы мен қозғалыс жылдамдығы және тұрақтылығын анықтау үшін олардың тапсырманы орындаудағы икемділігін және жылдамдығын анықтауға бақылау ұйымдастырылды. Мынадай дағдыларды анықтау бойынша критерийлер қолданылды: жұмысты орындаудың дәлдігі; қағаз бетінде бағдарлану деңгейі. Бұл әдістеме оқушылардың есте сақтау қабілеті мен қағаз бетінде кеңістіктік-бағдарлану деңгейін дамытуға арналады. Бұл тапсырманың басты мақсаты – оқушының есте сақтау қабілетін тексеру мен графомоторлық дағдысының дамуын анықтау. Сондай-ақ мұғалім баланың ерікті назарын, сенсомоторлы координациясын, қол моторикасын тексеруі қажет. Бұл әдістемені мектепке дейінгі жастағы және кіші мектеп жасындағы оқушыларға қолдануға болады.

Көрнекі құралдар - сурет, бейнеленген үйшік.

*Жұмыстың барысы:* баланың алдына қарапайым сурет беріледі.

*Тапсырма:* үйдің суретін дәл бейнедегідей салу қажет. Бірінші этапта мұғалім төмендегі ақпаратты бекіту қажет: бейнелермен жұмыс қалай жасалады; осы тапсырманы орындауда оқушы қандай қолын жетекші пайдалану керек; партада жұмыс істеу ережесі; сурет салуда оқушының есте сақтау қабілетін тексеру; зейінінің шашырау көрсеткішін анықтау; жұмысты дәл орындауын қадағалау; бейнеге сәйкес үйді салуына мән беру; оқушының сызуды орындау барысында жіберген қателерін түзетуін қадағалау. Оқушының осы орындаған жұмысы арнайы балдық жүйе бойынша тексеріледі. Егер балл көрсеткіші аз болса, онда жұмысты жақсы атқарғандығын білдіреді. Демек, 0 балл – бұл тапсырманы қатесіз орындағандығын айқындайды.

*4 балл* – суретте салынуы керек әртүрлі элементтер болмаса;

*3 балл* – суреттің көлемі, масштабы бейнедегі үлгіге сәйкес келмесе;

*2 балл* – кейбір элементтердің орналасуы дұрыс болмаса;

*1 балл* – суреттегі кейбір объектілер кеңістік жағынан қате орналасса.

Осы бағалаулардан кейін мұғалім оқушының суретті қабылдау деңгейін тексереді, балл алгоритмі төмендегідей:

*1 балл* – кеңістіктің қабылдаудың жеткілікті болуы;

*2 балл* – суреттің образын орташа қабылдауы;

*3 балл* – образды (бейнені) төмен қабылдауы.

*Қорытынды:* осы әдістеме арқылы оқушының суреттегі бейнені тұтас қабылдауын тексеру арқылы оның графомоторикасы дамуын анықтау [4].

Графомоторлық жаттығуларды ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптар: сабақты жүйелі жүргізу, сабақты жеке өткізу, сурет салу ережелерін сақтау, балалардың қызығушылығын ескеру, ойын мотивациясының болуы, баланың жұмыс сапасын ескеру.

Сонымен зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторлық дағдыларын дамыту жолдарын нақты қарастырып өтейік:

1. Зияты зақымдалған балалардың ұсақ-қол моторикасын дамыту;
2. Көру-кеңістіктік функциясын;
3. Көз-қол үйлестіруін дамыту;
4. Сурет салу қабілетін дамыту;
5. Графикалық символдармен жұмыс жасауын дамыту;
6. Заманауи терапияларды қолдану [3].

1. Ұсақ моторикамен жұмыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл процесс аталған оқушылардың жазу дағдысын дамытудағы ең маңызды құрал болып саналады. Сол себепті алғашқы баспалдық ретінде ұсақ моториканы дамытудың баланың жазу қабілетін қалыптастыруға тигізер әсері мол.

*Ұсақ-қол моторикасын дамыту жаттығулары:* саусақ гимнастикасы, қолдар мен алақандарды, саусақтарды уқалау, массаж жасау, сурет салу, құммен, жармамен ойнау, қайшы, қағазды пайдалану, оригами, аппликация жасау, қыстырғышпен жұмыс, түрлі-түсті бояулар,

апликация жасау (қағаз, мата, мамық, мақта, фольга), табиғи материалдармен (жаңғақ, тас, ағаш, жапырақ, топырақ, құм, дәнек, бұршақ) жұмыс, тігу, тоқу, түймемен, моншақпен, ас-үй тағамдарын сұрыптау (бұршақ, жарма, күріш, макарон, қарақұмық, бидай, т.б.), бөтелкенің қақпағын ашып жабу, су құбырларын ашу, жабу, бәтеңкенің бауын байлау, сақинаны кию, алу, Су-Джок доптарымен ойнау, орамалды орау, доппен ойнау, қораптан әртүрлі пішінді заттарды табу, т.б. көптеген жаттығуларды баламен орындау [2].

*2.Көрнекі-кеңістіктік бағдарлануды дамыту:* қоршаған кеңістікте бағдарлану (өзін және айналдасында орналасқан заттарды бағдарлауы, кеңістікте әрекеттер орындауы, бір затты алып екінші орынға қоюы, заттарды орналастыруы, т.б.); өз денесінде бағдарлану (оң қолы мен сол қолын денесінің басқа да бөліктерінен ажырату, бөлу, екі қолдың қызметін пайдалану); «тұру нүктесі» анықтамасы – өз кеңістігін басқа заттардан бөліп алу (мен затты алдындамын, мен заттың артындамын, заттың үстіндемін, заттың астындамын); заттарды бір-бірінен оқшаулау (есік менің оң жағымда, ал есік сол жағымда) [2].

*3. Көз бен қолды үйлестіру* – бұл екі жақты үйлесімді әрекет. Көз көреді, қол қимылдайды, бейнелейді. Қағаз бетінде бағдарлану: дәптерді визуалды қабылдау, оң жақ пен сол жағын ажырату (дәптер ұяшықтарын сызу, жоғарыдан төменге, солдан оңға қарай және керісінше сызықтар салу, ұяшықтың ішіне шеңбер орналастыру, ұяшық бұрыштарын диагональ бойынша қосу, қарындашты дәптер парағынан көтермей толқын тәрізді сызықтар жүргізу, т.б), дәптердің үстіне сурет бастыру, альбомның дәл ортасына, шетіне, басына, аяғына суреттер салу.

*4.Сурет салу* – жазуға көшпес бұрын тамаша жаттығудың бірі. Қозғалыстарды үйлестіруді жетілдіре отырып, ұсақ моториканы басқара отырып бала мұның бәрін бейсаналық түрде орындауға үйренеді. Сурет салу графикалық сөйлеудің бір түрі. Сурет салу дағдысын дамыту: ең алдымен шимай сабақтары; суретті бояу; аяқталмаған суреттерді аяқтап салу; бастырып салу; толық сурет салу; контур бойынша штрихтау; геометриялық фигураларды салу; бастапқыда маркерлерді емес, жеңіл қарындаштарды пайдалану (қарындашты пайдалануда бала жеңіл әрі жылдам қозғалады); контур бойынша көлеңкелеу; симметриялы суреттерді салу; сурет салуда ұсынылатын әдістемелер: «Сызық бойымен сызу», «Нүктелер бойымен сурет салу», «Шеңбер және бояу», т.б. [3].

*5.Графикалық символдар* – кіші мектеп жасындағы оқушылардың қабылдауын дамытып, ұсақ элементтерді тұтастай біріктіре алуына көмектеседі. Орфографиялық қырағылықтың дамымауы, алаңдаушылық, мазасыздық сияқты оқу қиындықтарының алдын алуға көмектеседі. Зияты зақымдалған оқушылардың графикалық символдарды орындауын дамыту: өрнектерді салу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар; заттарды бейнелеу; әріптерді басып шығару; трафарет салу; баспа әріптерін жазу; штрихтарды, нүктелерді, сызықтарды бастыру; графикалық диктант орындау, т.б [1].

*6.Заманауи терапиялар* – қазіргі таңда зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторлық әрекетін дамытуда қолданылатын ең тиімді, жаңа, нәтижеге бағытталған жүйе. Заманауи терапиялардың түрлеріне арт-терапия, құм терапиясы, Су-Джок терапиясы жатады.

Арт-терапиясын орындаудың басты мақсаты – оқушылардың тек жазу қабілетіне әсер етіп қана қоймай, шығармашылығын да қоса дамыту болып табылады. Арт-терапиясы арқылы орындалатын жұмыстар: ақ қағазда сурет салу, ауада қолмен, тақтада бормен сурет салу, саусақпен, қарындашпен, маркермен, әртүрлі бояулармен сурет салу, алақанмен бояу салу, т.б.

Құм терапиясы – бұл табиғи және жасанды материалдардың негізінде орындалатын үлкен нәтижеге бағытталған сенсорлық ойындардың бір түрі. Бала құммен ойнау арқылы – саусақтарының белсенді нүктелерін, қол қимылын, ептілігін, дәлдігін, жылдамдығын дамыта алады. Құммен түрлі пішіндерді жасау арқылы баланың ойлау, қабылдау, қиял, зейін шоғырлану қабілеттері артады. Табиғи құмдармен бала өз үйінің ауласында ойнау алса, ал жасанды құмдарды үйде, сыныпта, кез келген жерде пайдалана алады. Сондай-ақ 3D құм терапиясы барлық танымдық процестерге әсер етеді. Бұл терапиямен жұмыс баланың ақпараттық, визуалды қабылдауын арттырудағы ең тиімді жоба екендігі анық.

Су-Джок доптары немесе терапиясы – қолданысқа ие, зиян келтірмейтін, ұсақ моторика жұмысын жандандыруға арналған өнім. Бұл доптардың көмегімен қолға арналған ойындарды ойнай отырып, саусақтарға және алақанға массаж жасауға болады. «Қуырмаш» жаттығуын жасай отырып, осы доптармен массаж әр саусаққа жасалынады. Су-Джоктің 3 түрлі құралы болады: саусаққа арналған «сақина», алақанға, қол сыртына арналған «кішкентай доп» және аяққа арналған «үлкен

доп». Бұлардың көмегімен саусақтарға тыныштандыру массаждарын жасауға болады.

Жоғарыда аталған барлық әдіс-тәсілдерді зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторлық дағдысын дамытуда қолдану өз нәтижесін береді. Әсіресе, заманауи терапиялар дамытудың ең тиімді анықталған әдістері болып табылады.

Сонымен қорытындылай келе, зияты зақымдалған кіші мектеп жасындағы оқушылардың графомоторлық дағдысын дамыту ұзақ мерзімді әрі күрделі жүйе. Графомоторлық шеберлікті игеру – бұл визуалды-кеңістіктік операцияларды орындаудан, көз бен қолды үйлестіруден, ұсақ моториканы дамытудан тұратын бірқатар алғышарттардың қалыптасуын қамтамасыз ететін өте қиын процесс. Бұл дағдының қалыптаспауы орфографиялық және жазбаша сөйлеу қызметінің тұтастай дамымауына әсер етеді. Дағдыларды жаттығулар мен қайталаулар арқылы және заманауи технологиялар арқылы қалыптастыруға болады.

Білім берудің бастапқы деңгейінде оқушылардың графомоторикасын дамытуда Т.П.Сальникова үш негізгі кезеңді ажыратады:

Бірінші кезең – аналитикалық іс-әрекеттің жекелеген элементтерін игеру және түсіну. Бұл кезеңде білім алушы талаптарға сәйкес графикке назар аударады. Дәл осы уақытта ол көз бен қолдың әрекеттерін үйлестіреді. Қол саусақтары визуалды анализатордан алған ақпаратты қабылдауы керек.

Екінші кезең – белгілі бір элементтердің біртұтас әрекетке қосылуы. Бұл кезеңнің негізгі компоненттері жазу кезінде моторлық және визуалды бақылауды дамыту. Оқушы жазу кезінде қолын басқарып, әріптердің қашықтығын дұрыс орналастырып жол шегінде жазуы керек. Білім алушы жазылғанды көзбен қабылдайды және сөздердің дұрыстығын бақылайды.

Үшінші кезең – автоматтандыру, элементтік саналы реттеу мен бақылаудың болмауымен сипатталатын іс-әрекет ретінде нақты дағдыларды қалыптастыру. Автоматтандырудың негізі табиғи жылдамдық, нақты қозғалыс, жазуды орындаудың қарапайымдылығы ретінде пайда болады [2].

Графомоторлық дағдыларды қалыптастыру – бұл баланың танымдық саласын дамытудағы ұзақ әрі жүйелі процестердің бірі. Графомоторлық дағдының негіздері мектепке дейінгі жаста қалыптаса бастайды. Бастауыш мектеп жасы графомоторлық дағдыларды меңгерудің негізі болып табылады. Сондықтан дәл осы білікті дамыту - бүкіл мектеп өмірінде аса маңызды. Зияты зақымдалған оқушылар жазбаша сөйлеу тілінің дамымауы педагогикалық тұрғыдан олардың танымдық процестері, сөйлеуі, сенсомоторлы қабылдауының артта қалуына әкеп соқтырады [1].

Осылайша графомоторлық дағды саласындағы қалыптастыру және дамыту жұмыстары әртүрлі тәсілдермен жүргізілуі мүмкін. Бірақ ең бастысы бұл тәрбиенің және оқытудың ажырамас міндеті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Безрукова А.С. Совершенствование графомоторных навыков у обучающихся с умственной отсталостью во внеурочных формах деятельности. Екатеринбург, 2019
2. Новикова Л.А., Попова Н.В. Графомоторные упражнения для работы с детьми с ограниченными возможностями здоровья. Методические рекомендации. 2022
3. Лапшина Л.М., Левченко В.А., Коробинцева М.С. Основы формирования графомоторного навыка у детей с нарушением интеллекта. Учебное-методическое пособие. Челябинск, 2021
4. Международный образовательный портал taam.ru

## **ДИСЛАЛИЯСЫ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА КӨРНЕКІ МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ**

**С.С. Жакипбекова**

PhD, аға оқытушы

**М.Б. Ізтұғанова**

7M01902-Арнайы педагогика: Логопедия бойынша мамандар даярлау 2- курс магистранты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Аңдатпа.* Бұл мақалада дислалиясы бар мектеп жасына дейінгі балалардың дыбысты айту бұзылысын, сөйлеуін дамытуда көрнекі модельдеу әдісін қолдану қарастырылады.

*Түйін сөздер:* дислалия, көрнекі модельдеу, мектепке дейінгі жас, сөйлеуді дамыту.

### **Применение метода визуального моделирования для дошкольников с дислалией**

*Аннотация.* В статье рассматривается использование метода наглядного моделирования при развитии нарушения звукопроизношения, речи дошкольников с дислалией.

*Ключевые слова:* дислалия, наглядное моделирование, дошкольный возраст, речевое развитие.

### **The use of the method of visual modeling for preschool children with dyslalia**

*Annotation.* This article discusses the use of the method of visual modeling in the development of sound pronunciation disorder, speech of preschool children with dyslalia.

*Keywords:* dyslalia, visual modeling, preschool age, speech development.

Қазіргі уақытта балалар сөйлеуінде бұзылыстар жиі кездеседі, бұл олардың ортамен қарым-қатынасын күрт шектейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту мәселесі басты назарда болды және болып келе жатыр. Сөйлеу қарым-қатынас жасау үшін адам өмірінде «оның психикалық дамуы факторы, өзін-өзі реттеу шарты ретінде», «жеке адамды әлеуметтік біліммен таныстыру және әлеуметтік тәжірибені игеру құралы, ойлауды дамыту шарты ретінде» маңызды орын алады [1].

Дыбысты дұрыс айтуды қалыптастырудағы қиындықтарды анықтау және оларды жеңу сөйлеудің айтылу жағының қалыпты дамуын қамтамасыз етеді. Дыбысты айтылу жағы бұзылған кезде, сөйлеудің фонетикасында ақаулар пайда болады. Ең көп таралған айтылу ақауы-дислалия.

Дислалия - сөйлеу аппаратын айтылуы тұрақты иннервациясы кезінде сөйлеудің айтылу (дыбыстық) жағының бұзылуы, ол көбінесе балалық шақта көрінеді. Анық емес сөйлеу басқалармен қарым-қатынасты қиындатады, сөйлеудің басқа ақауларын тудыруы мүмкін, баланың жеке басына әсер етеді. Сондықтан дыбысты айтудың әртүрлі бұзылыстарын уақытылы түзету маңызды болып келеді [2]. Түзету жұмыстарының негізгі мақсаты - сөйлеу дыбыстарын дұрыс шығару дағдыларын қалыптастыруынан тұрады. Дислалиясы бар балаларға түзету жұмыстарын практикалық, көрнекі және ауызша әдістердің көмегімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Балалардағы дыбысты айтудың бұзылуы кезінде түрлі патогендік факторлардан, әртүрлі дәрежеде көрініс туындауынан болуы мүмкін. Сондықтан бұл сөйлеу бұзылыстарын түзетудің ең тиімді жолдарын іздеу керек. Түзету жұмыстарын жүргізбес бұрын мыналарды ескеру қажет:

- артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалғыштығын тексеру;
- дыбыстың айтылуын тексеру;
- фонематикалық естуді тексеру

Мектепке дейінгі оқытуда әртүрлі модельдер қолданылады. Модель түрлері:

1. Физикалық құрылым - объект немесе табиғи түрде байланысқан заттар түріндегі пәндік модель. Бұл жағдайда модель тақырыпқа ұқсас, оның негізгі бөліктерін, дизайн ерекшеліктерін, кеңістіктегі бөліктердің пропорциялары мен арақатынасын, объектілердің өзара байланысын қайталайды.

2. Пәндік-схемалық модель. Мұнда таным объектісінде бөлінген маңызды компоненттер мен олардың арасындағы байланыстар алмастырғыштар мен графикалық белгілер, сызбалар көмегімен белгіленеді.

Мұндай модельдің құрылымы зерттелетін негізгі компоненттерге және таным объектісіне айналатын қатынастарға ұқсас болуы керек. Пәндік-схемалық модель бұл байланыстарды анықтап, оларды оқшауланған, әлеуметтік түрде нақты көрсетуі керек.

3. Графикалық модель (пиктограмма). Графика қатынастарының түрлерін жалпылайтын графикалық модельдер (формулалар, схемалар және т. б.)

Дислалиясы бар мектеп жасына дейінгі балаларды модельдеу әдісінің ішіндегі көрнекі модельдеу әдісі арқылы оқыту да маңызды әдістердің бірі болып табылады. Жетекші мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, көрнекі модельдеу сабақтарын ұйымдастыруда ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киім, көкөністер мен жемістер, құстар, жануарлар, жәндіктер туралы сипаттамалық әңгімелер жасау үшін диаграммалар, кестелер пайдалануға болады. Бұл схемалар балаларға қарастырылатын пәннің негізгі қасиеттері мен белгілерін өз бетінше анықтауға, анықталған белгілерді көрсету реттілігін орнатуға көмектеседі; балалардың сөздік қорын байытады[3].

Сипаттамалық әңгімелер құрастыруға үйрету мақсатында балаларды схемалық кескіндердің (схемалар, кестелер, схемалар жоспарлары) көмегімен табиғат объектілерімен және құбылыстарымен таныстыру кезінде балалар олардың негізгі қасиеттерін байқап, ажырата бастайды. Дислалиясы бар

мектеп жасына дейінгі балалардың дыбыс айтылуын түзету жұмыстарының табыстылығын анықтайтын факторлардың бірі дұрыс айтылған дыбыстың қайталану жиілігі болып табылады. Мысалға: "Көктем" тақырыбы бойынша схема сипаттамалық әңгіме құрастыруға болады. Ұсынылған схеманы құру және пайдалану принципі келесідей: жыл мезгіліне тән белгілердің саны бойынша балаға 10 карта беріледі, бала ол туралы өз түсінігін айтуы керек. Оларға:

- Күн
- Мұздықтар
- Ағындар
- Күн түннен ұзарады
- Шөптің пайда болуы
- Құстардың келуі
- Балапандар өсіріледі
- Жануарлардың оянуы
- Жануарлардың жүні жеңіл
- Жәндіктердің пайда болуы

Көрнекі модельдеу әдісін логопедиялық сабақтарда және одан тыс уақытта қолдану келесі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- белгілі бір дағдыларды қалыптастыру;
- сөйлеу дағдыларын дамыту;
- оқу қабілетіне үйрету;
- қажетті қабілеттер мен психикалық функцияларды дамыту;
- Таным (өз тілінің қалыптасу саласында).

Оқу процесіне көрнекі модельдерді енгізу педагогтерге балалардың импрессиvті сөйлеуін мақсатты түрде дамытуға, олардың белсенді сөздігін байытуға, сөзжасам дағдыларын бекітуге, сөйлеуде сөйлемдердің әртүрлі конструкцияларын қолдану, заттарды сипаттау, әңгіме құрастыру қабілетін қалыптастыруға және жетілдіруге мүмкіндік береді [4].

Жоғарыда келтірілген мәліметтер көрнекі модельдеу әдісі сөйлеудің дамымауына ғана емес, сонымен бірге бүкіл танымдық іс-әрекетке және тұтастай алғанда оқушының жеке басына әсер ететін түзету-дамытуды оқытудың қазіргі заманғы тиімді әдісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан көрнекі модельдеуді дыбыстың айтылуын түзету әдісі немесе қабылдау ретінде ғана емес, оны жалпы интеллектуалды қабілет ретінде жетілдіруге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Венгер Л.А., Пилюгина Э.Г. Воспитание сенсорной культуры ребёнка. М.: Просвещение, 2007.
2. Селиверстов В.И. Речевые игры с детьми. М., 2014.
3. Кудрова Т. И. Моделирование в обучении грамоте дошкольников с недоразвитием речи. Логопед в детском саду. 2007. № 4
4. Бойко И.Н. Духовно-нравственное развитие педагога как основа его профессиональной деятельности // Современные тенденции развития науки и технологий. 2015. № 6-10. С. 29-32.
5. Малетина Н. С., Пономарева Л. В. Моделирование в описательной речи детей с ОНР // Дошкольное воспитание. 2004. № 6.

### **ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - КОММУНИКАТИVТІ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Т.А. Ингайбекова<sup>1</sup>, А.А. Махметова<sup>2</sup>**

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
Tolkyn.amangeldi@inbox.ru

*Аңдатпа.* Әлеуметтік-коммуникативті дағдылар - ол әлеуметтік дамудың қажет бір бөлігі. Коммуникативті дағдылар күрделі психологиялық туындыны білдіріп, когнитивті, өзіндік бағалау, эмоциональды, коммуникативті іс-әрекеттік компоненттер сияқты құрылымдық компоненттерді құрайды. Ол компоненттер бір бірімен тығыз байланысты болып, коммуникативті іс-әрекеттің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

*Кілт сөздер:* элеуметтік-коммуникативі дағдылар, зияты зақымдалған балалар, қарым- қатынас

### **Научно-теоретические основы исследования формирования социально-коммуникативных навыков у детей с нарушениями интеллекта**

*Аннотация.* Социально-коммуникативные навыки - это необходимая часть социального развития. Коммуникативные навыки выражают сложное психологическое произведение и составляют структурные компоненты, такие как когнитивная, самооценка, эмоциональная, коммуникативная деятельность. Она обеспечивает продуктивную работу коммуникативной деятельности, при этом компоненты неразрывно связаны между собой.

*Ключевые слова:* социально-коммуникативные навыки, дети с нарушениями интеллекта, общение

### **Scientific and theoretical foundations of the study of the formation of social and communicative skills in children with intellectual disabilities**

*Annotation.* Social and communication skills are a necessary part of social development. Communication skills express a complex psychological work and make up structural components, such as cognitive, self-esteem, emotional, and communicative activity. It ensures the productive work of communicative activity, while the components are inextricably linked.

*Keywords:* social and communicative skills, children with intellectual disabilities, communication

Қарым-қатынас – элеуметтік-гуманитарлық циклдің ғылыми пәндерінде ұзақ және берік қалыптасқан ұғым - философия, жалпы және элеуметтік психология, элеуметтану және педагогика, т.б. психологияда қарым-қатынас "...негізгі психологиялық категориялардың бірі. Адам басқа адамдармен қарым-қатынас нәтижесінде жеке тұлғаға айналады. Қарым-қатынас терминің қарастыруда «байланыс» түсінігінің мәні зор.

Байланыс - бұл бірлескен қызметке деген қажеттіліктен туындайтын және ақпарат алмасуды қамтитын адамдар арасындағы байланыстарды құру мен дамытудың күрделі, жан-жақты процесі, қарым-қатынас серіктесінің өзара әрекеттесу, қабылдау және түсінудің бірыңғай стратегиясын жасау. Жалпы формада байланыс тіршілік формасы ретінде әрекет етеді. Оның элеуметтік мәні-бұл мәдениет пен қоғамдық тәжірибе нысандарын беру құралы ретінде әрекет етеді. Ғылыми ортада "байланыс" және "коммуникация" ұғымдарының арақатынасы мәселесі талқыланады. Бұл мәселе көптеген мамандардың назарын аударды. Осы жерде "қарым-қатынас" термині "коммуникация" сияқты құбылыстардың шеңберін білдірмейді ме? деген сұрақ туындайды.

Осы қарама-қайшылықтың нәтижесінде оны шешудің үш тәсілі анықталды. Бірінші тәсілдің өкілдері осы екі ұғымды анықтайды. Оны көптеген отандық психологтар мен философтар ұстанады, олардың ішінде Л.С.Выготский, В.Н.Курбатов, А.А.Леонтьев, т.б. бірқатар энциклопедиялық сөздіктерде "байланыс" термині "байланыс, байланыс жолы" ретінде қарастырылады (А. Б. Альмуханова, Е. С. Гладкова, С. Ю. Головин, Е. В. Есина және т.б.). Т. Парсонстың пікірінше, қарым-қатынас адамдар арасындағы өзара іс-қимыл.

М.С.Каганның пікірінше, "байланыс" және "коммуникация" ұғымдары кем дегенде екі негізгі сипаттамада ерекшеленеді. Біріншіден, "... қарым-қатынас практикалық, материалдық және рухани сипатқа ие, ал байланыс - бұл таза ақпараттық процесс, белгілі бір хабарламаларды беру". Екіншіден, олар өзара әрекеттесетін жүйелер байланысының табиғаты бойынша ерекшеленеді. Байланыс дегеніміз - субъект белгілі бір ақпаратты беретін субъективті- объектілік байланыс, ал объект ол қабылдауы, түсінуі (дұрыс декодтауы), жақсы игеруі және соған сәйкес әрекет етуі керек ақпараттың пассивті алушысы ретінде әрекет етеді. Осылайша, М. С. Каганның пікірінше, байланыс мақсатты процесс болып табылады: ақпарат тек бір бағытта беріледі. Байланыс, керісінше, "...хабарлама жіберуші мен алушы жоқ, әңгімелесушілер, ортақ істің серіктестері бар" субъект-субъект байланысы. Қарым-қатынаста ақпарат серіктестер арасында таралады, өйткені олар бірдей белсенді, сондықтан қарым-қатынас процесі, қарым-қатынастан айырмашылығы, екі бағытты. "Қарым – қатынас – монологты, тілдік қарым-қатынас-диалогті" [1].

Содан кейін келесі сұрақ туындайды: осы екі ұғымның қайсысы мазмұны мен мағынасы жағынан кеңірек? Г.М.Андреева қарым-қатынасты гөрі кең категория ретінде қарастырады, қарым-қатынас құрылымында өзара байланысты үш жағын анықтайды:

- 1) коммуникативті, ол қарым-қатынас жасайтын адамдар арасында ақпарат алмасудан тұрады;
- 2) білім алушылар арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыруға негізделген интерактивті;
- 3) қарым-қатынас бойынша серіктестердің бір-бірін қабылдауы мен тануы және осыған

байланысты өзара түсіністік орнату процесі болып табылатын перцептивті [2]. Бұл ұстанымды көптеген психологтар мен ғылыми қоғамдастық өкілдері ұстанады: А.А. Бодалев, А. Б. Зверинцев, М. С. Каган, Б.Ф. Ломов, В.А. Спивак және басқалар. Мысалы, А.Б. Зверинцев қарым-қатынасты ең алдымен қарым-қатынас процесінде адамдардың өзара әрекеттесуінің бір түрі, қарым-қатынастың ақпараттық аспектісі ретінде қарастырады А. В. Соколов қарым-қатынасты коммуникативті іс-әрекеттің бір түрі деп санайды. Бұл формаларды бөлу байланыс серіктестерінің мақсатты параметрлеріне негізделген. Осылайша, қатысушылар қарым-қатынасының үш нұсқасы бар:

1) субъект-субъект - тең серіктестер диалогі түріндегі қатынас (коммуникацияның мұндай нысаны-қарым-қатынас);

2) субъект-объектілік – коммуникатор реципиентті коммуникативтік әсер ету объектісі ретінде қарастырғанда, басқару нысанындағы коммуникациялық қызметке тән қатынас;

3) объект-субъектілік – реципиент коммуникаторды сапалық үлгі ретінде мақсатты түрде таңдайтын, ал соңғысы өзінің коммуникациялық актіге қатысуын тіпті түсінбеуі мүмкін кезде сапалық нысандағы коммуникативтік қызметке тән қарым-қатынас. Коммуникативті қарым-қатынасты жүзеге асырудың әдеттегі тәсілі-екі сұхбаттасушының диалогі; басқару және еліктеу-ауызша, жазбаша немесе пантомималық түрдегі монолог. Бұл жағдайда байланыс қарым-қатынасқа қарағанда кеңірек ұғым ретінде қарастырылады Осылайша, осы авторлардың пікірінше, жалпы ұғым - "коммуникация" (қоғамдағы ақпарат алмасу), ең тар ұғымда – «байланыс, сөйлесу» болып саналады [2].

Өмірде әлеуметтік коммуникативті дағдылар адам боласы үшін маңызды роль атқарады. Е.М. Алифанованың пікірі бойынша, білім деңгейі, әлеуметтік көрсеткіштерге қарамастан біз үнемі ақпаратты сұрап, жеткізіп, сақтау үстінде болып, өзіміздің коммуникативті дағдыларымызды жетілдіре отырып, коммуникация үрдісінде боламыз.

Адам баласының күнделікті өмірі қоғамның қайнаған қазанында, яғни өзге адамдармен қарым қатынасқа түсіп, араласып, ақпарат алмасып, іс-әрекетінде көрініс табады. Іс-әрекет А.Н. Леонтьев бойынша, бала дамуының басты жағдайы, яғни адам баласының қоршаған ортамен мақсатқа бағытталған, қоршаған орта шынайылығын танып білуге арналған іс-әрекеті болып табылады. Ал, адамның басты іс-әрекет түрлерінің бірі ол әлеуметтік және коммуникативті іс-әрекеттері саналады.

Коммуникативті дағдылар - ол әлеуметтік дамудың қажет бір бөлігі. Коммуникативті дағдылар күрделі психологиялық туындыны білдіріп, когнитивті, өзіндік бағалау, эмоциональды, коммуникативті іс-әрекеттік компоненттер сияқты құрылымдық компоненттерді құрайды. Ол компоненттер бір бірімен тығыз байланысты болып, коммуникативті іс-әрекеттің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз етеді. Басым психологтардың пайымдауынша, коммуникация әртүрлі жас, мәдениет деңгейі мен психологиялық дамуы, сонымен қатар өмірлік тәжірибесі бір-бірінен коммуникативті қабілеттерімен ерекшеленетін адамдардың жетістігі тәуелді болып келетін адамдармен қарым қатынас дағдылары мен қабілеттері саналады. Психологиялық сөздіктерде «коммуникация» бір-бірімен танымдық немесе аффективті бағалау сипатындағы ақпарат алмасатын екі немесе одан көп адамдардың өзара әрекеттесуі болып келеді [3]. Е.Н. Кравцова мен М.И. Лисина сияқты ғалымдар коммуникативті іс-әрекетті вербальды және вербальды емес ақпаратты қабылдау мен жеткізу үрдісі, тұлғаны қалыптастырудың маңызды факторы, өзі мен өзгені тану мен бағалауға бағытталған адамның басты іс-әрекет түрлерінің бірі ретінде қарастырады [4]. М.И. Лисина, Т.А. Репина сияқты ғалымдар коммуникативті іс-әрекет пен қарым-қатынасты синоним ретінде қарастырып, ал балалардың қарым-қатынасының дамуы, олардың коммуникативті дағдыларының сапалық өзгерістерінің үрдісі санаған [5].

Коммуникативті дағдылар – ол белгілі жағдайларда нәтижелі қарым - қатынасқа қол жеткізу үшін қажет ішкі ресурстардың жүйесі, тиімді қарым қатынасқа түсу қабілеті (В.Н. Кузнецова).

Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік- коммуникативті дағдыларын қалыптастыру заманауи қоғамның әлеуметтік қатынасты дамыту кезеңінде маңызды роль атқарып, ал зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдыларын қалыптастыру мәселесімен Л.С. Выготский, Е.А. Зелинский, Е.А. Екжанова, Е.А. Стреблева т.с.с ғалымдар айналысқан. Л.С. Выготскийдің пікірі бойынша, балалардағы қоршаған орта туралы түсініктерінің шектеулігі, танымдық үрдістерінің даму бұзылыстары, сөйлеу тілдік қарым қатынастарының жетіспеушілігі, балалардың сөздік қорының кедейлігі, балалардың танымдық және өзге де қызығушылықтары жетіспеушіліктері, т.б зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдылары баяу және аномальды дамуын негіздейді деген [6]. М.В.



Вечердің бойынша, зияты зақымдалған балалардың коммуникативті дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар балалардағы интеллектуальды бұзылыстармен байланысты келеді: шектеулі қарым-қатынас, кедей әлеуметтік тәжірибелер, интеллектісі мен эмоциональды ерік жігер сферасы дамуының жетіспеушіліктері, қарым қатынасқа байланысты өзіне, өзгелерге және ситуацияға қарым қатынасы, сөйлеу тілі компоненттерінің дамуындағы бұзылыстар (фонематикалықтан басталып, семантикалыққа дейін), сөйлеу тілдік қалауының болмауы, дефицитарлықпен сөйлеу тілдік ойлау құралдарының жетіспеушілігі т.б. [7]. Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларына білім беріп, оларды әлеуметтендіру жолында олардың әлеуметтік және коммуникативті дағдыларын қалыптастыру өте маңызды.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде балалардың негізгі психикалық функцияларын қалыптастыруда, түлі жас кезеңдерінде эмоциональды тұрақтылығы мен интеллектуальды және сөйлеу тілдік дамуын қамтамасыз етуде балалардың жолдастарымен, өзге адамдармен, ересектермен қарым-қатынасының жетекші ролі көрсетілген. Зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушылары танымдық үрдістерінің даму ерекшеліктерімен қатар, басым бөлігінің арнайы жабық интернат жағдайында оқуы, әлеуметтік ортаға аз бейімделуі, оқшаулануы т.б олардың әлеуметтік коммуникативті дағдыларында да кері көрінісін береді. Әрине, мектеп жағдайында балаларға тең қатарлы, жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып, назар аударылғанымен, олардың әлеуметтік коммуникативті дағдыларын қалыптастыру балалардың өзге де танымдық үрдістерін дамытудың алғышарты ретінде қарастырылады. Ерте ықпал ету қағидасына сәйкес, зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік коммуникативті дағдыларын қалыптастыруды бастауыш сынып қабырғасында қолға алу болашақта зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының барлық танымдық үрдісін түзету дамыту бойынша жұмыстың тиімділігіне нәтижелі ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар, болашақта әлеуметтік коммуникативті дағдыға тікелей ықпалы бар «жеткіншек жасты» оңай өткеруге, балалардың өзге балаларды түсініп, өз ойын жеткізіп, қарым қатынасқа түсуіне, әлеуметтенуіне ықпалын тигізері анық.

Сонымен, зерттеу мәселесі бойына әдебиеттерді талдау барысы зияты зақымдалған баланың құрдастарымен қарым-қатынасының тиімділігі белсенділігіне, сезімталдығына, әлеуметтік шынайылықты құрастыру үрдісіне тікелей тәуелді. Сондықтан, әлеуметтік коммуникативті дағды шынайы қарым-қатынас үрдісінде баланың бейімделу қабілеті мен өзге балалардың ерекшелігін есепке алу қабілетінде де көрініс табады (қалауы, эмоциялары, әрекеттері, іс-әрекет ерекшеліктері).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Каган М. Мир общения: Проблема межсубъектных отношений. М.: Политиздат, 1988. 319 с
2. Соколов А.В. Введение в теорию социальной коммуникации. СПб., 1996. С. 17-43; 201-228.
3. Рубинштейн С. Л. Основы общей психологии. СПб. : Питер, 2002. – 720с.
4. Кравцова Е.Н. Ребенок внутри общения // Дошкольное образование. 2005. № 3. С. 2-6.
5. Лисина М.И. Потребности и мотивы общения между дошкольниками / М. И. Лисина, Р. А. Смирнова, под редакцией Я. Л. Коломинского. Минск: Сила. 2005. - 194 с.
6. Екжанова Е.А., Стребелева Е.А. Коррекционно-педагогическая помощь детям раннего и дошкольного возраста с неярко выраженными отклонениями в развитии: науч.-метод. пособие. СПб.: КАРО, 2013. - 336 с.
7. Вечер М.В. Параметры исследования и систематизации коммуникативных средств для логопедической работы с детьми с умеренной отсталостью // Ярославский педагогический вестник, 2016. – С. 81-85.

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУДА НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**С.Т. Булабаева<sup>1</sup>, А.Н. Аутаева<sup>2</sup>, Э.Қ. Қосылған<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті<sup>1</sup>

<sup>2,3</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

bulabaevas@mail.ru

*Аңдатпа.* Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар әрдайым басты назарда. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бірінші тобына кіретін зияты зақымдалған балаларда инклюзивті білім беру жағдайында оқу, жазу, санау сияқты дағдыларды

меңгеруде белгілі қиындықтар туындап жатады. Аталмыш қиындықтар балалар танымдық ерекшеліктерінің сипатымен тығыз байланысты. Мақалада зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін дамытудағы нейропсихологиялық әдістерді қолданудың ерекшеліктері мен маңыздылығы қарастырылған.

*Кілт сөздер:* жазбаша сөйлеу тілі, зияты зақымдалған балалар, танымдық үрдісі

**Значимость использования нейропсихологических методов в развитии письменной речи у учащихся начальных классов с нарушениями интеллекта в условиях инклюзивного образования**

*Аннотация.* В условиях инклюзивного образования дети с особыми образовательными потребностями всегда находятся в центре внимания. У детей с ограниченными возможностями здоровья, входящих в первую группу детей с особыми образовательными потребностями, возникают определенные трудности в приобретении таких навыков, как чтение, письмо, счет в условиях инклюзивного образования. Данные трудности тесно связаны с характером познавательных особенностей детей. В статье рассмотрены особенности и значимость применения нейропсихологических методов в развитии письменной речи учащихся начальных классов с нарушениями интеллекта.

*Ключевые слова:* письменная речь, дети с нарушениями интеллекта, познавательный процесс

**The importance of using neuropsychological methods in the development of writing in primary school students with intellectual disabilities in inclusive education**

*Annotation.* In the context of inclusive education, children with special educational needs are always in the spotlight. Children with disabilities, who are part of the first group of children with special educational needs, have certain difficulties in acquiring skills such as reading, writing, counting in inclusive education. These difficulties are closely related to the nature of children's cognitive characteristics. The article discusses the features and significance of the use of neuropsychological methods in the development of writing of primary school students with intellectual disabilities.

*Keywords:* written speech, intellectual children, cognitive process

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі басты назарда. Осыған орай инклюзивті білім беру, арнайы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды мектеп ұжымына тиімді қосып, ерекше білім беру қажеттіліктерімен қамтамасыз ету өте маңызды. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау білім беру ұйымдарында білім алуға қиындықтары бар балалармен Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2022 жылдың 12 қаңтарында № 4 бұйрығымен бекітілген «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларына» сәйкес жүргізіледі. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде барлық көмек түрлері мен қызметтері (арнайы білім беру шарттары) қарастырылған. Жеке оқу бағдарламасы (бастауыш сыныпта) мен жеке оқу жоспары (орта сыныпта) бойынша білім алатын зияты зақымдалған балаларды инклюзивті білім беру жағдайында тиісті қажеттіліктермен қамтамасыздандыра отырып оқыту, оқытудың әдістерін тиімді пайдалану өте маңызды.

Сөйлеу тілі – психикалық үрдістің жоғарғы формасы ретінде зияты зақымдалған балаларда өзіндік қиындықтарымен, ерекшеліктерімен дамиды. Бұл тек ауызша сөйлеу тіліне ғана емес, жазбаша сөйлеу тілі дағдыларын меңгерумен тығыз байланысты. Елімізде логопедия саласының іргетасын қалаушы ғалымдардың бірі ретінде профессор Қ.Қ. Өмірбекова балалардың сөйлеу тілі бұзылыстарын зерттеп, оның сипатын айқындап, оларды түзету мен дамыту жолында үлкен еңбектер ашып, бүгінгі таңда аталмыш еңбектер ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасайтын мамандардың таптырмас құралына айналып отыр.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға сапалы және қолжетімді білім беру мақсатында балалардың жеке даму ерекшеліктеріне орай кедергісіз ортаны құра отырып, білім беру үрдісі жүзеге асырылуда. Жеке оқу бағдарламасы мен жоспары бойынша білім алатын инклюзивті білім беру жағдайында балалар тобы – зияты зақымдалған балалар болып саналады. Зияты зақымдалған балалар - ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың бірінші тобы, яғни психофизикалық бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалар ретінде қарастырылады. Құрам массасы бойынша әртүрлі болғанымен, зияты зақымдалған балаларды ортақтастыратыны – бас миының органикалық зақымдалуы болып, ол диффузды сипатқа ие болып келеді. Бас миының диффузды зақымдалулары жеке, айқын локальды зақымдалулармен үйлесіп те жатады. Бұл өз кезегінде баланың танымдық үрдістері қалыптасуы мен дамуында айқын көрініс табады. Балаларда басым жағдайда екіншілік кемістік ретінде сөйлеу тілі бұзылыстары, танымдық үрдістер бұзылыстары т.б кездеседі.

Жазбаша сөйлеу тілін меңгеруде естіп талдау, көріп қабылдау, артикуляция т.б. маңызды роль атқарады. Лурия жазудың психофизиологиялық механизмін сипаттай келе, жазу үрдісіне қатысатын бас ми сыңары жүйелерін атап өткен.

А.Р. Лурия ми жұмысының жалпы заңдылықтарын сипаттай келе, оны үш құрылымдық функциональдық блокқа бөліп қарастырған: біріншісі: энергетикалық блок немесе ми белсенділігінің реттеушілік деңгейі деп аталады. Екіншісі ақпаратты экстероцептивті қабылдау, қайта өңдеу, сақтау блогы болып, ол көру, есту, тері кинестетикалық сияқты негізгі анализаторлар жүйесінің қызметін қамтиды. Үшіншісі психикалық іс-әрекеттің өтуін басқару, бағдармалау, реттеу блогы деп аталып, ойды бағдарламалау, жеке әрекеттердің нәтижесін басқаруды жүзеге асыру мен реттеуде жетекші роль атқарады. Әр психикалық функция осы үш блоктың қатысуымен жүзеге асырылады [1].

Л.С. Цветкова қалыптастырушы оқытуда нейропсихологиялық әдістердің маңыздылығын атап өтіп, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету мен жазбаша сөйлеу тілін дамытуда нейропсихологиялық әдістердің ықпалын ерекше атап өткен [2].

Жазбаша сөйлеу тілі - сөйлеу тілін фиксациялаудың белгілік жүйесі болып, графикалық элементтер көмегімен ақпаратты қашықтықтан беруге мүмкіндік беріп, ол сөйлеу тілдік қозғалыс, сөйлеу тілдік есту, көру және қимыл қозғалыс т.б анализаторларымен байланысты.

А.Р. Лурия бойынша, мидың локальды зақымдалуы барысында гнозис пен праксис деңгейі зақымдалып, ал екіншілік ретінде символикалық зақымдалу, яғни гнозистік праксистік деңгей зақымдалады екен. Мысалы, артикуляциялық праксис локализация аймағы зақымдалса, сөйлеу тілін түсінуі, жазу мен оқу зардап шегеді. Ал, жоғарғы психикалық функциялар сөйлеу тілі мен танымдық үрдіспен тығыз байланысты болып келеді. Зияты зақымдалған балаларда жазбаша сөйлеу тілінің бірқатар бұзылыстары байқалады: артикуляциялық акустикалық дисграфия, фонемдік тану бұзылысы негізіндегі дисграфия, Тілдік талдау мен жинақтау бұзылысы негізіндегі дисграфия, аграмматикалық дисграфия, оптикалық дисграфия, т.б. кездеседі [3].

Инклюзивті білім беру жағдайында білім алатын зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін дамыту бойынша балалардың ақпаратты қабылдау, жинақтау, қайта өңдеу ерекшеліктеріне орай (сезім, түйсік, қимыл қозғалыстар т.б) бейімделе отырып құрылған әдістемелер мен әдістер жүйесінің жеткіліксіздігі айқын байқалады. Сондықтан, инклюзивті білім беру жағдайында білім алатын зияты зақымдалған балалардың жазбаша сөйлеу тілін дамыту жолын қарастыру қажеттіліктері туындап отыр.

Заманауи психология жазуды сөйлеу тілдік іс әрекеттің күрделі формасы ретінде қарастырып, жазу қалыпты даму жағдайында мақсатқа бағытталған оқыту үрдісінде 5-7 жаста қалыптасатындығын тұжырымдайды. Жазуды дамыту тәсілдері алдмен саналы әрекет болып, кейін дағдыға айналады.

Жазу зейін, ойлау, көріп қабылдау, естіп қабылдау, акустикалық және кеңістіктік әрекет, ұсақ қол моторикасы, заттық әрекет т.с.с психикалық әрекеттердің вербальды және вербальды емес құрылымдарын қамтитындықтан, оның бұзылысы жүйелі болып келеді. Зияты зақымдалуы бас миының органикалық зақымдалуы салдарынан туындап, диффзды сипатқа ие болып, жоғарғы психикалық функциялардың, танымдық үрдістердің зақымдалуымен сипатталады: балаларда ойлау, зейін, қабылдау, сөйлеу тілі, жады т.б танымдық үрдістер және балалардың эмоциональды ерік жігер сферасы, моторикасы, жалпы тұлғалық даму сипаты зақымдалады. Зияты зақымдалуының себептері түрлі болып келеді (экзогенді, эндогенді факторлар): тұқымқуалаушылық аурулар (фенилкетонурия, микроцефалия, орталық жүйке жүйесінің дегенеративті тұқымқуалаушылық аурулары т.б), хромосомдық аурулар (Даун синдромы, Клайнфельтер синдромы, Шерешевский —Тернер синдромы т.б), жатыр ішілік инфекциялар (созылмалы токсоплазмоз, листериоз, сифилис, циотомегалия, вирустық аурулар (қызылша, тұмау, т.б.), жүктіліктің соңғы кезеңдерінде анасының жіті инфекциялық аурумен ауруы да балада жатыр ішілік кезде энцефалит пен менингоэнцефалит тудыруы мүмкін. Имундық конфликт (резус факторы бойынша), улану, ата-анасының ішімдік мен нашакорлықпен әуестенуі, бас ми жарақаттары т.б. себептері қарастырылады. Бас ми жарақаты салдарынан, түрлі менингит, энцефалит т.с.с. аурулармен бала психикасының функциялары қалыптасқаннан кейін ауруы деменция деген терминмен анықталады. Деменция кезінде зақымдалу ошағы біртекті емес, өзге бөліктерінің аз көлемде сақталуы байқалуы мүмкін. Зияты зақымдалуы шизофрения, эпилепсия сияқыт жүйке жүйесінің ауруларымен үйлесу де кездесіп, ауыр дәрежеде баланың эмоциональды ерік жігер сферасы, жалпы тұлғасының спецификалық ерекшеліктері байқалады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қабылдаған халықаралық медициналық топтастыруға сәйкес зияты зақымдалуы жеңіл (IQ 50-69), орташа (IQ 49-35), ауыр (IQ 34-20), терең

(IQ 20 және одан төмен) түрлері қарастырылады.

Бас миы (encephalon) - жүйке жүйесінің жоғарғы мүшесі, анатомиялық функционалды туынды ретінде бірнеше деңгейге бөлініп, олардың әрқайсысы өзінің қызметін атқарады. Бірінші деңгей: бас миының сыңары – сезімдік, қозғалыс функцияларын күрделі когнитивті үрдістерді басқару қызметін; екінші деңгей: үлкен бас ми сыңарының базальды ядролары – ырықсыз қозғалыстарды және бұлшықет тонусын реттеуді басқару қызметін; үшінші деңгей: эндокринді реттеуді, эмоционалды реакциялар мен жағдайларды басқару қызметін; төртінші деңгей: вегетативті үрдістерді басқару қызметін атқарады. Бас миы: ми бағаны, мишық, үлкен ми бөліктерінен тұрып, анатомиялық туынды ретінде үлкен ми (cerebrum) оң жақ және сол жақ ми сыңарынан (hemisphaerum cerebri dextrum et sinistrum) тұрып, олар түрлі жүйеге біріктіріледі: иіс сезу rhinencephalon), базальды ядро (nucii basales), үлкен ми сыңары (cortex cerebri). Олардың әрқайсысы маңдай бөлігі (lobus frontalis), төбе бөлігі (lobus parietalis), шүйде lobus occipitalis), самай бөлігі (lobus temporalis), островковая аймағы (lobus insularis, insule) сияқты (бес аймақтан тұрады. Олардың әрқайсысындағы белгілі өзгерістер бала дамуында кері сипат алып, кешенді көрініс табады.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында зияты зақымдалған бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін дамытуда нейропсихологиялық әдістерді қолдану балалардың танымдық үрдістеріне кешенді әрекет етіп, жазбаша сөйлеу тілі алғышарттары болып саналатын мидың негізгі бөліктерін белсендіріп, жазу әрекеті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол үшін ең алдымен зияты зақымдалған балалардың даму ерекшеліктері, танымдық үрдістерінің даму ерекшелігін, жазбаша сөйлеу тілі қиындықтары мен осы қиындықтардың басты себептерін айқындау маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Лурия А.Р. Нейролингвистические исследования: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению и специальностям психологии. М.: Academia, 2002
2. Цветкова Л.С. Нейропсихологии счета, письма и чтения: нарушение и восстановление. М.: Юристъ, 1997. – 256 с.
3. Визель Т.Г. Основы нейропсихологии: учеб. для студентов вузов. М.: АСТАстрель Транзиткнига, 2005. – 384 с.
4. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей. М., 1995.

### **ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – МЕДИЦИНАЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕ КЕШЕНДІ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

**Э.М. Мурзагалиева<sup>1</sup>, Э.Қ. Қосылған<sup>2</sup>, С.Т. Булабаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

<sup>2</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті

<sup>3</sup>«Береке» орта мектебі, Алматы қ.

Elika\_1988@mail.ru

*Аңдапта.* Мақалада 2021 жылдың 29 желтоқсанында қыбылданған «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қызметінің тәртібіне өзгерістер енгізілуіне сәйкес ПМПК-да кешенді тексеру тәртібі анықталады.

*Түйін сөздер:* ПМПК, кешенді тексеру тәртібі.

#### **Порядок проведения комплексного обследования в психолого–медико-педагогической консультации**

*Аннотация.* В статье рассматриваются изменения в порядке проведения комплексного обследования в ПМПК, согласно приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 29 декабря 2021 года "Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования соответствующих типов и видов".

*Ключевые слова:* ПМПК, комплексное обследование

#### **The procedures for conducting a comprehensive examination in the field of psychological-medical-pedagogical counseling (PMPC)**

*Abstract.* The given article examines changes on the procedures for conducting a comprehensive examination in the

field of PMPC In accordance with Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan of December 29, 2021 “On approval of the Standard Rules for the activities of educational organizations of the respective types”.

*Keywords:* PMPC, comprehensive examination.

Қазіргі уақытта барлық әлем елдерінде мүмкіндігі шектеулі адамдар топтары мен бірлестіктер бар. Біздің елде де бұндай бірлестіктер ұйымдастырылып жатыр және олардың саны артуда. Қазақстан Республикасының дәстүрлі білім беру жүйесі бойынша белгілі бір бұзылысы бар балаларды арайы (түзету) білім беру ұйымдарында немесе арнайы мектеп – интернаттарында білім берілетін. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың мүмкіндіктерін бағалауға қоғамның көзқарасы айрықша өзгеруде. Баланың жеке білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір баланың дамуын қолайлы жағдайда ұйымдастыру керектігі күннен-күнге мәлім болып келе жатыр. Әрбір баланың бұзылысына емес, мүмкіндігіне қарап дамыту жоспарын ойластыру қажет деген ұстаным қалыптасып келе жатыр.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың потенциалды мүмкіндіктері - қалыпты өмір сүру ағынына еңгізу туралы әртүрлі тұжырымдарды шығарды, яғни түзету және жалпы білім беру сыныптары арасындағы кедергілерді жою және кейбір мүмкіндігі шектеулі балаларға жабық болатын жалпы білім беру мектептері мен арнайы мекемелердің арасындағы кедергілер жойылуда.

Осындай тұжырымдар мен көзқарастардың негізінде инклюзивті білім беру жүйесі елімізде қарқынды енгізіліп жатыр. 2021 жылдың 29 желтоқсанында «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес (ПМПК) қызметінің тәртібіне өзгерістер енгізілді. Осы уақытқа дейін қолданылып жүрген медициналық – педагогикалық модельден әлеуметтік–педагогикалық модельге ауысу жұмысы қолға алынып жатыр. Осындай өзгерістерге сәйкес ПМПК-да тексеру жұмысының жүргізу тәртібіне де өзгерістер енгізілді.

ПМПК – да кешенді тексеру жұмысын жүргізу тәртібіне сәйкес алдымен ата–ананың шағымы мен сұранысын анықтау қажет (баланың дамуында не мазалайды және кеңестен не алуды күтеді). Ата-ананың кеңеске жүгінуі негізінде ПМПК-ның регистраторы қабылдайды. Алдын-ала анамнез мәліметтері мен бала дамуының әлеуметтік жағдайларын анықтау. ПМПК қызметі тәртібіне сәйкес кеңестің барлық мамандары бекітілген формада жүргізеді. Психологиялық – медициналық – педагогикалық тексеру барысы:

1) Медициналық және әлеуметтік–психологиялық анамнезімен танысу. Тексерудің жоспары мен тактикасын анықтау. Тексеру жүргізу үшін жағдайларды ұйымдастыру, стимульді материалдарды дайындау (әдістемелер, ойыншықтар)

2) Танысу, мамандарды таныстыру. Шағымдар мен сұраныстарды нақтылау. Тексеріс барысында ата-ана мен мамандардың әңгімелесуі.

3) Психологиялық тексеру

4) Логопедиялық тексеру

5) Педагогикалық тексеру

6) Неврологиялық және психиатриялық тексеру

7) Әлеуметтік –педагогикалық тексеру.

Тексеру жағдайына және баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты тексеру түрлерінің кезектілігі өзгеруі мүмкін. Мамандардың тексеру нәтижелерін ұжымдық талқылау қажет, яғни схема бойынша тексеру нәтижелерін талдайды (ерте, мектепке дейінгі, мектеп жасы) және психоневрологиялық және соматикалық денсаулығын (медициналық тексеру нәтижелері бойынша) және психикалық бұзылысы мен ерекшеліктерін бағалау, сонымен қатар баланың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне дамуының бұзылыстары мен мәселелерінің қандай әсері етеді: нақты жағдайға байланысты қызметі, қарым–қатынасы, мінез–құлқы, оқытылуы және тәрбиеленуі.

Тексеру нәтижелерінің негізінде білім беру ұйымдарында, отбасында білім және тәрбие берудің арнайы шарттарын құрастыру бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері мен оған сәйкес ұсыныстарды анықтайды. Егер тексеру нәтижелері жалпы қорытындысын құрастыру жеткіліксіз болса, қосымша тексеру қажеттілігі туралы шешім шығарылады. Жалпы алғашқы тексеру бір – төрт қабылдау кезеңінде жүргізілуі мүмкін. Барлық жағдай анықталғаннан кейін бала дамуының мәселелері бойынша ата-анаға кеңес беріледі.

1. Ата –анаға баланың күшті және әлсіз жақтарын айту.

Тексеру нәтижелеріне сүйене отырып, мамандар баланың нақты білімін, дағдыларын, мүмкіндіктерін айтады, тіпті аздаған деңгейде көрінсе де, оның ресурстары мен мүмкіндіктерін білдіреді.

2. Баланың қандайда бір дағдыларын қалыптастыру мен тәрбиелеуде ата-ананың ролі мен ынтасының болуы.

3) Баланың даму бұзылыстары мен ауытқулары мәселелерін түсіндіру.

Бірінші тактика – жекеден жалпыға қарай кеңес беру. Даму бұзылыстарының ерекшеліктеріне әрбір маман өзінің кәсіби көзқарасын айтады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда педагогтардан басты ұстанымдары бірі ретінде балалардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, әлеуетін жан-жақты түсінуді талап етеді. Осы орайда болашақ педагогтің таңдаған мамандығы бойынша негізгі білімі енді жеткіліксіз болады. Кәсіби жоғары білім беруде заманауи талаптарға сәйкес жан-жақты құзыреттіліктер қажеттілігін ескеру, атап айтқанда жұмысты жоспарлау, көшбасшылық, оқыту, бағалау, өзін-өзі бағалау, ынтымақтастық қарым-қатынас орнату, өзінің және басқалардың әл-ауқатын қолдау т.б. Аталмыш құзыреттіліктер мен қатар кәсіби этиканың болуы да аса маңызды саналады. Педагогикалық кадрларды даярлауда бұл тәсіл жоғары білімді дамытудың жаңа моделін қалыптастырады.

Болашақ педагогтарды даярлау қажеттілігі ерекше білім беруді қажет ететін саны жағынан көптеген балалар жалпы білім беру ұйымдарына баруынан көрінеді. Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ресми статистикасы көрсеткендей, жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда 15 064 бала, жалпы білім беретін мектептерде 68 847 ерекше қажеттіліктері бар бала оқиды. Қазіргі жоғары білім беру жүйесі қоғамда болып жатқан өзгерістерге тез әрі тиімді жауап беруге дайын болмаса да, педагогтарды психологиялық-педагогикалық көмек көрсету жұмысына дайындау мәселесі ашық күйінде қалып отыр. Яғни, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға білім беру мен дағды қалыптастыруға үйрететін болашақ педагогтардың жоғары оқу орнында кәсіби шеберлігін шыңдау, оларды маман ретінде дайындау жұмыстарының сапасын арттыру мәселесін шешу қажет.

### **Негізгі бөлім**

Қазіргі заманауи білім беретін мектеп болашақ педагогтардың кәсіби даму деңгейіне жаңа талаптар қояды. Жоғары оқу орындары даярлайтын білім беру бағдарламалары қалыптастыратын құзыреттіліктерді нақты айқындауы тиіс. Өзінің пәндік саласында білімін қалыптастыруға қатысты құзыреттіліктерден басқа, ғылыми тұрғыда ойлай алуы негізінде белгілі бір іс-әрекет әдісін таңдауды негіздей білу, диалог жүргізе алуы, әр оқушы дамуын түсіну және қолдау дағдыларының болуы маңызды саналады.

Инклюзивті білім беру ортасында өз қызметін жүзеге асыратын барлық педагогтар үшін қандай құзыреттіліктер қажет?

Кезкелген педагогикалық университеттің әрбір түлегі инклюзивті мәдениетке ие болуы керек. Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім беру ұғымдары мен принциптерін түсіну мен меңгеруді, инклюзия құндылықтары тұрғысынан өз әрекеттерін талдай білуді қамтиды. Болашақ педагогтар біздің елімізде инклюзивті қоғам құру, инклюзивті білім беру арқылы «Инклюзия» саясаты жүзеге асырылып жатқанын жете түсіне білуі керек. Білім беру саласында инклюзивтілік принципі оқу процесінде икемді модельмен жүзеге асырылады: бейімдеу бағдарламалары, оқудағы жетістіктерін бағалау тәсілдерін өзгерту. Инклюзивті практика дағдыларын игеру үшін болашақ педагог балалардың мүмкіндіктері әртүрлі екенін білуі керек, осыған байланысты жоғары оқу орындарында оқу процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдаудың әртүрлі траекториялары жоспарланған. Болашақ педагогтарды даярлау кезінде оқу пәні бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаға бейімделген/ жеке бағдарламаны игеруге, оқытудың мультимодальды әртүрлі әдістерін меңгеруге, қарапайым сөйлем құрау дағдыларын білуге үйрету, балама қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білуге ерекше назар аудару керек.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытатын болашақ педагогтарды даярлау процесінде осындай жағдайларды түсіну үшін аталмыш мәселе жоғары оқу орындарында нақты қолға алынуы керек.

Барлық білім беру бағдарламаларының мазмұнымен танысу, талдау жүргізу, оқытудың педагогикалық бағыттары бойынша "Инклюзивті білім беру" пәнін енгізу туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Болашақ педагог нені үйренеді? Оқытудың нәтижелері қандай болмақ? Әрбір болашақ педагог ерекше білім алушылардың алуан түрлілігін есепке алуы; білім алушыларды жан-

жақты қолдау шараларын ұйымдастыра білуі; академиялық, практикалық сабақтары мен әлеуметтік және эмоционалдық жағдайына жәрдемдесуі қажет; осы баламен әр түрлі топтарда, ата-аналарымен және отбасыларымен жұмыс істей білуге үйрету үшін педагог кәсіби даму сатыларынан өту керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтарды жұмысқа дайындаудың маңызды аспектісі оқытуда тәжірибеге бағытталған тәсілдерді жүзеге асыру болып табылады. Теория мен практиканы ұштастыра отырып, әлеуметтік мінез-құлық қалыптастыра алатын, бастамашыл, барлық жағдайға икемделе алатын, керек жағдайда дұрыс шешім шығара алатын, шығармашылықпен жұмыс істей отырып нәтижеге қол жеткізуге тырысатын маман дайындауға мүмкіндік беру жоғары зерттеушілік дағдыларын меңгеруге жол ашады.

Қазақстандық педагогикалық жоғары оқу орындарының жұмыс тәжірибесін зерттеп, талдау жүргізе келе инклюзия жағдайында педагогтарды жұмысқа дайындау үшін білім беруде өзгерістерді талап ететіндігін айта кету маңызды. Педагогтарды даярлауда білім беру бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау; маман даярлаудың тиімділігін іске асыруға мүмкіндік беретін қажеттіліктер мен жағдайларды анықтау; білім беру процесін басқару және мониторинг стратегиясын әзірлеу; ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту қажеттілігі жағдайын ескере отырып, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша дидактикалық модульдер құру қажет.

Педагогтарды даярлау мәселелері білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етуді талап етеді, бұл оларға бәсекеге қабілетті, өндірістік ортада сенімді болуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, заманауи талапқа сай болашақ педагогтан коммуникабельділік, толеранттылық, командада жұмыс істей білу, креативтілік, ұқыптылық, байсалдылық сияқты soft skills дағдыларының болуын талап етеді. Білім беру жүйесіндегі жылдам өзгеріс жағдайлары жоғары оқу орындарының түлектерінен өзін-өзі ұйымдастыра алу қабілетін, коммуникативтілікті, кәсіби қызметті сәтті ұйымдастырудың негізін құрайтын рефлексивті дағдыларды талап етеді.

Болашақ педагогтарды инклюзия жағдайында жұмыс істеуге даярлау стратегиясында төменде көрсетілгендей қарама-қайшы факторлар кездеседі:

1) жалпы білім беру ұйымдарына әртүрлі психофизикалық бұзылулары бар балалар келген кезде педагогтарды даярлаудың қолда бар тәжірибесіне сүйену - жалпы білім берудегі бүгінгі шындық;


2) студенттің болашақ маман ретінде сұранысына сәйкес практикалық дағдыларды игеруі мен білім берудің жеке траекториясына икемділігінің болмауы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге бейімдеу мен бала қабілеттіліктерін зерттеуге мүмкіндік беретін пәндердің саны жағынан аз болуы;

3) Жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлаудың жаңа тиімді модельдеріне жоғары сұраныстың тәжірибеде жеткіліксіздігі т.б.

Қазіргі білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне сәйкес жаңа формациядағы педагогтарды даярлау мәселесінде туындайтын қайшылықтарды шешу қоғамдағы жұмыс берушілер мен мемлекет тарапынан болашақ педагогтардың білімін жаңарту проблемасын өзектендіреді.

2020 жылдары Қазақстан Республикасында инклюзияны іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпы білім беретін ұйымдарына сандық талдау жүргізуде мынандай көрсеткіштері анықталды [1]. Жалпы білім беретін 6957 мектептен инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің саны 5214 құрады.





Сурет 1. Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің саны

Суретте берілген ақпараттарға сәйкес ұйымдардың ең ауқымды желісі Шығыс Қазақстан облысында ұсынылған (484). Астана қаласында керісінше ұйымдардың ең төменгі көрсеткіші берілген (78).

Егер жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға саны жағынан талдау жүргізетін болсақ, ерекше қажеттіліктері бар 107 384 баланың ішінде жалпы білім беретін мектептерде 41 581 бала оқиды. Нақты мәліметтерге сүйенетін болсақ, ШҚО ерекше қажеттіліктері бар 4 715 бала инклюзивті білім берумен қамтамасыз етілген және бұл саны жағынан республика бойынша ең көп қамтылған аймақ болып саналады.



Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың болу фактісіне сәйкес, олардың саны 807 құрайды. Берілген сандық мәліметтерді есепке алып, қарастыратын болсақ, жалпы білім беру ұйымында оқитын ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін педагогикалық кадрларды даярлау ойлануға тұрарлық мәселе.

Бүгінгі таңда жалпы типтік балабақшалар мен мектептерде тәрбиеленетін және оқитын балалар арасында саны жағынан көздесетін өте көп бұзылыстар сөйлеу қабілеті бұзылуы, психикалық дамуының тежелуі, эмоционалды-ерік аясы зақымдалған балаларды құрайды. Педагогтар өз қызметінде осы санаттағы балалармен оқу-тәрбие процесін қалай ұйымдастыру керектігін, қандай психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарын көрсету керектігін түсінбейді және білмейді. Әрине, мұндай жағдайда білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, педагог-ассистент үлкен көмек көрсетуі керек, тек осы шарттар орындалған кезде ғана ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім сапасы туралы айтуға болады.

Қазіргі жағдайда жалпы білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар санының біртіндеп артуы мен мұғалімдердің бұл жұмысты орындауға дайын еместігі туралы жағдайлар белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Елімізде инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда қоғамның сұранысына орай мұғалімдерді даярлау қажеттілігі білім беру бағдарламаларын одан әрі байыпты және мұқият қайта қарауды және толықтыруды қажет ететіндігі сөзсіз.

Инклюзивті білім берудің негізі оны ізгілендіру және оқытудың кәсіби бағытын жандандыру ерекше маңызға ие.

Даму трендіне сәйкес 2015 жылғы 25 қыркүйектегі ЮНЕСКО ЖПБ баяндамасында айтылғандай болашақ педагогтардың "Халықаралық құзыреттілік моделі" (кез-келген ЖОО бакалавры немесе магистрі) мамандар әзірлейтін білім беру бағдарламаларының негізі болуы тиіс. Үш базалық топ "өзін-өзі басқару және проблемаларды шешу", "тұлғааралық қарым-қатынас" және "даму және таным құралдары" болашақ педагогтардың құзыреттілігін айқындайды [2]. Олар: проблемаларды шешу қабілеті; ықтимал тәуекелдерді болжау және бағалай білу (денсаулық, экология, кәсіп, т.б. салаларда); өзін-өзі көрсету және ұйымдастыру дағдыларын меңгеру; тұлғааралық қарым-қатынасқа дайын болу; өзгермелі жағдайларға тез және оңай бейімделе білу, білім беру, инклюзивті саясатты жүргізуге белсенді атсалысу және т.б. қатынастарды реттейді. Педагог жаңашыл, өмір бойы оқуға дайын, жүйелі және сыни ойлау әдістерін меңгерген, өзгерістерді жақтаушы маман болуы керек. [3]

Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті практиканы іске асыруда оқушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту сапасын арттыруға бағытталған жаңартылған оқу бағдарламалары енгізілгенімен, педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері мен бағдарлау жұмыстары бойынша кеңес беру, білім алушылардың қажеттіліктері мен әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелерін шешу сияқты бірқатар бағыттар бойынша қайта қаралып, толықтырылуы тиіс.

Дәл осындай оқыту тәсілі болашақ педагогтарға инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жағдайында оқу процесі ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Педагогтарды инклюзивті білім беруге даярлаудағы жаңалық студенттердің болашақ кәсіби қызметін терең түсініп оған барынша жақындауымен тікелей байланысты, осы орайда пән силлабустарының, педагогикалық практикалары мазмұнына мән аударып, ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту және олармен жұмыс істеу тәсілдерін қосу керек. Мұндай амалдар инклюзивті тәжірибені түсінуді дамытуға ықпал етеді.

### **Қорытынды**

Осылайша, инклюзия жағдайында болашақ педагогтарды даярлау мәселесін шешуге келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді: педагогтарды даярлау қажырлы еңбек және жоғары оқу орнының басты міндеті, болашақ педагогтарға тиісті теориялық және практикалық білімдер мен дағдылары меңгертіп қана қоймай, сонымен қатар өмірлік дағдыларға, дербес өмір сүруге, шығармашылық қабілеттерге ие болуға, білім алушылар әртүрлілігін құрметтеуге және түсінуге мүмкіндік беретін құзыреттіліктер қалыптастыру.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Национальный сборник «Статистика системы образования Республики Казахстан». Нур-Султан: АО

«Информационно-аналитический центр», 2021. – 313с.

2. Штакк Е.А. Компетенции в области устойчивого развития: контекст и стратегии формирования инновационной деятельности вуза // Современные проблемы науки и образования. 2019, № 5. URL: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?Id=29145>.

3. Равенство и инклюзивный подход в образовании //Руководство по подготовке, пересмотру и оценке планирования в секторе образования: совместный продукт инициативы Организации Объединённых Наций и других международных организаций. 2010.

## **АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ УЧИТЕЛЕЙ-ЛОГОПЕДОВ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ В УЗБЕКИСТАНЕ**

**Л.Р. Муминова**

д.п.н., профессор, Заслуженный наставник молодёжи Узбекистана,  
ООО «LOGOS» учебный центр, Узбекистан, Ташкент  
mlola@rambler.ru

На этапе построения нового Узбекистана проводится объемная работа по подготовке кадров и совершенствованию логопедической помощи, как в системе здравоохранения, так и образования и в частном секторе и это определенная система выявления лиц с психо-речевой патологией, профилактики речевых нарушений и коррекционно-воспитательное воздействие. Лица с нарушения психического развития – это дети и взрослые с особыми образовательными потребностями, нуждающиеся в специальной помощи и требующие введения комплексной медико-психолого-педагогического сопровождения на протяжении всей жизни.

Современный этап становления системы подготовки кадров для работы с детьми с нарушениями в развитии связан с переходом на многоуровневую систему образования; совершенствованием форм и содержания образования детей с нарушениями в развитии, а также с увеличением количества детей со сложной структурой нарушений, что требует разработки нового содержания профессионального образования и неизбежно затрагивает систему повышения квалификации дефектологических кадров [ 2, 3, 4, 5, 6].

Попытки определения перечня профессиональных знаний, умений и навыков, необходимых специалисту для работы с детьми с нарушениями в развитии, предпринимались в разное время при разработке профессиограмм дефектолога [4, 5, 6] на основе когнитивного подхода. Критерием определения содержания подготовки учителей-логопедов в настоящее время является квалификационная характеристика учителя-дефектолога, адаптированная к специфике профессиональной деятельности учителя-логопеда.

В республике профессионально значимые компетенции учителя-логопеда на сегодняшний день исследованы недостаточно, не установлена их значимость для различных видов профессиональной деятельности, не определены пути их формирования в системе непрерывного профессионального образования, равнозначными частями которого являются подготовка специалистов в вузе, дальнейшее повышение квалификации и профессиональная переподготовка. В связи с этим актуализируется необходимость пересмотра норм и требований, обобщенной характеристики профессиональной деятельности и личности специалиста, осуществляющего коррекционно-логопедическую помощь [1, 2].

В настоящее время можно констатировать проблемы подготовки кадров, повышения квалификации после вузовского образования, работающих логопедов, дефектологов в разных сферах, при разных формах вузовской подготовки и переподготовки педагогов дефектологов (бакалавров-дефектологов, практическая переподготовка логопедов, 4-х месячная переподготовка логопедов, дефектологов для дошкольных учреждений и т.д.). Хочется особо акцентировать о том , что в настоящее время осуществляется подготовка и переподготовка дефектологов в областных вузах, при отсутствии в данных вузах профессорского-преподавательского состава по специальностям дефектологических направлений, что приводит к недостаточной качественной профессиональной компетентной (диагностических, прогностических, коррекционно-педагогических, консультативных, а также личностных компетенций) при подготовке будущих дефектологов всех профилей. Например, повышение квалификации логопедов, работающих в

системе здравоохранения эта особая категория специалистов, которая за рубежом называют клиническими логопедами, и подготовка этих кадров отличается от подготовки кадров для системы образования. Для дошкольных общеобразовательных, инклюзивных и специализированных учреждений требуется подготовка дошкольных дефектологов, но к сожалению, ни один вуз в республике не осуществляет их подготовку.

В соответствии с актуальностью проблемы повышения квалификации дефектологов (логопедов, сурдопедагогов, олигофренопедагогов, тифлопедагогов), в 2020 году зарегистрирован негосударственный учебный центр “LOGOS ҰҚУВ МАРКАЗ”, который осуществляет дополнительную, последипломную повышение квалификации дефектологов, работающих в системе образования и здравоохранения и в частном секторе. Повышения квалификации учителей-логопедов проводится на основе индивидуального и дифференцированного подхода и с учётом деятельности логопедов при логопедической помощи лицам разной категории речевых нарушений, с учетом профиля организаций, обслуживающих разной категории нарушений психо-физического развития и разных возрастных категорий детского и взрослого населения. Применение профессиографического подхода в проектировании содержания повышения квалификации учителей-логопедов наиболее эффективно обеспечивает реализацию основных функций современной системы повышения квалификации: традиционную (образовательную); через обновление и развитие предметных профессиональных компетенций, ознакомление с передовым опытом теории и практики логопедии; развивающую - через формирование мотивационных установок на достижение профессионального успеха, осознание социальной значимости личности учителей-логопедов в современном образовательном учреждении; компенсирующую - через восполнение дефицита профессиональных компетенций, востребованных в современных образовательных условиях [3, 4, 6].

Повышение осуществляется в гибридной форме с отрывом и без отрыва от работы. В настоящее время для нас важным шагом является заключение меморандумов о сотрудничестве с министерствами и организациями, где осуществляют свою востребованную, гуманную профессию логопеда, дефектолога по воспитанию и обучению, абилитацию и реабилитации детей, подростков и взрослых с особыми образовательными потребностями, связанные с психо-физическими нарушениями.

Использование научного потенциала специальной педагогики и психологии, существующих методов ранней помощи детям с различными типами отклонений в психо-речевом развитии в системе охраны здоровья детского и взрослого населения позволит достичь максимально возможной компенсации или сглаживания негативного влияния органической патологии центральной нервной системы на процесс становления психологических достижений возраста, т. е. осуществить профилактику появления или снижение степени тяжести вторичных отклонений в психическом и речевом развитии детей, что в совокупности должно способствовать повышению социальной компетентности ребенка и его интеграции в общество [7].

Таким образом, повышение квалификации логопедов, работающих в системах здравоохранения, образования связано с овладениями и внедрением в практику концептуальных современных технологий коррекционно-педагогической помощи, последовательность, направления и содержание, которой определялись бы в зависимости от этиологии и степени тяжести нарушения здоровья, а также специфики и глубины отклонений в психическом и речевом развитии ребенка, подростка и взрослого, страдающих первичными и вторичными, сложными нарушениями развития, а также тяжёлыми речевыми нарушениями. Известно, что потенциальные возможности развития детской психики могут быть оптимально реализованы лишь при создании преимущества специальных педагогических условий воспитания, обучения, педагогической абилитации и реабилитации ребенка раннего, дошкольного, школьного и подросткового возрастов во всех социальных институтах: в семье, учреждениях здравоохранения и образования с момента выявления у него нарушений здоровья.

#### **Литература**

1. Басаргина Л.В. Индивидуальный стиль профессиональной деятельности учителя-логопеда с применением дистанционных образовательных технологий// Сборник научных статей VII Международной конференции Российской ассоциации дислексии М.. 2017 с.23-33
2. Бессмертная Н.А. Организационно-педагогические условия развития профессиональной компетентности будущих логопедов сельских образовательных учреждений: Дис. ... канд. наук: 13.00.01. Якутск, 2001.

3. Жукатинская Е.Н. Формирование профессиональной компетентности будущего учителя-логопеда: 13.00.08. Дис. ... канд. пед. наук. Липецк, 2008.
4. Петелина Н.Г. Психологические условия профессионально-личностной компетентности учителя-логопеда в системе повышения квалификации: Дис. ... канд. псих. наук: 19.00.07. Курск, 2006.
5. Приходько О.Г. Современные подходы к обновлению содержания специального педагогического образования в свете требований государственных образовательных стандартов третьего поколения // Московские педагогические чтения. М., 2009.
6. Санжиева Я.Б. Профессиональное развитие педагогов в условиях постдипломного образования: на материале Иркутской области: Дис. ... д-ра пед. наук: 13.00.08. М., 2002.
7. Филичева Т.Б., Чиркина Г.В., Туманова Т.В. Программы дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушениями речи «Коррекция нарушений речи». М.: Просвещение, 2008.

## **АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ПЕДАГОГ - ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ**

**Л.Т. Исаева**

Педагогика және психология институтының  
ғылым және инновация жөніндегі директор орынбасары

**Ж.К. Адасканова**

PhD, Педагогика және психология институтының  
оқу ісі жөніндегі директор орынбасары,

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*Аннотация.* Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттесу кезінде арнайы білім беру кеңістігінде арнайы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту процесі сипатталған.  
*Түйін сөздер:* кәсіби құзыреттілік, арнайы педагог, педагогикалық шеберлік.

### **Развитие профессиональных компетенций педагога-дефектолога как основа повышения качества специального образования**

*Аннотация.* В статье описывается процесс развития профессиональных компетенций специального педагога в специальном образовательном пространстве при взаимодействии с детьми с особыми образовательными потребностями.

*Ключевые слова:* профессиональная компетентность, специальный педагог, педагогическое мастерство.

### **Development of professional competence of a teacher - defectologist as the basis for improving the quality of special education**

*Abstract.* The article describes the process of development of professional competencies of a special teacher in a special educational space when interacting with children with special educational needs.

*Keywords:* professional competence, special teacher, pedagogical skills.

Соңғы онжылдықтың ішінде Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды.

Еліміздің білім беру саясаты басты міндеттерінің біріне қазіргі өмірдің талаптарына жауап беретін педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Біздің еліміз экономикалық және әлеуметтік дамуының стратегиялық бағыты барлық салаларда кәсіби қызмет жаңа да жоғары білікті субъектілерін талап етеді. Ең алдымен олар жаңа білім мен технологиялардың тасымалдаушысы болып табылады. Қызмет субъектісіне қойылатын талаптардың өзгеруімен оны кәсібилендіру үдерісіне қойылатын талаптар да өзгереді, бұл кәсіби және білім беру ортасын жобалау және осы үдерісті тиісті тұжырымдамалық, теориялық және технологиялық қамтамасыз ету қажеттілігін тудырады.

Оқушылардың сапалы білім алуына қол жеткізуде педагогикалық және басқарушы кадрлардың кәсібилігі үлкен рөл атқарады. Соңғы жылдары арнайы педагог кәсіби қызметіне үлкен назар аудара отырып, кәсіби білім алу процесінің серпінділігі, тұтастығы, үздіксіздігі, адамның бүкіл өмірінде кәсіби мансап құруы даму кеңістігінде ерекше орын ала бастады. Педагогикалық білім -

арнайы педагогтардың кәсіби қабілеттіліктерін, оның жалпы және арнайы кәсіби дамуын қалыптастыру процесі ретінде қарастырылады.

Арнайы педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін іске асыруда педагогикалық шеберлікті арттыру мәселелерінде тәжірибелік көмек көрсетуді, озық педагогикалық тәжірибені зерделеуді, қорытуды және практикаға енгізуді, ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңа нысандарын, әдістері мен тәсілдерін меңгеруді көздейді. Бұл ретте арнайы педагогтың кәсіби қызметін сүйемелдеудің теориялық және ұйымдастырушылық-педагогикалық әзірлемелеріндегі маңыздылығы ескеріледі.

Арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне айтарлықтай әсер ететін жеке факторлардың бірі ол кәсіби тәжірибені жинақтау нәтижесінде пайда болатын кәсіби бағдар болып табылады және кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге оның кәсіби деңгейін үздіксіз және жүйелі түрде арттыру арқылы қол жеткізе алады.

Елімізде білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы «Адами ресурстарды дамыту» 2-ші стратегиялық бағыты бойынша педагог мамандардың кәсіби шеберлігі мен құзыреттіліктерін дамыту жүзеге асып жатыр. Арнайы педагогтың сапалық кәсіби жағын арттыруда білім беру жүйесінің жаңа, даму жағдайында шығармашылықпен және белсенді қызмет жасауға қабілетті, құзіретті педагог мамандарды әзірлеу және қайта даярлау арқылы үздіксіз білім беруді дамытуға бағытталған [1].

Қазіргі уақытта арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде жоғары білікті арнайы педагогтарды жұмысқа қабылдау мәселесі жылдан жылға жоғары сұранысқа ие. көбеюде. Олар өздерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге қол себепі, жыл сайын дамуында ерекшеліктері бар, ерекше білімді қажет ететін балалардың санының артуы. Сондықтан, арнайы білім беру жүйесін, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамыту жағдайында түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелерді уақтылы көрсету үшін арнайы педагогтарды даярлау қажеттілігі туындайды.

Арнайы білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде арнайы маманның кәсіби тұрғыда сәйкес келуі қойылатын бірқатар талаптарға байланысты. Арнайы педагог қызметінің кәсіби маңыздылығы, әртүрлі бейіндегі мамандарға (сурдопедагогтар, тифлопедагогтар, олигофренопедагогтар, логопедтер, арнайы психологтар) сұраныстың артуы, кәсіптік даярлау процесін жетілдірудің инвариантты жолдарын іздеуді, сондай-ақ болашақ мамандардың арнайы (түзету) білім беру ұйымдары, жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі мекемелердің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру қажет. Арнайы педагог мамандығы тек кәсіби білімнің, дағдылардың ғана емес, сонымен қатар болашақ маманның белгілі бір жеке қасиеттері болуын білдіретінін атап өткен жөн [1].

Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арнайы педагог маманының жеке қасиеттері оның кәсібилігі ықпал етеді.

Түсіндірулердің педагогикалық еңбектерінде көптеген кәсіби терминдер бар: «педагогикалық шеберлік», «кәсіпқойлық», «кәсіби дайындық», «кәсіби құзыреттілік», «кәсіби-педагогикалық құзыреттілік».

Біздің зерттеуімізде «кәсіби құзыреттілік» терминін қолданамыз, өйткені арнайы педагогтың қызметі кәсіби қызмет болып табылады.

«Құзыреттілік» ұғымы (лат. *competo*-дан *competentio*-бұл белгілі бір кәсіби міндеттерді шешу үшін маманның жеке қабілеті. Сондай-ақ, құзыреттілік мұғалімдердің жеке, кәсіби, т.б. қасиеттеріне ресми сипатталған талаптарды білдіреді [2].

Құзыреттілік бастама ретінде сипаттайтын маңызды қасиеттердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл - іс-әрекеттің жаңа түрлеріне ішкі ынталандыру, кез-келген іс-әрекеттегі жетекші рөл. Бастама ұғымы арнайы педагогтың ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасауда үлкен жауапкершілікті өз мойнына алуымен сипатталады.

Сондай-ақ, құзыреттілік сапасының маңызды құрамдас бөлігі ынтымақтастық болып табылады. Бұл балалар мен ересектердің өзара түсіністікпен, рухани әлемге енуімен, іс-әрекет барысы мен нәтижелерін ұжымдық талдаумен бірлескен іс-әрекеті.

Кәсіби құзыреттілікті дамытуға арнайы педагогтың жеке қасиеттері-кәсібилігі ықпал етеді. «Кәсіпқойлық» терминін біз әртүрлі жағдайларда кәсіби қызметті жүйелі, тиімді және сенімді түрде орындайтын адамдардың ерекше сапасы деп түсінеміз. «Кәсібилік» ұғымы мұғалімнің қоғамдағы қолданыстағы стандарттар мен объективті талаптарға сәйкес келетін кәсіби қызметтің психологиялық құрылымын меңгеру дәрежесін қарастырады.

Кәсіби құзыреттілік үшін қабілетті, тілек пен мінезді, үнемі үйренуге және өз шеберлігін жетілдіруге дайын болуды дамыту қажет.

Сондықтан болашақ арнайы педагог маманы үшін кәсіби құзыреттілік біліммен байланысты. Бұл жалпы түсінік, өйткені көптеген мамандар өз қызметінде кәсіби маман болу үшін «өз ісінді сүйу», «негізгі мамандыққа алып келетін білімге ие болу», т. б. жеткілікті деп санайды.

Бұл құзыреттілік ұғымдары мен кәсіби маңызды қасиеттердің араласуын көрсетеді. Мысалы, адам спортты жақсы көруі мүмкін, бірақ оның пікірі спорт саласында құзыретті деп танылуы мүмкін емес. Сондықтан, қазіргі уақытта арнайы педагогикада мамандыққа және ерекше білімді қажет ететін балаларға деген сүйіспеншілік негізінде арнайы педагогтың құзыреттілігі туралы қорытынды жасауға болады [3].

Егер Н.Н. Малофеев, Л.В.Занков және басқа да ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне назар аударатын болсақ, онда педагогикалық мамандық педагог-дефектологтың жоғары кәсіби білімін, тәрбиелік, дамытушылық және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған өз қызметін түсінуді көздейтінін анықтауға болады.

А.А.Бодалев, В.В.Давыдов, Я.Л.Коломинский, Н.В.Кузьмина, т.б. өз еңбектерінде даму ерекшеліктері бар балалармен психологиялық қарым-қатынас орнату педагог-дефектологтың дағдыларының маңыздылығын көрсетеді деген [4].

Елімізде педагогтардың құзыреттілігі мәселесі бойынша бірнеше жұмыстар: Хитрюк В.В., Хафизуллина И.Н., Романовская И.А., Бунимович Е.А., Сүлейменова Р.А., Мовкебаева З.А., Оралканова И.А., т.б. зерттеулерінің негізі арнайы педагогтың (дефектологтың) психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі оның кәсібилігінің негізгі көрсеткіші және сәйкесінше білім беру процесін тиімді ұйымдастырудың негізгі шарты болып табылатындығын түсіну болды[5].

Осылайша, зерттеушілердің ғылыми еңбектерін зерделеу кезінде кәсіби құзыреттілік білім беру процесінің құрамдас бөліктері туралы білімді қамтиды: мақсат, мазмұны, құралдарды, нысан, нәтиже, өзін кәсіби қызмет субъектісі ретінде, кәсіби қызмет әдістерін қолдану тәжірибесі және шығармашылық бөлігі, кәсіби-педагогикалық дағдылар.

Сонымен, кәсіби деңгейді дамытуда бірнеше критерийлер бөлінеді: объективті; субъективті; нәтижелі; нормативтік; қолма-қол деңгей критерийлері; Кәсіптік оқыту критерийлері; шығармашылық.

Кәсіби құзыреттілікті арттыру бойынша жұмыс тұлғаның кәсіби қалыптасуын үздіксіз дамыту процесіне айналуы керек, пайымдау және әртүрлі іс-әрекеттер жасау қабілетіне ие болуы керек. Арнайы педагог өзінің білім беру кеңістігіндегі қызметі процесінде өзінің әлеуметтік және кәсіби маңыздылығын түсінуі тиіс [3].

Бүгінгі таңда арнайы педагог ерекше білімді қажет ететін баланың жеке басын арнайы оқытумен және тәрбиелеумен байланысты әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық мәселелердің спектрін түсіну талап етіледі. Кәсіби құзыреттілік жеке кәсіби жетістіктердің көрсеткіші, критерийі ретінде ғана емес, сонымен қатар маманның адамгершілік өлшемі ретінде, өйткені ол оның қызметінің жетекші бағытын анықтайды.

Кәсіби құзыреттілікті дамытуда маңызды факторлар бар:

- педагог даму ерекшелігі бар балалармен жұмыс істеуде арнайы жаңа кәсіби білім, дағды алады;
- арнайы педагог өзінің кәсіби қызметінде қажетті нәтижелерге қол жеткізеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, арнайы педагогтың кәсіби қызметі — бұл кәсіпқойлықты дамытудың арнайы кезеңі және арнайы педагогикалық білімді, кәсіби қызмет технологиясын игерудің нәтижесі болып саналады [5].

Құзыретті болу үшін технологиялық құзыреттілік туралы түсінікке ие болуы керек. Арнайы педагогтың технологиялық құзыреттілік туралы не білуі керек?

Білуі керек:

- білім беру кеңістігінде технологияларды, әдістерді, құралдарды, қызмет нысандарын және оларды қолдану шарттарын білу туралы;
- техникалық құралдарға иелік ету туралы (мысалы, жалпы білім беретін мектеп жағдайында ерекше білімді қажет ететін бала үшін кедергісіз орта құру туралы);
- ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде арнайы білімді, іскерлікті және дағдыларды мақсатты қолдану туралы;
- арнайы білім беру жүйесінде оқу-тәрбие процесін іске асыру туралы;
- арнайы педагог өзінің кәсіби қызметін сапалы жүзеге асыруға ішкі уәждемесінің болуы



туралы;

- өзінің кәсіби қызметінің тиімділігі мен нәтижелерін алу мүмкіндігі туралы;

Кәсіби қызметінде оң нәтижелерге қол жеткізу үшін «білемін-білгім келеді-білдім» атты шағын тренинг өткізуге болады.

Мысал: Құзыреттілік технологиялары туралы не білетініңізді ойлаңыз. Өз ойларыңызды параққа жазыңыз, содан кейін оларды кестенің бірінші бағанына қысқаша енгізіңіз.

<b>білемін</b>	<b>білгім келеді</b>	<b>білдім</b>

Осы тақырып бойынша білгіңіз келетін сұрақтар қою арқылы екінші бағанды толтырыңыз.

Жазылған ақпарат пен сұрақтарды бірнеше санатқа топтастыруға тырысыңыз.

Осылайша, осындай шағын тренингті өткізе отырып, арнайы педагог нақты түсінікке ие болады: осы немесе басқа да жоспар қандай мақсаттарды шешуге бағытталған, алынған арнайы білім мен дағдылар оқыту мен тәрбиелеуде мақсатты түрде қолданыла ма [3].

Кәсіби құзыреттілікті дұрыс дамыту үшін педагог сыни тұрғыдан ойлауы керек. Сыни тұрғыдан ойлау тұжырымдардағы немесе анықтамалардағы сәйкессіздіктерді анықтауға және педагогикалық қызметіне сәйкес келетіндерді табуға мүмкіндік береді.

Сондықтан, сыни ойлауды қолдана отырып, арнайы педагог өзінің кәсіби қызметінде бір нәрсе туралы ойлана бастайды, ойлана бастайды, қосымша мәліметтер, жаңа фактілер, т.б. іздей бастайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде маманның табысты кәсіби құзыреттілігін дамытуға мынадай жағдайлар ықпал етеді:

1.ЕБҚ балалармен өзара әрекет жасау кезінде кәсіби құзыреттілікті дамытуға оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру;

2.Арнайы педагог үшін жеке кәсіби өсуді анықтау, оның кәсіби қызметке деген қажеттіліктерін қанағаттандыру, өз қызметінде кәсіби күйіп қалудың пайда болуының алдын алу үшін психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу;

3.Арнайы педагог пен ЕБҚ баланың құзыретті өзара әрекеті туралы психологиялық-педагогикалық және арнайы білімді дамыту;

4.ЕБҚ баламен оқыту және тәрбиелеу кезінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған психологиялық, педагогикалық, диагностикалық, когнитивтік, бағдарламалау әрекеттерін іске асыру [6].

Кәсіби құзыреттілікті дамытуда диагностикалық құралдар маңызды рөл атқарады, мұнда арнайы педагогтың құзыреттілігін арттыру бақыланады және жазылады.

Бүгінгі таңда арнайы білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесі келесі функцияларды орындауға бағытталған:

- білім беру: педагог кадрлар біліктілігін арттыру, арнайы білім беру қызметкерлерінің әртүрлі санаттарын оқыту;
- ақпараттық: барлық деңгейдегі білім беру қызметкерлерін өзекті кәсіби ақпаратпен қамтамасыз ету; баспа базасын, компьютерлік желілерді және т. б. қоса алғанда, тиімді жұмыс істейтін ақпараттық инфрақұрылымды құру;
- консультативтік: білім беру мекемелерінің қызметкерлерін нақты кәсіби мәселелер бойынша консультациялық көмекпен қамтамасыз ету;
- зерттеу: жалпы ел бойынша да, жекелеген өңірлерде де білім берудің даму тенденцияларын анықтау, сала қызметкерлерінің өзекті білім беру қажеттіліктерін анықтау және олардың дамуын болжау;
- жобалау: білім беруді дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеуге қатысу, оқытудың жаңа модельдерін әзірлеу;
- енгізу: білім беру және арнайы білім беру ұйымдары қызметкерлерін инновациялық қызмет процесінде білікті көмекпен қамтамасыз ету;
- сараптамалық: инновациялық қызмет жобаларын дамытуда арнайы білім беру ұйымдары мен мамандар әзірлеген сараптама, білім беру қызметкерлері біліктілігін арттыру жүйесінде оқыту нәтижелері бойынша сертификаттауды қоса алғанда, арнайы білім беру мамандарының сыртқы біліктілік сараптамасы [1].



Педагог-дефектологтардың кәсіби құзыреттілігі туралы айта отырып,

Қазақстанда арнайы білім беру осы жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты мемлекеттік саясат балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету кепілдіктерін сақтауға және білім беру жүйелеріне қолжетімділігін сақтауға бағытталған. Сондықтан педагог-дефектологтардың кәсіби құзыреттілігінің тиісті деңгейін және кадр құрамының біліктілік деңгейін арттыру қажет [1].

Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі мекемелерде кадрлық қамтамасыз ету мәселелеріне назар аударғым келеді:

- барлық бейіндегі арнайы педагогтар өткір тапшылығы: сурдопедагогтар, олигофренопедагогтар, тифлопедагогтар, логопедтер;
- негізгі арнайы білімі жоқ педагогтардың басым бөлігі.

Кәсіби қызметтің сапасын арттыру үшін:

арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі мекемелерде арнайы педагогтардың кәсіби даярланған кадрларына қажеттіліктерін анықтау; ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуды жүзеге асыратын арнайы ұйымдардың басшы және педагог кадрларының кәсіби құзыреттілігін арттыру; біліктілікті арттырудың оқу бағдарламасының модульдік мазмұнына барлық санаттағы даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істейтін арнайы мамандардың кәсіби құзыреттілігінің заманауи ғылыми әзірлемелерін енгізу.

Осылайша, жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, отандық білім беруді жаңғырту кезеңіндегі дамудың негізгі шарттары кәсіби-педагогикалық мәдениеттің негізгі құрамдас бөлігі ретінде арнайы педагог мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыру болып табылады.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
2. Закон Республики Казахстан от 27 декабря 2019 года № 293-VI «О статусе педагога» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 03.05.2022 г.)
3. Дмитриева М.А., Дружилов С.А. Уровни и критерии профессионализма: проблемы формирования современного профессионала// Сибирь. Образование: Научно-публицистический альманах. Вып.2000(4). Новокузнецк: Изд-во Института повышения квалификации, 2001. — с. 18—30.
4. Козырева О.А. Все о профессиональной компетентности учителя //Учитель года: лучшее от лучших. — 2004. — № 3. — С. 73—77.
5. Мовкебаева З.А. Формирование профессиональных компетенций у учителей-дефектологов в условиях модернизации системы специального образования //Вестник КазНПУ имени Абая (Серия «Специальная педагогика»). –2015. – №3 (42). – С. 10-13
6. Ахметова Г.К. Стратегические ориентиры модернизации системы повышения квалификации в РК// Менеджмент в образовании, № 4 (63), — 6—12 с.

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АРНАЙЫ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТІ**

**Г.А. Кошжанова**

п.ғ.м, аға оқытушы, Алматы технологиялық университеті

*Аннотация.* Бұл мақалада қарастыратын мәселе, қоғамдық қатынастардағы инклюзия білім берудегі қазіргі уақытта біздің елімізде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға деген көзқарастың жетекші идеологиясы ретінде енгізілуде. Бірақ сонымен бірге инклюзивті білім беруді жүйелі түрде енгізу елімізде өте баяу және біркелкі емес. Инклюзивті білім беру үшін кадрлар даярлау инклюзиясы өзін іске асыру шарттарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта бұл мәселені шешу ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы қиындықтарды тудырады, өйткені білім беру процесін қамтамасыз ететін мамандар көбінесе ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу ерекшелігін түсінбейді, инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы арнайы педагог маманның кәсіби ерекшеліктерін дамытуда бірнеше шараларды қолға алуда.

### **Профессиональная компетенция специального педагога в системе инклюзивного образования**

*Аннотация.* Инклюзия в общественных отношениях и инклюзия в образовании в настоящее время внедряется как ведущая идеология отношения к людям с ограниченными возможностями здоровья в нашей стране. Но при этом системное внедрение инклюзивного образования происходит крайне медленно и достаточно неравномерно. Подготовка кадров для инклюзивного образования является одним из условий реализации самой инклюзии. В настоящий момент решение этого вопроса вызывает трудности как организационного, так и методического характера, поскольку специалисты, обеспечивающие образовательный процесс, часто не понимают специфику работы с лицами, имеющими ограниченные возможности здоровья, не умеют адекватно оценивать возможные трудности при реализации инклюзивного образования, уровень своей готовности к их преодолению, что может в значительной степени не только навредить дальнейшей социализации таких детей, но и создать значительную угрозу их безопасности.

### **Professional competence of a special teacher in the system of inclusive education**

*Annotation.* Inclusion in public relations and inclusion in education are currently being introduced as the leading ideology of relations with disabled people in our country. But at the same time, the systematic introduction of inclusive education in our country is extremely slow and uneven. Training of personnel for inclusive education is one of the conditions for the implementation of inclusion itself. Currently, the solution to this problem is of an organizational and methodological nature, since specialists providing the educational process often do not understand the specifics of working with people with disabilities, cannot correctly assess possible difficult methods in the implementation of inclusive education, the level of readiness to overcome them, which is possible in the educational process for the further socialization of such children is not only causes damage, but also poses a serious threat to their safety.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде, жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларғы инклюзивті білім беру қарқынды даму үстінде. Білім беру жүйесіне инклюзивті тәсілді енгізудің тиімділігі, ең алдымен, өз кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын түсінетін, кәсіби қызметті жүзеге асыруға жоғары мотивациясы бар, әртүрлі ерекше қажеттілігі бар тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін білетін, педагогикалық өзара әрекетті жүзеге асыра алатын білікті педагог кадрларды даярлауға байланысты білім беру ортасының барлық субъектілері арасында мәселеге айналуға.

Инклюзивті білім беру негізгі шарттарының бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуды, тәрбиелеуді және дамытуды қамтамасыз ететін педагогтардың кәсіби құзыреттілігі болып табылады. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен өзара іс-қимыл жасауға педагогтарды даярлауға ерекше назар аудару керек.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен білім беру және түзету жұмыстарын ұйымдастырудың ерекшелігі интеграцияланған білім беруді қамтамасыз ететін жалпы білім беру мекемесі педагогикалық ұжымын арнайы даярлау қажеттілігін анықтайды. Білім беру мекемесінің педагогикалық қызметкерлері түзету педагогикасы мен арнайы психология негіздерін білуі, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері туралы, осындай балалардың білім беру және оңалту процесін ұйымдастыру әдістері мен технологиялары туралы нақты түсінікке ие болуы керек [1].

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен арнайы педагогикалық білім алмаған мамандар сәтті жұмыс істей алмайды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың негізгі білім беру бағдарламасы денсаулығын игеруін қамтамасыз ету, олардың физикалық және (немесе) психикалық дамуындағы кемшіліктерді түзету мақсатында педагогикалық (арнайы педагог, логопед, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтар, т.б.) және медицина қызметкерлері жалпы білім беру мекемелерінің штат кестесіне енгізу қажет.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың білім беру мекемесін еркін таңдау мүмкіндігі бар екенін ескере отырып, әрбір мұғалім өзінің кәсіби құзыреттілігі құрамдас бөлігі ретінде инклюзивті құзыреттілік қалыптасуының белгілі бір деңгейіне ие болуы. Құзыреттілік – сапалы өнімді қызмет үшін қажетті пәндер мен процестердің белгілі бір шеңберіне қатысты берілген жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттері жиынтығы (білім, білік, дағдылар, іс-әрекет әдістері). Құзыреттілік – адамның өзіне және қызмет нысанасына жеке көзқарасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы, иеленуі [2].

Кәсіби құзыреттілік – кәсіби мәселелерді шешуде практикалық тәжірибе, шеберлік және білім негізінде сәтті әрекет ету қабілеті.

Инклюзивті білім беру мәселелерімен Д. В. Зайцев, Л. А. Зайцева [3], И. И. Лошаков [4], Н. Н. Малофеев, Е. А. Мартынова, Н.М. Назарова [5], Пер. Гюнваль, М. М. Семаго, Н. Я. Семаго [6], Л.

М. Шипицына, Н. Д. Шматко, Е. Р. Ярская -Смирнова [7] айналысты, Т. Брэндон, Дж. Чарльтон, А.Хансен, Дж.-Р. Ким, Скорги [8], т. б.

Инклюзивті тәсіл аясында әр мектеп немесе мекеме өз қызметін, білім беру бағдарламаларын жоспарлау кезеңінде де барлық оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескереді, келесі критерийлер бойынша жеке білім беру жоспарын жасайды: шынайылық, жетістік деңгейі, бағалау мүмкіндігі, белсенділік. Ерекше білім беру қажеттілігі бар баланың оқу орны оның қажеттіліктеріне және шектеу байланысты. Олар төмендегіше:

- қалыпты сыныпта оқу орны мамандарының қажетті көмегі мен қолдауын ала отырып;
  - арнайы мамандардың көмегі;
- осы мәселе бойынша мамандар мен консультанттар тобы тарапынан барлық қолдауды қамтамасыз ете отырып, арнайы педагогикалық-психологиялық қолдауды ұйымдастыру;
- әр түрлі мамандардың үздіксіз қолдауымен оңалту бағдарламасы бойынша.

Бүгінгі таңда педагогикалық ғылым мен практика ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық тәсілдерін әзірлеп және жүзеге асыруда. Сонымен, инклюзивті білім әр балаға әлеуметтік жағдайына, нәсіліне, физикалық және ақыл - ой қабілеттеріне қарамастан, оның білім беруді дамытудың тиісті деңгейін алуда тең құқықтар береді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға бүгінде арнайы оқу орындарында оқудың қажеті жоқ деп болжанады: кәдімгі жалпы білім беретін мектепте олар жоғары сапалы білім алып қана қоймай, сонымен қатар өмірге сәтті бейімделе алады, эмоционалды және физикалық даму қажеттілігін жүзеге асырады.

Өкінішке орай, тәжірибе көрсеткендей, жалпы білім беру мектепте "ерекше" балаларды дамыту және оқыту процесін ұйымдастыру мәселесі әлі де өз шешімін таппай өзекті мәселеге айналуда. Бұл оқыту әдістемесінің ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыратын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға түзету және психологиялық қолдау көрсететін кадрлардың дайындалмауымен де байланысты.

Отандық педагогика ғылымында М.И.Дьяченко мен Л.А. Кандыбовичтың [9] қызметіне мемлекеттік болу тұжырымдамасы белгілі, келесі компоненттерді қамтитын жеке тұлғаның біртұтас кәсіби маңызды сапасы ретінде ұсынылған:

- мотивациялық – кәсіпке деген оң көзқарас пен қызығушылық, табысқа жетуге және өзін жақсы жағынан көрсетуге ұмтылу;
- бағдарлау – кәсіби қызмет ерекшелігі мен маманның жеке басына қойылатын талаптар туралы білім мен идеялар;
